ҚазАгроҚаржы –
Болашақ ұрпақтардың
алтын арқауы

ҚазАгроҚаржы
Жылдық есеп / 2024

www.kaf.kz

ҚазАгроҚаржы – БОЛАШАҚ ҰРПАҚТАРДЫҢ АЛТЫН АРҚАУЫ

ҚазАгроҚаржы • Жылдық есеп / 2024

2024

25 ҚАЗАГРОҚАРЖЫ

«ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамы

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП
2024

МАЗМҰНЫ

003 Компанияның қысқаша бейіні
004 Негізгі көрсеткіштердің динамикасы
006 2024 жылғы негізгі оқиғалар

008 Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі
010 Басқарма төрағасының үндеуі

1 012 ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

2 016 КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

019 Рейтингтер
019 Лицензиялар
019 Сертификаттау
019 Қызмет географиясы
020 Компанияның қысқаша тарихы
022 Бизнес-модель
024 Бәсекелестік артықшылықтар
025 Лизинг беру процесі
027 Қызмет бағыттары
029 Субсидиялау процесі
032 Бизнес-процестерді оңтайландыру
033 Өнім берушілермен жұмыс

3 034 МЕНЕДЖМЕНТ ЕСЕБІ

036 Макроэкономикалық көрсеткіштер
041 АӨК саласын талдау
050 Ауыл шаруашылығы техникасы паркін талдау
054 Лизинг нарығын талдау
058 PEST-талдау
062 SWOT-талдау
064 Даму стратегиясын іске асыру
067 Операциялық қызметтің нәтижелері
074 Қаржылық нәтижелер
077 Даму перспективалары

4 080 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

083 Менеджменттің ұйымдық құрылымы
084 Корпоративтік басқару рейтингі
085 Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есеп
086 Бағалы қағаздар және қатысушылар құрамы туралы мәліметтер
087 Жалғыз акционердің 2024 жылғы негізгі шешімдері
088 Директорлар кеңесі
089 Директорлар кеңесі құрамындағы 2024 жылғы өзгерістер
090 Директорлар кеңесінің құрамы
096 Директорлар кеңесінің қызметі
098 Директорлар кеңесінің комитеттері
102 Іріктеу және тағайындау
104 Директорлар кеңесі мүшелерінің кәсіби салалардағы құзыреттері
104 Тәуелсіздік
106 Директорлар кеңесінің қызметін бағалау

107 Директорлар кеңесі мүшелерін оқыту және кәсіби дамыту
107 Мүдделер қақтығысын басқару
109 Мәселелер туралы хабардар ету
109 Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы
110 Атқарушы орган
119 Ұйымдық құрылымы
122 Мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер туралы 2024 жылғы есеп
122 Басқарма мүшелеріне сыйақы беру
123 Акционерлік капитал құрылымы
124 Дивидендтер
125 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
129 Корпоративтік әдеп
131 Ішкі бақылау жүйесі
134 Ішкі аудит қызметі
135 Сыртқы аудит

5 ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ 136

138 Тәуекелдерді басқару жүйесі
144 Тәуекелдерді талдау

6 МАРКЕТИНГТІК ҚЫЗМЕТ 148

150 Ақпараттық саясат
154 Брендинг және PR саласындағы қызмет

7 ОРНЫҚТЫ ДАМУ 156

158 Басқарма төрағасының орнықты даму мәселелері бойынша үндеуі
159 Орнықты даму саясаты
165 Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл туралы есеп
178 Экономикалық әсер
181 Әлеуметтік жауапкершілік
199 Демеушілік және қайырымдылық
200 Экологиялық әсер
203 Климаттық өзгерістер

205 Глоссарий
206 Байланыс ақпараты

8 ҚОСЫМШАЛАР 208

210 1-қосымша. Есеп туралы
212 2-қосымша. GRI индексі
218 3-қосымша. Қаржылық есептілік
308 4-қосымша. ҚазАгроҚаржы корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есеп
348 5-қосымша. 2024 жылғы жасауға мүдделілігі бар мәмілелер туралы есеп

КОМПАНИЯНЫҢ ҚЫСҚАША БЕЙНІ

«ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамы (ҚазАгроҚаржы, Компания) – ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу үшін лизингтік қызметтер көрсететін қаржы институты.

Компания еліміздің аграрлық секторындағы техникалық жарақтандыруды дамытуға ықпал ете отырып, өз қызметін 25 жылдан астам уақыт бойы ойдағыдай жүзеге асырып келеді.


Саладағы жоғары құзырет, нарықтағы көп жылдық жұмыс тәжірибесі, дамыған филиалдық желі, кәсіби кадрлық құрам, сенімді кредиттік рейтингтер және қаржы қаражатын тартуға қолжетімділік сияқты бәсекелік артықшылықтар лизинг нарығында көшбастылық позицияны сақтауға және отандық фермерлер үшін сенімді әріптес болып қалуға мүмкіндік береді.




НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ДИНАМИКАСЫ

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР


Активтер,
млрд теңге




Міндеттемелер,
млрд теңге




Кірістілік көрсеткіштері




Меншікті капитал,
млрд теңге



Несие портфелі,
млрд теңге




Дивидендтер,
млрд теңге




ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Лизингке берілген техниканың саны,
бірл.




Техника мен жабдықтар лизингінің көлемі,
млрд теңге




Ескертпе: «Техника мен жабдықтар лизингінің көлемі» диаграммасында 2024 жылғы сома кассалық әдіс бойынша есептелген


Жасалған қаржыландыру шарттарының саны,
бірл.



Жыл соңындағы портфельдегі клиенттер саны,
бірл.



Қаржыландырылған клиенттердің саны,
бірл.



ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС КӨРСЕТКІШТЕР

Fitch Ratings



2024 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

1

30 қаңтарда

ҚазАгроҚаржы 4 жыл айналыс мерзімімен 25 млрд теңгеге облигациялардың екі шығарылымын жүзеге асырды және жеке орналастыру арқылы толық көлемде орналастырды.



2

23 сәуірде

ҚазАгроҚаржы Amazon Web Services-тің ресми серіктесі болып саналатын QCloudy-мен бірлесе отырып, жасанды интеллект арқылы лизинг пен кепілдікті қамтамасыз ету нысаналарының онлайн-мониторингі жүйесін әзірледі.

3

23 мамырда

ҚазАгроҚаржы 5 жыл айналыс мерзімімен 50 млрд теңгеге облигация шығаруды жүзеге асырды және жеке орналастыру арқылы толық көлемде орналастырды.

4

28 маусымда

5% мөлшерлемемен, мерзімі 7 жылға дейін және алғашқы жарнасы 10%-дан кем емес, лизинг нысанасы берілгеннен кейін, 2024 жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей төлеу мүмкіндігімен жеңілдікті лизинг бағдарламасы іске қосылды.

5

22 шілдеде

ҚазАгроҚаржы 7 жыл айналыс мерзімімен 100 млрд теңгеге облигация шығаруды жүзеге асырды және жеке орналастыру арқылы толық көлемде үлестірілді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

Құрметті серіктестер мен әріптестер!

«ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесі атынан сіздерге қошеметімді білдіруге қуаныштымын!



АЙДАПКЕЛОВ НҰРБОЛАТ СЕРҒАЛИҰЛЫ

ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесінің төрағасы

5%

Қазақстанда шығарылатын ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу үшін жылдық 5%

МӨЛШЕРЛЕМЕМЕН «ЖЕҢІЛДІКТІ ЛИЗИНГ» БАҒДАРЛАМАСЫН ЕНГІЗУ БОЛДЫ

2024 жыл Қазақстанның бүкіл агроөнеркәсіптік саласы үшін маңызды кезең болды. Ақпан айында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев азық-түлік қауіпсіздігі мен ауылдық аумақтардың тұрақты дамуының басымдығын атап өтіп, ауыл шаруашылығын қаржыландыру көлемін екі есе арттыруды тапсырды. Негізгі міндеттердің қатарында – жеңілдікті лизинг тетіктерін кеңейту және ауыл шаруашылығы техникасы паркін жыл сайын кемінде 10%-ға жаңарту.

«ҚазАгроҚаржы» мемлекеттің стратегиялық серіктесі және аграрлық сектордағы лизингтік қаржыландырудың жетекші операторы ретінде аграрийлерді қолдауға және саланы технологиялық жаңартуға бағытталған мемлекеттік басымдық берілген бастамаларды іске асыруға белсенді қатысуда. Маңызды қадамдардың бірі – Қазақстанда шығарылатын ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу үшін жылдық 5% мөлшерлемемен «Жеңілдікті лизинг» бағдарламасын енгізу болды. Бұл қазақстандық аграрийлерге жаңа техникаға барынша тиімді шарттармен қол жеткізуге мүмкіндік беріп, сонымен бірге отандық ауыл шаруашылығы машина жасауын дамытуға ықпал етті.

Агросектордың тиімділігі мен тұрақтылығына қойылатын талаптар артып отырған жағдайда «ҚазАгроҚаржы» өзінің басты миссиясын орындауды, яғни ауыл шаруашылығы өндірушілерін өсу, жаңару және технологиялық даму үшін қажетті ресурстармен және шешімдермен қамтамасыз етуді жалғастыруда.

Мемлекеттік саясатты дәйекті түрде іске асыру және агроөнеркәсіптік кешеннің барлық қатысушыларының үйлесімді жұмысы отандық АӨК бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және ауылдық өңірлердің өркендеуіне берік негіз болады деп сенемін.

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

Құрметті серіктестер мен әріптестер!

«ҚазАгроҚаржы» – мемлекеттік аграрлық саясаттың негізгі институты және Қазақстандағы лизингтің жетекші операторларының бірі.



ПРАШЕВ АЙДАР ГИЛИМОВИЧ

ҚазАгроҚаржы басқармасының төрағасы

2024 жыл біз үшін ерекше атаулы мәнге ие болды –

25

БҰЛ КОМПАНИЯНЫҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫ

Компания 25 жыл бойы ауыл шаруашылығы секторының тұрақты дамуына, ауыл шаруашылығы өндірісінің технологиялық жаңартылуына ықпал етіп келеді.

2024 жыл біз үшін ерекше атаулы мәнге ие болды – бұл Компанияның 25 жылдығы. «ҚазАгроҚаржы» нарықтағы жаңа ойыншыдан бастап танымал көшбасшыға, мыңдаған қазақстандық ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілердің сенімді серіктесіне дейін үлкен жолдан өтті. Біз елдің ауыл шаруашылығын дамытуға қосқан үлесімізді мақтан тұтамыз және клиенттерімізге, серіктестерімізге және командамызға сенімдері мен бірге өткерген жолымыз үшін алғыс білдіреміз.

Мерейтой атап өтілетін жылы Компания оң үрдісін көрсетіп, қызметтер көрсету желісін кеңейіп, жаңа цифрлық шешімдерді енгізіп, ауыл шаруашылығы өндірушілері үшін қаржыландырудың қолжетімділігін арттыру бойынша белсенді жұмысты жалғастырды. Жылдық 5%-бен «Жеңілдікті лизинг» бағдарламасын іске асыруға ерекше назар аударылып, оны іске асыруға 120 млрд теңге бөлінді.

Алдымызда жаңа міндеттер мен өршіл мақсаттар тұр. Командаңның кәсібилігі, клиенттеріміздің сенімі мен мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдаудың арқасында «ҚазАгроҚаржы» өз миссиясын тиімді орындап, аграрлық сектордың тұрақты дамуына үлес қосуды жалғастыратынына сенімдіміз.

Ынтымақтастық және ортақ іске үлес қосқаныңыз үшін алғыс білдіремін!



ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

«ҚазАгроҚаржы» – мемлекеттік аграрлық саясаттың негізгі институты және Қазақстандағы лизингтің жетекші операторларының бірі.

Компания 25 жыл бойы ауыл шаруашылығы секторының тұрақты дамуына, ауыл шаруашылығы өндірісінің технологиялық жаңартылуына ықпал етіп келеді.

ҚазАгроҚаржының 2024-2033 жылдарға арналған Даму стратегиясы (бұдан әрі – Даму стратегиясы) Компанияның Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 13 шешімімен бекітілген, онда 2024 жылға 2 стратегиялық бағыт және 3 мақсат шеңберінде 8 міндет, сондай-ақ нәтижелерге қол жеткізу жоспарланған.

МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ №1

Техникалық және технологиялық жарақтандыру арқылы АӨК-нің бәсекеге қабілеттілігін дамытуға жәрдемдесу

1-мақсат:

Ауыл шаруашылығында техникалық жарақтандыруды арттыру

1-міндет.
АШТ лизингі бойынша инвестициялар көлемін ұлғайту.

2-міндет.
ОКАПС BPM жүйесіндегі өтінімдерді автоматтандыру

3-міндет.
Компанияның өнім желісін дамыту, лизингтік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділік деңгейін арттыру.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ №2

Компания қызметінің тиімділігі

1-мақсат:

Повышение рентабельности деятельности Компании

1-міндет.
Меншікті капитал мен активтерді басқару тиімділігін арттыру.

2-міндет.
Несие қоржынының сапасын арттыру және қаржыландырылған жобалардың мониторингі жүйесін жетілдіру.

2-мақсат:

ҚазАгроҚаржының үздік тәжірибеге сәйкес корпоративтік дамуы

1-міндет.
Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру және Компания қызметінің ашықтығын арттыру;

2-міндет
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру;

3-міндет
Компания қызметінің негізгі үдерістеріне орнықты даму қағидаттарын енгізу.

Компанияның бағыты агроөнеркәсіптік кешендегі лизингтік қызмет болып қала береді.

ҚАЗАГРОҚАРЖЫНЫҢ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРІ:

- қазақстандық лизингтік компаниялар рейтингінде мықты орныққан тұрақты залалсыз компания;
- клиенттік сервис сапасы бойынша лизингтік қызметтер нарығындағы көшбасшы;
- саланың сапалы және бәсекеге қабілетті лизингтік қызметтерге қажеттілігін барынша қамтамасыз ететін АӨК дамытудың қуатты қаржы құралы.

Осылайша, алға қойылған мақсаттар мен міндеттерді кешенді іске асыру Қазақстанның АӨК дамытудың жетекші және тұрақты қаржы институттарының бірі ретіндегі ұстанымын нығайтуды жалғастыруға мүмкіндік береді.



КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

019 Рейтингтер
019 Лицензиялар
019 Сертификаттау
019 Қызмет географиясы
020 Компанияның қысқаша тарихы
022 Бизнес-модель
024 Бәсекелестік артықшылықтар
025 Лизинг беру процесі
027 Қызмет бағыттары
029 Субсидиялау процесі
032 Бизнес-процестерді оңтайландыру
033 Өнім берушілермен жұмыс

МИССИЯСЫ

Қазақстан Республикасының АӨК субъектілерінің бизнесін техникалық және технологиялық жаңғырту.

ПАЙЫМЫ

ҚазАгроҚаржы – цифрлық шешімдерді қолдана отырып, АӨК саласындағы клиенттерге жан-жақты қолдау көрсететін серіктес.

ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ:

агроөнеркәсіп кешеніндегі лизингтік қызмет;

заң актілерінде тыйым салынбаған, ҚазАгроҚаржы жарғысында көзделген Компания мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін кредиттеу және өзге де қызмет түрлері;

агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға бағытталған республикалық бюджеттік және өзге де бағдарламаларды іске асыруға қатысу.

Саладағы мақсат

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді лизинг негізінде АШТ сатып алу үшін қолжетімді қаржы қаражатымен қамтамасыз ету арқылы агроөнеркәсіптік кешенді технологиялық жаңарту.

РЕЙТИНГТЕР

18 қыркүйекте Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі ҚазАгроҚаржының ұзақ мерзімді рейтингтерін шетелдік және ұлттық валютада «BBB-» деңгейінде растады, рейтингтер бойынша болжам – «Тұрақты».

ЛИЦЕНЗИЯЛАР

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің ұлттық валютада банктік қарыз операцияларын жүргізуге лицензиясы (2006 жылғы 31 наурызда алынған).




СЕРТИФИКАТТАУ

ISO 9001-2015 сапа менеджменті жүйесі бойынша сертификаттау.

ҚЫЗМЕТ ГЕОГРАФИЯСЫ

Еліміздің барлық өңірлерінде 15 филиалы бар. Қазақстандық техника өндіруші зауыттармен, сондай-ақ жақын және алыс шетел жеткізушілерімен ынтымақтастық.



КОМПАНИЯНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ

ҚазАгроҚаржы Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Ауыл шаруашылығының кейбір мәселелері туралы» 1999 жылғы 24 қарашадағы № 1777 қаулысына сәйкес 1999 жылғы 28 желтоқсанда тіркелді.

1999

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚазАгроҚаржы құрылымын құру туралы қаулысы бекітілді.

2000

- Шетелдік АШТ лизингінің алғашқы тәжірибесі.

2000–2003

- Алғашқы машина-трактор станцияларын құру.

2004

- Арнайы техника мен технологиялық жабдықтың лизингі.

2005

- Қайта өңдеу жабдықтарының лизингі.

2006

- ҚазАгроҚаржы жаңадан құрылған «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингінің құрылымына енді.

2007

- Асыл тұқымды мал лизингін енгізу.

2008

- Компанияға алғаш рет Fitch (BBB-) халықаралық кредиттік рейтингі берілді.

2009

- Ірі инвестициялық жобаларды қаржыландыруының басталуы.

2010

- Қазақстандағы лизинг нарығын Эксперт РА алғашқы зерттеуі: ҚазАгроҚаржы қазақстандық лизинг нарығында көшбасшысы болып танылды.

2013

- ҚазАгроҚаржы субсидиялау бағдарламасының ресми қатысушысы болды.

2015

- ҚазАгроҚаржы алғаш рет корпоративтік басқару диагностикасын жүргізді және Компанияға алғаш рет корпоративтік басқару деңгейі берілді.

2016

- ҚазАгроҚаржы алғаш рет инвесторлардың кең тобы арасында 8 млрд теңге сомасына және айналым мерзімі 5 жыл ішкі нарықтық облигацияларды орналастырды.
- ҚазАгроҚаржыны бәсекеге қабілетті ортаға беруге ұсынылатын объектілер тізбесіне енгізу.

2017

- ҚазАгроҚаржының теңгелік облигациялар шығару және орналастыру бойынша 5-жылдық мәмілесі «Еуропада, Таяу және Орта Шығыс пен Африкада ұлттық валютадағы облигациялардың үздік шығарылымы» санатында EMEA Finance жеңімпазы («Best local currency bond in EMEA») болып танылды.

2019

- Компанияны жекешелендіруге жататын объектілер тізімінен шығару.
- Нұр-Сұлтан қаласында филиалдың ашылуы (2022 жылғы 26 қазанда Астана қаласы бойынша филиал деп қайта аталды).

2020

- ҚазАгроҚаржының 2020-2029 жылдарға арналған Даму стратегиясының бекітілуі.
- Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауы барысында берген тапсырмасын орындау үшін іске асырылған, «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ мен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қосу жолымен ҚазАгроҚаржының «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымдарының құрамына енуі.

2021

- Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауы барысында берген тапсырмасын орындау үшін іске асырылған, «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ мен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қосу жолымен ҚазАгроҚаржының «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымдарының құрамына енуі.

2022

- Компанияның Жалғыз акционерінің ауысуы. Жалғыз акционер «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ болды.
- ҚазАгроҚаржы ұлттық ESG клубына қосылды.
- Клиенттерден онлайн өтінімдерді қабылдау үшін online.kaf.kz BPM платформасы енгізілді.

2023

- ҚазАгроҚаржы жарғылық капиталы республикалық бюджет қаражаты есебінен Жалғыз акционер сатып алу арқылы бір акция үшін номиналды құны 1 мың теңге болатын жай акциялардың 20 млн данасына ұлғайтылды.
- «Жеңілдетілген лизинг», «Өз жемшөбіміз», «Жасыл өнім» және «Қазақстанда жасалған» жеңілдетілген бағдарламаларын кредиттеу бойынша кезекті брондау үшін Телеграм бот арқылы электрондық кезек әзірленіп, іске қосылды.

2024

- ҚазАгроҚаржы жеңілдетілген лизинг бағдарламасын алғаш рет 5% мөлшерлемемен, 7 жылға дейінгі мерзіммен және кемінде 10% аванспен іске қосты.
- ҚазАгроҚаржы Amazon Web Services ресми серіктесі болып табылатын QCloudy-мен бірлесіп, жасанды интеллекті көмегімен лизинг және көпілмен қамтамасыз ету объектілерінің онлайн-мониторингі жүйесін әзірледі.

25

«ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамына – 25 жыл

БИЗНЕС-МОДЕЛЬ

Лизингтік қызметті жетілдіру мақсатында Компания жүйелі және тұрақты негізде көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту бойынша тиісті іс-шаралар жүргізеді



Ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты айқындау

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ

Уәкілетті мемлекеттік орган

Холдингтің компаниялар тобы үшін қызмет бағыттарын айқындау

«Аграрлық Несие Корпорациясы» АҚ

Дивидендтер төлеу

Компания қызметінің бағыттарын айқындау және стратегиялық шешімдер қабылдау

Қаржы институттары

Қарыз қаражатын қайтару

Қарыз қаражатын ұсыну

Лизинг нысаналарының өнім берушілері

Лизинг нысанасын сатып алу

Лизинг нысанасын жеткізу

Өнім берушіні және лизинг нысанасын таңдау

Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер

Техника лизингіне өтінім беру

Лизинг нысанасын беру

Лизинг төлемдерін төлеу

Салықтар мен төлемдерді төлеу

А/ш өнімдерін өткізу

РЕСУРСТАР

Меншікті капитал	**192,7 млрд теңге**
Тартылған қаражат	**175,0 млрд теңге**
Штат саны	**341 адам**

2024 ЖЫЛҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Инвестициялар	**224,2 млрд теңге**
Лизингке берілді	**10 543 техника бірлігі**
Несие портфеліндегі клиенттердің саны	**15 786 бірлік**
Төленген салықтар мен бюджетке төлемдер	**1,685 млрд теңге**
Таза пайда	**20,3 млрд теңге**
2023 жыл үшін төленген дивиденттер	**13,2 млрд теңге**

ҚР мемлекеттік бюджеті

Салықтар мен төлемдерді төлеу

ҚР халқы

Әлеуметтік төлемдер

БӘСЕКЕЛЕСТІК АРТЫҚШЫЛЫҚТАР

- Лизинг саласындағы тәжірибе 25 жылдан астам
- Клиентке бағдарланған қызмет көрсету стандарттары
- Қаржыландырудың қолжетімді шарттары
- Жоғары құзыретті кадрлар құрамы
- Кредиттік рейтинтің жоғары деңгейі
- Филиалдардың кең желісі
- Нарықтық құралдарды қолдана отырып, қаражат тарту бойынша табысты тәжірибе
- Корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін жетілдіру бойынша тұрақты жұмыс
- АШТ жетекші өнім берушілері мен өндірушілердің үлкен базасы бар
- Қазақстан қор биржасында 2008 жылдан бергі листинг
- Қызметтің айқындылығының жоғары деңгейі
- Танымал бренд және оң бедел

ЛИЗИНГ БЕРУ ПРОЦЕСІ

Лизинг беру процесі клиенттің лизинг нысанасы мен өнім берушіні таңдауынан басталады. Өнім берушіден коммерциялық ұсынысты алғаннан кейін клиент ҚазАгроҚаржыға жүгінеді.


Кредиттік бөлімшенің менеджері қолда бар қаржыландыру бағдарламалары бойынша консультация жүргізеді, сондай-ақ клиентті өтінім беру үшін қажетті міндетті құжаттардың тізбесімен таныстырады. Клиент құжаттардың толық пакетін ұсынғаннан кейін Компанияның құрылымдық бөлімшелері клиенттің жобасына сараптама жүргізеді. Қорытындылар мен сараптамалардың нәтижелері бойынша Компанияның уәкілетті органы (Кредит комитеті) жобаны қаржыландыру туралы шешім шығарады. Жобаны қарастырудың жалпы мерзімі пысықтауды есепке алмағанда, 5 күннен бастап (экспресс лизинг форматындағы өтінімді қарау кезінде) және 12 жұмыс күніне дейінгі (стандартты форматтағы өтінімді қарау кезінде) мерзімді құрайды.

Жоба бойынша кредит комитетінің оң шешімі болған жағдайда қаржы лизингі шарты жасалады, клиент бірінші лизингтік төлемді енгізеді, содан кейін өнім берушімен лизинг нысанасын сатып алу шартына қол қойылады. Жеткізгеннен кейін лизинг нысанасы лизинг алушыға беріледі.

Лизингтік қызметтерді ұсыну процесінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында қаржыландырудың жеңілдетілген бағдарламалары бойынша өтінімдерді қабылдау Telegram чат-боты арқылы жүзеге асырылады. Telegram чат-ботында электрондық кезек қалыптастырылады, онда клиенттің әрбір әлеуетті өтініміне реттік нөмір беріледі. Жеңілдетілген бағдарламаларға Telegram чат-ботында электрондық кезекті нөмірін алған өтінімдер қатысады. Осылайша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту қамтамасыз етіледі.



ЛИЗИНГ БЕРУ ПРОЦЕСІ



ҚЫЗМЕТ БАҒЫТТАРЫ

Компания ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің әртүрлі санаттарының мүдделері мен қажеттіліктеріне жауап беретін және техниканы тиімді шарттармен сатып алуға мүмкіндік беретін қаржыландыру бағдарламаларының кеңінен теңестірілген өнім желісін іске асырады.

2024 жылы Компанияда болған қаржыландыру бағдарламалары:

НАРЫҚТЫҚ ШАРТТАРДАҒЫ ЛИЗИНГ:

- **Ауыл шаруашылығы техникасы (өздігінен жүретін, аспалы және тіркемелі)**
- **Мелиорациялық және ауыл шаруашылығы жұмыстарына арналған арнайы техника, соның ішінде ұшқышсыз ұшу аппараттары**
- **Биологиялық активтерді, ауыл шаруашылығы және балық өнімдерін тасымалдауға арналған көлік құралдары, соның ішінде жүк вагондары**

ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН ШАРТТАРМЕН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ:

- **«Қазақстанда жасалған»**
- **«5%-бен жеңілдетілген лизинг»**
- **«6%-бен жеңілдетілген лизинг»**
- **«Өз жемшөбіміз»**

2024 жыл соңындағы қаржыландыру бағдарламалары

	Мерзімі	Аванс	Мөлшерлеме
Нарықтық шарттармен лизинг			
Ауыл шаруашылығы техникасы (аспалы, тіркемелі, өздігінен жүретін а/ш техникасы)	10 жылға дейін	0%-ден бастап	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі плюс 7,5% (техниканың басым түрлері бойынша субсидиялауды ескерумен – 6%, өзгелер бойынша – 15%)
Мелиорациялық және ауыл шаруашылығы жұмыстарына арналған арнайы техника	7 жылға дейін	0%-ден бастап	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі плюс 7,5% (техниканың басым түрлері бойынша субсидиялауды ескерумен – 6%, өзгелер бойынша – 15%)
Ауыл шаруашылығы және балық өнімдерін және оларды қайта өңдеу өнімдерін, биологиялық активтерді тасымалдайтын көлік құралдары (соның ішінде тартқыштар мен тіркемелері бар)	7 жылға дейін	0%-ден бастап	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі плюс 7,5% (техниканың басым түрлері бойынша субсидиялауды ескерумен – 6%, өзгелер бойынша – 15%)
«А/ш жұмыстарына арналған авиациялық жүйелердің лизингі» а/ш жұмыстарына арналған ұшқышсыз авиациялық жүйелер (ҰАЖ)	5 жылға дейін	кемінде 20%	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі плюс 7,5% (субсидияланбайды)
«Пайдаланудағы болған а/ш техникасының лизингі»	7 жылға дейін	кемінде 15%	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі плюс 7,5% (субсидияланбайды)
Жеңілдетілген қаржыландыру бағдарламаларының шарттары			
«Қазақстанда жасалған» Отандық өндірістегі/ құрастырылған АШТ және көлік құралдары	10 жылға дейін	кемінде 15%*	6%
«5%-бен жеңілдетілген лизинг» Отандық өндірістегі/ құрастырылған	7 жылға дейін	кемінде 10%*	5%
«6%-бен жеңілдетілген лизинг» Өздігінен жүретін, отандық өндірістегі/ құрастырылған АШТ	10 жылға дейін	0%-дан бастап*	6%
«Өз жемшөбіміз» АШТ, жем-шөп дайындау техникасы және суарудың жылжымалы жүйелері	10 жылға дейін	кемінде 15%*	6%

* Негізгі борышты өтеуге, оның ішінде техниканың басым түрлері бойынша аванс ретінде пайдалануға инвестициялық субсидиялар алу мүмкіндігі бар.

Лизинг нысанындағы қаржыландырудың басым шарттары кепілсіз, жеңілдікті кезеңмен комиссия төлемей, қаржыландырудың ұзақ мерзімдері, аванс енгізбестен (техника құнының 15%-дан аспайтын мөлшердегі инвестициялық субсидиялар есебінен) техниканы ұсыну болып табылады. Сыйақы мөлшерлемесін мемлекет субсидиялайды, клиент үшін сыйақының қорытынды мөлшерлемесі – техниканың басым түрлері бойынша жылдық 6% және басқа түрлері бойынша 15%).

СУБСИДИЯЛАУ ПРОЦЕСІ

1 КЕДЕЙШІЛІКТІ ЖОЮ

Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін субсидиялау

ҚазАгроҚаржы инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялаудың мемлекеттік бағдарламасына қатысады.

Осы шара арқылы Қазақстанның ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерін мемлекеттік қолдау лизингке техника сатып алу кезінде инвестициялық субсидиялар есебінен аванс бере алады. Инвестициялық субсидиялар алу мүмкіндігі клиенттерге қаржылық жүктемені едәуір жеңілдетеді және техниканың қолжетімділігін арттырады.

2024 жылдың қорытындысы бойынша инвестицияларды субсидиялау бағдарламасы бойынша Компанияның арнайы шотына 243 қаржы лизингі шарты бойынша жалпы сомасы 2,4 млрд теңгеге аванстық төлемді өтеуге инвестициялық субсидиялар түсті.

Инвестициялық субсидияларды аванстық төлеммен беру

1 **АШТӨ**
ҚАҚ шешімінің көшірмесін қоса бере отырып, субсидиялауға өтінім беру

2 **АШБ**
Субсидиялауға өтінімді қарау және шешім қабылдау

3 **АШТӨ, ҚАҚ, АШБ**
Субсидиялау шартын және нысаналы пайдалану келісім жасау

4 **АШБ**
Субсидияларды ҚАҚ-тың арнайы шотына аудару

5 **АШТӨ, ҚАҚ**
Қаржылық лизинг шартын жасау / Субсидияларды шарты түрде есепке алу

6 **ҚАҚ**
ЛН табыстау / инвестициялық субсидияларды аванс есебіне есепке алу / ЛН-ның түпкілікті құны туралы хабарламаны АШБ-ға жіберу

Инвестиялық субсидиялар техника лизингі бойынша аванс ретінде пайдаланылады, инвестициялық субсидиялардың көлемі лизинг нысанасы құнының 15%-ын құрайды

Бұдан басқа, жасалған қаржы лизингі шарттары бойынша түсетін инвестициялық субсидиялар ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің негізгі борышын өтеу есебіне жіберіледі.

2024 жылдың қорытындысына сай инвестицияларды субсидиялау бағдарламасы бойынша Компанияның арнайы шотына қаржы лизингінің 1 734 шарты бойынша жалпы сомасы 12,7 млрд теңгеге негізгі борышты ішінара мерзімінен бұрын өтеуге инвестициялық субсидиялар түсті

Негізгі борышты өтеуге инвестициялық субсидиялар

1 ҚАРЫЗ АЛУШЫ

Қағидаларға сәйкес қажетті құжаттарды қоса бере отырып, СМАЖ-ға субсидиялауға өтінім беру

2 АШБ

Өтінімдерді қарау және шешім қабылдау

3 ҚАРЫЗ АЛУШЫ, АШБ

Сатып алынатын техниканы, машиналар мен жабдықтарды нысаналы пайдалану және иеліктен шығармау туралы инвестициялық субсидиялау шартын және келісім жасасу

4 АШБ

Инвестсубсидияларды ҚАҚ-тың арнайы шотына аудару

5 ҚАҚ, ҚАРЫЗ АЛУШЫ

Тиісті қаржылық лизинг шарты бойынша негізгі борышты төлеу есебіне инвестсубсидияларды есептеу

Инвестициялық субсидиялардың көлемі лизинг нысанасы құнының 15%-ын құрайды



Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау

ҚазАгроҚаржы кредиттер, сондай-ақ технологиялық жабдықтар мен АШТ лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялаудың мемлекеттік бағдарламасына қатысады. Бағдарлама агроөнеркәсіптік кешен субъектілері үшін қаржылық қызметтердің қолжетімділігін арттыруға бағытталған.

Gosagro.kz жүйесі арқылы 2024 жылы сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау бағдарламасы бойынша субсидияға негізгі борыштың жалпы сомасы 65,3 млрд теңгеге 2 611 қаржы лизингі шарты мақұлданды. Небары 2024 жылы Компанияның арнайы шотына жалпы сомасы 26,7 млрд теңгеге субсидиялар түсті.

Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау

1 АШТӨ

Субсидиялауға ұсыныс беру

2 ҚАҚ

Ұсынысты тексеру, мақұлдау/қабылдамау / пысықтауға жіберу

3 АШБ

Ұсынысты қарау және шешім қабылдау

4 АШТӨ, ҚАҚ, АШБ

Үш жақты субсидиялау шартын жасасу

5 ҚАҚ

Субсидиялар алуға АШБ-ға өтінім беру

6 АШБ

ҚАҚ-тың арнайы шотына субсидиялар аудару

7 АШТӨ, ҚАҚ

Субсидияларды төлем шотына есептеу %

Қарыз алушының төлейтіні:

- Басымдық берілген ауыл шаруашылығы машиналары мен жабдықтарын сатып алуды көздейтін қаржыландыру шарттары бойынша номиналды сыйақы мөлшерлемесінің **6%;**
- Қалған қаржыландыру шарттары бойынша номиналды сыйақы мөлшерлемесінің **15%.**

Номиналды сыйақы мөлшерлемесінің қалған бөлігі мемлекеттік бюджеттен субсидияланады.

БИЗНЕС-ПРОЦЕСТЕР-ДІ ОҢТАЙЛАНДЫРУ

Кредиттік-лизингтік қызметті жетілдіру мақсатында Компания көрсетілетін қызметтердің шарттарын жақсарту және сапасын арттыру бойынша тиісті іс-шаралар кешенін іске асырады.

Есептік жылы өнім желісін дамыту және лизингтік қызметтердің қолжетімділік деңгейін арттыру шеңберінде:

- отандық өндірілетін және/немесе құрастырылатын ауыл шаруашылығы техникасын қаржыландыруға бағытталған 5% жылдық сыйақы мөлшерлемесімен жеңілдікті лизинг бағдарламасы басталды;
- аванс мөлшерін лизинг нысанасы құнының 20%-на дейін төмендетуді көздейтін ұшқышсыз авиациялық жүйелерді қаржыландыру шарттарына өзгерістер енгізілді;
- пайдалануда болған а/ш техникасының лизингі көзделген.

6% жылдық сыйақы мөлшерлемесімен «Жеңілдетілген лизинг», «Өз жемшөптеріміз» және «Қазақстанда жасалған» бағдарламаларын іске асыру жалғастырылды.

Жеңілдетілген бағдарламалар бойынша өтінімдерді қабылдау клиенттің әрбір әлеуетті өтініміне реттік нөмір беріліп, электрондық кезекті қалыптастыру жолымен Telegram чат-боты арқылы көзделген, бұл қаржыландыруға өтінімдерді іріктеу және қарау процесінің ашықтығын қамтамасыз етеді.

Негізгі бизнес-процестерді автоматтандыру және оңтайландыру шеңберінде Компанияда ЭЦҚ көмегімен қажетті құжаттарға қол қою арқылы өтінімді автоматтандырылған түрде беруге бағдарланған online.kaf.kz порталы арқылы «Экспресс лизинг» бағдарламасы бойынша қаржыландыруға өтінімдерді онлайн-беру функционалын дамыту жалғастырылды.

Жоба мынадай функционалды көздейді: клиенттің жеке кабинеті, лизингтік калькулятор, сондай-ақ қажетті өнімді таңдағаннан және лизинг нысанасының негізгі параметрлерін таңдағаннан кейін қаржыландыруға тікелей өтініш беру.

Өтінімдерді қарау процесі (құжаттарды тексеру, контрагент бойынша құрылымдық бөлімшелердің қорытындылары және Несие комитеті) автоматтандырылған, бұл мерзімдерді қысқартуға және өтінімді қарау процесін жеделдетуге мүмкіндік берді. ҚазАгроҚаржы клиенттердің мүддесі үшін бизнес-процестерді оңтайландыру, автоматтандыру және өнім желісін дамыту жөніндегі жұмысты жалғастырады.




ӨНІМ БЕРУШІЛЕРМЕН ЖҰМЫС

Лизинг нысанасын және оның өнім берушісін таңдауды клиент «Қаржы лизингі туралы» Қазақстан Республикасының Өнім берушілер теріс сипаттағы мәліметтердің болуына, заңнама талаптарына сәйкестігіне және лизинг нысанасының әділ құнын қалыптастыру мәніне мұқият тексерілуі тиіс.

Компанияның лизинг нысаналары өнім берушілеріне қойылатын талаптары барлығына бірдей. Өнім берушілерге қойылатын негізгі талаптарға мыналар жатады:

- жеткізілетін лизинг нысанасы нарығында кемінде 6 ай кәсіби біліктілігі мен жұмыс тәжірибесінің болуы;
- Компания алдында орындалмаған (лизинг нысаналарын сатып алу шартының талаптарына сәйкес мерзімі өткен) міндеттемелердің болмауы;
- лизинг нысанасын жеткізу бойынша қызметті жүзеге асыру үшін қажетті сертификаттардың, лицензиялардың болуы;
- кепілдік және кепілдіктен кейінгі сервистік қызмет көрсетуді жүзеге асыру;
- мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары-ның тізілімінде болмау;
- сенімсіз өнім беруші мәртебесінің болмауы.

Компания өнім берушімен лизинг нысанасын сатып алуға және техниканы жеткізуге шарт жасасқаннан кейін осы лизинг нысанасын қабылдауды, оны өнім берушіге төлеуді және кейіннен лизинг алушыға беруді жүзеге асырады. Лизинг нысанасының логистикасын, кедендік ресімдеуді және жеткізуге байланысты өзге де әрекеттерді Компания жұмыскерлері жүргізеді, бұл лизинг алушылар үшін лизинг процесін барынша жеңілдетілген және қолжетімді етеді.



МЕНЕДЖМЕНТ ЕСЕБІ

036 Макроэкономикалық көрсеткіштер
041 АӨК саласын талдау
050 Ауыл шаруашылығы техникасы паркін талдау
054 Лизинг нарығын талдау
058 PEST-талдау
062 SWOT-талдау
064 Даму стратегиясын іске асыру
067 Операциялық қызметтің нәтижелері
074 Қаржылық нәтижелер
077 Даму перспективалары

МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

ЖАЛПЫ ІШКІ ӨНІМ (ЖІӨ)

Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) – елдің экономикалық қызметінің түпкілікті нәтижесін сипаттайтын Ұлттық шоттар жүйесінің маңызды көрсеткіштерінің бірі.


2024 жылғы қаңтар-желтоқсанда (жедел деректер бойынша) ел бойынша өндірілген ЖІӨ көлемі 135 251 663,6 млн теңгені құрады. ЖІӨ өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда нақты мәнде 4,8%-ға өсті. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі долларының орташа жылдық бағамы бойынша есептелген ЖІӨ 288 112,8 млн АҚШ долларын құрады.

Өндіріс әдісімен ЖІӨ

	ағымдағы бағамен, млн теңге	өткен жылға дейін, %-бен	қорытын дысында %-бен
Жалпы ішкі өнім	135 251 663,6	104,8	100,0
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	5 322 726,7	113,7	3,9

Дереккөз: Ұлттық статистика бюросының ресми сайты

ЖІӨ динамикасы



Дереккөз: Ұлттық статистика бюросының ресми сайты

2024 жылғы қаңтар-желтоқсанда ЖІӨ-дегі тауарлар өндірісі мен қызметтер өндірісінің үлесі тиісінше 35,3% бен 58,3% құрады. ЖІӨ өндірісіндегі негізгі үлесті өнеркәсіп саласы – 25,6%-ды құрайды.

2024 жылғы қаңтар-желтоқсандағы ЖІӨ құрылымы, %



Дереккөз: Ұлттық статистика бюросының ресми сайты

ЖІӨ өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда нақты мәнде 4,8%-ға өсті.

«Жылжымайтын мүлікпен операциялар» (24%), «Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және кондиционерленген ауамен жабдықтау» (18,7%), «Өнер, ойын-сауық және демалыс» (18,3%), «Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу» (18,3%), «Тұру және тамақтану бойынша қызметтер көрсету» (17,2%).

ИНВЕСТИЦИЯЛАР КӨЛЕМІ


2024 жылғы қаңтар-желтоқсанда негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 19 374,9 млрд теңгені құрады, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 7,5%-ға артық.

2024 жылғы қаңтар-желтоқсанда инвестициялардың басым көздері шаруашылық жүргізуші субъектілердің меншікті қаражаты болып қала береді, олардың көлемі 12 487,9 млрд теңгені немесе жалпы көлемнің 64,4%-ын құрады.

2024 жылғы қаңтар-желтоқсанда 2023 жылмен салыстырғанда ғимараттар мен құрылыстарды салу және күрделі жөндеу жұмыстарына жұмсалатын шығындардың 15,9%-ға өсуі байқалды.

2024 жылғы қаңтар-желтоқсанда негізгі капиталға салынған инвестициялардың едәуір үлесі тау-кен өнеркәсібіне және карьерлерді қазуға (18,9%), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларға (19,1%), көлік және қоймалауға (18,1%) және өңдеу өнеркәсібіне (10,7%) тиесілі.

Негізгі капиталға инвестициялар, млрд теңге



Дереккөз: Ұлттық статистика бюросының ресми сайты

Бюджет қаражаты негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемінің 21,2%-ын құрады, бұл ретте 2023 жылмен салыстырғанда 36,7%-ға ұлғайды.

Банк саласы үшін экономиканың нақты секторын қаржыландыруда жалпы көлемде негізгі капиталға инвестициялар 3,8%-ды алады.

2024 жылғы қаңтар-желтоқсандағы негізгі капиталға инвестициялардың негізгі үлесі өнеркәсіпке (39,7%) (оның ішінде тау-кен өндіру өнеркәсібі мен карьерлерді қазуға – 18,9%, өңдеу өнеркәсібіне -10,7%), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларға (19,1%), көлік пен қоймалауға (18,1%) және ауылдық, орман шаруашылығына және балық шаруашылығы (4,7%) тиесілі.

ИНФЛЯЦИЯ

Қазақстан Республикасында инфляция 2023 жылы 9,8%-дан 2024 жылы 8,6%-ға в бәсеңдеді.

2021	2022	2023	2024
8,4	20,3	9,8	8,6

Дереккөз: Ұлттық статистика бюросының ресми сайты

Ақылы қызметтердің бағасы бір жылда 13,3%-ға (2023 жылы – 12,4%), азық-түлік емес тауарлардың бағасы – 8,3%-ға (2023 жылы – 9,1%), азық-түлік тауарларының бағасы – 5,5%-ға (2023 жылы – 8,5%) өсті.

Өткен жылмен салыстырғанда суық суға тарифтер 43,1%-ға, су бұру – 25,7%-ға, орталық жылу – 22,3%-ға, ыстық су – 19,2%-ға, электр энергиясы – 18,4%-ға, тарату желілері арқылы тасымалданатын газ – 12,1%-ға, қоқыс шығару – 10,3%-ға өсті.


Бағаның темекі өнімдеріне – 15,9%-ға, минералды және ауыз суға – 15,3%-ға, кондитерлік өнімдерге – 12,8%-ға, жаңа піскен көкөністерге – 12,4%-ға, сергітетін сусындарға – 11,7%-ға, өңделген және консервіленген балықтарға – 10,7%-ға, балмұздаққа – 10,6%-ға, жемістер мен көкөніс шырындарына – 10,5%-ға өсуі белгілі болды. Қарақұмық жармасы бағасының 21,4%-ға, сәбізге – 8,7%-ға төмендеуі байқалды.

Бір жыл ішінде жемістер мен көкөністердің бағасы 9,3%-ға көтеріліп, инфляцияға 0,6 пайыздық тармаққа негізгі үлес қосты. Ет пен ет өнімдерінің 3,4%-ға қымбаттауы жылдық инфляцияға 0,4 п.п., алкогольсіз сусындарға (8,4%-ға), сүт өнімдеріне (6,1%-ға), нан-тоқаш өнімдері мен жармаға (3,5%-ға) – 0,2 пайыздық тармаққа үлес қосты.

Өткен жылғы ауыл шаруашылығы өнімдерінің жекелеген түрлеріне өндірушілердің баға индексі, %

	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024
Өсімдік шаруашылығы өнімдері, барлығы	**112,1**	**106,7**	**103,6**	**103,2**	**117,9**	**116,5**	**116,9**	**119,8**	**96,1**	**96,4**
дәнді дақылдар	113,3	107,6	102,2	102,0	127,9	122,6	114,8	120,3	93,6	96,8
майлы тұқымдар	103,8	123,9	107,8	97,4	114,9	113,8	129,5	119,5	90,9	92,5
картоп	104,5	92,7	113,0	104,9	88,8	115,0	123,2	117,4	98,9	100,2
көкөністер	108,3	100,0	100,2	103,3	102,5	108,3	110,2	108,1	106,0	100,8

Өндірушілердің баға индексі



Дереккөз: Ұлттық статистика бюросының ресми сайты

Тұтыну бағаларының индексі 2024 жылғы желтоқсанда 100,9%-ды құрады. Азық-түлік тауарларының бағасы 1,1%-ға, ақылы қызметтер, азық-түлік емес тауарлар – 0,8%-ға өсті.

Азық-түлік өнімдерінен қияр бағасы 31,3%-ға, қызанақ – 13,2%-ға, тәтті бұрыш – 10,4%-ға, картоп – 6,6%-ға, сарымсақ – 5,4%-ға, қырыққабат – 5,1%-ға, тұздалған майшабақ – 4,1% – ға, жүзім – 3,9%-ға, алмұрт – 3,4%-ға, күнбағыс майы – 3%-ға өсті. Бағаның қарақұмық жармасына – 1,7%, қантқа, күрішке – 1,6%-ға төмендеуі байқалды.

2024 жылғы желтоқсанда өткен аймен салыстырғанда өндірушілердің ауыл шаруашылығы өніміне баға индексі 99,9%, өсімдік шаруашылығы өнімі – 99,7%, мал шаруашылығы өнімі – 100,7%-ды құрады.

Тары бағасы 4,2%-ға, бидай, қатты бидайдан басқа – 2%-ға, кептірілген бұршақ – 1,5%-ға, сұлы – 1,1%-ға, ал күнбағыс тұқымы – 3,8%-ға, бұйра -зығыр тұқымы – 1,3%-ға, кептірілген жасымық – 1%-ға, рапс тұқымы – 0,8%-ға төмендеді.

Бағаның тазартылған немесе тұқымнан тазартылмаған мақтаға 5,2%-ға, азықтық дәнді дақылдарға – 0,3%-ға төмендеуі, ал бағаның жабық топырақтағы қиярға 20,8%-ға, жабық топырақтағы қызанаққа – 5,7%-ға, картопқа – 3,5%-ға, сәбізге және асханалық қызылшаға – 1,4%-ға өсуі байқалды.

Жұмыртқалар 3,7%-ға, шикі сиыр сүті 1,2%-ға, ірі қара мал 0,8%-ға, құс пен шошқа 1%-ға арзандады.

Азық-түлік өнімдерінен өсімдік майы 2%-ға, жарма – 1%-ға, нан мен күріш – 0,4%-дан, құс еті – 0,3%-ға, қара бидай ұны – 5,5%-ға, қант – 2%-ға, бидай ұны – 0,6%-ға, макарон өнімдері – 0,5%-ға, мал еті – 0,3%-ға қымбаттады.



АӨК САЛАСЫН ТАЛДАУ

Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешені ауыл шаруашылығы өнімін өндіру және оны қайта өңдеу және тұтынушыға жеткізу салаларын қамтитын ел экономикасының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Қазақстан астық, ет, жүн, минералды тыңайтқыштар және басқа да тауарлардың ірі өндірушісі болып табылады, әлемдегі жетекші астық экспорттаушылардың ондығына кіреді және ұн экспорты бойынша көшбасшылардың бірі болып табылады. Солтүстіктегі егістік жерлердің 70%-ын дәнді және техникалық дақылдар – бидай, арпа, тары алады. Елдің оңтүстігінде күріш, мақта, темекі өсіріледі. Қазақстан өзінің бақтарымен, жүзімдіктерімен және бақша дақылдарымен де танымал.

Ауыл шаруашылығының дамуы ауылдық жерлердегі экономикалық өсудің маңызды факторларына жатады. Осыны ескере отырып, мемлекет ауыл шаруашылығы техникасын жеңілдетілген қаржыландыруға, субсидиялауға және лизингке қомақты қаражат бөле отырып, АӨК-ні белсенді қолдайды. Бұл шаралар ауыл шаруашылығының өсуін ынталандыруға, техниканы жаңартуға және импорттық өнімдерге тәуелділікті азайтуға бағытталған.

ЖЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ


ҚР АШМ деректері бойынша 2024 жылдың ішінде елдің жер қорының алаңы 262,9 млн га құрайды.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің құқықтық режимі ерекше және осы жерлерді алып қою шектелуге, олардың құнарлылығы сақталуға және артуға бағытталып, қорғалуға жатады. Жер қорының құрылымындағы осы санаттағы жер көлемі 117,1 млн га немесе пайдаланылатын жердің 44,5%-ын құрайды.

262,9

ҚР АШМ деректері бойынша 2024 жылдың **ішінде елдің жер қорының алаңы 262,9 млн га құрайды.**

АШ мақсатындағы жер ауданының динамикасы, млн га



Дереккөз: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитетінің жиынтық талдамалық есебі

Соңғы жылдары ауыл шаруашылығы жерлері босалқы жерлерді игеру есебінен ұлғайып келеді, 2024 жылы олардың жалпы ауданы 0,7 млн гектарға ұлғайды.


Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер санатында ауыл шаруашылығы жағынан неғұрлым құнды жерлер бар: 97,8% егістік, оның ішінде 90,5% суармалы егістік, 41,6% көпжылдық екпелер, 55,0% тыңайған жерлер, 48,7% шабындықтар, оның ішінде 37,7% жақсартылған және 43,1% жайылма суарылған, 45,6% жайылымдар, оның ішінде 70,0% жақсартылған, 46,9% суландырылған.

Жер құрылымындағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің үлестік салмағы, мың га

Жер атауы	Ауданы, барлығы	Оның ішінде АШ мақсатындағы	Үлесі, %
Ауыл шаруашылығы алқаптары, барлығы	**213 639,9**	**114 359,9**	**53,5**
олардың ішінде:			
◆ Егістік, барлығы	26 907,2	26 322,4	97,8
оның ішінде: суармалы	1 803,8	1 632,7	90,5
◆ Көпжылдық егістіктер	148	61,5	41,6
◆ Кеніш	3 784,4	2 095,2	55,4
◆ Шабындықтар, барлығы	4 885,3	2 383,8	48,8
оның ішінде:			
◆ жақсартылған	40,9	15	36,7
◆ Жайылма суару	705,7	325,7	46,2
Жайлау, барлығы	177 915	83 497	46,9
оның ішінде:			
◆ жақсартылған	5 656,5	3 957,5	70,0
◆ суландырылған	103 690,8	48 378,8	46,7
Ауылшаруашылық емес жерлер	**49 290,9**	**2 764,2**	**5,6**
Жиыны	**262 930,8**	**117 124,1**	**44,5**

Дереккөз: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитетінің жиынтық талдамалық есебі

Жер түрлері бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің үлесі, %



73% ... ◆ Жайылымдар
23% ... ◆ Егістік
2,1% ... ◆ Шөп шабу
1,8% ... ◆ Тың жер
0,1% ... ◆ Көпжылдық екпелер

Дереккөз: ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитетінің жиынтық талдамалық есебі

Егістік

Егістік – ауыл шаруашылығы жерлерінің ең құнды түрі. Ауыл шаруашылығы алқаптарының жалпы ауданында егістік 26,9 млн га немесе 12,3% құрайды. Ең ірі егістік алқаптары Қостанай (6,4 млн га), Ақмола (6,2 млн га) және Солтүстік Қазақстан (5,1 млн га) облыстарында шоғырланған, бұл республика егістігінің 65,7% -ын құрайды. Қазіргі уақытта егістік алқаптарда топырақтың сапасы жағынан жақсы депозитте қалған жерлерді игерудің тұрақты үрдісі байқалды. 2000 жылдан бастап 2024 жылға дейін егістік алқабы 5,5 млн гектарға ұлғайды.

ӨСІМДІК ШАРУАШЫЛЫҒЫ

2024 жылдың қорытындысы бойынша шаруашылық санаттарындағы ауыл шаруашылығы дақылдарының жалпы егіс алқабы 23,3 млн га құрайды, оның ішінде ауыл шаруашылығы кәсіпорындары 14,3 млн га, ШҚ/ШФҚ және ЖК – 8,8 млн га, жеке шаруашылық – 0,1 млн га құрайды.

	Барлық санаттар	оның ішінде		
		АШ кәсіпорындары	ЖК және ШҚ	Халық шаруашылықтары
Жалпы егіс алаңы	**23,2**	**14,3**	**8,9**	**0,1**
Дәнді дақылдар (күрішті қоспағанда), бұршақ және майлы дақылдар	19,5	12,5	7,0	0,01
Күріш	0,1	0,0	0,1	
Көкөністер мен бақша дақылдары, тамыр және түйнек дақылдары	0,3	0,1	0,2	0,10
Мақта	0,1	0,0	0,1	
Жемшөп дақылдары	3,2	1,7	1,5	0,01

Дереккөз: Ұлттық статистика бюросының ресми сайты

Негізгі ауыл шаруашылығы дақылдарының нақтыланған егіс және жиналған алаңы, млн га

	Нақтыланған егіс алаңы	Жалпы жиналған алаң
Жалпы егіс алаңы	**23,2**	**19,8**
Дәнді дақылдар (күрішті қосқанда) және бұршақ дақылдары	16,7	16,6
Күріш	0,1	0,1
Майлы дақылдар	2,9	2,7
Көкөністер мен бақша дақылдары, тамыр және түйнек дақылдары	0,3	0,3
Мақта	0,1	0,1
Жемшөп дақылдары	3,1	0,0


Дереккөз: Ұлттық статистика бюросының ресми сайты

Дәнді дақылдарға (күрішті қоспағанда), бұршақ дақылдары мен тұқымдарға 16,7 млн га, ал майлы дақылдарға – 2,9 млн га, күріш-ке – 0,1 млн га, көкөністер мен бақша дақылдарына, тамыр және түйнек дақылдарына – 0,3 млн га, мақтаға – 0,1 млн га, жемшөп дақылдарына – 3,1 млн га бөлінді.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқаптарының негізгі алаңдары астық өңірлерінде – Қостанай (5,5 млн га), Ақмола (5,3 млн га) және Солтүстік Қазақстан (4,4 млн га) облыстарында есептеледі.

10 жылдағы дәнді дақылдардың (күрішті қоса алғанда) және бұршақ дақылдарының (өңделгеннен кейінгі салмақта) жалпы жиналуын талдау мына динамиканы көрсетеді:

Жалпы жинау, мың тонна



Дереккөз: Ұлттық статистика бюросының ресми сайты

Дәнді (күрішті қоса алғанда) және бұршақты дақылдардың (пысықталғаннан кейінгі салмақта) жалпы жиналуы 2023 жылмен салыстырғанда 47,4%-ға ұлғайды және 25 204,8 мың тоннаны, майлы дақылдарды – тиісінше 52,8%-ға және 3 337,6 мың тоннаны құрады.

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру көлеміне әсер ететін негізгі факторлар мал мен құсты сою немесе сату, сүт сауу, жұмыртқа өндіру


2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мал мен құс саны, мың бас

Ірі қара мал	7 842,6
Қой мен ешкі	20 175,1
Жылқы	4 217,4
Шошқа	467,9
Құс	45 175,5

Дереккөз: Ұлттық статистика бюросының ресми сайты

Диаграмма 2023 жылға қатысты мал мен құс санының өсу динамикасын көрсетеді:

Саны, мың бас



Дереккөз: Ұлттық статистика бюросының ресми сайты

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ІҚМ-нің 45%-ы халық шаруашылықтарында; 44,4% – шаруа немесе фермер қожалықтарында және жеке кәсіпкерлерде; 10,6% – ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында; қойлар бойынша – тиісінше 39,5%, 53,6% және 6,9%; ешкілер – 64,7%, 33,7% және 1,6%; құстар – 15,4%, 1% және 83,6%.

ІҚМ, бас саны

Қожалықтардың барлық санаттары		
2024	**2023**	**2024 ж. 2023 ж. дейін, %**
7 842 572	6 616 836	118,5%

Қой, бас саны

Қожалықтардың барлық санаттары		
2024	**2023**	**2024 ж. 2023 ж. дейін, %**
18 522 574	16 961 692	109,2%

Ешкі, бас саны

Қожалықтардың барлық санаттары		
2024	**2023**	**2024 ж. 2023 ж. дейін, %**
1 652 556	1 705 701	96,9%

Жылқы, бас саны


Қожалықтардың барлық санаттары		
2024	**2023**	**2024 ж. 2023 ж. дейін, %**
4 217 371	3 851 185	109,5%

Құс, бас саны

Қожалықтардың барлық санаттары		
2024	**2023**	**2024 ж. 2023 ж. дейін, %**
45 175 493	44 052 031	102,6%

2024 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында бір сауын сиырға арналған сүттің орташа өнімділігі 2023 жылмен салыстырғанда 10%-ға, жұмыртқа салатын бір тауыққа шаққандағы жұмыртқаның орташа өнімділігі 13%-ға өсті.

Мал шаруашылығы өнімдерінің көрсеткіштері



Дереккөз: Ұлттық статистика бюросының ресми сайты



ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН АШТӨ

«Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызмет көрсету» экономикалық қызмет түрімен жұмыс істейтін АШТӨ:

	Заңды тұлға		ЖК		Шаруа немесе фермерлік қожалықтар	
	барлығы	олардың ішінде жетекшілері әйелдер болып табылатындар	барлығы	олардың ішінде жетекшілері әйелдер болып табылатындар	барлығы	олардың ішінде жетекшілері әйелдер болып табылатындар
2023	18 431	3 269	19 927	6 562	265 453	73 811
2024	18 784	3 423	15 755	5 331	250 992	69 384

Дереккөз: Ұлттық статистика бюросының ресми сайты

ЖАЛПЫ ӨНІМ ШЫҒАРУ

2024 жылғы қаңтар-желтоқсанда ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы 8 281,9 млрд теңгені құрады, оның ішінде өсімдік шаруашылығының жалпы өнімі – 4 954,6 млрд теңге, мал шаруашылығы – 3 269,1 млрд теңге, ауыл шаруашылығы саласындағы қызметтер – 9,6 млрд теңге.


Ауыл, орман және балық шаруашылығының жалпы өнімінің (көрсетілетін қызметтерінің) нақты көлемінің индексі

	2024 ж. 2023 ж. дейін, %
Жалпы өнім шығару	**113,7**
оның ішінде:	
• өсімдік шаруашылығының жалпы өнімі	121,1
• мал шаруашылығының жалпы өнімі	103,6

Дереккөз: Ұлттық статистика бюросының ресми сайты

АӨК ИНВЕСТИЦИЯЛАРЫ

Негізгі капиталға интвестициялар, о.і. АӨК-ге инвестициялар, млрд теңге



Дереккөз: Ұлттық статистика бюросының ресми сайты

Ауыл, орман және балық шаруашылығына инвестициялардың қаржыландырудың басым көздері АӨК субъектілерінің меншікті қаражаты болып табылады, 68,5%.

АӨК негізгі капиталына инвестициялар, мың теңге	оның ішінде				
	бюджет қаражаты		меншікті қаражат	банк несиелері	басқа қарыз қаражаттары
	РБ	жергілікті			
919 007 364 (98,9% к 2023 г.)	498 196	568 557	629 291 423	29 184 982	259 464 206

Бюджет қаражаты АӨК негізгі капиталына инвестициялардың жалпы көлемінің 0,1%-ын құрады.

Қаржыландыру көздері бойынша инвестиция үлесі, %



АӨК бойынша инвестицияның негізгі үлесі өсімдік өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіруге тиесілі – 99,2%.

Компания көктемгі дала жұмыстары мен егін жинау науқанын жүргізу үшін техникамен материалдық-техникалық жарақтандыру мақсатында АӨК субъектілерін қаржыландыру көлемін ұлғайту бойынша тұрақты негізде іс-шаралар жүргізуде, осылайша 2024 жылы 228,5 млрд теңге сомаға (қаржы лизингі шарттары бойынша) 10 543 АШТ бірлігі лизингке берілді.

Бұдан басқа, техника лизингі бойынша инвестициялар көлемін жыл сайын ұлғайтуды қамтамасыз ету үшін түрлі қаржыландыру көздерінен қаражат тарту бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілуде.

АӨК пайдалану бағыттары бойынша негізгі капиталға инвестициялар, мың теңге

	Жаңа негізгі құралдарды пайдалануға беру	Негізгі капиталға инвестициялар
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	**731 975 302**	**919 007 364**
Осы салаларда өсімдік және мал шаруашылығы, аң аулау және қызмет көрсету	728 017 715	911 769 422
Бір немесе екі жылдық дақылдарды өсіру	427 461 194	485 192 003
Көпжылдық дақылдарды өсіру	2 323 817	7 243 218
Өсімдіктердің көбеюі	56 698	232 138
Мал шаруашылығы	237 400 579	353 100 169
Аралас ауыл шаруашылығы	51 449 632	56 555 338

Дереккөз: Ұлттық статистика бюросының ресми сайты

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ТЕХНИКАСЫ ПАРКІН ТАЛДАУ

Мемлекеттік саясаттың міндеттеріне сәйкес АӨК саласын заманауи АШТ-мен қамтамасыз ету басым мақсаттардың бірі болып табылады, өйткені ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді техникалық жарақтандыру АӨК дамытудың маңызды проблемасы болып қала береді.

Олар мыналарда бекітілген:

- **Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі** «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында;
- ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 960 қаулысымен бекітілген **Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасында** (бұдан әрі – АӨК дамыту тұжырымдамасы);
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 7 қарашадағы № 991 қаулысымен бекітілген **Қазақстан Республикасының машина жасау саласын дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған кешенді жоспарында;**
- **ҚР Премьер-Министрінің** 2023 жылғы 21 желтоқсандағы ҚР Үкіметінің отырысында берілген **тапсырмасында** (агроөнеркәсіптік кешенді қаржыландыру туралы);
- **ҚР Премьер-Министрінің** 2024 жылғы 23 қыркүйектегі агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қолдау мәселелері және егін жинау жұмыстарының барысы туралы **хаттамалық тапсырмасында;**
- **Мемлекет басшысының** 2025 жылғы 28 қаңтардағы **ҚР Үкіметінің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінде** (5-мәселе – агроөнеркәсіптік кешеннің әлеуетін нығайту).

ҚР АШМ деректерінде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстанда 569 863 АШТ бірлігі болды, оның ішінде негізгі техника – 248,8 мың бірлік: 138,9 мың бірлік трактор, 31,0 мың бірлік комбайн, 5,6 мың бірлік егіс кешені, 17,1 мың бірлік егістік, ал 2024 жылға 01 қаңтарға дейін олардың саны 654 503 бірлікті құрады.

ҚР АШМ деректерінде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстанда

569

МЫҢ АШТ БІРЛІГІ БОЛДЫ

Атауы	2022	2023	2024
ҚР-да АШТ паркінің болуы, барлығы	688 758	654 503	569 863
о.і. негізгі түрлері	286 055	283 921	248 772

Дереккөз: Ұлттық статистика бюросының ресми сайты

АШТ паркі бойынша ҚР АШМ ұсынған деректерді талдау 10 жыл бұрын шығарылған тракторлардың үлесі 68%-дан, ал жемшөп жинайтын комбайндардың үлесі 74%-ға жеткенін көрсетті:

АШТ	31.12.2024 ж. ҚР-да АШТ болуы	ҚР-да 10 жыл ішінде (2015–2024 жж.) сатып алынған АШТ саны	10 жылдан астам пайдаланылатын ауыл шаруашылығы техникасының үлесі, %
Тракторлар	138 887	43 456	68,7%
Астық жинайтын ком-байндар	30 866	11 126	64%
Жемшөп жинайтын комбайндар	1 255	325	74,1%
Егіс кешендері	5 623	2 339	58,4%
Орақтар	17 086	3 324	80,5%
Сепкіштер	70 671	12 909	81,7%

Дереккөз: Ұлттық статистика бюросының ресми сайты

Ескі технологиялар мен ескірген АШТ паркі еңбек өнімділігінің өсуіне және өндірістің артуына кедергі келтіреді. Тозған техниканы пайдалану жанар-жағармай мен қосалқы бөлшектердің қымбаттауына, өнімнің жоғалуына және сапаның төмендеуіне, ақауларға байланысты техниканың тоқтап қалуына және басқа да жағымсыз салдарға әкеледі.

АШТ паркін жаңарту бойынша жағдайды өзгерту үшін 2023 жылғы 7 ақпанда өткен ҚР Үкіметінің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы АШТ-ның жеңілдікті лизингінің көлемін жыл сайын 450 миллиард теңгеге дейін ұлғайту және АШТ-ны жаңарту қарқынын жылына 10%-ға дейін жеткізу туралы тапсырма берді[1].

Бұдан басқа, лизингтік бағдарламаларды іске асыру үшін аграрийлардың АШТ-ны (оның ішінде отандық өндірілетін) сатып алуын ынталандыру, АШТ сатып алған құнның бір бөлігін инвестициялық субсидиялау бағдарламаларын іске асыру және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Даму институттарын қорландыру арқылы сатып алынған АШТ көлемін ұлғайтуға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар техникалық жарақтандыруды дамыту және әлемдік әзірлемелерді енгізу айтарлықтай қаржылық инвестицияларды талап етеді. Бұл мәселеге көп көңіл бөлінеді.

Осылайша, АӨК дамыту тұжырымдамасы шеңберінде АШТ паркінің қарқынын жаңарту жөніндегі іс-шаралар бекітілді:

- лизингтік бағдарламаларды іске асыру үшін «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Даму институт-тарын қорландыру, АШТ сатып алған құнның бір бөлігін инвестициялық субсиди-ялау бағдарламаларын іске асыру жолымен аграрийларды АШТ-ны (оның ішінде отандық өндірілетін) сатып алуға ынталандыру;

[1] www.akorda.kz/ru/vystuplenie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomartatokaeva-na-rasshirennom-zasedanii-pravitelstva-71442


- АШТ кредиттеу/лизингтің пайыздық мөлшерлемесін субсидиялау;
- жеңілдетілген кредит беру бағдарламаларын дамыту;
- АШТ айналымына байланысты процестерді есепке алу бойынша бірыңғай интеграцияланған деректер базасын құру (сатып алу, лизинг, пайдалану, техникалық жай-күй).

2024 жылы елімізде 22 133 бірлік техника сатып алынды, оның ішінде компанияны қаржыландыру арқылы 10 543 бірлік техника сатып алынды.

Ауыл шаруашылығы өнімінің өзіндік құнындағы шығындардың үлесін қысқарту – ауыл шаруашылығын жаңғырту мен техникалық қызмет көрсету бөлігіндегі негізгі мақсат. Бұл процесс АӨК субъектілерін өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндірудің әртүрлі агротехникалық процестерін жылдам орындауға мүмкіндік беретін автоматтандырылған жүйелері бар жаңа техникамен жарақтандыруды қамтиды.

Диаграммада отандық өндірістің ауыл шаруашылығы машиналарын лизингке беру динамикасы көрсетілген, бірл.:

Отандық және шетелдік техника бөлінісінде ҚазАгроҚаржы берген АШТ құрылымы, бірл.



Дереккөз: Компания деректері

Техниканың түрлері бойынша атауы	ҚР-да сатып алынды, бірл.	с.і. ҚазАгроҚаржы сатып алған, бірл.	с.і. отандық өндірілетін, бірл.	Компания сатып алғанының жалпы санының үлес салмағы, %
Тракторлар	8 109	4 729	4 482	58,3%
Комбайндар	1 246	924	872	74,2%
Сепкіштер	1 537	273	97	17,8%
Егіс кешендері	135	135	60	100%
Басқа	11 106	4 482	2 291	40,3%
Барлығы	**22 133**	**10 543**	**7 802**	**47,6%**

Дереккөз: Ұлттық статистика бюросының ресми сайты

Инвестиция көлемін ұлғайту арқылы саланы заманауи АШТ-мен қамтамасыз ету Компанияның басым міндеттерінің бірі болып табылады.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау шеңберінде сапалы лизингтік қызметтер көрсету және машина-трактор паркін жаңарту жолымен АӨК әлеуетін күшейту бойынша іс-шаралар жүргізілуде.

Бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы техникасын жеткізушілердің құрылымын әлемдік және жергілікті өндірушілер ұсынды. Әлемдік өндірушілерге мыналар жатады: John Deere, Case IH, New Holland (АҚШ), CLAAS (Германия), Techsystems Kft. (Канада), Ростсельмаш (Ресей), Гомсельмаш, Минск трактор зауыты, Бобруйскагропроммаш (Беларусь), Lovol, Zoomlion, YTO (ҚХР) және т.б. оларды ауыл шаруашылығы техникасының құрылымында болу форматы ажыратады. Ресейлік, белорус, германдық және қытайлық өндірушілер өнімді шоғырландыратын құрастыру кешендерін ұйымдастырды.

ҚР аумағында Компания «Семаз» ЖШС, «КАИК» ЖШС, «СТ Эсэмбли» ЖШС, «Агромашхолдинг KZ» АҚ, «Kazrost Engineering Ltd.» жеке компаниясы, «КАМАЗ-Инжиниринг» АҚ, «Қазақстан МЗ МТЗ» ЖШС, «Қостанай трактор зауыты» ЖШС, «Дон Мар» ЖШС, «ДАФА» фирмасы ЖШС, «AVAGRO» ЖШС, «Қостанай агромеханикалық зауыты» ЖШС, «Kaz Kioti» ЖШС, «QAZTEHNA» ЖШС, «Қазтехмаш» МЗ» ЖШС, «ҚазАгроМаш» зауыты» ЖШС, «TT-ENGINEERING» ЖШС, «Агроқұрылыс» ЖК, «СолтүстікАуылМаш» ЖШС, «ЭКСПРО» ЖШС, «Трубинова В.А.» ЖК, «СібзауытАгро» ЖШС, «Kaz Tech АУЫЛМАШ» ЖШС және «КРМЗ» ЖШС.

2024 жылы елімізде

22,1

МЫҢ БІРЛІК ТЕХНИКА САТЫП АЛЫНДЫ

2024 жылы АӨК субъектілері ҚазАгроҚаржы лизингтік қызметтері арқылы сатып алған техниканың барлық түрлерін республика бойынша АШТ сатып алудың жалпы көлеміндегі үлес салмағы 47,6%-ды құрайды (22 133 бірліктің 10 543 бірлігі). Компания сатып алған отандық өндірістің АШТ көлемі 7 802 бірлікті немесе сатып алған ҚазАгроҚаржы техникасының жалпы көлемінің 74%-ын құрады.



ЛИЗИНГ НАРЫҒЫН ТАЛДАУ

Лизинг негізгі құралдарды жаңартудың тиімді құралы болып табылады және әлемдік тәжірибеде белсенді қолданылады. Қазақстанда лизингтік қызмет «Қаржы лизингі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5 шілдедегі № 78-II Заңымен, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен (ерекше бөлігі) және Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексімен (Салық кодексі) реттеледі.

ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының (бұдан әрі – Статистика бюросы) деректері бойынша 2024 жылы ел бойынша:

- ағымдағы лизингтік портфель 2 518,9 млрд теңгені құрады және 2023 жылмен салыстырғанда өсім 712,3 млрд теңгені құрады;
- қаржы лизингі шарттарының құны – 991,3 млрд теңге, 2023 жылдан бастап өсім 234,6 млрд теңгені құрады.

Ең тартымды салалар көлік және қоймалау – 36%, ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы – 27,3%, ал өңдеу өнеркәсібі – қаржы лизингі шарттарының жалпы құнының 21,6% болды.

Қаржы лизингін пайдалану бағыттары, о.і. АӨК бойынша шарттардың саны (бірлік) және құны (млрд теңге):

	Көлік құралдары мен жабдықтар		Басқа машиналар мен жабдықтар		оның ішінде ауыл және орман шаруашылығына арналған машиналар		Жиыны	
	млрд теңге	бірлік	млрд теңге	бірлік	мың теңге	бірлік	млрд теңге	бірлік
Қазақстан Республикасы	506	3 477	486	11 461	268	11 023	**991,3**	**14 938**
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	2	30	269	11 062	268	11 022	**270,6**	**11 092**

Дереккөз: Ұлттық статистика бюросының ресми сайты

2,5 189

Ағымдағы лизингтік портфель

2 518,9 МЛРД ТЕҢГЕНІ ҚҰРАДЫ

Компания АШТ саласындағы негізгі лизинг беруші болып табылады.

2024 жылы жылдық 5% пайыздық мөлшерлемемен және 7 жыл мерзімге 120 млрд теңге сомасына жеңілдікті лизингтің ауқымды бағдарламасы іске қосылды.


2024 жылы Компания 228,5 млрд теңге сомасына 10 543 бірлік техниканы лизингке берді, ондағы үлесі:

- Қазақстан бойынша ауыл және орман шаруашылығына арналған машиналар лизингі шарттары құнының жалпы көлемінің 85,21%;
- ауыл, орман және балық шаруашылығы саласы бойынша шарттардың жалпы құнының 84,46%.

Компанияның қаржы лизингі шарттары құнының үлес салмағы

	2023	2024
ел бойынша шарттардың жалпы құнының үлесі	23,52%	23,05%
АӨК саласы бойынша шарттар құнының үлесі	76,99%	84,46%
с.і. ауыл шаруашылығы машиналары бойынша шарт-тардың құнынан	77,33%	85,21%


Шарттар құнының динамикасы, млрд теңге



Дереккөз: Ұлттық статистика бюросының ресми сайты

Осылайша, 2000 жылғы 1 қаңтардан бастап 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі қызмет кезеңінде жалпы сомасы 1 433,2 млрд теңгеге 87 мыңнан астам АШТ бірлігі мен жабдықты сатып алу қаржыландырылды.

2000-2024 жылдар кезеңіндегі лизинг динамикасы, бірл.



Экономиканы, ең алдымен АӨК, өнеркәсіп, шағын және орта бизнес саласында қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары лизинг саласына айтарлықтай әсер етуді жалғастыруда, өйткені мемлекеттік қолдау көбінесе лизингтік қаржыландыру арқылы жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта АӨК лизингі нарығында ҚазАгроҚаржы сөзсіз көшбасшы болып қала береді. Компанияның бағдарламаларына фермерлер үшін негізгі қарызды өтеудің маусымдық кестесіне (егін жинағаннан кейін жылына бір рет төлеу), лизингтің ұзақ мерзіміне, комиссиялардың болмауына, сондай-ақ аванстық төлемнің төмен мөлшеріне және осы салада жеткілікті үлкен жұмыс тәжірибесіне байланысты артықшылық беріледі. Сонымен қатар Компанияның аграрийлер үшін лизингтік қаржыландырудың негізгі артықшылықтары:

- лизингті қаржыландырудың неғұрлым икемді шарттары мен схемалары. Лизингті ресімдеу кезінде қосымша кепіл талап етілмейді, өйткені лизинг нысанасының өзі қамтамасыз ету болып табылады;
- ҚР АШМ желісі бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау бағдарламаларының болуы және техника мен жабдыққа инвестициялық салымдарды субсидиялау;
- Қазақстанда бірде-бір лизингтік компания қамтамасыз ете алмайтын кең аймақтық қамту (15 филиал).

Ресми статистика көрсеткендей, елде қаржы лизингі толық көлемде, оның ішінде аграрлық секторда қолданылмайды.

АӨК-ті жеткіліксіз қаржыландыру азық-түлік қауіпсіздігіне әсер етеді, онда фермерлер жабдықтар мен техниканы уақтылы жаңартпайды, бұл өнімділікті төмендетеді және тапшылыққа, тиісінше, бағаның өсуіне әкеледі.

Компания өз қызметінде АӨК дамыту саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі қойған міндеттерді басшылыққа алады.

Бүгінгі таңда 13 лизингтік компания АШТ және жабдық лизингімен айналысады:

1. ҚазАгроҚаржы,
2. «Forteleasing» АҚ,
3. «Лизинг Групп» АҚ,
4. «Нұрбанк» АҚ ЕҰ «Нұр лизинг» лизингтік компаниясы» ЖШС
5. «MERZ Leasing LTD» жеке компаниясы,
6. «ТехноЛизинг» ЖШС,
7. «QZQ FINANCE» ЖШС,
8. «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ,
9. «Қазақстандық Иджара Компаниясы» АҚ (KIC),
10. «GARANTI LEASING» ЖШС,
11. «Қазақстан Халық банкі» АҚ «Халық-Лизинг» ЕҰ,
12. «NKB LEASING» ЖШС,
13. «Partner leasing» ЖШС.

Мемлекеттік қолдау құралдарының кеңінен таралуының арқасында Қазақстандағы лизинг нарығы тұрақты өсуді көрсетіп отыр. АШТ мен жабдықтар лизингі бойынша арнайы бағдарламалары бар компаниялар қаржыландырудың мынадай шарттарын ұсынады:

Атауы	Активтерді қаржыландыру	Шарттар		
		Лизинг мерзімі	Сыйақы мөлшерлемесі	Бастапқы жарна
«Forteleasing» АҚ (Фортелизинг)	Жабдықтар, көлік, арнайы техника	12 айдан 84 айға дейін (өндіруші елге байланысты)	Базалық мөлшерлерме + 6 пайыздық тармақ	20%-дан
«Лизинг Групп» АҚ	Мамандандырылған техника, жабдықтар	37-60 ай	ҚР ҰБ белгілеген базалық мөлшерлемеден + 5% және одан жоғары. damu.kz бағдарламасы бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау мүмкіндігі	20%-дан
«Нұрбанк» АҚ ЕҰ «Нұр ли-зинг» лизингтік ком-паниясы» ЖШС	Арнайы техника, жабдық.	37 айдан	жылдық 19,25%-дан; Субсидиялау кезінде ДАМУ КДҚ АҚ – жылдық 8%-дан	20%-дан
«MERZ Leasing LTD» жеке компаниясы	АШТ, о.і. аспалы және тіркемелі жабдық	60 айдан	6%-дан	20%-дан
«Техно Лизинг» ЖШС	АШТ	3-5 жыл	жылдық 22,75%; субсидиялауды ескерумен 6%	20%-дан
«QZQ FINANCE» ЖШС	АШТ; арнайы техника	37 айдан 84 айға дейін	14%-дан	15%-дан
«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ	АШТ	7 жылға дейін	7% бюджет қаражаты есебінен, 15% коммерциялық қаражат есебінен	15%-дан
«Қазақстандық Иджара компаниясы» АҚ	АШТ	12 ай және одан жоғары	жеке	20%-дан
«GARANTI LEASING» ЖШС	АШТ; жабдық.	37 айдан	6%-дан (АШМ бағдарламасы бойынша субсидиялау)	20%-дан
Қазақстан Ұлттық банкі АҚ «Халық-Лизинг» ЕҰ	АШТ	37 айдан 60 айға дейін	ҚР ҰБ базалық мөлшерлемесі +5% (ДАМУ 7% / 8% субсидиялауын ескерумен)	20%-дан
«NKB LEASING» ЖШС	Арнайы техника	37 айдан	14%-дан	20%-дан
«Partner leasing» ЖШС	Арнайы техника, жабдық	12 айдан 60 айға дейін	Жылдық 16%-дан астам емес (ДАМУ)	15%-дан
«ҚазАгро Қаржы» АҚ	**АШТ; жабдық.**	**«ҚазАгроҚажы» АҚ компаниясының өнімдері**		

Дереккөз: Компанияның интернет-ресурстары

PEST-ТАЛДАУ

Макроорта факторларын бағалау үшін Компанияның қызметіне тікелей немесе жанама әсер етуі мүмкін негізгі саяси, экономикалық, әлеуметтік және технологиялық факторлардың PEST талдауы берілген.

САЯСИ ФАКТОРЛАР

Мүмкіндіктер

Мемлекеттің ауыл шаруашылығын дамыту жөніндегі мақсатты саясаты заңнамамен бекітілген:

- Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты» Жолдауы (агроөнеркәсіптік кешенде нақты серпілісті қамтамасыз ету және Еуразия континентінің жетекші аграрлық орталықтарының бірі болу, сондай-ақ АШТ жаңарту қарқынын жылына 8-10% – ға дейін қамтамасыз ету қажеттігі туралы);
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 960 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 7 қарашадағы № 991 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының машина жасау саласын дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған кешенді жоспары;

Хаттамалық тапсырмалар:

- ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 21 желтоқсандағы отырысында айтылған ҚР Премьер-Министрінің тапсырмасы (агроөнеркәсіптік кешенді қаржыландыру туралы);
- ҚР Үкіметінің 2024 жылғы 23 қыркүйектегі отырысында агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қолдау мәселелері және егін жинау жұмыстарының барысы туралы айтылған ҚР Премьер-Министрінің тапсырмасы.

Қауіп-қатер

Табиғи-климаттық жағдайлар

- Қазақстан аумағының солтүстіктен және оңтүстіктен орографиялық ашықтығы, елдің Еуразия құрлығының тереңдігінде болуы, оның мұхиттар мен теңіз бассейндерінен қашықтығы ауаның маусымдық температурасының едәуір амплитудасына ұшырайтын күрт-континенттік климатты қалыптастырады.

Тиісінше, жаз құрғақ, ыстық және жауын-шашын нормадан аз түседі.

Саяси және экономикалық турбуленттіліктен туындаған әлемдегі тұрақсыз жағдай:

- валютаның құбылмалылығы, инфляциялық күтулер, санкциялар және өзге де аспектілер аясында Қазақстан экономикасы үшін келесі кезеңдер ішінде тауарлар бағасының өсуі, төлем қабілеттілігінің төмендеуі бөлігінде салдарлар болады.

Мемлекеттік қолдау шараларының күшін жою:

- АШТ паркін жаңартудың технологиялық деңгейінің төмендеуіне әсер етуі мүмкін.

ҚР Салық заңнамасына өзгерістер енгізу:

- импорты кезінде ҚҚС есепке жатқызу әдісімен төленетін тауарлар тізбесін қысқарту инвестициялық ахуалдың айтарлықтай нашарлауына әкеп соғуы, сондай-ақ лизингті әлеуетті лизинг алушылар үшін де, лизинг берушілер үшін де экономикалық жағынан тартымсыз етуі мүмкін.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР

Мүмкіндіктер

Салық жеңілдіктерінің болуы:

- машина-трактор паркін жаңартуға, аграрлық сектордың өнімділігі мен тиімділігін арттыруға және ауыл шаруашылығы өнімдеріне бағаның өсуін тежеуге ықпал етеді.

Мемлекеттік қолдау шаралары:

- жеңілдетілген қаржыландыру;
- инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау;
- ҚазАгроҚаржы облигациялары бойынша жылдық купондық сыйақыны субсидиялау (ҚР Үкіметінің 2024 жылғы 24 ақпандағы №93 қаулысы);
- агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдықтарын сатып алуға лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау.

Қолайлы инвестициялық бизнес-климат:

- ауыл шаруашылығындағы негізгі капиталға инвестициялар келесі тенденцияға ие. 2021 жылы ауыл, орман және балық шаруашылығына 773 млрд теңге, 2022 жылы 854 млрд теңге; 2023 жылы – 981 млрд теңге, 2024 жылы – 919 млрд теңге инвестицияланды.

Саланың жер ресурстарымен жеткілікті қамтамасыз етілуі:

- ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді жеткілікті қормен, сондай-ақ орнықты шикізат базасымен қамтамасыз ету;
- егіс алқаптарын ұлғайту және суармалы жерлерді кеңейту.

Қауіп-қатер

Салық преференцияларының күшін жою:

- жеңілдіктердің жойылуы лизинг берушінің бос ақшалай қаражатының салық төлеуге кетуіне және қаржыландыру көлемінің тиісті қысқаруына, сондай-ақ өндіріс қаражатының құнының қымбаттауына әкеп соғады.

Экономикалық факторлардың тұрақсыздығы:

- ұлттық валютаның төмендеуінен, инфляцияның өсуінен және қаржылық қызметтердің қымбаттауынан, санкциялардың енгізілуіне байланысты шектеулердің өсуінен және т. б. көрінетін кең ауқымды қақтығыстар мен әлемдегі әскери күштің өсуі кезіндегі экономикалық салдарлар;
- өнім бағасының өсуі (шикізат, компоненттер тапшылығы, логистика) техниканың қол жетімділігі мен клиенттердің қажеттіліктеріне сыни түрде әсер етуі мүмкін;
- АШТ өндіруші зауыттардың, құрастыру өндірістерінің және жеткізушілердің жоғары бағасы.

Ауыл шаруашылығы саласы тәуекелдерінің жоғары деңгейі:

- өсімдік шаруашылығы саласының ауа-райы мен климаттық жағдайларға, ал мал шаруашылығы саласының эпизоотия тәуекелдеріне тәуелділігінің жоғары дәрежесі, өндеуге кететін ауыл шаруашылығы өнімдерінің нашар жолға қойылған логистикасы, Ел ішіндегі логистикалық маршруттардың үлкен ұзақтығы, сондай-ақ экспорттық маршруттардың күрделі логистикасы, өткізу нарықтарының шектелуі, дайын өнімге ішкі бағалардың әкелу және сауда баждарын енгізуге тәуелділігі.

Маусымдылығы:

- әртүрлі маусымдарда ауылшаруашылық жұмыстарының циклін орындау үшін әртүрлі еңбек ресурстары қажет. Нәтижесінде жұмыс күшіне біркелкі емес қажеттілік туындайды;
- 2024 жылы ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылған халық саны 1 027 851 адамды құрады, ал 2023 жылы – 1 078 720 адам. Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешені кадрлар тапшылығын сезінуде және оған үш мың жұмыскер қажет. Егістіктерде трактористер, механизаторлар, агрономдар және орта және бейіні тар буынның басқа мамандары жетіспейді.

ӘЛЕУМЕТТІК ФАКТОРЛАР

Мүмкіндіктер

Ауыл шаруашылығы өнімдеріне қажеттіліктің тұрақты сипаты:

- халық санының артуы жағдайында аграрлық секторда ұзақ мерзімді өсімді сақтау үшін алғышарттар жасайды.

2022 жылы халық саны 19,7 млн адамды құрады (қалалық – 12,2 млн адам, ауылдық – 7,5 млн адам);

2023 жылы халық саны 20 млн адамды құрады (қалалық – 12,4 млн адам, ауылдық – 7,6 млн адам);

2024 жылы халық саны 20,2 млн адамды құрады (қалалық – 12,7 млн адам, ауылдық – 7,5 млн адам).

Кадрларды кәсіби даярлау:

- Қазақстанда мемлекеттік аграрлық университеттер жұмыс істейді, олар жыл сайын әртүрлі салалардағы АӨК кәсіпорындарында жұмыс істеу үшін мамандар шығарады.

Қауіп-қатер

Климаттың өзгеруі:

- жанармайдың жануына байланысты атмосферадағы CO_2 концентрациясының өсуі, жерді пайдалану, озон қабатының азаюы, мал шаруашылығы және ормандардың жойылуы климат пен қоршаған орта жағдайына теріс әсер етеді.

Табыстың төмен деңгейі:

- дәстүр бойынша ауыл шаруашылығы жұмыскерлерінің орташа айлық номиналды жалақысы төмен деңгейге ие, бұл экономикалық қызметтің барлық түрлері бойынша жұмыскерлердің орташа айлық номиналды жалақысының шамамен 70%-ын құрайды және жылдан жылға өсудің әлсіз динамикасын көрсетеді.

Ауыл халқының кетуі:

- ҚР АӨК Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, соңғы жылдары ел ішіндегі ауылдық көші-қон бойынша теріс сальдо байқалады. Осылайша, 2024 жылы Қазақстан ішінде ауыл халқының көші-қон сальдосы теріс болып, -111,4 мың адамды құрады. Ауыл тұрғындары Қазақстан ішінде де, ірі елді мекендерге де, шетелге де көшті.

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАР

Мүмкіндіктер

Мемлекеттің жаңа технологиялар мен инновацияларды енгізуін ынталандыруы:

- мемлекет АӨК кәсіпорындарында агротехнологиялар мен инновациялық технологияларды цифрландыруды енгізуге, технологиялық процестерді автоматтандыруға, сондай-ақ ғылыми зерттеулер жүргізуге ықпал етеді.

Отандық ауыл шаруашылығы өндірісінің технологиялық деңгейін арттыру:

- ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің сұранысының артуына әкеп соғуы мүмкін.

Қаржыландыруға өтінімдерді автоматтандыру:

- ең аз мерзімде қызмет көрсету бойынша аудиторияны барынша қамтуға мүмкіндік береді.

Қауіп-қатер

Отандық ауыл шаруашылығы машиналарын жасаудың технологиялық жарақтандырылуы және шетелдік технологияларға тәуелділігі:

- ауыл шаруашылығы машина жасау саласындағы кәсіпорындардың әлсіз техникалық қаруланулы;
- АШТ перспективалы модельдерінің отандық жаңа әзірлемелерінің болмауы;
- отандық өндірістегі тракторлар мен ауыл шаруашылығы машиналарының бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуіне, машина жиынтықтарын жеткізуге тәуелділіктің төмендеуіне және техниканың өзіндік құнының артуына байланысты.

Материалдық-техникалық базаның жай-күйі:

- амортизация мерзімінен тыс уақытта АШТ мен жабдықтың жартысынан көбі қолданылады. Бүгінгі таңда АШТӨ-де бар көптеген тракторлар мен комбайндардың қызмет ету мерзімі 10-12 жылдан асады.



Сыртқы ортаны талдау әр фактордың әсері іс-әрекеттің оң және теріс жақтарына әсер ететіндігін көрсетеді.

Мемлекет тарапынан қолдау, шикізат базасымен қамтамасыз ету, жаңа технологияларды енгізу, технологиялық деңгейін арттыру және автоматтандыруды жиынтықта енгізу компания мен жалпы сала қызметінің дамуына оң әсер ететін жүйе құраушы факторлар болып табылады, яғни талдау Компанияның өз қызметіндегі берік ұстанымдарын көрсетеді.

SWOT-ТАЛДАУ

1. Күшті жақтары

1. АӨК-те лизинг және кредит беру саласындағы үлкен тәжірибе, жеке бизнеспен өзара іс-қимыл тәжірибесі;
2. Лизингтік қызмет көрсетудегі жоғары құзыреттілік және білікті кадр құрамы;
3. АӨК субъектілерінің кең филиалдық желісі және клиенттік базасы;
4. АШТ және жабдықтарды отандық және әлемдік өндірушілермен жолға қойылған серіктестік қатынастар;
5. Компанияның корпоративтік басқаруының жоғары деңгейі;
6. Компанияның тәуекелдерді басқарудың тиімді кешенді жүйесінің болуы;
7. АӨК субъектілері үшін танымал бренд және Компанияның АШТ нарығындағы сұранысы;
8. Клиенттер санының оң динамикасы және Компания қызметіне деген сенімнің жоғары деңгейі;
9. Қорландыру көздерінің әртараптандырылған портфелі және ішкі және халықаралық нарықтарда қарыз қаражатын тартудағы елеулі тәжірибе.
10. Отандық өндірушіні қолдау.

2. Әлсіз жақтары

1. Экономиканың бір саласында несие портфелінің шоғырлануы;
2. Лизинг процесін автоматтандырудың жеткіліксіз деңгейі;
3. Саяси шешімдер қабылдауға және фискалдық органдарға тәуелділіктің жоғары дәрежесі;
4. Салалық министрліктен алшақтау, байланыстардың жоғалуы талдау және сараптама жүргізу кезінде дұрыс емес шешімдер қабылдау тәуекелдеріне әкеп соғады;
5. Валюта бағамының құбылмалылығы, инфляция, бағаның өсуі;
6. Саланы тиімсіз мемлекеттік реттеу қаупі, шығындардың өсуіне және еңбек өнімділігінің төмендеуіне әкелуі мүмкін жоспарлаудағы сәйкессіздіктер.

3. Мүмкіндіктер

1. Саланы тиімді мемлекеттік қолдауды қалыптастыру;
2. АӨК-ті мемлекеттік қолдау деңгейін арттыру, оның ішінде машина-трактор паркін жаңарту мәселелері бойынша;
3. Тартылған және мемлекеттік қаржыландыру көздері есебінен инвестицияларды ұлғайту мүмкіндігі.
4. Компанияның қызметтерімен қамтылмаған АӨК субъектілерінің едәуір санының болуы;
5. АШТ жаңартуда АӨК субъектілері үшін ең жақсы серіктес ретінде сатылатын ком-пания брендін күшейту.
6. Өтінімдерді қарау бойынша бизнес-процестерді жақсарту, оның ішінде клиент-терге онлайн-қызмет көрсетуге көшу;
7. Жер мәселелерін цифрландыру, пайдала-нылмайтын жер алқаптарын (егістіктерді), оның ішінде ресурс үнемдеуші технология-ларды қолдану арқылы азайту.

4. Қауіп-қатерлер

1. АӨК саласындағы инвестициялық салымдарды және/немесе кредиттік өнімдер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін мемле-кеттік субсидиялауға бөлінетін ақша қаража-тының жеткіліксіздігі.
2. Ішкі және сыртқы ортаның нашарлауына байланысты макроэкономикалық тәуекелдер, импортқа тәуелділік, сондай-ақ техника мен жабдықтар құнының өсуіне әсер ететін әлемдік бағалардың конъюнктурасы;
3. Квазимемлекеттік сектордың екінші субъектісінің АШТ лизингі нарығында пайда болуы, бұл дұрыс емес бәсекелестік тудырады;
4. АӨК өндірісінің қысқаруына, техникаға сұраныстың төмендеуіне және клиенттердің шарттық міндеттемелерді орындауына әсер ететін форс-мажорлық мән-жайлардың, климаттың өзгеруінің және өзге де жағдайлардың, мемлекет тарапынан шектеу шараларының туындау қаупі.
5. Теңге бағамының төмендеуі, салықтардың ұлғаюы және т. б. салдарынан импорт-тық техникаға лизинг нысанасы құнының өсуі

Бұл SWOT-талдау Компания қызметінің күшті және әлсіз жақтарын, сондай-ақ мүмкіндіктері мен қауіп-қатерлерін көрсетеді.

Күшті жақтарға АӨК-тің лизинг және кредит беру саласындағы үлкен жұмыс тәжірибесі, жоғары құзыреттілік пен білікті кадрлар құрамы, тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесі, корпоративтік басқарудың жоғары деңгейі жатады. Әлсіз жақтары техникаға лизинг нысанасы құнының өсуі, лизинг процесін автоматтандыру деңгейінің жеткіліксіздігі, теңгенің құбылмалылығы, инфляция, импортқа тәуелділік және т. б. болып табылады.

Жүргізілген SWOT-талдаудың қорытындылары Компанияның белсенді қызметіне және лизингтік қызметте көшбасшылық позицияларды сақтауға мүмкіндік беретін басымды күшті жақтары бар екенін көрсетеді.

Алайда әлемдік оқиғалар тәуекелдерді тұрақты мониторингтеу, жағдайды сыни тұрғыдан бағалау, антагонистік қатынастарға ден қоймау және өз қызметінің саласын жандандыру, сондай-ақ отандық және шетелдік әріптестермен ынтымақтастықты күшейту қажеттігін көрсетіп отыр.

ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫН ІСКЕ АСЫРУ

ҚазАгроҚаржының 2024-2033 жылдарға арналған Даму стратегиясы (бұдан әрі – Даму стратегиясы) ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 13 шешімімен бекітілді, онда 2 стратегиялық бағыт және 3 мақсат шеңберінде іске асыруға 8 міндет, сондай-ақ қызметтің 6 стратегиялық негізгі көрсеткіштері (ҚСНК) бойынша нәтижелерге қол жеткізу жоспарланған.

ҚазАгроҚаржы қызметінің негізгі құралы АӨК субъектілеріне лизингтік қызметтер көрсету болып табылады. Компания тұрақты негізде мақсаттар мен міндеттердің орындалуына мониторинг жүргізеді.

2024 жылдың қорытындысы бойынша Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың орындалуы бойынша есеп жүргізілді, ӨҮК мынадай көлемде орындалды:

ҚСНК		Өлш.бірл.	2024 жылғы көрсеткіштердің мәні		
			жоспар	факт	% орындалу
1 ҚСНК.	Ауыл шаруашылығы техникасы лизингінің көлемі (бір жыл ішінде)	млрд теңге	185	224,19	121,18
2 ҚСНК.	Бизнес-процестерді автоматтандыру	%	100	100	100,00
3 ҚСНК.	ROA	%	1,84	3,49	189,67
4 ҚСНК.	ҚазАгроҚаржы жалпы активтерінен несие портфелінің үлесі	%	87,13	86,58	99,37
5 ҚСНК.	NPL90+	%	9,29	7,15	129,93
6 ҚСНК.	Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен қаржыландырылған жобалар бойынша негізгі борышты өтеу	%	64	59,65	93,20
7 ҚСНК.	Корпоративтік басқару рейтингі	%	–	–	–

Компания қызметінің негізгі құралы АӨК субъектілеріне лизингтік қызметтер көрсету болып табылады. Бұл ретте

Компания тұрақты негізде қойылған мақсаттардың орындалуына мониторинг және талдау жүргізеді.

Компания қолжетімді және сапалы қызметтерді ұсыну арқылы қызметтің тиімділігін арттыруға үнемі ұмтылады. Осылайша, ҚСНК Компанияның тиімділігін бағалауға бағытталған және екі бағыт бойынша топтастырылған (бөлінген):

- техникалық және технологиялық жарақтандыру арқылы АӨК бәсекеге қабілеттілігін дамытуға жәрдемдесу;
- Компания қызметінің тиімділігі.

Стратегиялық бағыттарды іске асыру үшін Компания бірқатар міндеттер мен мақсаттар қойды, олардың әрқайсысының орындалуы Компанияның қызметіне оң әсер етеді.

1 стратегиялық бағыт

Техникалық және технологиялық жарақтандыру арқылы АӨК бәсекеге қабілеттілігін дамытуға жәрдемдесу.

«Ауыл шаруашылығындағы техникалық жарақтандыруды ұлғайту» мақсатын іске асыру шеңберінде Компанияның Даму стратегиясында мынадай стратегиялық ҚНК көзделген:

- **1 ҚСНК. Ауыл шаруашылығы техникасы лизингінің көлемі (бір жыл ішінде)**
  2024 жылы ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарының лизингі бойынша инвестициялар көлемі ұлғайды. Жылдық жоспарлы мәні 185 млрд теңге болған кезде инвестициялардың нақты көлемі 224,2 млрд теңгені құрады (кассалық әдіс бойынша) немесе орындалуы 121,18%-ды құрады. 2024 жылы 10 543 ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу қаржыландырылды;
- **2 ҚСНК. Бизнес-процестерді автоматтандыру**
  Басқарманың 2024 жылғы 29 қаңтардағы № 3 шешімімен ҚазАгроҚаржы бизнес-жүйелерін автоматтандырудың 2024 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілді. Жылдық жоспарлы мәні 48 іс-шара болған жағдайда, нақты орындалған жұмыс көлемі – 48 іс-шара немесе 100%-ды құрады.

2024 жылға арналған цифрландыру жоспары бойынша (Басқарманың 2024 жылғы 05 шілдедегі № 24 шешімі) 4 іс-шара жоспарланған, олар толық көлемде орындалды, бұл жоспардың 100%-ын құрайды.

2 стратегиялық бағыт

Компания қызметінің тиімділігі

«Компания қызметінің рентабельділігін арттыру» мақсатын іске асыру шеңберінде мынадай ҚСНК белгіленді:

- **3 ҚСНК. ROA**
  2024 жылы Даму стратегиясында жоспарлы жылдық мәні 1,84% болғанда, «ROA» ҚСНК 3,49%-ды құрады, орындалуы 189,67%-ды құрайды. ROA көрсеткіші компания қызметіне тартылған капиталды пайдалану тиімділігін көрсетеді.
- **4 ҚСНК. ҚазАгроҚаржы жалпы активтерінен кредиттік портфельдің үлесі**
  2024 жылға арналған жоспарда 87,13% болғанда орындалуы 86,58%-ды немесе жоспардың 99,37%-ын құрады.

Шамалы ауытқуға Компания активтерінің озық өсуі әсер етті, бұл несие портфелі үлесінің төмендеуіне әкелді. Активтер 23%-ға өсті, ал несие портфелі 22%-ға өсті.

- **5 ҚСНК. NPL90+**
  Npl90 + деңгейі 7,15% құрады, орындалуы 129,93%-ды құрады. Есептеу негізгі борыш сомасы бойынша жүргізіледі. NPL Компанияның несие портфелінің сапасын көрсетеді. Несие портфелінің сапасын арттыру мақсатында Компания ай сайын клиенттердің төлем тәртібінің орындалуын бақылауды қамтамасыз етті, мерзімі өткен берешекті өндіріп алу бойынша жұмыстар жүргізілді, сондай-ақ проблемалық жобаларды оңалту рәсімдері жүргізілді.

- **6 ҚСНК. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен қаржыландырылған жобалар бойынша негізгі борышты өтеу.**
  ҚР Ұлттық қорының (ҰҚ) қаражаты есебінен қаржыландырылған жобалар бойынша негізгі борышты өтеудің жылдық жоспары 64% болғанда орындалуы 59,65% немесе жоспардың 93,20%-ын құрады.

  Орындалмауы ҚР ҰҚ жобалар портфелінің 94,67% проблемалық қарыздар болып табылатындығына және берешекті өндіріп алу бойынша жұмыстарды жүргізуге неғұрлым ұзақ мерзімдер талап етілетіндігіне байланысты.

  «Үздік тәжірибеге сәйкес ҚазАгроҚаржыны корпоративтік дамыту» мақсатын іске асыру шеңберінде

- **7 ҚСНК. «Корпоративтік басқару рейтингі»**
  «Корпоративтік басқару рейтингі» ҚНСК бойынша 2024 жылға жоспарлы мән белгіленбеген.

  Компания есептік жылы корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін жетілдіруге, Компания қызметінің негізгі процестеріне орнықты даму қағидаттарын енгізуге және корпоративтік мәдениетті дамытуға бағытталған іс-шараларды өткізді (толық ақпарат Жылдық есептің тиісті бөлімдерінде ашылған).

КОМПАНИЯНЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫН ІСКЕ АСЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Компания белгіленген мақсаттар шеңберінде қойылған міндеттерді іске асыру бойынша барлық қажетті шараларды қабылдады.

Тұрақты жұмысының нәтижесінде Компания 2023 жылмен салыстырғанда 2024 жылы 8 641 мәміле (139,8%) жасай отырып, 10 543 бірлік техниканы (136,7%) лизингке берді.

АӨК саласындағы еңбек өнімділігі мен экспорттың өсу факторларының бірі жоғары технологиялық АШТ пайдалану, сондай-ақ аграрлық секторға инновациялық технологияларды енгізу болып табылады. Осыған байланысты, Компания техника лизингі бойынша инвестицияларды ұлғайту жолымен АӨК-нің техникалық жарақтандырылуын арттыру және жаңғырту бойынша жұмысты жалғастыруда. Компания 2024 жылы өткізген бизнес-процестерді оңтайландыру және автоматтандыру жөніндегі іс-шаралар тұтынушылық сұранысқа бағдарланған лизингтік қызметтерді жетілдіруге және дамытуға бағытталған, бұл өз кезегінде қазіргі клиенттердің адалдығын арттыруға және жаңа клиенттерді тартуға әсер етті және Компанияға клиенттердің жалпы санын көбейтіп қана қоймай, АШТ қаржыландыру жоспарын орындауға мүмкіндік берді.

Компания несие портфелінің сапасын жақсартуға ұмтылады. Осы мақсатта клиенттердің төлем тәртібін орындауы, NPL оңтайлы деңгейін қамтамасыз ету, мерзімі өткен берешекті өндіріп алу бойынша іс-шаралар жүргізіледі.

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

15 786 клиенттер
2024 жылы қаржыландырылған



63% ... Ағымдағы клиенттер
37% ... Жаңа клиенттер

1 634,0 млрд теңге
2000 жылдан 2024 жылға дейін АӨК-ке инвестицияланды



84% ... Бюджет тыс қаражаты
16% ... Мемлекеттік қаражат




ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

	2023 жыл	2024 жыл	Динамика
Қаржыландыру көлемі	178,8 млрд теңге	224,2 млрд теңге	25,4% ↑
Техника саны	7 710 единиц	10 543 бірлік	36,7% ↑
Оның ішінде KZ техникасы	4 142 единиц	7 802 единиц	88,4% ↑
Несие портфелі	477,9 млрд теңге	609,1 млрд теңге	27,4% ↑
NPL 90+	8,13%	7,15%	12,1% ↓
Провизиялар	10,85%	12,27%	13,1% ↑
Клиенттер саны	13 234 АШТӨ	15 786 АШТӨ	19,3% ↑


2009 жылдан 2016 жылға дейін ҚазАгроҚаржы инвестициялық жобаларды, оның ішінде ҚР ҰҚ қаражаты есебінен іске асырылатын жобаларды қаржыландыру жөніндегі оператор болды. 2017 жылдан бастап Компания өз қызметін тек АШТ лизингіне шоғырландырады.

Инвестиция көлемі, млрд теңге



2000 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде Компания АӨК-ке шамамен 1 634,0 млрд теңге инвестициялады, оның ішінде техника лизингі мен қарыздарды ескере отырып, бұрын қаржыландырылған инвестициялық жобалар бойынша.

Компанияның сандық көрсеткіштерінің динамикасы, бірл.



Дереккөз: Компания деректері


2024 жылғы динамика 2023 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда техника санының және жасалған қаржыландыру шарттарының ұлғайғанын көрсетеді, сондай-ақ Компанияның қызмет көрсетілетін клиенттері санының жыл сайынғы өсуі сақталады. Бұл факт техникаға деген сұраныстың артып келе жатқанын байқатты.

ҚазАгроҚаржы қызметі кезеңінде 2000 жылғы 1 қаңтардан 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін жалпы сомасы 1 433,2 млрд теңгеге 87 мыңнан астам АШТ бірлігін сатып алу қаржыландырылды.

Техника атауы	2022		2023		2024		Жиыны 2022–2024 жж.	
	саны	сомасы, млн теңге	саны	сомасы, млн теңге	саны	сомасы, млн теңге	саны	сомасы, млн теңге
Егіс кешендері	190	8 547	191	8 016	135	10 154	2303	95 030
Тракторлар	2 896	65 308	2 846	63 690	4 729	87 654	29326	419 821
Комбайндар	507	57 375	512	55 945	924	88 257	13954	532 378
Сепкіштер	284	9 339	172	6 478	273	5 504	3928	52 129
Басқа техника	2929	32 267	3 989	43 858	4 482	36 977	37168	274 976
Жабдық							604	58 897
Жиыны	**6 806**	**172 836**	**7 710**	**177 989**	**10 543**	**228 546**	**87 283**	**1 433 231**

2024 жылдың қорытындысы бойынша Компанияның портфеліндегі белсенді клиенттер 15 786 ауыл шаруашылығы құрылымын құрады, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 19,3%-ға (13 234 АШӨТ) артық. 15 742 клиенттің шағын және орта бизнесі басым үлеске ие, бұл шамамен 99,7%.

бизнес көлемі бойынша клиенттер саны, бірл.



Дереккөз: Компания деректері



Қаржыландыру бағдарламалары бойынша лизинг құрылымы

Бағдарлама	Шарттар саны	Техника саны, бірл.	Техника құны, млн теңге
Нарық шарттарымен лизинг	2 683	3 450	66 999
Жеңілдетілген лизинг (5%)	3 546	4 320	120 061
Жеңілдетілген лизинг (6%)	257	290	16 762
Қазақстанда жасалған	277	336	10 518
Жасыл-Өнім	161	176	2 756
Өз жемшөбіміз	1 717	1 971	11 450
Жиыны	**8 641**	**10 543**	**228 546**

Дереккөз: Компания деректері

2024 жылы ең көп сұранысқа ие бағдарламалар «Жеңілдетілген лизинг» және «Нарық шарттарымен лизинг» болды.

«Жеңілдетілген лизинг» бағдарламасының басты артықшылығы – сыйақының жеңілдікті мөлшерлемесі – жылдық 5%. Лизинг алушының бірінші лизингтік төлемді (лизинг нысанасы құнының кемінде 10%) лизинг нысанасы берілгеннен кейін 2025 жылғы 1 желтоқсаннан кешіктірілмейтін мерзімде төлеуіне рұқсат етіледі. Қаржыландырудың ең ұзақ мерзімі – 7 жылдан аспайды.

«Нарықтық лизинг» бағдарламасының артықшылықтарына ауылшаруашылық техникасы мен өнім берушілердің үлкен таңдауы жатады. Бағдарлама сондай-ақ қаржыландырудың ұзақ мерзімін (10 жылға дейін) және лизинг нысанасы құнының 15%-ын қаржыландыру алынған жылдың 10 қарашасына дейін кейінге қалдыруды көздейді.

ҚҰРЫЛЫМЫ

2024 ЖЫЛЫ ӨҢІРЛЕР БОЙЫНША ПОРТФОЛИОДАҒЫ КЛИЕНТТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Компанияның, Түркістан, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қостанай, Павлодар, Жетісу және Абай облыстары клиенттерінің өңірлік картасында мыңнан астам клиент бар.



Дереккөз: Компания деректері

ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР

НЕГІЗГІ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

млн теңге	2024	2023
Активтер		
Ақша қаражаты және оның баламалары	**53 631**	43 801
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	**2 434**	-
Клиенттерге кредит	**7 557**	8 111
Қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек	**550 252**	448 424
Қорлар	**2 985**	3 043
Негізгі құралдар	**862**	872
Басқа активтер	**26 526**	19 053
Активтер жиыны	**644 247**	523 303
Міндеттемелер		
Акционер алдындағы берешек	**12 949**	17 641
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек	**13 368**	12 424
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	**16 184**	34 081
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	**343 171**	210 268
Мемлекеттік субсидиялар	**50 355**	43 518
Басқа міндеттемелер	**15 556**	19 802
Міндеттемелердің жиынтығы	**451 583**	337 734
Меншікті капитал	**192 664**	185 569
ROA	**3,49**	3,79
ROE	**10,76**	11,05
Бір жай акцияның баланстық құны (теңгемен)	**1 869,98**	**1 800,48**

млрд теңге	2024	2023	2024 жыл 2023 жылға, %
Кіріс, барлығы	**91,25**	**72,70**	**125,52%**
соның ішінде			
Сыйақылар түріндегі кірістер	90,62	72,24	125,44%
Шығыстар, барлығы	**72,63**	**53,77**	**135,08%**
соның ішінде:			
Сыйақылар бойынша шығыстар	40,45	34,50	117,25%
Резервтер құру бойынша шығыстар	22,74	12,08	188,32%
КТС	**- 1,72**	**0,0**	**-**
Таза кіріс	**20,3**	**18,9**	**107,49%**

ҚазАгроҚаржы ауыл шаруашылығы секторындағы табысты операциялық қызметті, қаржылық тұрақтылықты және Компанияның орнықты дамуын көрсететін оң қаржы көрсеткіштерін көрсетуді жалғастыруда.

ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАРЫ

1. **Капиталдандырудың жоғары деңгейі.** Баланс құрылымындағы меншікті капиталдың үлесі Компания активтерінің 29,9%-ын құрайды, бұл Жалғыз акционердің қолдауын, Компанияның пайдалы қызметін және әртүрлі қаржылық тәуекелдерді сіңіру қабілетінің жоғары екендігін көрсетеді. 2024 жылы Компания 20,3 млрд теңге көлемінде таза пайда тапты.

2. **Өтімділіктің қолайлы деңгейі.** Компания несие портфелінің тұрақты өсуін қамтамасыз ету, кредиторлар алдындағы міндеттемелердің тиісінше орындау үшін өтімді қаражаттың жеткілікті деңгейін ұстап тұрады. 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай активтердегі өтімді активтердің үлесі 8,7%-ды құрады.

3. **Жоғары кредит рейтингі.** 2024 жылғы 18 қыркүйекте Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі ҚазАгроҚаржының шетелдік және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді эмитентінің дефолт рейтингтерін («РДЭ») «BBB-» деңгейінде растады. Рейтингтер бойынша болжам – «Тұрақты». Рейтингтерді растау агенттіктің ҚазАгроҚаржы мемлекетпен тығыз байланыстарға және компанияның Қазақстандағы ауыл шаруашылығы өндірушілеріне лизингтік қызметтердің негізгі жеткізушісі ретіндегі рөліне қатысты пікірінің өзгермегенін білдіреді.

4. **Қаржылық тәуекелдерді тиімді басқару.** Компанияда кредит, валюта, баға тәуекелдерін және өтімділік тәуекелдерін уақтылы анықтауға, сенімді бағалауға және азайтуға мүмкіндік беретін тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесі құрылған.

5. **Пруденциалдық нормативтерді сақтау.** Компания Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 308 қаулысымен бекітілген пруденциялық нормативтерді және ипотекалық ұйымдар мен агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары сақтауға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді сақтайды. Барлық коэффициенттер бойынша айтарлықтай босалқы қорлар бар. Компания белгіленген нормативтерді бұзуға жол бермеу бойынша үнемі жұмыс жүргізеді.

6. **Рентабельділік.** Компания 2024 жылы 20,3 млрд теңге мөлшерінде таза пайда алды. Тиісінше капиталдың рентабельділігі 2024 жылы 10,76%-ды құрады, 2024 жылы активтердің рентабельділігі 3,49%-ды құрады.

КІРІСТІ БОЛЖАУ

Компанияның негізгі кіріс көзі негізгі қызмет нәтижелері бойынша сыйақы ретінде алынатын кіріс болып табылады. 2025 жылы кіріс 90,3 млрд теңге мөлшерінде болжануда, оның ішінде:

- **уақытша бос ақша қаражатын орналастырудан – 2,5 млрд теңге;**
- **берілген кредиттер және қаржылық жалдау бойынша – 87,8 млрд теңге.**

ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

ҚазАгроҚаржы лизинг нарығында жетекші қаржы ұйымы болып табылады. 2024 жылы елдегі сатып алынған техника саны бойынша ҚазАгроҚаржының үлесі 47,6%-ды құрады, бұл Компания клиенттері тарапынан жоғары сенімді білдіреді.

Компания қызметінің басымдығы Компания клиенттерінің отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерінің мүдделері болып табылады. Ол үшін Компания көрсетілетін қызметтерді үнемі жетілдіру және оларды ұсыну сапасын арттыру бойынша жоспарлы жұмыс жүргізеді.

АШТ лизингін қаржыландыру көлемі ұзақ мерзімді кезеңдегі Компания қызметінің негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

Қаржылық тұрақтылық пен қаражатты тиімді тартудың арқасында Компания техникаға әлі де жоғары сұранысты қамтамасыз ету мақсатында ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін жоғары өнімді заманауи техниканы сатып алу бойынша инвестициялар көлемін жыл сайын ұлғайтуды жалғастырады.

Бұған Қаржы лизингі туралы заңда, ҚР агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасында, ҚР машина жасау саласын дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған кешенді жоспарында, Агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларында, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техника мен технологиялық жабдықтарды сатып алуға лизингте көзделген мемлекеттік қолдау шаралары да ықпал ететін болады.

Техника лизингі бойынша инвестициялар көлемін жыл сайын ұлғайтуды қамтамасыз ету мақсатында әртүрлі қаржыландыру көздерінен қосымша қаражат тарту бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілетін болады.

ҚазАгроҚаржы инвесторлармен ынтымақтастықты дамыту, қарыз алудың жаңа құралдарын пайдалану, қаржыландыру көздерін әртараптандыру, сондай-ақ компанияның мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін қажетті көлемде қорландыру арқылы жүзеге асырылатын инвестицияларды тарту бойынша белсенді жұмысты жалғастырады.

ҚазАгроҚаржы қолжетімді және сапалы қызметтер көрсету, оның ішінде ақпараттық процестерді автоматтандыру негізінде тиімді қызмет пен рейтингті ұлғайтуға ұдайы ұмтылуда.

Клиенттерді барынша қанағаттандыру мақсатында Компания клиенттік топтардың сегментациясына және олардың қажеттіліктеріне қарай өнім желісін дамытуды жалғастырады.

Көрсетілетін қызметтердің сапасын үнемі арттыру компанияның тұрақты дамуы үшін маңызды шарттардың бірі болып табылады. Компания үшін сапалы қызметтің негізгі сипаттамалары: менеджерлердің консультациялық жұмысының жоғары деңгейі, клиенттерге және оның тілектеріне құрметпен және мұқият қарау, қызметті алудың ең жылдам мерзімі, қызмет көрсетудің кез келген кезеңдерінде олқылықтар мен кемшіліктердің болмауы.

ҚазАгроҚаржы клиентке бағдарланған саясатты іске асыру жөніндегі жұмысты жалғастырады, оның шеңберінде клиенттерге қызмет көрсету сапасын жақсарту үшін фронт-офис жұмыскерлерін оқыту тұрақты негізде жүргізіледі, консультациялар мен қызметтер көрсету сапасына бақылау жүргізіледі. Клиентке бағытталған стандарттарды енгізудің басты мақсаты – өз клиенттерінің күткенінен асып түсуге және оларға агробизнесте табысқа жетуге көмектесуге ұмтылу.

Клиентке бағдарланған стандарттарды жетілдіру процесінде Компания қаржылық қызметтер көрсету кезінде халықаралық тәжірибені, сондай-ақ сапаны бағалау бойынша клиенттерден кері байланыс алудың заманауи тәсілдерін қолданатын болады.

Капитал мен активтерді тиімді басқарудың негізгі көрсеткіші қаржы қаражатын сапалы тарту, резервтер/провизиялардың оңтайлы деңгейін ұстап тұру, еркін өтімділік пен қаржылық міндеттемелерді тиімді басқару, сондай-ақ әкімшілік шығыстардың оңтайлы мөлшерін ұстап тұру салдарынан Компанияның оң қаржылық нәтижесі болып табылады.

Провизиялардың оңтайлы деңгейіне проблемалық портфельмен тұрақты жұмыс істеу және қазіргі кездегі клиенттердің міндеттемелерді өтеуі бойынша мониторингті күшейту арқылы қолжеткізіледі.

Компания өтімділігі жоғары активтердің кірістілігін ұлғайту және қаржылық тәуекелдерді азайту жолымен өтімділікті басқару тиімділігін арттыру, сондай-ақ қазынашылық операцияларды жүзеге асыру кезінде операциялық тәуекелдерді азайту жөніндегі жұмысты жалғастырады.

Қаржылық тиімділікті арттыру және ақша қаражатын тиімді тартуды қамтамасыз ету мақсатында Компания несие портфелінің сапасын арттыру бойынша үздіксіз және ұзақ мерзімді жұмыс жүргізуді жалғастырады.

Несие портфелінің сапасын арттыру, меншікті капитал мен активтерді пайдалану тиімділігін арттыру арқылы компания қызметін жетілдіру жөніндегі шараларды іске асыру Компания қызметінің кірістілігі мен инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз етеді.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру және ұйымдастыру компанияға тәуекелдерге тез жауап беруге, Компанияның негізгі және қосалқы бизнес-процестерін, күнделікті операцияларын бақылауды жүзеге асыруға қабілетті жүйені құру арқылы стратегиялық және операциялық мақсаттарға тиімді қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Компанияның маңызды мақсаты корпоративтік басқару жүйесін, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін дамыту, сондай-ақ адам ресурстарын дамыту болып табылатын корпоративтік даму болып қала береді.

Директорлар кеңестерінің, оның комитеттерінің қызметін жыл сайынғы бағалау жүйесін дамыту, кейіннен қажетті түзету шараларын қабылдау жалғасады. Тұрақты негізде корпоративтік басқару деңгейін тиісті рейтингтер бере отырып, заңнаманың, ішкі құжаттардың және корпоративтік басқарудың халықаралық практикасының талаптарына сәйкестігіне бағалау жүргізілетін болады. Алынған нәтижелер негізінде корпоративтік басқаруды одан әрі жетілдіру және қажетті шараларды қабылдау жөніндегі негізгі салалар айқындалады.

Компанияның бизнесті басқару тиімділігін қолдау, корпоративтік тәуекел-мәдениетті дамыту үшін тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмыс одан әрі жүзеге асырылады.

Компанияда тәуекел-менеджмент жөніндегі бөлімшенің ұйымдастырушылық және талдамалық функцияларын күшейту, сондай-ақ құрылымдық бөлімшелердің процестері, функционалы мен құзыреттері шеңберінде тәуекелдерді басқару үшін рөлі мен жауапкершілігін арттыру арқылы қызметтің барлық бағыттарында тәуекел-менеджменттің рөлін күшейту бойынша жұмыс жүргізіледі.

Компания қаржылық және қаржылық емес көрсеткіштердің тұтастығына кепілдік алуға, Компанияның мақсаттарына қол жеткізуге, сондай-ақ қызметтің барлық аспектілерінде саясаттар мен рәсімдерді іске асыруға ықпал ететін ішкі бақылау жүйесін құру жөніндегі жұмысты жалғастырады.

Компанияның орнықты даму қағидаттарын енгізу жөніндегі міндеттері даму перспективасындағы негізгі міндеттердің бірі болып қала береді.

Адам ресурстарының әлеуетін арттыру, нәтижеге бағдарланған корпоративтік мәдениетті дамыту да компанияның негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Тиімді кадр саясатын жүзеге асыру Компанияға тиімділіктің дамуы мен өсуіне елеулі үлес қосуға қабілетті кадрлардың жоғары білікті құрамын ұстап қалуға және тартуға, сондай-ақ адам ресурстарына инвестициялардан барынша ықтимал пайда алуға мүмкіндік береді.

Стратегиялық міндеттерді ескере отырып, Компания орта мерзімді перспективада өтінімдерді қабылдау мен қадағалаудың электрондық жүйесіне толығымен ауысады. Аталған жүйе клиенттерге қаржыландыруға онлайн-өтінім беруге мүмкіндік береді, бұл Компания қызметтерінің клиенттер үшін қолжетімділігін арттыруды және өтінімнің тіркеуден бастап ол бойынша шешім қабылдауға дейінгі мәртебесін бақылауға мүмкіндік береді.

Автоматтандыру жүйелерінің заманауи үрдістері мен қарқынды дамуын назарға ала отырып, Компания 2023 жылы бірқатар модульдерді техникалық автоматтандыруға бейімділікпен ҚазАгроҚаржы дамуының 2024-2033 жылдарға арналған стратегиясын әзірледі:

- АӨК субъектілері үшін мобильді қосымша және жеке кабинет құру;
- автоматтандырылған режимде лизингтік қызметтердің толық спектрін ұсыну;
- қаржыландыру шарттарын қарау, шешім қабылдау және қол қою процестерін автоматтандыру;
- мемлекеттік деректер базасымен интеграция;
- клиенттердің қажеттіліктерін болжау үшін талдамалық платформа құру.

Бұл іс-шаралар автоматтандыру мен цифрлық трансформацияны дамыту бөлігінде Мемлекет басшысының тапсырмаларына тікелей сәйкес келеді.

Жоғарыда аталған міндеттерді іске асыру еңбек шығындарын қысқартып қана қоймай, компанияның қолданыстағы клиенттерінің қанағаттанушылығын арттыру және жаңа клиенттерін тарту үшін тұтынушылық сұранысқа бағдарлана отырып, қызметтерді жетілдіру мен дамытуға жәрдемдесуге мүмкіндік береді.

Концептуалды жаңа қағидаттарды, тәсілдер мен рәсімдерді, сондай-ақ қызмет көрсетудің ашық және түсінікті тетіктерін енгізу сыртқы және ішкі мақсатты аудитория тарапынан сенім деңгейіне оң әсер етеді және Компанияның рентабельділігіне, акцияларының құндылығына және имиджіне әсер етеді.

Осы іс-шаралар жиынтығында Компанияға АӨК лизингі нарығындағы позициясын сақтауға мүмкіндік береді.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

083 Менеджменттің ұйымдық құрылымы
084 Корпоративтік басқару рейтингі
085 Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есеп
086 Бағалы қағаздар және қатысушылар құрамы туралы мәліметтер
087 Жалғыз акционердің 2024 жылғы негізгі шешімдері
088 Директорлар кеңесі
089 Директорлар кеңесі құрамындағы 2024 жылғы өзгерістер
090 Директорлар кеңесінің құрамы
096 Директорлар кеңесінің қызметі
098 Директорлар кеңесінің комитеттері
102 Іріктеу және тағайындау
104 Директорлар кеңесі мүшелерінің кәсіби салалардағы құзыреттері
104 Тәуелсіздік
106 Директорлар кеңесінің қызметін бағалау
107 Директорлар кеңесі мүшелерін оқыту және кәсіби дамыту
109 Мүдделер қақтығысын басқару
109 Мәселелер туралы хабардар ету
109 Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы
110 Атқарушы орган
119 Ұйымдық құрылымы
122 Мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер туралы 2024 жылғы есеп
122 Басқарма мүшелеріне сыйақы беру
123 Акционерлік капитал құрылымы
124 Дивидендтер
125 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
129 Корпоративтік әдеп
131 Ішкі бақылау жүйесі
134 Ішкі аудит қызметі
135 Сыртқы аудит

Компания корпоративтік басқаруды қызметтің тиімділігін арттыру, транспаренттілік пен есептілікті қамтамасыз ету, оның беделін нығайту және олардың капитал тарту шығындарын азайту құралы ретінде қарастырады.

Компанияның корпоративтік басқаруы әділеттілік, адалдық, жауапкершілік, ашықтық, кәсібилік және құзыреттілік негізінде құрылады.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ КОМПОНЕНТТЕРІ:

1 АДАЛДЫҚ

Компания Жалғыз акционердің құқықтарын қорғайды және оның құқықтарының бұзылуы анықталған жағдайда пәрменді шаралар қабылдайды

2 ЕСЕПТІЛІК

Компания атқарушы органының Директорлар кеңесіне есептілігін және Директорлар кеңесінің Жалғыз акционерге есептілігін қамтамасыз етеді

3 ЖАУАПКЕРШІЛІК

Компания Жалғыз акционердің заңды құқықтарын тануды қамтамасыз етеді, компания мен жалғыз акционер арасындағы компанияның қаржылық саулығы мен тұрақтылығы мәселелерінде ынтымақтастықты көтермелейді


4 АШЫҚТЫҚ

Компания мүдделі тұлғалардың шешімдеріне әсер етуі мүмкін барлық маңызды мәселелер бойынша ақпараттың уақтылы және дұрыс ашылуын қамтамасыз етеді

Компанияда корпоративтік басқарудың жолға қойылған жүйесі қалыптасып, жұмыс істейді, компания мен оның органдарының қызметін реттейтін қажетті ішкі нормативтік құжаттар әзірленіп, бекітілді, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару саласында бағалауды жүзеге асыратын ішкі аудит қызметі тиімді жұмыс істейді. Компаниядағы басқару процестері мен процедуралары заңнаманың, ішкі нормативтік құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету және көреген және жауапты шешімдер қабылдау үшін оңтайлы жағдайлар жасау үшін құрылымдалған.

ҚазАгроҚаржы жоғары органы – Жалғыз акционер, басқару органы – Директорлар кеңесі, атқарушы орган – Басқарма.

МЕНЕДЖМЕНТТІҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ



Компанияның Директорлар кеңесі жанынан комитеттер құрылды, олардың құзыретіне аудит, тәуекелдер, стратегиялық жоспарлау, корпоративтік даму, кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер бойынша мәселелерді қарау кіреді. Компания қызметінің жекелеген бағыттары бойынша басқару үшін ұсынымдық сипаттағы шешімдерді дайындау үшін, оның ішінде Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелерді дайындауды және алдын ала қарауды жүзеге асыру үшін Басқарма жанынан комитеттер құрылды.

Жалғыз акционермен өзара іс-қимыл Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жалғыз акционердің айрықша құзыреті бекітілген ҚазАгроҚаржы жарғысына және Компанияның корпоративтік басқару кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ РЕЙТИНГІ

Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру және ашықтық деңгейін арттыру корпоративтік басқарудың озық тәжірибесіне сәйкес корпоративтік даму жөніндегі мақсатқа қол жеткізудегі ҚазАгроҚаржы негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Корпоративтік басқару жүйесінің сапалы мониторингі мақсатында корпоративтік басқару рейтингі Компанияның Даму стратегиясы қызметінің негізгі көрсеткіштерінің бірі ретінде енгізілген. Корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін ішкі бағалауды Компанияның ішкі аудит қызметі Компанияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес екі жылда кемінде бір рет жүргізеді.

Корпоративтік басқару мен шешім қабылдау жүйесін ұдайы жетілдіру Компанияның нәтижелілігі мен тиімділігін қамтамасыз ететін дамуының маңызды стратегиялық бағыты болып табылады. ҚазАгроҚаржы корпоративтік басқару жүйесін одан әрі дамыту мақсатында Компанияның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 15 наурыздағы № 3 шешімімен ҚазАгроҚаржы корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі 2024-2026 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді. Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы есепті жыл сайын Компанияның Директорлар кеңесі қарайды.

Сондай-ақ Директорлар кеңесінің шешімімен Компанияның Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің 2024 жылғы қызметін бағалау нәтижелері бекітілді. Жалпы жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің жұмысы оң бағаланады және тиімді деп танылады.

Компания менеджмент жүйесін корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесі стандарттарына келтіру арқылы корпоративтік басқару деңгейін арттыру бойынша жұмысты жалғастыруда.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ

МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ САҚТАЛУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Компания өз қызметінде Компанияның табысты қызметі, оның ішінде оның құндылығын арттыру, қаржылық тұрақтылық пен табыстылықты қолдау үшін барлық мүдделі тараптардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді көздейтін корпоративтік басқару кодексін басшылыққа алады.

Корпоративтік басқару кодексінің негізгі қағидаттары:

1. өкілеттіктердің аражігін ажырату қағидаты;
2. Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;
3. Компанияны Директорлар кеңесі мен Басқармасын тиімді басқару қағидаты;
4. тұрақты даму қағидаты;
5. тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит қағидаты;
6. корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу қағидаты;
7. Компанияның қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі қағидаттары.

Компания жыл сайын Директорлар кеңесінің отырысында қаралатын корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің орындалуы бойынша есеп дайындайды. ҚазАгроҚаржы корпоративтік басқару кодексінің 2024 жылғы қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есеп кеңестің 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 3 шешімімен бекітілген.

Компанияның 2024 жылғы корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтауын талдау ҚазАгроҚаржы ішінара сақталатын 1 ережеден басқа, корпоративтік басқару кодексінің барлық қағидаттары мен ережелерін сақталатынын көрсетті.

ҚазАгроҚаржы корпоративтік басқару кодексінің 2024 жылғы қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы Есептің қысқаша нұсқасы жылдық Есепке қосымшада келтірілген (толық нұсқасы Компанияның корпоративтік интернет-ресурсында орналастырылған www.kaf.kz).

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ЖӘНЕ ҚАТЫСУШЫЛАР

ҚҰРАМЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Директорлар кеңесі «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның Жалғыз акционері ретінде «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ның «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ акцияларын басымдықпен сатып алу құқығын іске асыру арқылы «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ға тиесілі ҚазАгроҚаржы жай акцияларының 100%-ын «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның орналастырылатын жай акцияларына ақы төлеумен иеліктен шығару туралы 2022 жылғы 15 шілдедегі № 05/22 шешімін қабылдады.

Орналастырылған акцияларға ақы төлеу 2022 жылғы 25 шілдеде «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ға тиесілі ҚазАгроҚаржы жай акцияларының 100%-ын беру арқылы жүргізілді.

Компанияның жарияланған және орналастырылған жай акцияларының саны 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жай акциялардың 102 837 204 данасын құрайды, Компанияның жай акциялары санының өзгеруіне Директорлар кеңесінің «ҚазАгроҚаржы жарияланған акцияларының санын ұлғайту туралы» 2023 жылғы 2 мамырдағы №4 шешімін қабылдауы себеп болды.

Компанияның дивидендтік саясаты туралы ереже ҚазАгроҚаржы басқармасына қатысуға байланысты Жалғыз акционердің құқықтарын, оның ішінде дивидендтер алу және таза табысты бөлуге қатысу құқықтарын реглементтейді. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 24 мамырдағы № 8, 2024 жылғы 18 маусымдағы шешімін орындау үшін «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ пайдасына 2023 жылға 13,2 млрд теңге мөлшерінде дивидендтер төлеу жүзеге асырылды, бұл Компанияның таза табысының 70%-ын құрайды.



ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ 2024 ЖЫЛҒЫ

НЕГІЗГІ ШЕШІМДЕРІ

Жылдық қаржылық есептілікті бекіту.

ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау және тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау.

2024-2026 жылдардағы ҚазАгроҚаржы қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау.

ҚазАгроҚаржы Жарғысына өзгерістер енгізу.

ҚазАгроҚаржы жылдық есебін бекіту.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі – заңнамамен және (немесе) Компания жарғысымен Жалғыз акционер мен Басқарманың айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Компания қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын басқарушы орган.

Директорлар кеңесі өз функцияларын Компания жарғысына сәйкес жүзеге асырады және келесі мәселелерге ерекше назар аударады:

- Компанияның даму стратегиясын анықтау (бағыттары мен нәтижелері);
- Даму жоспарын құру және мониторингтеу;
- тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыру және қадағалау;
- Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберінде негізгі стратегиялық жобалардың тиімді іске асырылуын бекіту және мониторингтеу;
- Басқарма қызметін сайлау, сыйақы, сабақтастықты жоспарлау және қадағалау;
- Компанияда Корпоративтік басқару кодексін және іскерлік этика туралы ішкі құжаттарды сақтау.

Директорлар кеңесінің құрамы, оның ішінде мүшелерінің біліктілігі, олардың тәжірибесі, білімі және іскерлік қасиеттері бойынша теңдестірілген болып табылады және Жалғыз акционердің сеніміне ие.

Директорлар кеңесінің мүшелері ауыл шаруашылығы, экономика және бизнесті басқару, сондай-ақ құқықтану салаларында мінсіз іскерлік беделге, білімге, дағдыларға және тәжірибеге ие.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамына 6 адам кірді, оның ішінде Директорлар кеңесінің 2 мүшесі – тәуелсіз директорлар.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ өкілі Нұрболат Серғалиұлы Айдапкелов ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесінің төрағасы болып саналады.

Ұсынылған Директорлар кеңесі құрамының өкілеттік мерзімі 2027 жылғы 01 қазанда аяқталады.

2024 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамы	Директорлар кеңесінің құрамына сайлау туралы шешімнің күні мен нөмірі
Айдапкелов Нұрболат Серғалиұлы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, Басқарма төрағасының бірінші орынбасары	Жалғыз акционердің 2024 жылғы 01 қазандағы № 17 шешімі
Көшкімбаев Нияз Жеңісұлы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарушы директоры	Жалғыз акционердің 2024 жылғы 01 қазандағы № 17 шешімі
Сапулатов Қайрат Қайыртарұйлы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрағасының орынбасары	Жалғыз акционердің 2024 жылғы 01 қазандағы № 17 шешімі
Доренвендт Томас Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор	Жалғыз акционердің 2024 жылғы 01 қазандағы № 17 шешімі
Абдусаламов Рустам Абдусаламович Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор	Жалғыз акционердің 2024 жылғы 01 қазандағы № 17 шешімі
Прашев Айдар Гилимович Директорлар кеңесінің мүшесі – ҚазАгроҚаржы басқармасының төрағасы	Жалғыз акционердің 2024 жылғы 01 қазандағы № 17 шешімі

Директорлар кеңесінің жас бойынша құрылымы, %



100% . 40 жастан астам
0% ... 40 жасқа дейін

Директорлар кеңесінің гендерлік құрылымы, %




100% . Ерлер
0% ... Әйелдер

Компанияның директорлар кеңесінде жұмыс істеу мерзімі, %



66,7% . Бес жылға дейін
33,3% . 1 жылға дейін

Директорлар кеңесінің құрылымы санаты бойынша, %



33% ... «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ өкілі
33% ... Тәуелсіз директорлар
17% ... Атқарушы орган өкілі
17% ... Акционердік өкілі

Директорлар кеңесі құрамындағы 2024 жылғы өзгерістер

- 2024 жылғы 16 тамызда Жалғыз акционердің 2021 жылғы 16 маусымдағы № 30/21 (2024 жылғы 20 маусымдағы №10 өзгерістермен) шешімімен айқындалған Компанияның Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталды.

- Жалғыз акционердің 2024 жылғы 01 қазандағы № 17 шешімімен Компанияның Директорлар кеңесінің сандық құрамы, өкілеттік мерзімі айқындалды. ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесінің мүшелері сайланды және тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу мөлшері мен шарттары айқындалды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ



АЙДАПКЕЛОВ НҰРБОЛАТ СЕРҒАЛИҰЛЫ

Дректорлар кеңесінің төрағасы – «Бәйтерек» ҰХБ» АҚ өкілі

1979 жылы 22 шілдеде туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

- Қазақ мемлекеттік басқару академиясы «Бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығы бойынша.
- Қазақ гуманитарлық-заң университеті заңтану мамандығы бойынша «заңгер» біліктілігі берілді (ҚР).

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

- **2022 жылдан бастап –** «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары.
- **2020-2022 жылдары –** Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросының басшысы
- **2016-2020 жылдары –** ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің төрағасы.

Атқаратын басқа лауазымдары:

- «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқарма төрағасының бірінші орынбасары.
- «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.
- «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

ҚазАгроҚаржы акциялары (қатысу үлестері), үлестес компаниялары жоқ, сондай-ақ ҚазАгроҚаржы өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.



КӨШКІМБАЕВ НИЯЗ ЖЕҢІСҰЛЫ

Директорлар кеңесінің мүшесі – «Бәйтерек» ҰХБ» АҚ өкілі

1979 жылы 5 қыркүйекте туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

- Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті «Электрмен жабдықтау және электрлендіру» мамандығы бойынша.
- Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті «Экономика (әлеуметтік салада және баасқа да салаларда)» мамандығы бойынша.

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

- **02.2005 – 03.2009 ж. –** мемлекеттік құрылымдар мен квазимемлекеттік сектордағы жұмыс.
- **10.2009–11.2010 ж. –** Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының кеңесшісі, кеңесшінің м. а.
- **11.2010–10.2014 ж. –** Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі директорының орынбасары, Қаржы және құжаттамалық қамтамасыз ету департаментінің директоры.
- **11.2017–10.2020 ж. –** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының орынбасары.
- **10.2020 – 06.2022 ж. –** Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросы басшысының орынбасары.
- **06.2022 ж. – қ.д. –** «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарушы директоры.

Атқаратын басқа лауазымдары:

- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарушы директоры. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

ҚазАгроҚаржы акциялары (қатысу үлестері), үлестес компаниялары жоқ, сондай-ақ ҚазАгроҚаржы өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ



САПУЛАТОВ ҚАЙРАТ ҚАЙЫРТАРҰЙЛЫ

Директорлар кеңесінің мүшесі – ҚазАгроҚаржы Жалғыз акционерінің өкілі

1984 жылы 12 тамызда туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

- М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ. «Қаржы және несие» мамандығы бойынша (үздік диплом).

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

- **2009-2018 жылдары –** «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ құрылымында әртүрлі басшылық лауазымдарда жұмыс істеді.
- **2018-2019 жылдары –** «ҚазАгроӨнім» АҚ Басқарма төрағасы.
- **2019-2020 жылдары –** «Қазақстандық мемлекеттік-жекешелік әріптестік орталығы» АҚ атқарушы директоры.
- **2020-2021 жылдары –** «Қазақстандық мемлекеттік-жекешелік әріптестік орталығы» АҚ басқарушы директоры – Басқарма мүшесі.
- **Қазіргі уақытта** «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі қызметін атқарады.

Атқаратын басқа лауазымдары:

- «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі.

ҚазАгроҚаржы акциялары (қатысу үлестері), үлестес компаниялары жоқ, сондай-ақ ҚазАгроҚаржы өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.



ПРАШЕВ АЙДАР ГИЛИМОВИЧ

Директорлар кеңесінің мүшесі – ҚазАгроҚаржы басқармасының төрағасы

1983 жылы 29 қыркүйекте туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

- Алматы қаласының экономика және статистика академиясы «персоналды басқару, экономист» мамандығы бойынша.
- Ақтөбе өңірлік Қ. Жұбанов атындағы мемлекеттік университеті «менеджмент, экономика және бизнес магистрі» мамандығы бойынша.

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:


- **01.2006-02.2007 ж. –** «ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша кедендік бақылау департаменті» ММ Кедендік бақылау инспекторы.
- **02.2007 - 12.2008 ж. –** «Қазкоммерцбанк» АҚ банк жүйесінде жұмыс істеді.
- **2009-2019 жылдары –** ҚазАгроҚаржы филиалдарында Атырау, Ақтөбе және Қостанай облыстары бойынша филиал директоры лауазымдарында жұмыс істеді.
- **12.2020 – 06.2021 ж. –** ҚазАгроҚаржы басқармасының Басқарушы директоры – мүшесі.
- **06.2021 ж. – қ.д. –** ҚазАгроҚаржы Басқармасының төрағасы.

Атқаратын басқа лауазымдары:

- ҚазАгроҚаржы Басқармасының төрағасы.

ҚазАгроҚаржы акциялары (қатысу үлестері), үлестес компаниялары жоқ, сондай-ақ ҚазАгроҚаржы өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ



АБДУСАЛАМОВ РУСТАМ АБДУСАЛАМОВИЧ

Директорлар кеңесінің мүшесі – ҚазАгроҚаржы тәуелсіз директоры

1983 жылы 01 наурызда туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

- **2004 жыл –** ҚМЭБИ. Бакалавр, мемлекеттік басқару және менеджмент.
- **2005 жыл –** ҚМЭБИ. Мемлекеттік басқару магистрі.
- **2007 жыл –** ҚАЗМЗУ. Экономика және өндірісті басқару магистрі.
- **2020 жыл –** НАРХОЗ. Іскерлік әкімшілендіру докторы.

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

- **2005-2013 жж. –** коммерциялық және квазимемлекеттік құрылымдардағы жұмыс.
- **10.2013-05.2014 ж. –** «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы, Халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры.
- **07.2014–01.2016 ж. –** «ҚДБ – Лизинг» АҚ (Қазіргі өнеркәсіпті дамыту қоры), Басқарма мүшесі – Басқарушы директор.
- **07.2018 – 06.2019 ж. –** ҚР ДСМ «Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы сараптаудың ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК, даму жөніндегі директор.
- **2019 ж. – қ.д. –** жобалық менеджмент, тоқыма және зергерлік бұйымдар өндірісі, мейрамхана бизнесі, трейдинг, бизнес-тренер, бизнесті құру және дамыту саласындағы консалтинг, тәлімгерлік сияқты бірнеше бағыттағы кәсіпкерлік қызмет.

Атқаратын басқа лауазымдары – жоқ.

ҚазАгроҚаржы акциялары (қатысу үлестері), үлестес компаниялары жоқ, сондай-ақ ҚазАгроҚаржы өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.



ДОРЕНВЕНДТ ТОМАС

Директорлар кеңесінің мүшесі – ҚазАгроҚаржы тәуелсіз директоры

1968 жылы 30 маусымда туған, Германия федеративтік республикасының азаматы.

Білімі:

- **1994 жыл –** Гамбургтегі университет. Саясаттану.

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

- **2008-2011 –** Blue Wings. Директорлар кеңесінің төрағасы.
- **2014-2018 –** Агротерра. Операциялық директор.
- **2018-2020 –** Агротерра. Отбасылық өндіріс және бизнесті дамыту жөніндегі директор.
- **2020-2022 жж. –** «Диджитал Агро» ЖШҚ (ЖШҚ). Бас директордың орынбасары.
- **2022 – ж. бойынша –** Қазақстанның астық консорциумы. Бас директордың орынбасары.

Атқаратын басқа лауазымдары:

- Қазақстанның астық консорциумы. Бас директордың орынбасары.

ҚазАгроҚаржы акциялары (қатысу үлестері), үлестес компаниялары жоқ, сондай-ақ ҚазАгроҚаржы өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ

Директорлар кеңесінің қызметі кәсіпқойлық, парасаттылық және сақтық, адалдық пен объективтілік қағидаттарына, Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау қағидатына негізделеді.

2024 жылы Директорлар кеңесінің 14 отырысы бет-пе-бет нысанда өткізілді, 87 мәселе қаралды және шешімдер қабылданды.

Директорлар кеңесінің 2024 жылғы жұмысы



87	14	14	0
Мәселелер саны	Отырыстар саны	Оның ішінде бетпе-бет	Оның ішінде сырттай

2024 жылы Директорлар кеңесі қараған мәселелердің құрылымы

Кадрлық және сыйақы беру мәселелері	21
Ішкі құжаттарды, соның ішінде жоспарларды қарау	20
Есептілік	13
Қызметтің өзге де мәселелері	13
Ішкі аудит мәселелері	11
Тәуекелдер	9

Қабылданған негізгі шешімдер келесі әселелерге қатысты болды:

- тәуекелдер бойынша есептерді, тәуекелдер картасын, тәуекелдер тіркелімін бекіту;
- Омбудсмен жұмысы туралы есепті бекіту;
- Ішкі аудит қызметінің жұмысы туралы есептерді бекіту;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің жұмысы туралы есептерді бекіту;
- Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің және корпоративтік хатшының жұмысы туралы есептерді бекіту;
- облигацияларды шығару шарттарын анықтау;
- ҚазАгроҚаржы міндеттемелерін ҚазАгроҚаржы меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту туралы;
- 2023 жылғы 20 қарашадағы жағдай бойынша тәуелсіз бағалау қорытындылары жөніндегі ҚазАгроҚаржы корпоративтік басқармасының диагностикасы нәтижелері бойынша есепті бекіту.
- ҚазАгроҚаржы ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жөніндегі 2022-2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының орындалуы жөніндегі 2023 жылғы есепті бекіту.
- 2022 жылғы 1 қаңтардан 2023 жылғы 24 қарашаға дейінгі кезеңдегі тәуелсіз бағалау нәтижелері бойынша ҚазАгроҚаржы ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау туралы есепті, сондай-ақ 2024-2025 жылдарға арналған ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін тәуелсіз бағалау нәтижелері бойынша ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту.
- ҚазАгроҚаржы корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының орындалуы жөніндегі 2023 жылға арналған есепті бекіту.
- ҚазАгроҚаржы ақпараттық қауіпсіздігін дамытудың 2023 жылға арналған стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы есепті бекіту.
- ҚазАгроҚаржы ақпараттық қауіпсіздігін дамытудың 2024 жылға арналған стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту.
- қаржыландырудың жалпы шарттарын бекіту;
- ҚазАгроҚаржының жасауға мүддесі бар мәмілелер жасасуы;
- ҚазАгроҚаржы ішкі кредиттік саясатына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- ҚазАгроҚаржы корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы есепті бекіту;
- ҚазАгроҚаржы Басқарма мүшелерінің 2023 жылғы қызметінің негізгі көрсеткіштерінің орындалуы туралы есепті бекіту;
- 2023 жылғы ҚазАгроҚаржы жылдық қаржылық есептілігін алдын ала қарау;
- ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау.
- ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесі комитеттерінің мүшелері мен төрағаларын сайлау;
- ҚазАгроҚаржының 2024-2028 жылдарға арналған түзетілген дамудың жоспарын бекіту.
- Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің 2023 жылғы қызметін бағалау нәтижелерін қарау;
- 2025 жылға арналған тәуекелдердің негізгі индикаторларын бекіту;
- 2025 жылға арналған ҚазАгроҚаржы тәуекел-тәбетін бекіту;
- ҚазАгроҚаржы бизнес-процестерінің, тәуекелдері мен бақылауларының матрицасын жаңа редакцияда бекіту;
- ҚазАгроҚаржы аудит облыстарының картасын және ҚазАгроҚаржы Ішкі аудит қызметінің 2025 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарын бекіту;
- ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесінің 2025 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту;
- ҚазАгроҚаржы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің 2025 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту;
- ҚазАгроҚаржының 2024-2033 жылдарға арналған даму стратегиясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- ҚазАгроҚаржы жарғысына енгізілген өзгерістерді алдын ала қарау;
- ҚазАгроҚаржы Басқарма мүшелері қызметінің негізгі көрсеткіштерінің карталарын және олардың 2025 жылға арналған нысаналы мәндерін бекіту.
- ҚазАгроҚаржының 2024-2026 жылдарға арналған цифрландыру стратегиясын бекіту.

Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстарына қатысуы туралы ақпарат

Т.А.Ә.	Директор кеңесінің отырыс тары	Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму жөніндегі комитетінің отырыстары	Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің отырыстары	Кадр, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің отырыстары
Айдапкелов Н.С.	14/14	–	–	–
Көшкімбаев Н.Ж.	14/14	–	–	–
Сапулатов К.К.	14/14	–	–	–
Прашев А.Г.	14/14	–	–	–
Оразбаев Р.С.	8/9*	9/9	8/8	6/6
Әлімұхамбетов Н.Е.	8/9*	9/9	8/8	6/6
Доренвендт Т.	5/5	4/4	4/4	4/4
Абдусаламов Р.А.	5/5	4/4	4/4	4/4

* (еңбек демалысы)

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

Комитеттер Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңесші органдары болып табылады.

Комитеттер анағұрлым маңызды мәселелер шеңбері бойынша Директорлар кеңесінің отырысында қаралғанға дейін егжей-тегжейлі талдау жүргізу және ұсынымдар әзірлеу үшін құрылған. Комитеттер қарайтын мәселелер бойынша түпкілікті шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды.

Компанияның Директорлар кеңесі жанынан Директорлар кеңесінің мынадай комитеттері құрылып, жұмыс істейді:

- Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитет;
- Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму жөніндегі комитет;
- Кадр, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет.

Корпоративтік басқарудың жалпы қабылданған қағидаттарына сәйкес Директорлар кеңесінің комитеттерін тәуелсіз директорлар қатарынан Директорлар кеңесінің мүшелері басқарады.

Комитеттердің қызметі Директорлар кеңесі бекітетін, Комитет мүшелерінің құрамы, құзыреті, сайлау тәртібі, комитеттердің жұмыс тәртібі, сондай-ақ олардың мүшелерінің құқықтары мен міндеттері туралы ережелері бар ішкі құжаттармен реттеледі.

Директорлар кеңесі Комитеттерінің 2024 жылғы жұмысы



Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеті

Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеттің негізгі функцияларына ішкі және сыртқы аудит, қаржылық есептілік, тәуекелдерді ішкі бақылау және басқару, Қазақстан Республикасының заңнамасын, ішкі құжаттарды сақтау және өзге де мәселелер жатады.

Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеттің құрамы:

- **Комитет төрағасы –** Әлімұхамбетов Нұржан Ержанұлы (16.08.2024 ж. дейін);
- **Комитет төрағасы –** Доренвендт Томас (07.10.2024 ж. бастап);
- **Комитет мүшесі –** Оразбаев Руслан Сағадатұлы (16.08.2024 ж. дейін);
- **Комитет мүшесі –** Абдусаламов Рустам Абдусаламович (07.10.2024 ж. бастап).

2024 жылы Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитет барлығы 12 отырыс өткізіліп, 75 мәселе қаралды.

Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеттің отырыстарында мынадай негізгі мәселелер қаралды:

- «Персоналды басқару және бағалау процесінің аудиті» аудиторлық есебін қарау туралы.
- 2024-2026 жылдарға арналған қаржылық есептілік аудитін жүргізу бойынша қызметтерді сатып алу жөніндегі біліктілік талаптары мен техникалық ерекшеліктерін келісу туралы.
- «Компанияның әкімшілік шығыстарының жекелеген түрлері лимиттерінің мониторингі» аудиторлық есебін қарау туралы.
- «Лизинг нысаналарын жеткізу және беру процесінің аудиті» аудиторлық есебін қарау туралы.
- ҚазАгроҚаржы омбудсменінің 2023 жылғы жұмысы туралы есепті қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржы ақпараттық қауіпсіздігін дамытудың 2024 жылға арналған стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» мәселені алдын ала қарау туралы.
- Ішкі аудит қызметінің жұмысы туралы есептерді қарау туралы.
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің есептерін қарау туралы.
- «Кредиттік-лизингтік қызмет аудиті (Компанияның орталық аппаратындағы және Астана қаласындағы)» аудиторлық есебін қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржы проблемалық борышымен жұмыс процесінің аудиті» аудиторлық есебін қарау туралы.
- «Қарағанды облысы бойынша филиалдың негізгі қызметінің аудиті» аудиторлық есебін қарау туралы.

- «ҚазАгроҚаржының 2023 жылғы аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту туралы», Жалғыз акционерге 2023 жылдың қорытындысы бойынша алынған таза кірісті бөлу туралы ұсыныстар енгізу, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу және 2023 жылдың қорытындысы бойынша бір жай акцияға есептелгендегі дивиденд мөлшерін бекіту, Жалғыз акционердің ҚазАгроҚаржы және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне қатысты өтініштері туралы ақпаратты қарау, ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесі мен Басқармасы мүшелерінің сыйақы мөлшері мен құрамы туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржы Жалғыз акционерінің қарауына «ҚазАгроҚаржы Жалғыз акционерінің «ҚазАгроҚаржының 2024-2026 жылдардағы аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау туралы» мәселені енгізу туралы» мәселені алдын ала қарау туралы.
- ҚазАгроҚаржының жасауға мүддесі бар мәмілелерді жасасуы мәселелерін алдын ала қарау туралы.
- «Басқарма мүшелері қызметінің негізгі көрсеткіштерінің орындалуын бағалау» аудиторлық есебін қарау туралы.
- «Лизинг және кепілдікті қамтамасыз ету нысаналарының болуын және жай-күйін мониторингтеу процесінің аудиті» аудиторлық есебін қарау туралы.
- Ішкі аудит қызметінің консультациялық есептерін қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржы тәуекелдері бойынша есептерді, тәуекелдер картасын және ҚазАгроҚаржы тәуекелдер тіркелімін бекіту туралы» мәселені алдын ала қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржының 2025 жылға арналған тәуекелдердің және тәуекел-тәбетінің негізгі индикаторларын бекіту туралы» мәселені алдын ала қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржы бизнес-процестерінің, тәуекелдері мен бақылауларының матрицасын жаңа редакцияда бекіту туралы» мәселені алдын ала қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржының ақпараттық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздік жүйелерінің аудиті» аудит нәтижелері бойынша аудит объектісі ұсынған түзету және/немесе алдын алу іс-қимылдарының жоспарына өзгеріс енгізу туралы» мәселені алдын ала қарау туралы.
- ҚазАгроҚаржы аудит облыстарының картасын және ҚазАгроҚаржы Ішкі аудит қызметінің 2025 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарын қарау туралы.
- «Батыс Қазақстан облысы бойынша филиалдың негізгі қызметінің аудиті» аудиторлық есебін қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің 2025 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
- ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің 2025 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы.
- ҚазАгроҚаржыға лизинг нысаналарын сатып алу кезінде бағаларды талдауға қатысты талдамалық ақпаратты қарау туралы.
- «адам факторы» түріндегі операциялық тәуекелдерді азайту үшін процестерді автоматтандыру жөніндегі ақпаратты қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржының 2024-2026 жылдарға арналған цифрландыру стратегиясын бекіту туралы» мәселені алдын ала қарау туралы.
- «КПМГ Аудит» ЖШС аудиторлық ұйымының жоспарларын ҚазАгроҚаржының 2024 жылға арналған қаржылық есептілігіне аудит жүргізу бөлігінде қарау туралы.

Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму жөніндегі комитеті

Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитетінің негізгі функциялары ҚазАгроҚаржы қызметінің басым бағыттарын және оның даму стратегиясын әзірлеу мәселелері, соның ішінде Компания қызметінің тиімділігін арттыруға, оның қызметінің рентабельді болуына және орнықты дамуына ықпал ететін іс-шараларды әзірлеу мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлеу және Компанияның Директорлар кеңесіне ұсыну болып табылады.

Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму жөніндегі комитеттің құрамы:

- **Комитет төрағасы –** Оразбаев Руслан Сағадатұлы (16.08.2024 ж. дейін);
- **Комитет төрағасы –** Абдусаламов Рустам Абдусаламович (07.10.2024 ж. бастап);
- **Комитет мүшесі –** Әлімұхамбетов Нұржан Ержанұлы (16.08.2024 ж. дейін);
- **Комитет мүшесі –** Доренвендт Томас (07.10.2024 ж. бастап)

2024 жылы Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму жөніндегі комитет барлығы 13 отырыс өткізіп, 30 мәселе қарады.

Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму жөніндегі комитеттің отырыстарында мынадай негізгі мәселелер қаралды:

- «ҚазАгроҚаржы корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған 2023 жылғы іс-шаралар жоспарының орындалуы жөніндегі есепті бекіту туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
- «2023 жылғы 20 қарашадағы жағдай бойынша тәуелсіз бағалау қорытындылары бойынша ҚазАгроҚаржы корпоративтік басқармасының диагностикасы нәтижелері бойынша есепті бекіту туралы» мәселені алдын ала қарау туралы.
- ҚазАгроҚаржы уақытша бос ақша қаражатын басқару бойынша талдамалық ақпаратты қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржының 2023 жыл ішіндегі корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтауы/сақтамауы туралы есепті бекіту туралы» мәселені алдын ала қарау туралы.
- «Облигацияларды шығару және оның шарттарын айқындау туралы» мәселелерді алдын ала қарау туралы.
- ҚазАгроҚаржының Жалғыз акционерінің қарауына «ҚазАгроҚаржының Жарғысына өзгеріс енгізу туралы» мәселені енгізу туралы» мәселені алдын ала қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржы міндеттемелерін ҚазАгроҚаржының меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға дейін ұлғайту туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржының жалпы қаржыландыру шарттарына өзгерістер енгізу туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржының корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі 2024-2026 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
- ҚазАгроҚаржының 2024-2028 жылдарға арналған даму жоспарының орындалуы жөніндегі 2024 жылдың 1 тоқсанындағы есепті қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржының жалпы қаржыландыру шарттарына толықтырулар енгізу туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржының 2019-2023 жылдарға арналған түзетілген даму жоспарының орындалуы жөніндегі 2023 жылғы есепті бекіту туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржы Жалғыз акционерінің қарауына «ҚазАгроҚаржының 2023 жылғы жылдық есебін бекіту туралы» мәселені енгізу туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржының 2024-2028 жылдарға арналған түзетілген даму жоспарын бекіту туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржының 2024-2033 жылдарға арналған даму стратегиясына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржының жалпы қаржыландыру шарттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
- ҚазАгроҚаржының 2024-2028 жылдарға арналған түзетілген даму жоспарының орындалуы жөніндегі 2024 жылдың 1 жартыжылдығындағы есепті қарау туралы.
- ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму жөніндегі комитетінің

2025 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы.

Директорлар кеңесінің Кадр, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті

Комитеттің негізгі функцияларына тағайындау (сайлау), уәждемелік ҚНК белгілеу, қызметті бағалау, сыйақы беру және Басқарма төрағасы мен мүшелерінің сабақтастығын жоспарлау мәселелері, Корпоративтік хатшыны тағайындау және оған сыйақы беру мәселелері, сондай-ақ Директорлар кеңесінің құрамына қатысты көрсетілген мәселелерді қарауға Жалғыз акционер мұндай өкілеттіктер берген жағдайларда қатысу жатады.

Кадр, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің құрамы:

- **Комитет төрағасы –** Әлімұхамбетов Нұржан Ержанұлы (16.08.2024 ж. дейін);
- **Комитет төрағасы –** Доренвендт Томас (07.10.2024 ж. бастап);
- **Комитет мүшесі –** Оразбаев Руслан Сағадатұлы (16.08.2024 ж. дейін);
- **Комитет мүшесі –** Абдусаламов Рустам Абдусаламович (07.10.2024 ж. бастап).

2024 жылы Кадр, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет небары 10 отырыс өткізіп, 22 мәселені қарады.

Кадр, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің отырыстарында мынадай негізгі мәселелер қаралды:

- «ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің және корпоративтік хатшысының жұмысы туралы есептерді бекіту туралы» мәселелерді алдын ала қарау туралы.
- ҚазАгроҚаржы омбудсменінің 2023 жылғы жұмысы туралы есепті қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің 2023 жылғы қызметін бағалау нәтижелерін бекіту туралы» мәселені алдын ала қарау туралы.
- «Кадр қызметі бойынша ҚазАгроҚаржының кейбір ішкі нормативтік құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» мәселені алдын ала қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржының басшы жұмыскерлері қызметінің негізгі көрсеткіштерінің карталарын және олардың 2025 жылға арналған нысаналы мәндерін бекіту туралы» мәселені алдын ала қарау туралы.
- ҚазАгроҚаржы кадр резервінің мүшелерімен кездесу.
- «ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесінің 2025 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту және ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметіне 2024 жылдың қорытындысы бойынша бағалау жүргізу туралы» мәселені алдын ала қарау туралы.
- ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесінің Кадр, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің 2025 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы.

ІРІКТЕУ ЖӘНЕ ТАҒАЙЫНДАУ

Директорлар кеңесінің сандық құрамын Жалғыз акционер айқындайды.

Жалғыз акционер ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесінің мүшелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында, Компанияның жарғысында және ішкі құжаттарында айқындалған тәртіппен, үміткерлердің құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделі мен кәсіби тәжірибесін ескере отырып сайлайды.

Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлау кезінде Компанияның Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау нәтижелері назарға алынады.

Директорлар кеңесінің құрамына үміткерлерді іріктеу кезінде мыналар назарға алынады:

1. басшылық лауазымдардағы жұмыс тәжірибесі;
2. Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі жұмыс тәжірибесі;
3. жұмыс өтілі;
4. білімі, мамандығы, сонымен қатар халықаралық сертификаттарының болуы;
5. бағыттар мен салалар бойынша кемінде 2 (екі) жыл құзыретінің/басшылық тәжірибесінің болуы (активтер портфеліне байланысты салалар өзгеруі мүмкін);
6. іскерлік беделі;
7. тікелей немесе ықтималды мүдделер қақтығысының болуы;
8. директордың «Сертификатталған директор» кәсіби сертификатының болуы (тәуелсіз директорлар үшін).

Директорлар кеңесіне мына тұлғалар сайлана алмайды:

- Компаниямен бәсекелес заңды тұлғаның қатысушысы, атқарушы органның басшысы, басқару органының мүшесі немесе жұмысткері болып табылатын;
- бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынып тасталмаған соттылығы бар;
- – бұрын белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу немесе оны консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, атқарушы органының бірінші басшысы, бірінші басшысының орынбасары, бас бухгалтері болған. Көрсетілген талап белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу немесе оны консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін 5 (бес) жыл бойы қолданылады;
- Жалғыз акционердің өкілі болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшесін қоспағанда, 4 (төрт) және одан да көп Компаниялардың Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылатын.

Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін Жалғыз акционер белгілейді.

Тәуелсіз директорлар үш жылдан аспайтын мерзімге сайланады, кейіннен қызметтің қанағаттанарлық нәтижелері болған жағдайда, тағы үш жылға дейінгі мерзімге қайта сайлануы мүмкін.

Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан 6 (алты) жылдан астам мерзімге сайланудың кез келген мерзімі (мысалы, екі үш жылдық мерзім) Директорлар кеңесі мүшесінің жұмыс нәтижелері мен қызметін бағалаудың нәтижелерін, сондай-ақ Компанияның ішкі құжатында белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігін ескере отырып, ерекше қаралуы тиіс.

Директорлар кеңесіне тәуелсіз директорлардың арасынан бір адам қатарынан 9 (тоғыз) жылдан астам мерзімге (мысалы, үш жылдық үш мерзімге) сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда 9 (тоғыз) жылдан астам мерзімге сайлауға болады, бұл ретте мұндай тұлғаны Директорлар кеңесіне сайлау жыл сайын немесе өзге мерзімде, Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлаудың қажеттігі және осы фактінің шешімдер қабылдаудың тәуелсіздігіне әсері егжей-тегжейлі түсіндіріле отырып, өтеді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ КӘСІБИ САЛАЛАРДАҒЫ ҚҰЗЫРЕТТЕРІ

ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесінің мүшелері өз функцияларын тиімді орындауға мүмкіндік беретін жоғары құзыреттілік деңгейіне және үлкен жұмыс тәжірибесіне ие.

Негізгі құзы-реттер, Дағды-лар және тәжірибе	Айдапкелов Н.С.	Көшкімбаев Н.Ж.	Сапула-тов К.К.	Абдусала-мов Р.А.	Доренвендт Т.	Прашев А.Г.
Тәуекелдерді басқару және аудит	◆				◆	
Стратегиялық жоспарлау	◆	◆	◆	◆	◆	◆
Қаржы және экономика	◆	◆	◆	◆	◆	◆
Бизнес-басқару		◆		◆	◆	◆
Адам ресур-старын басқару	◆	◆	◆	◆		◆
Заңтану	◆					

ТӘУЕЛСІЗДІК

Директорлар кеңесінің құрамында тәуелсіз директорлардың болуы және қатысуы міндетті.

Директорлар кеңесіне тәуелсіз директор болып сайлануға үміткер:

- «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 20-тармағына сәйкес тәуелсіз директордың анықтамасына сай болуы тиіс:

тәуелсіз директор – осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғасы болып табылмайтын және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай болмаған (оның осы акционерлік қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайды қоспағанда), осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылмайтын; осы акционерлік қоғамның немесе оның ұйымдарының – үлестес тұлғаларының лауазымды адамдарына бағыныстылығы жоқ және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде осы тұлғаларға бағынысты болмаған; мемлекеттік қызметші болып табылмайтын; осы акционерлік қоғам органдарының отырыстарында акционер өкілі болып табылмайтын және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай болмаған; осы акционерлік қоғамның аудитіне аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде қатыспайтын және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған директорлар кеңесінің мүшесі;

- Компания қызметінің көлемі мен сипаты бойынша ұқсас ұйымға тән негізгі мәселелер туралы жалпы ақпаратқа ие болуы, ұсынылғанға дейін кемінде 2 (екі) жыл кәсіби тәжірибеге ие болуы, сондай-ақ:

1. Компанияға қатысты заңнама талаптарын;
2. ұлттық және халықаралық нарықтардағы бәсекелестік ортаны түсінетінін танытуы тиіс;

- ұсынылған ақпаратты талдай және объективті бағалай білу және заңдылық, әділеттілік және барлық акционерлерге тең көзқарас қағидаттары негізінде мәселе бойынша тәуелсіз позиция қалыптастыра білуі тиіс. Өз пікірін білдіру және өз көзқарасын дәлелді түрде қорғау қабілетіне ие болуы тиіс;

- корпоративтік басқару және тұрақты даму қағидаттарын білуі тиіс;

- іскерлік және (немесе) салалық ортада мінсіз беделі, оң жетістіктері болуы тиіс. Үміткердің өмірбаянында экономикалық қызмет саласында қылмыс жасау, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметте әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактілері болмауы тиіс;

- директорлар кеңесінің жұмысына оның отырыстары кезінде қатысу үшін ғана емес, сонымен қатар директорлар кеңесінің отырыстарына дайындалған материалдарды тиісінше зерделеу үшін де жеткілікті уақыты болуы керек;

- басқа компаниялардың 3-тен (үштен) аса директорлар кеңесінің мүшесі болмауы тиіс;

- тәуелсіз директор мәртебесін жоғалтқан жағдайда компанияны хабардар етуі тиіс.

- ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесінің құрамында екі тәуелсіз директор бар.

ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесінің құрамында екі тәуелсіз директор бар.

2024 жыл ішінде Директорлар кеңесінің құрамында мынаі тәуелсіз директорлар өз функцияларын атқарды:

- Оразбаев Руслан Сағадатұлы (16.08.2024 ж. дейін);
- Әлімұхамбетов Нұржан Ержанұлы (16.08.2024 ж. дейін);
- Доренвендт Томас (07.10.2024 жылдан бастап);
- Абдусаламов Рустам Абдусаламович (07.10.2024 ж. бастап).

Барлық тәуелсіз директорлар Компанияның Директорлар кеңесі шешім қабылдаған кезде аталған тәуелсіздік белгілеріне сәйкес келеді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

Директорлар кеңесінің қызметін бағалау Директорлар кеңесі қызметінің негізгі салаларын кешенді талдау мақсатында жүргізіледі. Бағалау Директорлар кеңесі мен оның комитеттері қызметінің күшті және әлсіз жақтарын талдап анықтауға, жұмысқа түзетулер енгізуге және Директорлар кеңесі қызметінің нысаналы бағыттарын түзетуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, бағалау Компанияның Директорлар кеңесінің құрылымы мен құрамы Компанияның стратегиялық міндеттерін шешуге қаншалықты ықпал ететінін, Директорлар кеңесі төрағасының және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің жұмыс тиімділігін анықтауға, сондай-ақ сыйақы жүйесінің тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді.

Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметін бағалау жыл сайынғы негізде жүргізіледі. Бағалау өз күшімен, сондай-ақ корпоративтік басқару рейтингтерін беретін консультанттарды, кәсіби қауымдастықтар мен ұйымдарды тарта отырып жүргізілуі мүмкін.

Компанияның корпоративтік басқару кодексіне сәйкес және Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелер шеңберіне сүйене отырып, Директорлар кеңесі бағалаудың мынадай түрлерін жүзеге асырады:

- өз жұмысын бағалау;
- Компанияның Директорлар кеңесі мен Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметін бағалау.

Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 18 желтоқсандағы № 14 шешімімен ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметін 2024 жылдың қорытындылары бойынша бағалау Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Компанияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес өз күштерімен жүргізу белгіленді. Бағалау сауалнама арқылы жүргізілді. Жүргізілген бағалау шеңберінде мыналар анықталды:

- Компанияда өкілеттіктерді бөлу «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңына, Корпоративтік басқару кодексіне және Компанияның Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес айқындалған.
- Директорлар кеңесі Компанияның қаржы-шаруашылық қызметін тиісті бақылау үшін барлық қажетті құралдарға ие.
- Директорлар кеңесі Компания қызметінің басым бағыттарын тиісті түрде айқындай отырып, Компанияның даму стратегиясын әзірлеуге белсенді қатысады. Даму стратегиясының іске асырылуын бақылау жоғары деңгейде, уақтылы және барабар түрде жүзеге асырылады.
- Директорлар кеңесінің негізгі шешімдерді қабылдаудағы маңызды рөлі: стратегияны, даму жоспарын және бюджетті бекіту, менеджмент қызметін ынталандыру және бағалау жүйесін құру, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйелерінің, ішкі бақылаудың, ішкі аудиттің және корпоративтік басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін бақылау.
- Директорлар кеңесіне ұсынылатын Компания қызметі туралы есептілік белгіленген талаптарға жауап береді.
- Директорлар кеңесінің жұмысы корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесіне сәйкес ұйымдастырылған.
- Директорлар кеңесінің мүшелері жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен орындайды, Компанияның қызметі мұқият зерделенеді, бұл өзінің бақылау функцияларын тиімді орындауға мүмкіндік береді.
- Директорлар кеңесі мүшелерінің кәсіби тәжірибесі және саланың ерекшеліктері бойынша білімдері бар.
- Директорлар кеңесі мүшелерінің тиімді бірлескен жұмысы, ашық пікір алмасу, Директорлар кеңесі мүшелерінің белсенді қатысуы және мәселелерді уақтылы шешу.
- Директорлар кеңесі төрағасының Директорлар кеңесі деңгейіндегі тиімді басшылығы.
- Директорлар кеңесі комитеттерінің төрағалары өздері басқаратын комитеттердің тиімділігін барлық аспектілер бойынша қамтамасыз етеді және комитеттердің Директорлар кеңесімен және Компанияның атқарушы органымен тиімді өзара ықпалдасуын қамтамасыз етеді.
- Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесі мен комитеттердің отырыстарына қатысуының жоғары деңгейі.
- Комитеттердің отырыстарында күн тәртібі бойынша мәселелер белсенді талқыланады.
- Тәуелсіз директорлар Директорлар кеңесі мен комитеттердің жұмысына құнды мазмұнды үлес қосады.
- Директорлар кеңесі мен Комитеттердің хаттамаларына уақтылы қол қою.

Жүргізілген жалпы бағалау қорытындысы бойынша Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің жұмысы оң бағаланады және тиімді деп танылады.

Жүргізілген бағалаудың нәтижелері Директорлар кеңесінің отырысында қаралды және Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 29 мамырдағы № 4 шешімімен бекітілді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІН ОҚЫТУ ЖӘНЕ КӘСІБИ ДАМЫТУ

Директорлар кеңесі мүшелерін оқыту және кәсіби дамыту қажеттілігін Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметін бағалау нәтижелері бойынша Директорлар кеңесі айқындайды.

2024 жылы Директорлар кеңесінің мүшелері-тәуелсіз директорлар Н.Е. Әлімұхамбетов пен Р. А. Абдусаламов «Тәуелсіз директор. Табысты мансап» курсы бойынша оқудан өтті, «Қазақстан Республикасының тәуелсіз директорлар қауымдастығы» курсынан өткені туралы сертификат алды.

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН БАСҚАРУ ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК ҚАҚТЫҒЫСТАРДЫ РЕТТЕУ

Мүдделер қақтығысын болдырмау Жалғыз акционердің, Компанияның, лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлердің мүдделерін қорғауды қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады. Компанияның барлық лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері ашық, уақтылы және барабар мүдделер қақтығысынан босатылған шешімдер қабылдау үшін жауапты.

Компанияның Директорлар кеңесі мен Басқармасының мүшелері, Компания жұмыскерлері өздерінің кәсіби функцияларын қақтығыстарды болдырмай, адал және орынды түрде акционерлер мен ҚазАгроҚаржы мүдделері үшін орындайды.

Корпоративтік қақтығыстар

Корпоративтік қақтығыс – Жалғыз акционер мен Компани-

яның өзге органдары арасындағы; Компанияның органдары арасындағы; Компанияның Директорлар кеңесінің және Басқарма мүшелерінің арасындағы; Компанияның Ішкі аудит қызметінің басшысымен, Компанияның Корпоративтік хатшысымен арасындағы, Жалғыз акционердің мүдделеріне және Компанияның қызметіне теріс әсер ететін келіспеушіліктер немесе даулар.

Корпоративтік қақтығыстар болған (туындаған) жағдайда, Компания мен мүдделі тараптардың мүдделерін тиімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында қатысушылар оларды келіссөздер арқылы шешу жолдарын іздейді. Бұл ретте Компанияның лауазымды тұлғалары Корпоративтік хатшыға және/немесе Омбудсменге қақтығыстың орын алғандығы (туындағандығы) туралы уақтылы хабарлайды.

Корпоративтік қақтығыстардың алдын алу және оларды реттеу жұмысының тиімділігі мұндай қақтығыстарды толық және тез анықтау және Компанияның барлық органдарының іс-қимылын үйлестіруді көздейді.

Корпоративтік қақтығыстарды Корпоративтік хатшының және/немесе Омбудсменнің жәрдемдесуімен Компанияның Директорлар кеңесінің төрағасы қарайды. Директорлар кеңесінің төрағасы корпоративтік қақтығысқа тартылған жағдайда, мұндай жағдайларды Кадр, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет қарайды.

Корпоративтік қақтығысты бағалаудың объективтілігін қамтамасыз ету және оны тиімді реттеу үшін жағдай жасау мақсатында қақтығыс мүдделерін қозғайтын немесе қозғауы мүмкін адамдар оны реттеуге қатыспайды.

Корпоративтік қақтығыстарды келіссөздер жолымен шешу мүмкін болмаған жағдайда, олар қатаң түрде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

Басқарма төрағасы ҚазАгроҚаржы атынан Компанияның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылмаған барлық мәселелер бойынша корпоративтік қақтығыстарды реттеуді жүзеге асырады, сондай-ақ корпоративтік қақтығыстарды реттеу жөніндегі жұмысты жүргізу тәртібін дербес айқындайды.

Директорлар кеңесі Басқарманың құзыретіне жататын жекелеген корпоративтік қақтығыстарды қарайды (мысалы, егер осы органның әрекеттері (әрекетсіздігі) жанжалдың мәні болып табылса).

Мүдделер қақтығысы

Мүдделер қақтығысы Компания жұмыскерінің жеке қызығушылығы лауазымдық міндеттерді бейтарап орындауға әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдай ретінде анықталады.

Компания жұмыскерлері не өзіне (немесе өзіне байланысты адамдарға), не басқаларға қатысты мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін жағдайға жол бермейді. Жұмыскер өзінің тікелей басшысына Компаниямен байланысты мәмілелерге, шарттарға, жобаларға кез келген коммерциялық немесе өзге де мүдделілік туралы дереу хабарлауға міндетті.

Компаниядағы корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу, сондай-ақ барлық органдар мен лауазымды тұлғалардың іс-қимылдарын үйлестіру мақсатында Компания оның Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 04 қарашадағы № 17 шешімімен бекітілген Компаниядағы корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі қағидаларды басшылыққа алады.

Бұдан басқа, Компанияның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 23 ақпандағы № 2 шешімімен мынадай құжаттар бекітілді:

1. Компанияның Іскерлік әдеп кодексі – корпоративтік (іскерлік) әдептің негіз қалаушы құндылықтары мен қағидаттарын белгілейтін;
2. Компания Омбудсмені туралы ереже – еңбек дауларын, жанжалдарды, әлеуметтік-еңбек сипатындағы проблемалық мәселелерді шешуде, сондай-ақ Компания жұмыскерлерінің іскерлік әдеп қағидаттарын сақтаудағы Омбудсмен институтының функцияларын айқындайтын.

2024 жылы Компанияда шешім қабылдау кезінде корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысы жағдайлары тіркелмеген.

МӘСЕЛЕЛЕР ТУРАЛЫ ХАБАРДАР ЕТУ

Директорлар кеңесін аса маңызды мәселелер туралы хабардар ету Директорлар кеңесі туралы ережеге, Компания Жарғысына сәйкес тиісті есептілік пен ақпарат беру жолымен жүзеге асырылады. Есепті жылы назарды талап ететін барлық мәселелер ағымдағы отырыстар шеңберінде қаралды. «Сыни» санатына жататын сұрақтар болған жоқ.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ

Қазақстан Республикасының заңнамасында, Компанияның Жарғысында, ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелеріне, олардың өз міндеттерін атқаруы кезеңінде Компанияның Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын орындауына байланысты сыйақы төленуі және (немесе) шығыстары өтелуі мүмкін.

Тәуелсіз директорлардың сыйақысы тіркелген болып табылады және Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына қатысқаны үшін тоқсан сайын төленеді. Сыйақы төлеу мөлшері мен шарттары Жалғыз акционердің шешімімен айқындалады. Сыйақы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына, нормативтік құқықтық актілерге және өзге де құжаттарға сәйкес салықтарды шегергенде Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларына төленеді.

Есепті кезең үшін сыйақы тәуелсіз директордың есепті кезеңде Директорлар кеңесінің/Директорлар кеңесі комитеттерінің барлық өткізілген бетпе-бет және сырттай отырыстарына қатысуына барабар төленеді.

Тәуелсіз директор есепті кезеңде (тоқсанда) Директорлар кеңесінің барлық өткізілген бетпе-бет және сырттай отырыстарының жартысынан азына қатысқан жағдайда сыйақы төлеу жүргізілмейді. Директорлар кеңесінің мүшелеріне – Жалғыз акционердің өкілдеріне, Компанияның атқарушы органының басшысына Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысқаны үшін сыйақы төлеу көзделмеген.

2024 жылы екі адамнан тұратын ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесінің мүшелеріне (тәуелсіз директорларға) сыйақы мынадай ұстанымдарды қамтиды:

	2024
Есептелген сыйақы (мың теңге)	**7 598**
Әлеуметтік қамтамасыз етуге салынатын салықтар мен аударымдар (мың теңге)	**845**
Сыйақы жиыны (мың теңге)	**8 443**

АТҚАРУШЫ ОРГАН

Компанияның атқарушы органы компанияның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын Басқарма болып табылады. Компания Басқармасы оның төрағасынан және төрағаның орынбасарларынан құралған 5 мүшеден тұрады. Ұсынылған Басқарма құрамының өкілеттігі 2025 жылғы 31 шілдеде аяқталады.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы Басқарма құрамы	Басқарма құрамына сайлау туралы шешімнің күні мен нөмірі
Прашев Айдар Гилимович Басқарма төрағасы	Жалғыз акционердің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 30/22 шешімі
Сейітжанов Айдос Бауыржанұлы Басқарма төрағасының орынбасары	Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 19 шілдедегі № 9 шешімі
Оразбаев Жанұзақ Жеңісұлы Басқарма төрағасының орынбасары	Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 19 шілдедегі № 9 шешімі
Жұмжаев Еркебұлан Ерланұлы Басқарма төрағасының орынбасары	Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 19 шілдедегі № 9 шешімі
Алиш Марс Каралтаевич Басқарма төрағасының орынбасары	Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 19 шілдедегі № 9 шешімі



БАСҚАРМА ҚҰРАМЫ

(2024 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі жағдай бойынша)



ПРАШЕВ АЙДАР ГИЛИМОВИЧ

ҚазАгроҚаржы Басқармасының төрағасы

1983 жылы 29 қыркүйекте туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

- Алматы қаласының Экономика және статистика академиясы «персоналды басқару, экономист» мамандығы бойынша.
- Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті «менеджмент, экономика және бизнес магистрі» мамандығы бойынша.

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

- **01.2006-02.2007 ж. –** «ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті» ММ Кедендік бақылау инспекторы.
- **02.2007 - 12.2008 ж. –** «Қазкоммерцбанк» АҚ банк жүйесінде жұмыс істеді.
- **2009-2019 жылдары –** ҚазАгроҚаржы филиалдарында Атырау облысы, Ақтөбе облысы және Қостанай облысы бойынша филиал директоры лауазымдарында жұмыс істеді.
- **12.2020 – 06.2021 ж. –** Басқарушы директор – ҚазАгроҚаржы басқармасының мүшесі.
- **06.2021 ж. – қ.д. –** ҚазАгроҚаржы басқармасының төрағасы.

ҚазАгроҚаржы акциялары (қатысу үлестері), үлестес компаниялары жоқ, сондай-ақ ҚазАгроҚаржы өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді. Қосымша жұмыс және басқа ұйымдардың Директорлар кеңесіне мүшелік – қазіргі уақытта жоқ.

БАСҚАРМА ҚҰРАМЫ



СЕЙТЖАНОВ АЙДОС БАУЫРЖАНҰЛЫ

ҚазАгроҚаржы Басқарма төрағасының орынбасары

1990 жылы 10 мамырда туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

Жүзеге асырылатын функциялар: Компания қызметін активтерді, әкімшілік-шаруашылық қызметті сараптау мәселелері бойынша үйлестіруді жүзеге асырады, сондай-ақ жетекшілік ететін қызмет салалары бөлігінде филиалдармен жұмыс жүргізеді.

Білімі:

- Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. «қаржы, қаржы бакалавры» мамандығы бойынша.
- А. Мырзахметов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті «заңтану, заңтану бакалавры» мамандығы бойынша.

2021 жылғы 30 маусымда ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесінің шешімімен ҚазАгроҚаржы Басқарма төрағасының орынбасары болып сайланды.

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

- **2010-2019 жылдары –** «Темірбанк» АҚ, «Еуразиялық банк» АҚ, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ шағын және орта, сондай-ақ корпоративтік бизнесті кредиттеу бағыты бойынша.
- **10.2019 – 06.2021 жж. -** Астана қаласы бойынша ҚазАгроҚаржы филиалының директоры.
- **06.2021 ж. – қ.д. –** ҚазАгроҚаржы Басқарма төрағасының орынбасары.

ҚазАгроҚаржы акциялары (қатысу үлестері), үлестес компаниялары жоқ, сондай-ақ ҚазАгроҚаржы өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді. Қосымша жұмыс және басқа ұйымдардың Директорлар кеңесіне мүшелік – қазіргі уақытта жоқ.



ОРАЗБАЕВ ЖАНҰЗАҚ ЖЕҢІСҰЛЫ

ҚазАгроҚаржы Басқарма төрағасының орынбасары

1972 жылы 9 шілдеде туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

Жүзеге асырылатын функциялар: қаржы-экономикалық мәселелер, қарыз алу, бухгалтерлік есеп және есеп беру мәселелері бөлігіндегі қызметті үйлестіру ҚазАгроҚаржы

Білімі:

- Қазақ мемлекеттік сәулет-құрылыс академиясы «жылумен газбен жабдықтау және желдету, инженер-құрылысшы біліктілігі» мамандығы бойынша.
- Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті «есеп және аудит, есеп және аудит бакалавры» мамандығы бойынша.
- Швейцария бизнес мектебі SBS (Swiss Business School) «MBA – іскерлік әкімшілендіру шебері» мамандығы бойынша.

2022 жылғы 22 ақпанда ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесінің шешімімен ҚазАгроҚаржы Басқарма төрағасының орынбасары болып сайланды.

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

- **09.2001 – 11.2009 ж. -** коммерциялық, квазимемлекеттік құрылымдардағы жұмыс.
- **12.2009 – 11.2019 ж. -** "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Ақпараттық-есептеу орталығы" РМК директорының орынбасары.
- **12.2019 – 12.2021 ж. –** "Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры" АҚ Басқарушы директоры.
- **02.2022 ж. – қ.д. -** ҚазАгроҚаржы Басқарма төрағасының орынбасары.

ҚазАгроҚаржы акциялары (қатысу үлестері), үлестес компаниялары жоқ, сондай-ақ ҚазАгроҚаржы өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді. Қосымша жұмыс және басқа ұйымдардың Директорлар кеңесіне мүшелік – қазіргі уақытта жоқ.

БАСҚАРМА ҚҰРАМЫ



ЖҰМЖАЕВ ЕРКЕБҰЛАН ЕРЛАНҰЛЫ

ҚазАгроҚаржы Басқарма төрағасының орынбасары

1988 жылы 8 мамырда туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

Жүзеге асырылатын функциялар: Компания қызметін кредиттік-лизингтік қызмет бөлігінде үйлестіру.

Білімі:

- Л. Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті "Қаржы, қаржы бакалавры"-мамандығы бойынша.
- Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті «Қаржы, экономика және бизнес магистрі» мамандығы бойынша.
- «Заңтану, құқық бакалавры» мамандығы бойынша өңірлік әлеуметтік-инновациялық университет.

2022 жылғы 30 маусымда ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесінің шешімімен ҚазАгроҚаржы Басқарма төрағасының орынбасары болып сайланды.

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

- **04.2011-04.2013 ж. –** Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Қ. Сәтбаев атындағы Канал» РМК ӨТБ инженері.
- **04.2013-08.2018 ж. –** «Халық банкі» АҚ филиалдарында аға менеджер, аға талдаушы және кредиттік талдау бөлімінің бастығы лауазымдарын атқарды.
- **08.2018 ж. –** «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ еншілес ұйымдарында әртүрлі лауазымдарда.
- **06.2022 ж. – қ.д. –** ҚазАгроҚаржы Басқарма төрағасының орынбасары.

ҚазАгроҚаржы акциялары (қатысу үлестері), үлестес компаниялары жоқ, сондай-ақ ҚазАгроҚаржы өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді. Қосымша жұмыс және басқа ұйымдардың Директорлар кеңесіне мүшелік – қазіргі уақытта жоқ.



АЛИШ МАРС КАРАЛТАЕВИЧ

ҚазАгроҚаржы Басқарма төрағасының орынбасары

1984 жылы 14 тамызда туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

Жүзеге асырылатын функциялар: проблемалық жобалармен жұмыс, жобаларды әкімшілендіру, ақпараттық технологияларды дамыту мәселелері бойынша Компанияның қызметін үйлестіру

Білімі:

- Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті «бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығы бойынша.
- М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті «іскерлік әкімшілендіру шебері» мамандығы бойынша.

2022 жылғы 3 мамырда ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесінің шешімімен ҚазАгроҚаржы Басқарма төрағасының орынбасары болып сайланды.

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

- **04.2006 – 06.2018 ж. –** комерциялық құрылымдардағы жұмыс.
- **06.2018-02.2019 ж. –** қаржы және жоспарлау департаментінің директоры, «Каспий» ӘКК» ҰК» АҚ атқарушы директоры.
- **03.2019-02.2021 ж. –** «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС сарапшысы.
- **02.2021-05.2022 ж. –** лизинг және кредит беру бөлімінің бастығы, Астана қаласы бойынша ҚазАгроҚаржы филиалының директоры.
- **05.2022 ж. – қ.д. –** ҚазАгроҚаржы Басқарма төрағасының орынбасары.

ҚазАгроҚаржы акциялары (қатысу үлестері), үлестес компаниялары жоқ, сондай-ақ ҚазАгроҚаржы өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді. Қосымша жұмыс және басқа ұйымдардың Директорлар кеңесіне мүшелік – қазіргі уақытта жоқ.

БАСҚАРМА ЖҰМЫСЫ

Басқарма Компанияның ағымдағы қызметіне бас-шылықты жүзеге асырады және даму стратегиясын, даму жоспарын және Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционер қабылдаған шешімдерді іске асыруға жауапты болады.

Басқарманың қызметі Компанияның Басқармасы туралы ережемен реттеледі.

2024 жыл ішінде Басқарманың 43 отырысы өткізілді, барлығы бетпе-бет тәртібімен, отырыстар тұрақты негізде өткізілді.

Дәлелді себептермен болмаған жағдайларды қоспағанда, Басқарма мүшелерінің отырыстарға қатысуы жоғары екені байқалады.

Басқарма мүшелерінің оның отырыстарына қатысуы

Т.А.Ә.	Саны
Прашев А.Г.	34/43
Сейтжанов А.Б.	35/43
Оразбаев Ж.Ж.	37/43
Алиш М.К.	39/43
Жұмжаев Е.Е.	39/43

БАСҚАРМАНЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ – ҚАЗАГРОҚАРЖЫ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ МЕН ДАМУ ЖОСПАРЫН ТИІМДІ ІСКЕ АСЫРУ.

Басқарма жұмысының негізгі қағидаттары:

- айқындық және ашықтық;
- жауапкершілік және есеп беру;
- міндеттерді объективті бөлу;
- операцияларды тиісті мақұлдау және бекіту;
- кешенділік және жүйелілік;
- тұрақты даму және жетілдіру;
- икемділік;
- бақылаудың кез келген елеулі кемшіліктері мен әлсіз жақтарын уақтылы анықтау және оларға ден қою;
- Басқарма қызметі салаларының басымдығы;
- технологиялылық;
- жұмыскерлердің құзыреттілігі;
- рәсімдердің құжатталуы;
- ақпараттың сенімділігі мен толықтығы.



БАСҚАРМА ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР

Тәуекелдер жөніндегі комитет

Тәуекелдер жөніндегі комитет қызметінің негізгі мақсаттары тәуекелдерді басқару саясатын іске асыру, Компанияның барлық деңгейлерінде тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау, бақылау және мониторингтеу процесін ұйымдастыру болып табылады.

Операциялық тәуекелді іске асыруға әкеп соққан факторларға, оның ішінде іске асырылған тәуекелдер туралы ақпаратты дерекқорға уақтылы енгізбеу фактілері анықталған жағдайларда талдау жүргізу.

Кредиттік комитет

Компанияның кредиттік қызметіне және проблемалық борышпен жұмыс істеуге байланысты мәселелер бойынша, сондай-ақ лизинг нысаналарын сатып алу мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға уәкілетті алқалы орган.

Кредиттік комитеттің міндеттері Компанияның кредиттік саясатын іске асыру, кредиттік операцияларды жүргізу кезінде кредиттік тәуекел деңгейін барынша азайту, заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға байланысты мәмілелердің алдын алуды қамтамасыз ету болып табылады.


Активтер мен пассивтерді басқару комитеті (бұдан әрі – АПБК)

ҚазАгроҚаржы тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган. КУАП компанияның активтер мен міндеттемелерді басқару саясатын жүргізеді, активтер мен міндеттемелерді, сондай-ақ уақытша бос ақшаны басқару бойынша тиімді және уақтылы шешімдер қабылдау мақсатында Басқармаға ұсыныстар әзірлейді.

Кадр жөніндегі комитет

Кәсіби және кадрлық өсуге, жұмыскерлерді ынталандыруға, тәртіптік жауапкершілікке тартуға, сондай-ақ персоналды басқаруға байланысты басқа да мәселелерге қатысты жекелеген мәселелер бойынша Компанияның төрағасы мен Басқармасына ұсынымдық сипаттағы шешімдерді дайындау үшін құрылған Компанияның тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші алқалы жұмыс органы.

БАСҚАРМАМЕН ӨЗАРА ЫҚПАЛДАСУ



ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Жүктелген функциялар мен міндеттерді іске асыру үшін ҚазАгроҚаржы Басқармасының 2024 жылғы 28 қарашадағы № 38 шешімімен Қазақстан Республикасының өңірлерінде орналасқан 17 құрылымдық бөлімше мен 15 филиалды қамтитын Компанияның жаңа редакциядағы ұйымдық құрылымы бекітілді.

Компанияның Директорлар кеңесінің шешімімен Компания жұмыскерлерінің жалпы саны 341 бірлік (2022 жылғы 20 қыркүйектегі № 12 хаттама) бекітілді, оның ішінде орталық аппарат 140 бірлік, филиалдар – 201 бірлік.

Сонымен, Компанияның орталық аппаратына келесі құрылымдық бөлімшелер кіреді:

Компанияның Директорлар кеңесіне есеп беретін бөлімшелер мен жұмыскерлер:
1. Ішкі аудит қызметі;
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет;
3. Корпоративтік хатшы;

Қызметіне жетекшілік етуді Компанияның Атқарушы органы жүзеге асыратын бөлімшелер:
4. Тәуекел-менеджмент департаменті;
5. Қауіпсіздік департаменті;
6. Корпоративтік даму департаменті;
7. Адам ресурстарын басқару департаменті;
8. Қаржы департаменті;
9. Қарыз департаменті;
10. Бухгалтерлік есеп және есептілік департаменті;
11. Ақпараттық технологияларды дамыту департаменті;
12. Оңалту және проблемалық жобалар департаменті;
13. Жобаларды әкімшілендіру департаменті;
14. Активтерді сараптау департаменті;
15. Әкімшілік департаменті;
16. Кепілмен қамтамасыз ету және салалық шаруашылық департаменті;
17. Құқықтық департаменті;
18. Кредиттік-лизингтік қызмет департаменті;

Филиалдық желі:
1. Компанияның Астана қаласы бойынша филиалы;
2. Компанияның Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша филиалы;
3. Компанияның Шымкент қаласы және Түркістан облысы бойынша филиалы;
4. Компанияның Ақмола облысы бойынша филиалы;
5. Компанияның Ақтөбе облысы бойынша филиалы;
6. Компанияның Шығыс Қазақстан облысы бойынша филиалы;
7. Компанияның Жамбыл облысы бойынша филиалы;
8. Компанияның Батыс Қазақстан облысы бойынша филиалы;
9. Компанияның Қарағанды облысы бойынша филиалы;
10. Компанияның Қостанай облысы бойынша филиалы;
11. Компанияның Қызылорда облысы бойынша филиалы;
12. Компанияның Павлодар облысы бойынша филиалы;
13. Компанияның Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалы;
14. Компанияның Абай облысы бойынша филиалы;
15. Компанияның Жетісу облысы бойынша филиалы.

ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Директорлар кеңесі

Корпоративтік хатшы

Ішкі аудит қызметі

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет

Басқарма төрағасы

Тәуекел менеджменті департаменті

Корпоративтік даму департаменті

Қауіпсіздік департаменті

Адам ресурстарын басқару департаменті

Басқарма төрағасының орынбасары

Басқарма төрағасының орынбасары

Басқарма төрағасының орынбасары

Басқарма төрағасының орынбасары

Басқарушы директор

Кредиттік-лизингтік қызмет департаменті

Қаржы департаменті

Басқарушы директор

Активтерді сараптау департаменті

Құқықтық департамент

Филиалдар желісі

Бухгалтерлік есеп және есептілік департаменті

Проблемалық жобаларды оңалту департаменті

Әкімшілік департаменті

Кепілмен қамтамасыз ету және салалық талдау департаменті

Қарыз департаменті

Жобаларды әкімшіліктендіру департаменті

Ақпараттық технологияларды дамыту департаменті



МҮДДЕЛІЛІК БОЛУЫНА ОРАЙ ЖАСАЛАТЫН МӘМІЛЕЛЕР ТУРАЛЫ 2024 ЖЫЛҒЫ ЕСЕП

Қазіргі корпоративтік заңнаманың негізгі мақсаттарының бірі акционерлік қоғамның құқықтық мәртебесін реттеу ғана емес, сонымен қатар акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында әрекет ететін компанияның қызметін жүзеге асыру барысында туындайтын әртүрлі мүдделер қақтығыстарын ең тиімді және мақсатты реттеу болып табылады. Мүдделер қақтығыстарын реттеудің мысалы акционерлік қоғамның қатысуымен арнайы жасалатын санаттағы мәмілелерді жүзеге асыру шарттарына қатысты заңнамалық ережелерді атауға болады.

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 73-бабында мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілені жасасу тәртібіне қойылатын талаптар көрсетілген. Компания корпоративтік сайтында және Қазақстан қор биржасының мен Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурстарында мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер туралы ақпаратты тоқсан сайын жариялайды. Есепті кезеңде компания 4 (төрт) мәміле жасады, олардың егжей-тегжейлі сипаттамасы № 5 қосымшада берілген.

БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ БЕРУ

Басшы жұмыскерлердің сыйақысына қатысты саясат пен оның мөлшері ҚазАгроҚаржы басшы жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу, қызметін бағалау және сыйақы беру қағидаларымен регламенттеледі.

Есепті жылы басшы жұмыскерлерге тәртіптік жаза қолдану жағдайлары болған жоқ.

2024 жылы басшы жұмыскерлерге есептелген сыйақы сомасы 214 344 мың теңгені құрады, оның ішінде жалақыдан салықтар мен аударымдар – 20 320 мың теңге.

2024 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы төлеу 2025 жылы Директорлар кеңесінің шешімімен 2024 жылғы таза шоғырландырылған пайданың бар болуы шартымен, қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері белгіленген тәртіппен бекітілгеннен кейін, Компанияның есепті жылдың аудиторлық қаржылық есептілігі негізінде, стратегиялық және жеке тиімділікке қол жеткізу нәтижелеріне және қызметті бағалау нәтижелеріне байланысты жүзеге асырылады.

АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ ҚҰРЫЛЫМЫ

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жарияланған және орналастырылған жай акцияларының саны 102 837 204 дана жай акцияларды құрады, акциялардың номиналды құны 102 837 204 000 теңгені құрайды, «ҚазАгроҚаржы жарияланған акциялар санын ұлғайту туралы» Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 2 мамырдағы № 4 шешімі Компанияның жай акцияларының санын өзгертуге қызмет етті.

Жарияланған жай акциялар саны:	**102 837 204 акция**
Орналастырылған жай акциялар саны:	**102 837 204 акция**
Бір жай акцияның номиналды құны:	**1 000 теңге**
Бір акцияны орналастыру бағасы:	**1 000 теңге**
Эмитенттің акцияларын төлеу тәсілі:	**эмитенттің акциялары ақшамен төленді**
Эмитенттің акцияларын орналастырудан тартылған ақша қаражатының сомасы:	**102 837 204 000 теңге**

2

103

Эмитенттің акцияларын орналастырудан тартылған ақша қаражаттарының сомасы

102 837 204 000 ТЕҢГЕ

ДИВИДЕНДТЕР

Дивидендтік саясат қағидаттары Дивидендтік саясат туралы ережемен айқындалады.

Дивидендтік саясат мына қағидаттарға негізделген:

1. Жалғыз акционердің Қазақстан Республикасының заңнамасында, ҚазАгроҚаржы жарғысында, оның ішкі құжаттарында және корпоративтік басқарудың озық тәжірибесімен көзделген құқықтарын қатаң сақтау;
2. дивидендтік төлемдердің мөлшерін айқындау кезіндегі ҚазАгроҚаржы мен Жалғыз акционер мүдделерінің теңгерімі;
3. Жалғыз акционердің мүдделерін есепке алу және оның активтерін барынша молайту;
4. дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында және ҚазАгроҚаржы Жарғысында белгіленген шектеулерді сақтау;
5. орта мерзімді және ұзақ мерзімді дивидендтік саясаты ҚазАгроҚаржы дивидендтік саясатын қалыптастырудың негізгі қағидаттары мен тәсілдеріне сәйкес әзірлеу;
6. жоспарланған таза кіріс пен дивидендтерге қол жеткізуге ҚазАгроҚаржы Басқармасын уәждеуді қамтамасыз ету.

2023 жылға дивидендтер төлеу 2024 жылғы 18 маусымда 13 249 722 501 теңге 79 тиын мөлшерінде жүргізілді. Бір жай акцияға дивиденд мөлшері 128 теңге 84 тиын құрайды.

Төленген дивидендтер

Атауы	Өлш.бірл.	2022 (2021 жыл үшін)	2023 (2022 жыл үшін)	2024 (2023 жыл үшін)
Таза кіріс (шығын)*	мың теңге	17 301 745	20 619 374	**18 928 175,0**
Бір жыл ішінде жарияланған дивидендтер	мың теңге	12 111 222	10 309 687	**13 249 722,5**
Бір жыл ішінде төленген дивидендтер	мың теңге	12 111 222	10 309 687	**13 249 722,5**
Бір акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері **	мың теңге	146,21	124,46	**128,84**
Акцияның баланстық құны ***	мың теңге	1 774,30	1 889,28	**1 800,48**

* Дивидендтер төленген жылдың таза кірісі.

** Дивидендтер төленген жылдың пайдасы.

*** Дивидендтер төленген жылдың баланстық құны.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

Компания басшылығы мен оның жұмыскерлері өз жұмысында айқындық пен ашықтықтың негізгі қағидаттарын ұстанады. Компания барынша жариялылықты қамтамасыз етуге ұмтылады. Бірінші кезекте бұл жұмыс сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды, сондай-ақ Компания жұмыскерлері тарапынан құқыққа қарсы іс-қимылдарды болдырмауды қамтамасыз етуге арналған.

Компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша есепті жылғы қызметі.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның талаптарына сәйкес Компанияда 2021 жылы бекітілген «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар іске асырылады.

Компаниядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою болып табылады және мынадай міндеттерді шешу арқылы іске асырылады:

1. Компанияда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік жағдайын қалыптастыру;
2. Компания жұмыскерлерінде лауазымдық міндеттерін орындау кезінде адалдық пен ашықтық қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ететін құқықтық мәдениет пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлықты қалыптастыру;
3. жұмысқа қабылдау кезінде Компания контрагенттерінің және бос лауазымдарға үміткерлердің сенімділігіне кешенді тексеру жүргізу және Компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын ұстану міндеттемелерін растау;
4. сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары, сыбайлас жемқорлық белгілері бар тәртіптік теріс қылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарын жою;
5. Сыбайлас жемқорлық көріністерінің профилактикасы, сондай-ақ оларды уақтылы анықтау, олардың Компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзге субъектілерімен өзара іс-қимылын нығайтудың теріс салдарын болғызбау.

Компания мен оның жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ішкі саясат пен стандарттарды сақтауын қамтамасыз ету мақсатында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз қызметін жүзеге асырады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Компанияның Директорлар кеңесіне бағынатын және есеп беретін құрылымдық бөлімше болып табылады және өзінің міндеттері мен функцияларын іске асыру кезінде тәуелсіздік мәртебесіне ие.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жұмысының негізгі мақсаты (оған сондай-ақ Компанияда қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыру функциялары жүктелген) комплаенс-тәуекелдерді барынша азайту және мынадай міндеттерді орындау болып табылады:

1. компанияда комплаенс жүйесін енгізу, ұйымдастыру және дамыту;
2. комплаенс-тәуекелдерді басқару процестерін жетілдіру;
3. Компанияда оның қызметін регламенттейтін нормативтік-құқықтық талаптардың, ішкі қағидалардың, ұсынымдар мен стандарттардың сақталуын қамтамасыз ету;

4. Компанияның және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз етуге міндетті.

Басқа функциялармен қатар өз міндеттерін іске асыру кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет:

1. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шараларды үйлестіруді, олардың қызметін бақылауды және іске асырылуын мониторингтеуді жүзеге асырады;
2. комплаенс-тәуекелдерге бағалау жүргізеді, оның ішінде Компанияның негізгі бизнес-процестерінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшырауына бағалау жүргізуді қамтамасыз етеді;
3. Компания жұмыскерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық, өзге де өкілеттіктерді теріс пайдалану фактілері бойынша өтініштер мен хабарламаларды, оның ішінде «Жедел желі» бойынша келіп түсетін өтініштерді, Компанияға немесе оның жекелеген жұмыскерлеріне өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде шағымдары бар өтініштерді қарайды және талдайды;
4. Компанияның жекелеген жұмыскерлері мен бөлімшелерінің жұмысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою, сондай-ақ бизнес-процестерді оңтайландыру бойынша ұсынымдар береді;
5. комплаенс мәселелері бойынша, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында түсіндіру жұмыстарын және оқытуды жүргізеді.

Қажет болған жағдайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды жүргізу үшін жұмыс топтары құрылады, өзге бөлімшелердің жұмыскерлері тартылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз функцияларын жүргізу шеңберінде 2024 жылы Компания үшін сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдерді анықтаған жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа байланысты бұзушылықтарға байланысты есепті жыл ішінде Компанияға және оның жұмыскерлеріне қатысты сыбайлас жемқорлық жағдайлары және қабылданған шаралар болған жоқ. Өтініштерді, оның ішінде олар бойынша қызметтік тексерулер жүргізілген талдау нәтижелері бойынша Компания жұмыскерлерінің іс-қимылдарында сыбайлас жемқорлық құрамдас бөліктері расталған жоқ.

Есепті кезеңде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру шеңберінде Компанияның және оның филиалдарының барлық жұмыскерлері үшін келесі тақырыптар бойынша түсіндіру және мынадай оқыту іс-шараларын өткізді:

- «Global corruption Index 2023 сыбайлас жемқорлыққа қарсы рейтингі»;
- «Corruption perceptions index 2023»;
- «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу» (сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманың даму үрдістері, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің тиімді жүйесін құру үшін қолданылатын құралдарды көрсету);
- «Жаңа жылға арналған сыйлықтар: Жұмыс этикасы және сыйлықтарды тапсыру ережелері» және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді өздеріне қабылдаған адамдар үшін сыйлықтар бойынша жадынамалар ұсыну.

КОМПЛАЕНС-БАҚЫЛАУ

Компанияның Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 25 желтоқсандағы шешімімен (№12 хаттама) бекітілген 2024 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес 2024 жылғы 4 тоқсанда Компанияның ішкі аудит қызметі қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау бойынша аудит жүргізді.

Аудит нәтижелері бойынша Ішкі аудит қызметі қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жоятын қаруды таратуды қаржыландыруға (бұдан әрі – КЖ/ТҚ/ЖҚТҚІ) қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйесіне «қанағаттанарлық» рейтинг берді.

Компанияның қызметіне қатысты негізгі тәуекелдер мен елеулі проблемалар анықталған жоқ. Бұл ретте, кейбір кемшіліктер анықталып, қарау нәтижелері бойынша тиісті ұсынымдар берілді және Компанияның Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 11 наурыздағы шешімімен түзету/алдын алу іс-қимылдарының жоспары бекітілді, № 1 хаттама).

Аталған Жоспарға сәйкес мынадай іс-шараларды қамтитын 2025 жылға арналған іс-шаралар жоспарланды:

1. Компанияның қолданыстағы ішкі нормативтік құжаттарына өзгерістер (толықтырулар) енгізу, сондай-ақ жаңаларын әзірлеу.
2. Компания жұмыскерлерін оқытуды жүргізу.

Комплаенс-бақылау рәсімдерін жүзеге асыру шеңберінде КЖ/ТҚ/ЖҚТҚІ мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру жөніндегі функцияны орындайтын, Компанияның Директорлар кеңесіне есеп беретін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет КЖ/ТҚ/ЖҚТҚІ мақсатында ішкі бақылауды жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады және КЖ/ТҚ/ЖҚТҚІ бойынша ішкі контролерлерді және бірінші қорғаныс желісіндегі құрылымдық бөлімшелерді үйлестіріп, бақылауды жүзеге асыра отырып, қорғаныстың екінші желісіндегі қызметті қамтамасыз етеді.

Бұдан басқа, Ішкі бақылау қағидаларына сәйкес Компанияның КЖ/ТҚ/ЖҚТҚІ мақсаттары үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет оқу материалын және тест тапсырмаларын



әзірлеуді, оқу материалымен танысуды, тікелей оқытуды, түсініктемелер мен консультациялар беруді жүзеге асырады.

Оқыту мынадай курстар түрінде жүзеге асырылады:

1. кіріспе: Компания жұмыскерлеріне КЖ/ТҚ/ТҚҚ халықаралық және ұлттық КЖ/ТҚҚ/ ЖҚТҚІ жүйелері, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері және мақсатында қабылданған басқа да ішкі құжаттар туралы негізгі білім беру);
2. негізгі: Компания жұмыскерлеріне КЖ/ТҚҚ/ЖҚТҚІ туралы заңнамасын сақтау, Компанияның ішкі бақылау жүйесі мен оларды жүзеге асыру бағдарламаларының тиімділігін қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстату тәуекелдерін басқару және терроризмді қаржыландыру үшін жеткілікті деңгейде жетілдіру және қолдау үшін қажетті білім беру.

Қосымша оқыту Қазақстан Республикасының КЖ/ТҚҚ/ ЖҚТҚІ саласындағы заңнамасына өзгерістер енгізілген кезде, Компания КЖ/ТҚҚ мақсатында жаңа қағидаларды бекіткен немесе қолданыстағы ішкі бақылау қағидаларын өзгерткен кезде, сондай-ақ КЖ/ТҚҚ/ЖҚТҚІ саласында Компания жұмыскерлерінің білімін жаңарту мен жүйелеу, ФАТФ халықаралық стандарттарын оқыту, қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстату және терроризмді қаржыландырумен күресудің заманауи ұлттық және халықаралық әдістерімен таныстыру қажеттілігі туындаған кезде жүзеге асырылады.

Есепті кезеңде КЖ/ТҚҚ/ ЖҚТҚІ бағдарламасы бойынша оқудан өтті:

1. кіріспе курс бойынша – Компанияға және оның филиалдарына жаңадан қабылданған 61 жұмыс;
2. негізгі курс бойынша – 2023 жылғы желтоқсанда енгізілген КЖ/ТҚҚ/ЖҚТҚІ мақсаттарында Ішкі бақылау қағидаларына енгізілген өзгерістерді (толықтыруларды) ескере отырып жүргізілген қосымша оқыту шеңберінде 261 жаңадан қабылданған жұмыскерлер мен жұмыс істеп жүрген жұмыскерлер.

Компанияда қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және ҚазАгроҚаржыға терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және комплаенс-бақылау саясаты іске асырылады, оған сәйкес Компанияның Директорлар кеңесі:

1. Саясатты бекітеді;
2. осы Саясатты іске асыру мақсатында Компанияның КЖ/ТҚҚ/ЖҚТҚІ саласындағы ішкі бақылау қағидаларын бекітеді;
3. басқарушылық есептілікті қарайды және КЖ/ТҚҚ/ ЖҚТҚІ мақсаттарында ішкі бақылау шаралары бойынша шешімдер қабылдайды.

Осы мәселелердің барлығы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі оның қарауына енгізетін Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетте алдын ала талқыланады.

КЖ/ТҚҚ/ЖҚТҚІ саласындағы Компанияның ішкі бақылау жүйесіндегі басқарма:

1. КЖ/ТҚҚ/ЖҚТҚІ мақсатында ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуі үшін жағдайлар жасайды;
2. Компания жұмыскерлерінің КЖ/ТҚ қатысуына күдіктер мен фактілер бойынша жүргізілген тергеп-тексеру нәтижелерін қарайды және олар бойынша шешімдер қабылдайды.

2024 жылдың қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жоқ.

КОРПОРАТИВТІК ӘДЕП

ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 23 ақпандағы № 2 шешімімен ҚазАгроҚаржы Іскерлік әдеп кодексі (бұдан әрі – Кодекс) бекітілді[2].

Кодекс Қазақстан Республикасы заңнамасының, Компанияның Жарғысы мен ішкі құжаттарының, оның ішінде Компанияның Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне сәйкес, іскерлік мінез-құлық пен корпоративтік басқарудың танылған әлемдік стандарттары ескеріле отырып әзірленді және ҚазАгроҚаржы лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері басшылыққа алатын корпоративтік (іскерлік) әдептің негізін салушы құндылықтары мен қағидаттарын белгілейтін қағидалар жинағы болып табылады.

Кодекстің негізгі мақсаттары:

1. жоғары әдептік стандарттарға негізделген бірыңғай корпоративтік мәдениетті дамыту;
2. Компанияда сенім, өзара құрмет және әдептілік ахуалын сақтау;
3. Компанияның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері өз жұмысында басшылыққа алатын корпоративтік (іскерлік) әдеп пен мінез-құлық нормаларының негізін салушы құндылықтары мен қағидаттарын бекіту;
4. корпоративтік (іскерлік) мінез-құлықтың үздік практикасын қолдану арқылы мүдделі тараптармен тиімді өзара іс-қимыл жасау.

Компанияның корпоративтік мәдениетті қалыптастыруға қатысты мақсаты мынадай шарттарға қол жеткізуде болып табылады:

1. басшылар жұмыскерлерді нәтижеге жету үшін барынша күш салуға ынталандыратын ахуалды қалыптастырады;
2. төменнен бастамашылық ету мен инновация көтермеленеді;
3. өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі дамыту саналы қажеттілік болып табылады;
4. басшылар мен жұмыскерлер ортақ істің түпкілікті нәтижесіне және табыстылығына назар аударады;
5. әрбір басшы мен жұмыскерлер стратегиялық мақсаттарға қол жеткізудегі өз рөлі мен маңызын түсінеді;
6. әрбір шешім бизнестің әлеуметтік бағытталуы және негізгі мүдделі тараптарға бағдарлануы ескеріле отырып қабылданады.

Кодекс Компанияның өзге де ішкі құжаттарымен бірге қолданылады және Компанияның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің корпоративтік (іскерлік) әдеп пен мінез-құлық нормалары мен қағидаттарын қолдануға қатысты жұмысын көрсетеді.

Компанияның негізгі құндылықтары:

- **Кәсіби шеберлік:** кәсіби қызмет міндеттерін орындауға жоғары дайындық;
- **Команда:** бірлескен қызметтің арқасында жоғары нәтижелерге жету үшін ынтымақтасу;
- **Адалдық:** Компания ішіндегі, серіктестер мен клиенттерге қатысты адалдық;
- **Әлеуметтік жауапкершілік:** Компания қызметінің қоғамның мүдделі тараптарына ықпалы үшін жауапкершілік.

Компанияның барлық жұмыскерлері өздеріне Кодексте қатысты мынадай міндеттемелерді қабылдайды:

[2] www.kaf.kz/upload/iblock/a37/4vq8gd033lzxdit5fkpd1teisk7ple1t/Kodeks-korporativnoy-etiki_1.pdf

1. Кодексте белгіленген іскерлік әдеп талаптарын және тәртіп ережелерін мұқият зерделеу, түсіну және адал ұстану;
2. өзінің лауазымдық функциялары мен міндеттерін адал, кәсіби, тиімді және риясыз атқару;
3. өзіне қабылдаған міндеттемелері үшін мәртебесі мен лауазымына байланыссыз жауапкершілікте болу;
4. іскерлік әдеп қағидаттары мен мінез-құлық қағидаларын бұзу мәселелері бойынша тексеру жүргізу кезінде жәрдемдесу;
5. ақпараттық қауіпсіздік талаптары мен рәсімдерін сақтау.

Жоғарыда аталған міндеттемелерді Компанияның барлық жұмыскерлерінің қабылдағанын жұмысқа қабылдау кезінде қолдарын қойған келісімдері куәландырады.

Компания басшылығы Кодекс талаптарына сәйкес келетін басқарушылық шешімдерді ашықтық пен бейтараптық қағидаттарын ұстана отырып қабылдайды, өздері Кодекс талаптарына бейілділіктің үлгісі болады, қарамағындағы жұмыскерлер арасында командалық рухты қалыптастыруға, Компанияның ортақ миссиясымен, құндылықтарымен және қағидаттары негізінде ұжымды командаға біріктіруге уақыт бөледі. Компаниядағы корпоративтік басқару Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және бекіту қағидатына негізделген.

Компаниядағы корпоративтік басқару Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және бекіту қағидатына негізделген.

Корпоративтік басқару ережелері мен қағидаттарын сақтауды Компанияның Директорлар кеңесі жыл сайынғы негізде қарайды («Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есеп» бөліміндегі толық ақпарат).

Компания іскери серіктестермен шарттардың талаптарын сақтайды және оларға қатысты өз міндеттемелерін орындайды, сондай-ақ клиенттермен ұзақ мерзімді серіктестік қатынастар орнатуға мүдделі және олардың дамуына жан-жақты ықпал етеді. Осыған ұқсас ережелер Компанияның Корпоративтік басқару кодексінде қарастырылған. Компания іскери серіктестермен өзара пайда, құрмет, сенім, адалдық және әділеттілік негізінде өзара ықпалдасады. Компания тек сенімді іскери серіктестермен жұмыс істейді.

Компания іскери серіктестер алдындағы шарттық міндеттемелерін адал орындайды және олардан да осыны талап етеді, бұл шарттық келісімдермен бекітіледі.

Компанияның барлық жұмыскерлері, сондай-ақ іскери серіктестер мен мүдделі тараптар Кодекс талаптарына қатысты мәселелер және/немесе жұмыс барысында туындаған этикалық мәселелер, сондай-ақ еңбек жанжалдары бойынша Омбудсменге және Кодекс талаптарын бұзу және басқа да құқыққа қайшы әрекеттер (іскерлік этика және лауазымды тұлғалардың мінез-құлық қағидаттарын бұзу фактілерін Компанияның Директорлар кеңесі қарайды) фактілері бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке жүгінуге құқылы.

Осылай, Компанияның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 27 мамырдағы № 5 шешіміне сәйкес Компанияның Омбудсмені болып Акрачкова Дина Викторовна тағайындалды.

Омбудсменнің негізгі функциялары:

1. Кодекс ережелерінің сақталмауы туралы мәліметтер жинау;
2. барлық жұмыскерлерге Кодекстің ережелері бойынша консультация беру;
3. Кодекс ережелерінің бұзылуы жөніндегі дауларды қарауға бастамашылық ету және оларды реттеуге қатысу. Корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысына қатысты Омбудсмен өзінің іс-әрекеттерін корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын шешуге жауапты тұлғалармен үйлестіреді.

Кодекс ережелерін бұзу жағдайлары туындағанда Компания жұмыскерлері Омбудсменге жазбаша түрде де, ауызша нысанда да жүгінуге құқылы.

ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

Ішкі бақылау жүйесі (ІБЖ) – бұл Басқарма, Директорлар кеңесі Компанияның қаржы-шаруашылық қызметіне тиімді ішкі бақылауды қамтамасыз ету үшін айқындайтын және Компанияның өз мақсаттарына қол жеткізуіне және қызметті жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді барынша азайтуға бағытталған ұйымдастырушылық саясаттардың, рәсімдердің, мінез-құлық пен іс-қимыл нормаларының, ішкі бақылау әдістері мен тетіктерінің жиынтығы.

Компанияда оның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 6 қыркүйектегі № 9 шешімімен бекітілген ҚазАгроҚаржы ішкі бақылау жүйесі туралы саясат қолданылады. Саясат ІБЖ ұғымдарын, мақсаттары мен міндеттерін, оның жұмыс істеу қағидаттарын, ішкі бақылау рәсімінің негізгі бағыттары мен негізгі компоненттерін, сондай-ақ ішкі бақылау субъектілерінің Компанияның ішкі бақылау жүйесінің рәсімдерін орындауға және оларды бағалауға қатысты құзыреті мен жауапкершілігін айқындайды.

Бұдан басқа, Компанияда ІБЖ-нің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету тәртібін айқындау мақсатында Басқарманың 2019 жылғы 5 тамыздағы № 24 шешімімен Компанияның ішкі бақылау жүйесі туралы саясатты іске асыру қағидалары бекітілді.

Компанияның ішкі бақылау жүйесі мынадай қағидаттарға негізделген:

1. **тұтастық –** ішкі бақылау жүйесі Компанияның барлық деңгейлеріндегі басқару жүйесінің ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады;
2. **кешенділік –** ішкі бақылау жүйесі Компания қызметінің барлық бағыттарын қамтиды, бақылау рәсімдері басқару жүйесінің барлық деңгейлерінде Компанияның барлық бизнес-процестерінде орындалады;
3. **жұмыс істеудің үздіксіздігі –** жоспарланған деректерден кез келген ауытқуларды уақтылы болдырмауға және анықтауға мүмкіндік беретін ішкі бақылау жүйесінің тұрақты және тиісті жұмыс істеуі;
4. **жауапкершілік –** ішкі бақылау жүйесінің барлық субъектілері Компанияның ішкі нормативтік құжаттарында бекітілген өз өкілеттіктері шеңберінде бақылау рәсімдерінің тиісінше орындалуына жауапты болады;
5. **міндеттерді бөлу –** Компания жауапкершіліктің бөлінбейтіндігі (әрбір жеке бақылау рәсімінің орындалуы үшін жауапкершілік ішкі бақылау жүйесінің бір ғана қатысушысына ғана бекітіледі) және бақылау функцияларының аражігін ажырату қағидатын басшылыққа алады (функциялар лауазымды тұлғалар мен ҚазАгроҚаржы жұмыскерлері арасында бір адам белгілі бір активтермен операцияларды бекітуге байланысты функцияларды біріктірмейтіндей етіп бөлінеді, операцияларды есепке алу, активтердің сақталуын қамтамасыз ету және оларды түгендеу және т. б.);
6. **ішкі бақылау жүйесіне қатысушылардың есептілігі –** ішкі бақылау жүйесіне тартылған әрбір адамның міндеттері мен міндеттемелерін орындау сапасы мен уақтылығын ішкі бақылау жүйесіне жоғары тұрған қатысушы бақылайды;

7. **әдіснамалық базаның бірлігі –** барлық филиалдар үшін ішкі бақылау саласындағы стандарттарды қолданудың бірыңғай тәсілі;
8. **операцияларды тиісінше мақұлдау және бекіту –** Компания уәкілетті органдар мен тұлғалардың тиісті өкілеттіктері шегінде барлық қаржы-шаруашылық операцияларды бекіту тәртібін белгілеуге ұмтылады;
9. **бақылаудың кез келген елеулі кемшіліктері мен әлсіз жерлері туралы хабарламаларды уақтылы беру –** Компанияда бақылаудың кез келген елеулі кемшіліктері мен әлсіз жерлерін жою туралы шешім қабылдауға уәкілетті органдарға және/немесе адамдарға тиісті ақпаратты берудің барынша қысқа мерзімдері белгіленуге тиіс;
10. **үздіксіз даму және жетілдіру –** ішкі бақылау рәсімдері Компанияның жұмыс істеуінің ішкі және сыртқы жағдайларының өзгерістеріне және туындаған жаңа міндеттерге бейімделуін ескере отырып, қолданыстағы ішкі бақылау жүйесін жақсарту үшін кемшіліктер мен салаларды тұрақты анықтауға, сондай-ақ тиісті түзету іс-шараларын қолдануға және олардың орындалуына мониторинг жүргізуге бағытталуы тиіс.

Компанияның ішкі бақылау жүйесі өзара тәуелді бес компоненттен тұрады:

1. бақылау ортасы;
2. тәуекелдерді бағалау;
3. бақылау рәсімдері;
4. ақпарат және оны беру;
5. мониторинг.

Ішкі бақылау жүйесіне қатысушылардың құзыреті олардың ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, бекіту, қолдану және тиімділігін бағалау процестеріндегі рөлдеріне байланысты бөлінеді.

Ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету бизнес-процестердің барлық иелеріне жүктелген, алайда бірінші кезекте ішкі бақылау жүйесіне жауапты Компанияның құрылымдық бөлімшесінің басшылары мен жұмыскерлері жауап береді, оларға күнделікті негізде тиімді ішкі бақылауды қолдау бойынша тиісті міндеттер жүктеледі.

Ішкі бақылауды жүзеге асыру мақсатында Компанияда үш желілік қорғаныс құрылды:

- **бірінші қорғаныс желісі:** Компанияның құрылымдық бөлімшелерінде Компания жұмыскерлерінің қатарынан;
- **екінші қорғаныс желісі:** бақылау функцияларын жүзеге асыратын Компанияның құрылымдық бөлімшелері (Қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы ҚР заңнамасын сақтау; Компанияның тәуекелдерін басқаруды бақылау; Компанияның экономикалық және ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бақылау; Компания қызметінің ҚР Заңнамасына сәйкестігін және контрагенттерді құқықтық бағалауды бақылау; кадр саясатын іске асыруды қамтамасыз етуді бақылау Компания және персоналды басқару; Компания филиалдарының кредиттік-лизингтік қызметін бақылау);
- **үшінші қорғаныс желісін** Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау арқылы ішкі аудит қызметі қамтамасыз етеді.

Осылайша, Компанияның ішкі бақылау жүйесі корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады, басқарудың барлық деңгейлерін, Компанияның барлық ішкі процестері мен операцияларын қамтиды.



2024 жылы Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 23 желтоқсандағы № 15 шешімімен бекітілген ҚазАгроҚаржы ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жөніндегі 2022-2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру аяқталды. 2024 жылғы жоспардың орындалуы жөніндегі есеп Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 11 наурыздағы № 1 шешімімен бекітілген.

Компания бұдан әрі ішкі бақылау жүйесін дамытуды және оның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуді жалғастырады.

ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

Ішкі аудит қызметінің (бұдан әрі – ІАҚ) жұмысы ішкі аудит қызметі туралы ережеге және әдеп кодексін, сапа стандарттары мен Ішкі аудиторлардың халықаралық институты белгілеген ішкі аудиторлар қызметінің стандарттарын қолдануға негізделетін ішкі аудитті ұйымдастыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

ІАҚ миссиясы Директорлар кеңесі мен Басқармаға олардың Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу бойынша міндеттерін орындауға көмектесу болып табылады. ІАҚ мақсаты Директорлар кеңесіне Компанияда тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультациялар беру болып табылады.

ІАҚ Компанияның тәуекелдер мен стратегиялық міндеттерін ескере отырып, 2024 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспар (ЖАЖ) әзірледі. ЖАЖ Компания үшін стратегиялық маңызы бар негізгі бизнес-процестерді қамтиды. 2024 жылға арналған ЖАЖда көзделген аудиторлық тапсырмалар толық көлемде және белгіленген мақсаттарға сәйкес орындалды. Орындалған аудиторлық тапсырмалар шеңберінде ұсынылған ІАҚ ұсынымдары Компания басшылығына тәуекелдерді басқару міндеттерін шешуде және ішкі бақылаудың тиімді жүйесін құруда көмек көрсетуге бағытталған. 2024 жыл ішінде ІАҚ Директорлар кеңесінің қарауына есептерді (тоқсандық және жылдық) жүйелі түрде ұсынып отырды. ІАҚ тоқсан сайынғы негізде ІАҚ/сыртқы аудитор ұсынымдарына мониторинг жүргізді және оның нәтижелерін Директорлар кеңесіне мерзімді есептер шеңберінде берді. Компания Басшылығы ІАҚ ұсынымдарының орындалуына тиісті бақылау белгіленеді. ІАҚ өз құзыреті шегінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-мен, сыртқы аудиторлармен өзара іс-қимыл жасайды. ІАҚ тұрақты кәсіптік оқыту және ІАҚ жұмыскерлерінің біліктілігін арттыру бойынша шаралар қабылдайды. Осылайша, 2023 жылы ІАҚ басшысы мен жұмыскерлерін кәсіптік оқыту жоспары орындалды, онда CIA сертификаттау және ІАҚ жұмыскерлерінің практикалық дағдыларын дамыту шеңберінде оқыту шаралары қарастырылған. Сонымен қатар, ІАҚ жұмыскерлері Қазақстанның Ішкі аудит институты өткізетін тренингтер мен семинарларға белсенді қатысады. Есепті жылы ІАҚ басшысы CIA сертификатын жыл сайын ұзарту үшін CPE сағаттарын растады. CIAсертификаты 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзартылды.

Компанияда Сапаны қамтамасыз ету және жақсарту бағдарламасы бар. Компанияның Директорлар кеңесі ІАҚ жұмыскерлерінің жұмыс сапасын бағалау өлшемшарттарын әзірледі және бекітті, бағалау нәтижелері ІАҚ қызметінің тиімділігін бағалау шеңберінде Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылады. ІАҚ ГАП құрастыру, әдістемелер мен рәсімдерді, сондай-ақ аудиторлық тапсырмалардың мақсаттарына қол жеткізу үшін жұмыс көлемін таңдау кезінде тәуелсіз. ІАҚ жұмыскерлері кейіннен бағаланатын қызмет түрлеріне тартылмайды.

2022 жылы ІАҚ қызметіне ішкі аудиттің кәсіби тәжірибесінің халықаралық негіздерінің (ІАКПХН) тауарларын қолдану үшін сақтауы міндетті тәуелсіз бағалау жүргізілді: ішкі аудитті, стандарттарды айқындау, сондай-ақ ішкі аудиторлардың Әдеп кодексін сақтауына тәуелсіз бағалау жүргізілді.

Сапаны қамтамасыз ету және жоғарылату бағдарламасы ІАҚ қызметінің сапасына жыл сайын ішкі бағалауды (өзін-өзі бағалау) жүргізуді көздейді. Жыл сайынғы өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша ІАҚ қызметін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітіледі.

ІАҚ қызметі Компанияның өнімділігі мен жұмыс тиімділігінің артуына әкелетін оң өзгерістерді ұсына отырып, ҚазАгроҚаржының құндылығын ұдайы жетілдіруге және арттыруға бағытталған.

СЫРТҚЫ АУДИТ

ҚазАгроҚаржының 2024 жылғы қаржылық есептілігіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйым ретінде KPMG International Limited компаниялар тобына кіретін «КПМГ Аудит» ЖШС белгіленді.

Аудитордың сыйақысы, мың теңге

Қызметтер	2022	2023	2024
Жылдық аудит	53 312	58 643	81 176
Жартыжылдық шолу	22 848	25 133	34 789
Жиыны	**76 160**	**83 776**	**115 965**

Қаржылық есептілік аудитімен байланысты емес аудиторлық ұйымның қызметтерін мақұлдау бойынша сыртқы аудитор мен аудиторлық ұйымның негізгі персоналын тағайындау мен ротациялауға қатысты Компания Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы шешімімен бекітілген сыртқы аудит саясатын басшылыққа алады.



ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

138 – Тәуекелдерді басқару жүйесі
144 – Тәуекелдерді талдау

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Тәуекелдерді басқару ҚазАгроҚаржы корпоративтік басқару жүйесінің негізгі құрамдас бөліктерінің бірі, сондай-ақ Компанияның стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізу үшін тәуекелдерді уақтылы сәйкестендіруге, бағалауға, мониторингтеуге және оларды төмендету жөнінде шаралар қабылдауға бағытталған Компанияның әрбір жұмыскерінің әр процесі мен функционалдық міндеттерінің ажырамас бөлігі болып табылады.

ҚазАгроҚаржы тәуекелдерді басқару жүйесі (бұдан әрі – ТБЖ) біртұтас процеске біріктірілген өзара байланысты элементтерден тұрады және Компанияның атқарушы органы мен басқару органын тәуекелдер туралы уақтылы ақпаратпен және оларды азайту жөніндегі шешімдермен қамтамасыз ететін процестер мен рәсімдер жүйесін қамтиды.

ҚазАгроҚаржы тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі мақсаты – Компания қызметінің негізгі бағыттарының сенімді жұмысын қамтамасыз ету, олардың тұрақты дамуын қолдау, акционер, клиенттер, реттеуші және басқа да мүдделі тұлғалар алдындағы міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру.

КОМПАНИЯНЫҢ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ПРОЦЕСІНІҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ:

Тұтастық – тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі бөлінісінде Компанияның жиынтық тәуекел элементтерін қарау

Ашықтық – тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін дербес немесе оқшауланған ретінде қарауға тыйым салу

Хабардарлық – тәуекелдерді басқару объективті, шынайы және өзекті ақпараттың болуымен қатар жүреді

Үздіксіздік – тәуекелдерді басқару процесі тұрақты негізде жүзеге асырылады

Циклдік – тәуекелдерді басқару процесі оның негізгі компоненттерінің үнемі қайталанатын циклі болып табылады

Құрылымдық – тәуекелдерді басқарудың кешенді жүйесі нақты құрылымға ие

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Директорлар кеңесі	**Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитет**	Тәуекелдерді басқару жүйесін қолдануды қамтамасыз ету, тәуекел-тәбет және тәуекелге төзімділік деңгейлерін белгілеу
Басқарма	**Тәуекелдер жөніндегі комитет**	Тәуекелдерді басқару регламентін, тәуекел-тәбет және тәуекелге төзімділік деңгейлері мен лимиттерін сақтау қағидаларын әзірлеу арқылы басқару саясатын іске асыру
	Кредиттік комитет	
Тәуекел-менеджмент		Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау, тәуекелдерді басқару, бақылау, мониторингтеу жөніндегі шараларды қабылдау, тәуекел-тәбет және тәуекелге төзімділіктің бекітілген деңгейлерінің сақталуын бақылау
Құрылымдық бөлімше		Өз құзыреті шеңберінде тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау, тәуекел-тәбет және тәуекелге төзімділік деңгейлерін сақтау жөніндегі іс-шараларды іске асыру
Ішкі аудит қызметі		Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің тиімділігінбақылау және бағалау

Компаниядағы ТБЖ құрылымы Компанияның мынадай органдары мен бөлімшелерін – Директорлар кеңесін, Басқарманы, тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімшені, ішкі аудит қызметін, өзге де құрылымдық бөлімшелерді тарта отырып, бірнеше деңгейдегі тәуекелдерді басқарудан тұрады:

Бірінші деңгейді Компанияның Директорлар кеңесі ұсынады – ТБЖ қадағалауын жүзеге асыруда шешуші рөл атқарады. Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару саласындағы функциялардың бір бөлігін Директорлар кеңесі жанынан тиісті комитеттер – Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитет құру арқылы жүзеге асырады;

Екінші деңгей – Компания Басқармасы – тиімді ТБЖ ұйымдастыруға және корпоративтік саясаттардың орындалуын және сақталуын қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді бақылау құрылымын құруға, Компанияның тәуекел-менеджмент саясаты мен философиясын көрсететін «тәуекелдерді түсіну» мәдениетін (тәуекел-мәдениет) құруға жауапты. Басқарма тәуекелдерді басқару саласындағы функциялардың бір бөлігін тиісті комитеттер – Тәуекелдер жөніндегі комитет және Кредиттік комитет құру арқылы жүзеге асырады;


Үшінші деңгей – тәуекелдерді басқару жүйесін үйлестіру үшін жауапты Компанияның құрылымдық бөлімшесі – Тәуекел-менеджмент департаменті жауапкершілігі, өкілеттіктері мен талаптары Тәуекелдерді басқару саясатында, Тәуекелдерді басқару қағидаларында, Құрылымдық бөлімше туралы ережелерде және лауазымдық нұсқаулықтарда көзделген Компанияның басқа құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимыл жасау кезінде тәуекелдерді басқару жүйесін үйлестіруге жауапты.

Компанияның ІАҚ тәуекелдерді басқару процесінде мынадай негізгі функцияларды жүзеге асырады:


- тәуекелдерді басқару рәсімдерінің аудиті және тәуекелдерді бағалау әдіснамасы, сондай-ақ тәуекелдерді басқару рәсімдерінің тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- Компанияның Директорлар кеңесі үшін ТБЖ тиімділігін бағалау жөніндегі есепті, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін тәуелсіз бағалау туралы есепті қажетіне қарай ұсыну.

Осылайша, Компаниядағы ТБЖ құрылымы ақпараттың барабар – тігінен және көлденеңінен – ағынын қамтамасыз етеді. Бұл ретте «төменнен жоғарыға» келіп түсетін ақпарат Компанияның Директорлар кеңесі мен Басқармасын ағымдағы қызмет туралы, қызмет барысында қабылданған тәуекелдер, оларды бағалау, бақылау, ден қою әдістері және оларды басқару деңгейі туралы мәліметтермен қамтамасыз етеді. Жоғарыдан төменге бағытталған ақпарат ішкі құжаттарды, регламенттер мен тапсырмаларды бекіту арқылы мақсаттарды, стратегияларды және қойылған міндеттерді соңына дейін жеткізуді қамтамасыз етеді. Ақпаратты көлденеңінен беру Компания ішіндегі құрылымдық бөлімшелер мен өзге де жұмыскерлердің өзара іс-қимылын және Компаниядағы тәуекелдерді басқару жүйесін үйлестіруге жауапты құрылымдық бөлімшелердің өзара іс-қимылын білдіреді.

ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ



ҚОҒАМНЫҢ ТБЖ ҰЙЫМДАСТЫРУ АРХИТЕКТУРАСЫ





«ҚазАгроҚаржы» АҚ ТБЖ – бұл Компанияның Директорлар кеңесі, Басқармасы және жұмыскерлері әрқайсысы өз деңгейінде Компанияның қызметіне әсер етуі мүмкін ықтимал жағымсыз оқиғалар мен мүмкіндіктерді анықтауға, сондай-ақ негізгі мүдделі тараптар үшін қолайлы тәуекел деңгейі шеңберінде осы оқиғаларды басқаруға қатысатын бірыңғай процеске біріктірілген өзара байланысты компоненттер жиынтығы.

2024 ЖЫЛЫ ТБЖ-НЫҢ ДАМУЫ

Компанияда тәуекелдерді нақты сәйкестендіруді, тиімді басқаруды және тұрақты мониторингтеуді қамтамасыз етуге арналған және Компанияның қызметіне теріс факторлардың әсерін шектеу арқылы қызметтің тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған тәуекелдерді басқарудың формалданған, егжей-тегжейлі әзірленген жүйесі жұмыс істейді.

Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін жетілдіру мен жүйелі дамытуды жүзеге асыру мақсатында Компанияда тәуекелдерді басқару жүйесін бағалау жүргізілді (ТБЖ қорытынды рейтингі 88% құрады, бұл «жетілген» тиімділік деңгейіне сәйкес келеді). Бағалау қорытындысы бойынша тәуекелдерді басқару корпоративтік жүйесінің тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша түзету және/немесе алдын алу іс-қимылдарының жоспары бекітіліп, орындалады.

ҚазАгроҚаржы тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын қамтитын ҚазАгроҚаржының тәуекелдерді басқару жүйесін дамыту стратегиясы әзірленді және іс-тәжірибеде қолданылады.

ТБЖ дамуының жоғары тиімділігі есебінен дамудың тұрақтылығын сақтау үшін, сондай-ақ тәуекелдің қолайлы деңгейінің сақталуын мониторингтеу және бақылау мақсатында Компания тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізеді:

- ІАҚ ТБЖ және/немесе тәуелсіз сарапшының тиімділікке мерзімді бағалау жүргізу;
- тәуекел-тәбеттің өзгеруіне әсер ететін тәуекел факторларын бақылау;
- тәуекел-тәбетті мониторингтеу;
- тәуекелдерді ескере отырып, барлық қолдау көрсететін бизнес-процестер бойынша ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу және өзектендіру;
- тәуекелдерді бағалау процесін автоматтандыру;
- тәуекел-тәбетке қатысты есептілікті қалыптастыру және ұсыну шеңберінде коммуникациялар арналарының мониторингі;
- тәуекел-менеджмент құралдарын өзектендіру нұсқаларын пысықтау (предиктивтік аналитика, стресс-тестілеу, бэк-тестілеу және т.б.);
- тәуекел мәдениетінің деңгейін арттыру және оның барлық жұмыскерлерінің тәуекелдерді басқару процесіне тартылуы бойынша іс-шаралар өткізу.

Компанияда тәуекелдерді сәйкестендіру, оларды бағалау және тәуекелдерді басқару жөніндегі шараларды әзірлеу тұрақты жүзеге асырылады. Компания өз қызметін бизнеспен байланысты және стратегиялық тәуекелдер, кредиттік тәуекелдер, қаржылық тәуекелдер, операциялық тәуекелдер, аудиторлық тәуекелдер, құқықтық тәуекелдер, экологиялық тәуекелдер, комплаенс-тәуекелдер және т.б. санаттар бойынша бөлінген тәуекелдердің кең спектрін ескере отырып жүргізеді.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету, құрылымдық бөлімшелер арасындағы тәуекел-коммуникацияны жақсарту үшін Компания Басқармасы жанынан Тәуекелдерді басқару комитеті жұмыс істейді, оның құзыретіне мәселелерді, соның ішінде тәуекелдер тіркелімін, тәуекелдер картасын, тәуекелдер мен бақылаулар матрицасын, тәуекел-тәбетті, әрбір тәуекел бойынша төзімділік деңгейлерін және лимиттерді, негізгі тәуекел көрсеткіштері мәселелерін алдын ала қарау кіреді.

Компанияда оның Басқармасы мен Директорлар кеңесі үшін тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептілік енгізілді. Бұл ретте тәуекелдер жөніндегі есептерде ашылатын тәуекелдер туралы ақпараттың мазмұнын Компанияның Директорлар кеңесі мен Басқармасы тәуекелдердің ағымдағы жай-күйі және қабылданатын ден қою шаралары, бақылау ортасындағы өзгерістер, тәуекелдерді басқару процесіндегі елеулі ауытқулар, тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылауды жетілдіру жөніндегі іске асырылатын шаралар туралы мәліметтермен қамтамасыз етеді.

Компания қызметті жүргізудің тәуекелге бағдарланған мәдениетін дамытуға мүдделі. Компаниядағы тәуекел мәдениеті оның барлық жұмыскерлерін тәуекелдерді басқару процесіне тарту арқылы, сондай-ақ Директорлар кеңесі, Басқарма және Компания жұмыскерлері арасында үнемі ақпарат алмасу арқылы дамиды.


88 %

ТБЖ қорытынды рейтингі 88% құрады,

БҰЛ «ЖЕТІЛГЕН» ТИІМДІЛІК ДЕҢГЕЙІНЕ СӘЙКЕС КЕЛЕДІ

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ

Бүгінгі таңда тәуекелдерді басқару нарықтық экономикада жұмыс істейтін кез келген ұйымның негізгі аспектісі болып табылады. Себебі тәуекел факторлар әртүрлі қызмет салаларында пайда болады және белгілі бір тәуекелді басқару әдісі туралы тиісті шешімді уақтылы анықтау, талдау және қабылдау Компанияға дағдарыстық құбылыстарды болдырмауға мүмкіндік береді және осылайша Компанияның қорғаныс механизмі де, сәттілік факторлар болып табылады.



ҚазАгроҚаржыда тәуекелдерге тиімді әсер ету қабілетіне бағытталған және Компанияның табысты жұмыс істеуіне, қаржылық тұрақтылығына, жоғары бәсекеге қабілеттілігіне және тұрақты пайдасына мүмкіндік беретін тәуекелдерді басқару жүйесі жұмыс істейді.

Компания өз қызметін негізгі қызметпен байланысты және стратегиялық тәуекелдер, орнықты даму тәуекелдері, кредиттік тәуекелдер, қаржылық тәуекелдер, операциялық тәуекелдер, құқықтық тәуекелдер және комплаенс-тәуекелдер санаттары бойынша бөлінген тәуекелдердің кең ауқымын ескере отырып жүргізеді.

Тәуекелдерді сәйкестендіру мен бағалау процесін ұйымдастыру және үйлестіру, сондай-ақ тәуекел иелерімен келісу жөніндегі жұмыстың нәтижелері бойынша Компанияда оның барлық тәуекелдері туралы ақпаратты қамтитын құрал болып табылатын тәуекелдер картасы мен тіркелімі қалыптастырылды. Тәуекелдер тіркелімінің нысаны мен егжей-тегжейлі деңгейі Компанияның ТБЖ дамыған және жетілдірілген сайын өзгеруі мүмкін.

Тәуекелдер тіркелімі тоқсан сайынғы негізде немесе көбінесе Компанияның құрылымдық бөлімшелері жаңа тәуекелдерді сәйкестендіру кезінде ұсынатын тәуекелдер туралы ақпараттың түсуіне немесе бар тәуекелдердің мәртебесінің өзгеруіне байланысты қайта қаралады, нақтыланады және толықтырылады.

Компаниядағы тәуекелдер тіркелімі барлық белгілі тәуекелдерді егжей-тегжейлі қарастырады және сипаттамасын, санатын, себебін, ықтималдығын, мақсаттарға әсерін, болжамды жауап әрекеттерін, тәуекел иелерін, ағымдағы жағдайын тәуекелдерді басқару шараларын ескерту/реактивті екенін көрсете отырып қамтиды.

Компания өзінің қаржылық жағдайына және мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге айтарлықтай әсер етуі мүмкін тәуекелдерге көп көңіл бөледі. Сыни тәуекелдерді басқару жөніндегі жоспарлар тоқсан сайын Компанияның Директорлар кеңесінің шешімімен карта және тәуекелдер тіркелімі шеңберінде қаралып бекітіледі және Компанияның барлық құрылымдық бөлімшелерінің орындауы үшін міндетті болып табылады.

Төменде Компанияның 2024 жылғы негізгі тәуекелдерінің сипаттамасы берілген.

Кредиттік тәуекел – NPL 90+ деңгейін жоғарылату

Контрагенттің төлем қабілеттілігінің төмендеуі нәтижесінде туындайтын Компанияның қаржы активтері бойынша ықтималды қаржылық шығындарды жабу үшін қаржылық шығындарды мойындау және/немесе резервтерді (провизияларды) қосымша есептеу арқылы іске асырылады.

Субсидиялау процесінің 2023 жылдың қаңтарында Qoldau.kz жүйесінен жаңа платформаға ауысу процесі тәуекел факторлар болды.

2023 жылғы қаңтардан бастап барлық бағыттар бойынша АӨК субсидиялау gosagro.kz веб-порталында жаңа мемлекеттік ақпараттық субсидиялау жүйесін (бұдан әрі – МАСЖ) пайдалана отырып, тегін негізде жүзеге асырылады. Бүгінгі таңда МАСЖ-да ҚазАгроҚаржы қатысушысы болып табылатын барлық субсидиялау бағдарламалары бойынша функционал жұмыс істейді.

Тәуекелді төмендету мақсатында Компания кредиттік тәуекелді азайту – NPL 90 + деңгейін көтеру бойынша бірқатар ескерту шараларын қарастырады:

- клиенттер жүгінген жағдайда техникалық қайта құрылымдауды ұсыну мүмкіндігін қарау;

- аванстық өз қаражаты есебінен төлеу мүмкіндігі туралы мәселені пысықтау және т.б.

Жалпы алғанда, Компанияда кредиттік тәуекелді басқарудың тиімді жүйесінің болуы лизингтік компаниялар арасында кредиттік портфель сапасының ең жақсы көрсеткіштерінің бірін сақтауға мүмкіндік береді. Кредиттік портфельдің сапасын бақылау жүйесі келесі іс-шараларды қамтиды:

- кредиттік тәуекелді тұрақты бағалау және мониторингтеу, сондай-ақ осы процестерді жетілдіру іс-шаралары;
- Компанияның қарыз алушыларына және ұсынылатын кепілмен қамтамасыз етуге қойылатын ішкі кредиттік талаптар жүйесін жетілдіру;
- байланысты тараптардың топтарына, сондай-ақ Компанияның кредиттік алқалы органдарының өкілеттік деңгейіне белгіленетін кредиттік тәуекел лимиттерін есептеу және айқындау;
- Компанияның проблемалық активтерін басқару рәсімдерін, сотқа дейінгі және сот арқылы өндіріп алу рәсімдерін жетілдіру.

Барлық қарастырылып отырған жобалар мен қолданыстағы жобалар кредиттік тәуекелді айқындаудың орталықтандырылған сараптамасынан өтеді, тәуекел деңгейін төмендету бойынша іс-шаралар ұсынылады.

Компанияның кредиттік тәуекелдерін азайту мақсатында 2023 жылы портфельді әртараптандыру, өтінімдерді талдау сапасынарттыру, қарыз алушылардың қаржылық жағдайына мониторинг жүргізу бойынша іс-шаралар жүргізілді.

Стратегиялық тәуекел – геосаяси жағдайдың Компанияның қаржы-шаруашылық қызметіне әсері.

Соңғы бірнеше жылда әлем мен қаржы нарықтары көптеген күйзелістерді бастан өткерді. Олардың арасында коронавирустық инфекция пандемиясы, ҚХР-дағы экономикалық құлдырау, энергия тасымалдағыштарға бағаның өсуі, Ирандағы және басқа да бірқатар елдердегі тәртіпсіздіктер, ақша-несие саясатының жаһандық қатаңдауы, ақырында Ресей Федерациясы мен Украина қақтығысы.

Геосаяси жағдайдың Компанияның қаржы-шаруашылық қызметіне әсер ету тәуекелі деп шекаралардың жабылуына, санкциялардың жүргізілуіне байланысты АШТ жеткізуді орындамау тәуекелі түсініледі. Бүгінгі күнге дейін техниканы Қазақстанға тасымалдау бойынша қиындықтар бар. Жеткізу бойынша негізгі проблемалар Украинаның Қазақстан Республикасына өндіріс техникасын сататын барлық жеткізушілерде бар. Лизинг заттарын уақтылы жеткізбеу әлемдегі қалыптасқан геосаяси жағдайдың, валюта бағамдарының күрт секіруінің, логистикалық тізбектердің бұзылуының және мемлекетаралық санкциялардың ұлғаюының нәтижесінде орын алады.

Әлемдегі геосаяси жағдайға байланысты Компанияда қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспары әзірленді, оған бақылауды күшейту және санкцияларға жол бермеу/қарсы іс-қимыл жөнінде шаралар қабылдау, АШТ/жабдықтарды жеткізушілерге және олардың қатысушыларына/акционерлеріне/басшыларына санкциялар салу туралы ақпаратты анықтау үшін әртүрлі интернет-ресурстарға мониторинг жүргізу тұрғысынан Қазақстан Республикасы заңнамасының мониторингін жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар кіреді.

Операциялық тәуекел

Тәуекелді іске асыруға әкелетін оқиғаларға IT, әкімшілік-шаруашылық қызмет саласындағы факторлар, адами факторлар, сондай-ақ сыртқы оқиғалар жатады.

Операциялық тәуекелді азайту мақсатында ақпараттық жүйелерді қосымша автоматтандыру және баптау, Компанияның үздіксіз жұмыс істеуі үшін құралдар мен шаралармен уақтылы қамтамасыз ету, жұмыскерлерді оқыту және т.б. бойынша жұмыстар жүргізілді.

Компания өз жұмысында операциялық тәуекелді басқарудың келесі әдістерін қолданады:

- операциялық шығындар дерекқорын қалыптастыру;
- персоналдың қажетті біліктілік деңгейін қамтамасыз ету, персоналдың біліктілік деңгейін арттыру;
- процестер мен технологияларды автоматтандыру, әсіресе үлкен жұмыс көлемімен байланысты салаларда.

Осы тәуекелді азайту мақсатында контрагент-банктердің тұрақты мониторингі жүзеге асырылады, лимиттер қайта қаралады, жеткізушілерменжәне клиенттермен тұрақты өзара іс-қимыл жүзеге асырылады.

Комплаенс-тәуекел

Комплаенс-тәуекелдің орын алуына әкелуі мүмкін оқиғаларға Қазақстан Республикасы заңнамасының, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің, Компанияның ішкі құжаттары мен процедураларының, сондай-ақ шет мемлекеттердің Компанияның қызметіне ықпал ететін және Қазақстан Республикасы мойындаған заңнамасының талаптарын сақтамау салдарынан заңдық санкциялардың қолданылуы жатады.

Комплаенс-тәуекелді барынша азайту мақсатында Компания Қазақстан Республикасы заңнамасының, шет мемлекеттердің Компанияның қызметіне ықпал ететін және Қазақстан Республикасы мойындаған заңнамасының, Компанияның ішкі ережелері мен процедураларының және жалпы қабылданған мінез-құлық нормаларының талаптары қатаң және мүлтіксіз сақталуын мониторингтеп отырды және бақылады.

Тұрақты даму тәуекелдері – экологиялық ESG тәуекелі

Бұл тәуекелдің толық сипаттамасы климаттың өзгеруі бөлімінде берілген.



МАРКЕТИНГТІК ҚЫЗМЕТ

150 Ақпараттық саясат
154 Брендинг және PR саласындағы қызмет



АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТ

Ақпаратты ашып көрсету Компанияның мүдделі тараптармен өзара ықпалдасуының аса маңызды құралдарының бірі болып табылады, ол барлық стейкхолдерлермен ұзақмерзімді, мөлдір және сенімді қарым-қатынастың қалыптасуына ықпал етеді, сонымен қатар Компанияның инвестициялық тартымдылығын арттырады.

ҚазАгроҚаржы әр түрлі мүдделі тараптар үшін ақпараттың жоғары сапалы ашылуын қамтамасыз етуге және мөлдірлік деңгейін арттыруға ұмтылады.

Мүдделі тараптардың мүдделерін қанағаттандыру үшін Компания Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ақпаратты, сондай-ақ қаржылық жағдай, қызметтің нәтижелері, меншіктіңжәнебасқарудыңқұрылымын қоса, қызмет туралы ақпаратты уақытылы және сенімді түрде ашып көрсетеді.

Компанияда ақпаратты ашып көрсетудің қағидаттарын, нысандары мен тәсілдерін, ақпаратты ашып көрсету үшін жауапты тұлғалар тобын (органдарды), мүдделі тараптарға ашып көрсетуге жататын жалпыға қолжетімді ақпараттың тізбесін, сонымен қатар коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпараттың тізбесін анықтайтын Компания қызметі туралы ақпаратты ашып көрсету саясаты бекітілген және қолданылады.

КОМПАНИЯДА АҚПАРАТТЫ АШЫП КӨРСЕТУ ҚАҒИДАТТАРЫ:

1. **ақпаратты ашып көрсетудің жүйелілігі және уақтылығы қағидаты –** заңнамада және ішкі құжаттарда көзделген ақпаратты ұсыну мерзімдері мен жүйелілігін сақтауға қатысты Компанияның жауапкершілігі. Компания мүдделі тұлғаларға ақпаратты жүйелі түрде беру олардың жалпы Компания қызметін түсінуі үшін қажет алғышарт ретінде маңызды екенін сезінеді. Ақпарат оқиғаның орын алу фактісіне сәйкес, оның маңыздылығыныңдәрежесібойыншажәне оны көпшілікке жария етудің уақтылығы ескеріле отырып беріледі;

2. **ақпараттың ашықтығы және қолжетімділігі қағидаты –** Компанияның қол жетімділігі еркін, ауыртпалық түсірмейтін және шығын аз ақпарат тарату арналарын таңдауы, сонымен қатар коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратқа қатысты құпиялылықрежимініңсақталуынескереотырып, Компанияның қызметі туралы ақпараттың барынша мөлдірлігін қамтамасыз ету ниеті;

3. **шынайылық және толықтық қағидаты –** Компанияның мүдделі тараптарға шынайы және ашылып отырған фактіні немесе оқиғаны толық түсіну үшін жеткілікті ақпарат беру жауапкершілігі. Компания ұсынылған ақпараттың үшінші тұлғалар тарапынан бұрмаланбауын қадағалап отырады және мұндай факт анықталған жағдайда, бұрмалаулар мен қателіктерді жою бойынша шаралар қабылдайды.

Компания өзі туралы жағымсыз ақпаратты, егер мұндай ақпарат құпия болып табылмаса және мүдделі тараптардың инвестициялық және басқа шешімдер қабылдауына ықпал етуге қабілетті болмаса, жариялаудан тартынбайды.

Жариялануы заңнамаға сәйкес міндетті болып табылатын ақпараттан басқа, Компания өзінің ағымдағы және жоспарланған қызметі туралы, сондай-ақ Компания қызметін барлық мүдделі тараптардың толық түсінуі үшін басқа да ақпаратты береді;

4. **теңгерімділік қағидаты –** мүдделі тұлғалардың ақпарат алуға құқықтарын барынша іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында, бірақ коммерциялық, қызметтік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратқа қол жеткізуді шектеуге қатысты Компанияның, оның Жалғыз акционерінің мүдделерін қатаң сақтау шартымен, Компанияның бір жағынан – ашықтық пен мөлдірліктің, екінші жағынан – құпиялылықтың орынды теңгерімін қамтамасыз етуі.

Қызмет туралы ақпаратты ашудың мөлдірлігі және объективтілігі қағидаты сонымен қатар Компанияның Корпоративтік басқару кодексінде бекітілген. Ақпаратты ашудың негізгі арналары:

- Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсы;
- Қазақстан қор биржасының интернет-ресурсы;
- Компанияның корпоративтік сайты;
- Facebook, Instagram, Twitter әлеуметтік желілер.

ҚазАгроҚаржы заңнамаға және Компанияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес құпия ақпаратты қорғау шараларын сақтау үшін материалдық-техникалық базаны қамтамасыз етеді (әртүрлі компьютерлік бағдарламалар, орынжайларға қол жеткізу тетіктері, құжаттарды жоюға арналған жабдықтар және т.б. түрінде).

Компания Басқармасы коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын құпия ақпаратты қорғау, іскерлік ақпараттың жария болуынан немесе рұқсатсыз жылыстауынан болуы мүмкін ықтималды залалдыңалдыналу, кез келген мүдделі тараптардың ақпаратты заңсыз пайдалануы фактілерін болдырмау мақсатында құпиялылық режимінің сақталуын қамтамасыз етеді.

Коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпаратты қорғау мәліметтерді оларға қолжетімділігі жоқ адамдардың белгілі немесе белгісіз тобы арасында кез келген қабылдау үшін қолжетімді нысанда жария етуге тыйым салуда болып табылады.

ЗАҢНАМА ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕСТІК

Компания 2024 жылы бәсекелестікке қарсы мінез-құлық, монополияға қарсы және монополиялық практика, экологиялық талаптардың бұзылғаны үшін жауапқа тартылған жоқ

ӨНІМ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Компания көрсететін қызметтердің мүдделі тараптардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне қатысты заңнама талаптарына сәйкессіздігі жағдайлары есепті жылы болған жоқ.



МҮШЕЛІК ҚАУЫМДАСТЫҚТАР

«ҚазАгроҚаржы» АҚ 2004 жылғы 7 шілдеден бастап Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының мүшесі болып табылады. АФК қаржы нарығына қатысушыларды, оның ішінде банктерді, сақтандыру ұйымдарын, ипотекалық және лизингтік компанияларды, микрокредиттік ұйымдарды, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларын және т.б. біріктіреді. АФК миссиясы – қауымдастық мүшелерінің акционерлік құнының өсуін қорғау және жәрдемдесу.

2013 жылдан бастап ҚазАгроҚаржы Қазақстан Республикасының «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының (бұдан әрі – Атамекен ҰКП) мүшесі болып табылады. Атамекен ҰКП – коммерциялық емес ұйым. Оны ҚР Үкіметі және мемлекеттік органдар бизнестің келіссөздік күшін күшейту үшін құрылған.

Кәсіпкерлер палатасы өз қызметімен ішкі және сыртқы сауданы қоса, кәсіпкерліктің барлық салаларын қамти отырып, шағын, орта және ірі бизнестің мүдделерін білдіреді. Атамекен ҰКП-ның басты міндеті – бизнестің құқықтары мен мүдделерін қорғау және бизнес жұмысының заңнамалық және өзге де нормативтік қағидаларын қалыптастыру процесіне барлық кәсіпкерлердің кеңінен қамтылуы мен тартылуын қамтамасыз ету.

Бұдан басқа, 2016 жылғы қазан айынан бастап ҚазАгроҚаржы Қазақстан салық төлеушілер қауымдастығының (2023 жылдан бастап – Жаңа Қазақстан Салық төлеушілер Қауымдастығының) мүшесі болып табылады. Компания нормативтік құқықтық актілердің жобалары туралы салық салуға қатысты ақпаратты үнемі алады және оларға ұсыныстар жібереді.

2022 жылдың 11 қарашасынан бастап Компания Ұлттық ESG клубына кірді. Ұлттық ESG клубы – бұл бизнес, мемлекет және қоғам өкілдері орнықты даму бойынша білімімен, тәжірибемен және озық практикалармен алмасатын платформа. ESG клубының миссиясы – орнықты дамудың көшбасшысы болу, орнықты бизнес пен қоғамды дамыту үшін қолайлы орта құру және маңызды әлеуметтік және экологиялық мәселелерге қоғамның назарын аудару.

ESG

2022 жылдың
11 қарашасынан бастап

КОМПАНИЯ ҰЛТТЫҚ ESG КЛУБЫНА КІРДІ

БРЕНДИНГ ЖӘНЕ PR САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ

Оң имиджді нығайту үшін және қаржыландыру мүмкіндіктері туралы хабардар ету үшін Компания 2023 жылы бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде кең ақпараттық науқан жүргізді.

Жыл бойы Компанияның коммуникациялық стратегиясы аясында Facebook, Instagram, Twitter желілеріндегі ресми беттерде ақпараттық хабарламалар орналастырылды.

Алғаш рет іске қосылған «Жеңілдікті лизинг» бағдарламасы кеңінен жарияланды, ол техниканы 5%-ға алуға мүмкіндік береді, сондай-ақ «Өз жемшөптеріміз», «Қазақстанда жасалған» бағдарламалары іске қосылды. Республикалық интернет-порталдарда және өңірлік басылымдарда агродрондар үшін лизингтің жаңа шарттары туралы, Ақмола облысынан келген фермер техника сатып алған цифрлық теңгенің пилоттық жобасы туралы, лизинг нысаналарын тану үшін жасанды интеллект енгізу туралы және т. б. баспасөз хабарламалары жарияланды.

2024 жылы Компанияның Павлодар, Түркістан, Шығыс Қазақстан және Қызылорда облыстарындағы клиенттерінің кәсіпорындарына, сондай-ақ «Jaña Dala / Green Day» Қазақстандық дала күні мамандандырылған көрмесінде 5 баспасөз туры өткізілді, онда Компания басшылығы кеңесші болып сөз сөйледі. Журналистер Компанияның Басқарма төрағасы А.Г. Прашевпен сұхбатты жазып, шаруа және фермер қожалықтарының басшылары өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, өз қажеттіліктері туралы айтып берді.

Әлеуметтік желілерді жүргізу шеңберінде Компанияның әлеуметтік желілердегі аккаунтарының негізгі көрсеткіштері айтарлықтай өсті, осылайша, жазылушылар саны 2000 аккаунтқа ұлғайды, қамту 32 мың аккаунтқа дейін өсті.

БАҚ-та Компанияның топ-менеджерлерімен сұхбат ұйымдастырылды: 24.kz, Qazaqstan, Zhibek Zholy, Nur.kz, Atameken Business және басқалар.

Компания жұмыскерлері Абай күніне арналған шығармашылық кешке қатысты, олар ұлттық киімдер киіп, Абай Құнанбайұлының белгілі туындыларын орындады. Олардың қатысуымен бейнеролик Компанияның әлеуметтік желілердегі ресми парақшасында жарияланды.

2024 жылы Компания дәстүрлі түрде Қазақстанның негізгі аграрлық көрмелеріне қатысты: "AgriTek/FarmTek Astana 2024", "Jana Dala / Green Day 2024" және "KazAgro/KazFarm 2024".

Көрмелер барысында Компания жұмыскерлері фермерлер мен аграрлық шаруашылық өкілдеріне лизинг, қолжетімді қаржыландыру бағдарламалары және өнімдер туралы шарттар мәселелері бойынша консультациялар өткізді, сондай-ақ аграрлық бизнестің өзекті сұрақтарына жауап берді.



ОРНЫҚТЫ ДАМУ

158 Басқарма төрағасының орнықты даму мәселелері бойынша үндеуі
159 Орнықты даму саясаты
165 Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл туралы есеп
178 Экономикалық әсер
181 Әлеуметтік жауапкершілік
199 Демеушілік және қайырымдылық
200 Экологиялық әсер
203 Климаттық өзгерістер

7/8

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУ

МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҮНДЕУІ

Құрметті әріптестер мен серіктестер!

ҚазАгроФинанс экономикалық, экологиялық және әлеуметтік қағидаттарды өз қызметіне біріктіре отырып, тұрақты даму практикасын дәйекті түрде дамытады.

2024 жылы Компания операциялық тиімділікті арттыру, процестерді цифрландыру, ауыл шаруашылығы техникасының лизингін дамыту және қаржыландыруға қолжетімділікті кеңейту бойынша жұмысты жалғастырды. Бұл азық түлік қауіпсіздігі және АӨК инвестицияларының өсуі міндеттерін шешуге үлес қосуға мүмкіндік берді.

Компания жұмыспен қамту, еңбекті қорғау, гендерлік теңдік, экологиялық жауапкершілік және мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл мәселелеріне ерекше мән бере отырып, БҰҰ-ның тұрақты дамуының 17 мақсатын іске асыруды қолдайды.

ҚазАгроҚаржы орнықты даму қағидаттарын ұстанып, жоғары стандарттарға адалдығын сақтап, біздің барлық стейкхолдерлеріміз үшін ұзақ мерзімді құндылық қалыптастыратын болады.

ҚазАгроҚаржы
Басқармасының төрағасы

Прашев Айдар Гилимович

17

ҚазАгроҚаржы БҰҰ Орнықты дамуы мақсаттарының

17 МАҚСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫН ҚОЛДАЙДЫ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЯСАТЫ

ҚазАгроҚаржы ұзақ мерзімді кезеңде орнықты дамуды қамтамасыз ету үшін өз қызметінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілерін үйлесімді басқаруға ұмтылады.

Орнықты даму бойынша міндеттерді орындай отырып, Компания өзінің миссиясына, ҚазАгроҚаржы Даму стратегиясына сүйенеді, сонымен қатар мінез-құлықтың халықаралық нормалары мен орнықты даму саласындағы халықаралық стандарттарда белгіленген қағидаттарды пайдаланады.

Орнықты даму саласындағы халықаралық стандарттарды пайдалануды Компания өз қызметінің халықаралық іс-тәжірибеге сәйкестігін қамтамасыз етудің және орнықты даму саласындағы мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізудің қажетті шарты ретінде қарастырады.

Компания Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 30 маусымдағы №7 шешімімен бекітілген Орнықты даму жөніндегі саясатты басшылыққа алады. Саясат орнықты даму саласындағы басқару жүйесін құрудың негіз қалаушы қағидаттары мен тәсілдерін анықтайды.

Орнықты даму Компанияда үш құрамдас санаттан тұрады: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік, олардың аспектілерін GRI Standards ескереді.

Орнықты дамудың экономикалық құрамдасы келесі мақсаттардан тұрады:
- қызметтің шығынсыздығы;
- Жалғыз акционер мен инвесторлардың мүдделерін қамтамасыз ету;
- процестердің тиімділігін арттыру;
- ауыл шаруашылығына инвестициялардың өсуі.

Орнықты дамудың экологиялық құрамдасы келесі мақсаттардан тұрады:
- биологиялық және физикалық табиғат жүйелеріне әсерді барынша азайту;
- органикалық ресурстарды оңтайлы пайдалану;
- экологиялық, энергия және материал үнемдейтін технологияларды қолдану.

Орнықты дамудың әлеуметтік құрамдасы әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарына бағытталған және соның ішінде келесі мақсаттарды қамтиды:
- жұмысқа қабылдау кезінде ашық конкурстық рәсімдер мен тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;
- әділ сыйақы және жұмыскерлердің құқықтарын сақтау;
- еңбектің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жұмыскерлердің денсаулығын сақтау;
- жұмыскерлерді оқыту және кәсіби дамыту;
- ішкі және сыртқы әлеуметтік бағдарламалардың іске асырылуы.

Компания өзінің қызметіне осы үш аспект бойынша талдау жүргізеді, сонымен қатар өз қызметі нәтижелерінің мүдделі тараптарға теріс әсерін болдырмауға немесе төмендетуге ұмтылады. ҚазАгроҚаржы БҰҰ Орнықты дамуы мақсаттарының (бұдан әрі – ОДМ) барлық 17 мақсатының маңыздылығын қолдайды және мойындайды және ОДМ-ға қол жеткізуге елеулі үлес қосуға ұмтылады.

Компания өз қызметі шеңберінде орнықты дамудың мынадай мақсаттарына қол жеткізуді жүзеге асырады:

ОДМ 1.

Кедейшілікті оның барлық нысандарында жаппай жою

- қаржылық қызмет көрсетулің қолжетімділігін арттыруға бағытталған бастамаларды іске асыру;
- қайырымдылық және демеушілік көмек;

ОДМ 2.

Ашаршылықты жою, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тамақтануды жақсарту және ауыл шаруашылығының орнықты дамуына жәрдемдесу

- Компания АШТ мен жабдықтарды сатып алу үшін лизингтік қызметтер көрсету арқылы АӨК-ті техникалық жарақтандыруға жәрдемдесуді жүзеге асырады. Осылайша, АӨК-ті жоғары өнімді техникамен технологиялық жаңарту арқылы Компания азықтүлік қауіпсіздігіне айтарлықтай әсер етеді.

ОДМ 3.

Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және барлық жастағы адамдардың әл-ауқатына ықпал ету

- қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау және Компания жұмыскерлерінің денсаулығын сақтау;
- жұмыскерлерді әлеуметтік қолдау.

ОДМ 5.

Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және барлық әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту

- тең жұмыс жағдайлары мен тең мансаптық мүмкіндіктер жасау
- қызметті бағалаудың және сыйақының тең жүйесін қамтамасыз ету

ОДМ 8.

Ұдайы, бәрін қамтыған және орнықты экономикалық өсуге, толық және өнімді жұмыспен қамтуға және барша үшін лайықты жұмыс болуына жәрдемдесу

- ауыл шаруашылығында инвестициялардың өсуі
- лизингтік қызметтер көрсету арқылы АӨК-те бизнесті дамыту

ОДМ 12.

Тұтынудың және өндірістің ұтымды модельдерін қамтамасыз ету

- энергия үнемдеу мәдениетін арттыру
- ресурстарды тұтынуды (энергия тұтынуды, су тұтынуды) азайту
- Компанияның бизнес-процестерін автоматтандыру арқылы қағаз құжат айналымын оңтайландыру

ОДМ 15.

Құрлық экожүйелерін қорғау, қалпына келтіру және оларды ұтымды пайдалануға жәрдемдесу, ормандарды ұтымды басқару, шөлейттенуге қарсы күрес, жердің тозуы процесін тоқтату жәнекеріқайтаружәнебиологиялықартүрлілікті жоғалту процесін тоқтату

- ҚазАгроҚаржы лизингке жаңа заманауи АШТ ұсынады, ол ескірген тозығы жеткен техникамен салыстырғанда қоршаған ортаға теріс әсер етпейді (пайдалану кезінде мұнай-химия қалдықтарының түсуі нәтижесінде атмосфераға зиянды заттар шығарындыларының мөлшері мен топырақтың ластануы азаяды). Тиісінше, Компания портфелінде «жасыл»/тұрақты жобалар жоқ және мұндай жобалардың үлесін есептеу жүргізілмейді.

ОРНЫҚТЫ ДАМУ (ESG)

БҰҰ орнықты даму мақсаттары:	**БҰҰ орнықты даму міндеттері:**	**Компанияның қосқан үлесі:**
Кедейлікті барлық нысандарда жаппай жою	Кедейлікті жою бойынша іс-шаралардың жедел инвестициялануына жәрдемдесу үшін ұлттық, өңірлік және халықаралық деңгейде кедейлердің мүдделері мен гендерлік аспектілерді ескеретін даму стратегияларына негізделген сенімді стратегиялық механизмдер құру.	• қаржылық қызметтердің қолжетімділігін арттыруға бағытталған бастамаларды іске асыру • қайырымдылық және демеушілік көмек
Аштықты жою, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тамақтануды жақсарту және ауыл шаруашылығының тұрақты дамуына жәрдемдесу	Азық-түлік тауарлары мен және оларды өңдеу өнімдері нарықтарының тиісті жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдау және азық-түлік бағасының шамадан тыс құбылмалылығын шектеуге көмектесу мақсатында нарықтық, оның ішінде азық түлік резервтері туралы ақпаратқа уақтылы қол жеткізуге жәрдемдесу.	ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын сатып алу үшін лизингтік қызметтер көрсету жолымен Компания АӨК-ті техникалық жарақтандыруға жәрдемдесуді жүзеге асырады. Осылайша, жоғары өнімді техникамен АӨК-ті технологиялық жаңарту арқылы Компания азық-түлік қауіпсіздігіне айтарлықтай әсер етеді
Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және барлық жастағы адамдардың әл-ауқатына ықпал ету	Денсаулық сақтау қызметтерімен жалпы қамтуды, оның ішінде қаржылық тәуекелдерден қорғауды, сапалы негізгі медициналық санитарлық қызметтерге қолжетімділікті және қауіпсіз, тиімді, сапалы және арзан негізгі дәрі-дәрмектер мен вакциналарға	• қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау және Компания қызметкерлерінің денсаулығын сақтау • жұмыскерлерді әлеуметтік қолдау

ОРНЫҚТЫ ДАМУ (ESG)

БҰҰ орнықты даму мақсаттары:	БҰҰ орнықты даму міндеттері:	Компанияның қосқан үлесі:
Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және барлық әйелдер мен қыздардың мүмкіндіктерін кеңейту	Әйелдердің саяси, экономикалық және қоғамдық өмірге жан-жақты және нақты қатысуын және оларға шешім қабылдаудың барлық деңгейлерінде көшбасшы болу үшін тең мүмкіндіктер берілуін қамтамасыз ету.	• тең жұмыс жағдайлары мен мансаптық мүмкіндіктер жасау • қызметті бағалаудың және сыйақы берудің тең жүйесін қамтамасыз ету
Ұдайы, бәрін қамтыған және орнықты экономикалық өсуге, толық және өнімді жұмыспен қамтуға және барша үшін лайықты жұмыс болуына жәрдемдесу	Әртараптандыру, техникалық жаңғырту және инновациялық қызмет арқылы, оның ішінде қосылған құны жоғары және еңбекті көп қажет ететін секторларға ерекше назар аудару жолымен экономикада өнімділікті арттыруға қол жеткізу дамуға бағытталған, қызметтің өнімділігіне, лайықты жұмыс орындарын құруға, кәсіпкерлікке, шығармашылыққа және инновациялық қызметке ықпал ететін саясатты жүргізуге жәрдемдесу және микро-, шағын және орта кәсіпорындарды ресми мойындауды және дамытуды көтермелеу	• ауыл шаруашылығында инвестициялардың өсуі • лизингтік қызметтер көрсету арқылы АӨК-те бизнесті дамыту

ОРНЫҚТЫ ДАМУ (ESG)

БҰҰ орнықты даму мақсаттары:	БҰҰ орнықты даму міндеттері:	Компанияның қосқан үлесі:
Өндіру мен тұтынудың рационалды модельдерін қамтамасыз ету	Әртараптандыру, техникалық жаңғырту және инновациялық қызмет арқылы, оның ішінде қосылған құны жоғары және еңбекті көп қажет ететін секторларға ерекше назар аудару жолымен экономикада өнімділікті арттыруға қол жеткізу	• энергия үнемдеу мәдениетін арттыру • ресурстарды тұтынуды (энергия тұтынуды, су тұтынуды) азайту • Компанияның бизнес-процестерін автоматтандыру арқылы қағаз құжат айналымын оңтайландыру
Құрлық экожүйелерін қорғау, қалпына келтіру және оларды ұтымды пайдалануға жәрдемдесу, ормандарды ұтымды басқару, шөлейттенуге қарсы күрес, жердің тозуы процесін тоқтату және кері қайтару және биологиялық әртүрлілікті жоғалту процесін тоқтату	2030 жылға қарай қалдықтардың көлемін олардың пайда болдырмау, азайту, өңдеу және қайта пайдалану арқылы айтарлықтай азайту	ҚазАгроҚаржы лизингке қоршаған ортаға ескірген тозығы жеткен техникамен салыстырғанда теріс әсері аз жаңа заманауи техника ұсынады (пайдалану кезінде мұнай-химия қалдықтарының түсуі нәтижесінде атмосфераға зиянды заттар шығарындыларының мөлшері мен топырақтың ластануы азаяды).

Компаниядағы орнықты дамуды басқару Компания қызметін басқарудың жалпы жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

Директорлар кеңесі орнықты дамуды енгізуге стратегиялық басшылық пен бақылауды жүзеге асырады. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл тетігі «Мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу туралы есеп» бөлімінде ашылып көрсетілген.

Компанияның орнықты дамуы саласындағы міндетті іске асыру жөніндегі ақпаратты Директорлар кеңесі Компанияның даму жоспары мен даму стратегиясының орындалуы жөніндегі есептерді қарау шеңберінде қарайды және бекітеді.

Басқарма орнықты даму саласындағы тиісті іс-шаралар жоспарын, сондай-ақ өзгерістерді, толықтыруларды бекітеді және оның іске асырылуын мониторингтеуді жүзеге асырады. Басқармаорнықтыдамубойынша іс-шараларды үйлестіру үшін жауапты. Компанияның орнықты даму бойынша қызмет бағытына жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшесінің басшысы саясатты басқаруды қамтамасыз ету үшін жауапты.

Компанияның құрылымдық бөлімшелері орнықты даму саласындағы іс-шараларды іске асырады.

Барлық деңгейдегі бүкіл жұмыскерлер мен лауазымды тұлғалар Компанияның орнықты дамуына үлес қосады.

Тұрақты даму жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру шеңберінде мынадай іс-шаралар орындалды:

- қағаз құжат айналымын оңтайландыру және іс жүргізудің жекелеген процестерін электрондық форматқа көшіру мақсатында мынадай жұмыстар атқарылды:
  - бюджеттік өтінімдерді автоматтандыру;
  - жұмыскерлердің өтініштерін цифрландыру, ЭЦҚ-ға қол қою.
- Компанияның орталық аппаратының ғимаратында макулатура жинау орны ұйымдастырылған, сондықтан 2024 жылы мамандандырылған кәсіпорындарға 130 кг макулатура тапсырылды;
- үміткерлерді конкурстық іріктеудің ашықтығы және жұмысқа қабылдау кезінде тең мүмкіндіктер қамтамасыз етілді. Атап айтқанда, Компанияның бос лауазымдарына үміткерлерді іріктеу оларды бағалау кезінде тең өлшемшарттарды қолдана отырып, ішкі және сыртқы конкурсты өткізу арқылы конкурстық іріктеу рәсімдері қолданылып жүзеге асырылады, сондықтан 2024 жылы Компанияның корпоративтік интернет-ресурсында бос орындар туралы 71 жарияланым орналастырылды;
- Компания жұмыскерлерін оқыту жүргізілді. 2024 жылдың қорытындысы бойынша 532 жұмыскер біліктілігін арттыру тренингтері мен курстарынан өтті, оның ішінде тұрақты даму/ESG тақырыбы бойынша 3 жұмыскер оқудан өтті. Оқыту үшін кәсіби жаттықтырушылар тартылады, оқыту офлайн және онлайн форматта көзделді;
- Компания жұмыскерлерін медициналық сақтандырумен қамтамасыз ету үшін 2024 жылғы 7 желтоқсанда «JUSAN GARANT» сақтандыру компаниясы» АҚ-ның 2025-2026 жылдарға арналған ерікті медициналық сақтандыру шарты жасалды.

Компаниядағы тұрақты дамуды басқару қызметті басқарудың жалпы жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

2024 жылы Компанияның корпоративтік интернет-ресурсында бос орындар туралы

71

жарияланым орналастырылды

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН

ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Компания өз қызметін жүзеге асыру барысында мүдделі тараптарға ықпал етеді және өзі де олардың ықпалына ұшырайды.

Стейкхолдерлерді анықтау және олармен жұмыс істеу бизнестің іскерлік беделін көтеруге, Компанияны капиталдандыруға, мүдделі тұлғалардың барлығымен тиімді және теңгерімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін құралдардың бірі болып табылады.

Мүдделі тараптар Компания қызметіне, атап айтқанда даму стратегиясын тиімді іске асыруға, орнықты дамуға, беделі мен имиджіне оң әсер етуі де, сол сияқты және теріс әсер етуі де мүмкін, тәуекелдерді тудыруы немесе азайтуы мүмкін. Компания мүдделі тараптармен тиісінше өзара ықпалдасуға үлкен мән береді.

ҚазАгроҚаржы мүдделі тараптарды анықтау және өзара әрекеттесу кезінде мүдделі тараптарды анықтау және олармен өзара әрекеттесу бойынша халықаралық стандарттарды қолданады.

Мүдделі тараптар тізбесін, олардың ықпал ету дәрежесі мен Компанияның мүдделеріне ықпал ету салаларын айқындау мақсатында Компания стейкхолдерлерінің картасы бекітілді.



Әсер ету аясына байланысты Компания мүдделі тараптардың 3 (үш) тобын анықтайды:

1. **өкілеттік және жауапкершілік аясы** (Жалғыз акционер, басқару органы, менеджмент және персонал);

2. **тікелей әсер ету аясы** (мемлекеттік органдар мен реттеушілер, инвесторлар, қаржы институттары, өнім берушілер, серіктестер, клиенттер, тұтынушылар, аудиторлар, кредиторлар және консалтингтік ұйымдар);

3. **жанама әсер ету аясы** (халық, қоғамдық ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары, бәсекелестер және кредиттік рейтингтік агенттіктер).

Компания мүдделі тараптармен тиімді диалог пен ұзақмерзімді ынтымақтастық құру үшін шаралар қабылдайды.

Мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу нормативтік құқықтық актілермен де, сол сияқты ішкі корпоративтік құжаттармен де реттеледі.

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу процесі қатысырылу қағидатында құрастырылады, ол қызметті басқару процесінің барлық кезеңдерінде мүдделі тараптардың мүдделерін ескеруді және маңызды тақырыптар мен маңызды мәселелерді, ықтимал тәуекелдер мен жауапкершілік шекараларын талқылауға мүдделі тараптарды қатыстыруды білдіреді.

Қатыстыруға төмендегі үш қағидат сақталған жағдайда қол жеткізіледі:
- **елеулілік:** Компания үшін де, сол сияқты стейкхолдерлер үшін де маңызды мүдделерді анықтау;
- **толықтық:** өз қызметінің, стейкхолдерлердің Компания қызметіне байланысты пікірі мен қажеттіліктерінің, сонымен қатар олардың күтулерінің елеулі салдарын сезіну және түсіну;
- **ден қою:** объективті түрде ден қою және мүдделі тараптар үшін елеулі болып табылатын мәселелер бойынша барабар шаралар қабылдау.

Барлық мүдделі тараптардыңортақ мүдделерді сақтауға қатысуы Компанияның табысты қызметінің негіз қалаушы шарты болып табылады.

Стейкхолдерлермен тиімді өзара ықпалдастық мынадай мүмкіндіктер береді:
- мәселелерді шешу және мақсаттарға қол жеткізу үшін ресурстарды (білім, кадрлар, ақша және технологиялар) біріктіру;
- сыртқы ортаны, нарықтың дамуын қоса, бағалау, сонымен қатар жаңа стратегиялық мүмкіндіктерді анықтау;
- бизнес-процестерді жетілдіру;
- қызметтің ашықтығы мен мөлдірлігі саясатын жүргізу.

Мүдделі тараптармен өзара ықпалдасудың негізгі механизмдері:
- келісімшарттар, шарттар, ынтымақтастық туралы келісімдер;
- іскерлік кездесулер мен презентациялар;
- корпоративтік коммуникациялар жүйесі;
- бірлескен жұмыс топтары;
- жұмыскерлер мен клиенттер үшін жедел желі;
- жұмыскерлердің, тұтынушылардың, жергілікті қоғамдастықтардың пікірлерін сұрау және зерттеу;
- қауымдастықтарға мүше болу;
- конференциялар, дөңгелек үстелдер;
- есептілік.

Компанияныңатқарушы органы, оныңқұрылымдық бөлімшелері өз өкілеттіктері мен құзыреттері шегінде мүдделі тараптармен тікелей өзара әрекеттеседі. ҚазАгроҚаржының мүдделі тараптармен өзара ықпалдасуы процесін бақылау-қадағалау функцияларын Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

Компания ішкі және сыртқы мүдделі тараптарды анықтады және олардың талаптары мен үміттерін талдады.

1

Мүдделі тараптар	Талаптар мен үміттер	Біз өзара қалай ықпалдасамыз?	Біз не істеудеміз?
Тұтынушылар (қарыз алушылар), клиенттер – Компанияның басты стейкхолдері. ҚазАгроҚаржы клиенттік базаны кеңейтуге және көрсетілетін қызметтердің сапасын жоғарылатуға мүдделі.	Ұсынылатын техника тізбесін ұлғайту. Компания қызметтерін алу рәсімдерін жеңілдету. Пайыздық мөлшерлемені төмендету. Қарау мерзімдерін қысқарту. Компания тарапынан қызмет көрсету сапасын арттыру. Қаржыландыру алу. Құжаттар топтамасын дайындауда консультациялық көмек. Компанияның ресми сайтын уақтылы жүргізу және тұтынушылар үшін қажетті ақпаратпен толықтыру. Қызметтер, ұсыныстар, акциялар туралы ақпараттың қолжетімділігін арттыру. Басқа қалалардағы филиалдар санын көбейту.	Клиенттермен жұмыс жөніндегі құрылымдық бөлімшенің болуы. Бизнес-процестерді жетілдіру және оларды автоматтандыру. Корпоративтік сайтта кері байланыстың бар болуы.	Көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі мен клиенттердің қанағаттанушылығын жақсарту Компанияны дамытудың маңызды бағыты болып табылады. Барынша тиімді құралдарды жасау үшін біз өнімдер линейкасын жақсарту бойынша жұмысты жалғастырамыз. Корпоративтік сайтта «Кері қоңырау» функциясы жұмыс істейді. «Жедел желі» байланыс арнасы бар.

2

Мүдделі тараптар	Талаптар мен үміттер	Біз өзара қалай ықпалдасамыз?	Біз не істеудеміз?
Өнім берушілер. Серіктестік қатынастар құру – өзара тиімді ықпалдастықтың негізгі міндеттерінің бірі.	Ұзақ мерзімді әріптестік қарым-қатынастар жасасу және оларды сақтау. Сатылып алынатын техника мен жабдықтардың көлемдерін көбейту. Тауарлар мен қызметтердіңтөлемін келісілген шарттарға сай толық және уақтылы алу. Сұратылып отырған лизинг нысанасы маркасының, моделінің дәл сипаттамасы және оның ерекшелігі.	Шарттар жасасу және шарттық міндеттемелерді орындау арқылы өзара тиімді әріптестікті қалыптастыру. Сатып алулар өткізу жүйесінің бар болуы. Форумдарға, көрмелерге қатысу. Бірлескен жобаларды жүзеге асыру. Компания жыл сайын халықаралық және ішкі көрмелерге қатысады және форумдарға қатысады.	Компанияның лизинг нысаналары бойынша өнім берушілерге қоятын талаптары барша үшін бірыңғай болып табылады және Компанияның сайтында орналастырылған, бұл өнім берушілер үшін Компаниямен өзара ықпалдасу процесін жеңілдетеді. Компанияның лизинг нысаналарын сатып алу рәсімі бекітілген ішкі құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады. Клиенттердің керекті өнім берушілерді іздеуі ыңғайлы болу үшін Компанияның www.kaf.kz корпоративтік сайтында Компанияның бірге жұмыс істеу тәжірибесі бар АШТ жеткізушілердің базасы жарияланған. Компания өнім берушілермен жұмыс жүйесінің мөлдірлігін қамтамасыз етеді және кері байланыс үшін ашық, өнім берушілердің наразылықтары мен талапарыздарын уақтылы қарау мен реттеуді қамтамасыз етеді.

3

Мүдделі тараптар	Талаптар мен үміттер	Біз өзара қалай ықпалдасамыз?	Біз не істеудеміз?
Кредиторлар/ инвесторлар. Компания инвесторларға қатысты транспарентті саясатты ұстанады, өз кредиторларымен/ инвесторларымен ұзақмерзімді сенімді қарым-қатынасты сақтауға және жаңа қатынастар орнатуға мүдделі.	Капитал жұмсалымының қауіпсіздігі, кейін пайда алумен Компанияның төлемге қабілеттілігі және кірістілігі. Өзіне қабылданған міндеттемелерді сақтау және уақтылы орындау	Инвесторлар/кредиторлар тарту жұмысын жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшенің бар болуы, қабылданған міндеттемелердің орындалуын мониторингтеу. Екіжақты, үшжақты іскерлік келіссөздерге қатысу. Шарттарға, меморандумдарға қол қою.	Компанияның қарыз алу департаменті инвесторлармен/кредиторлармен әр түрлі қаржы құралдары арқылы қорландыруды тарту жолымен компания қызметін үздіксіз қаржыландыруды қамтамасыз ету бойынша өзара ықпалдасуды жүзеге асырады. Сондай-ақ, қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етеді. Компания Қорландыру көздері мен инвесторлар базасын әртараптандыру саясатын ұстанады, оның көптеген жылдардан бері ынтымақтастықта жұмыс істеп келе жатқан инвесторлардың кең базасы бар. Капиталды және активтерді тиімді басқару Компанияның қаржылық орнықтылықтың жоғары деңгейін ұстап тұруына, бұл рейтинг агенттіктерінің бағаларымен расталады.

4

Мүдделі тараптар	Талаптар мен үміттер	Біз өзара қалай ықпалдасамыз?	Біз не істеудеміз?
Мемлекеттік органдар мен реттеушілер – еліміздің стратегиялық маңызды институттары. Компания заңнама талаптарын жауапты түрде орындайды.	Компанияның өз қызметін заңнамамен сәйкестіктежүзеге асыруы, нормативтердің талаптарын орындау. Бюджетке төлемдерді уақтылы жасау. Жүргізілген тексерістердің қорытындылары бойынша ұйғарымдарды орындау.	Заңнама талаптарын сақтау. Бақылау органдарымен өзара ықпалдастықты жүзеге асыратын бөлек құрылымдық бөлімшенің бар болуы. Өтініштерді уақтылы қарау және ұйғарымдарды орындау.	Ішкі бақылау жүйесі қаржылық-шаруашылық қызметті тиімді қадағалап отыруды қамтамасыз етеді жәнеКомпанияның өз мақсаттарына қол жеткізуіне және қызметін жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді барынша азайтуына бағытталған.

5

Мүдделі тараптар	Талаптар мен үміттер	Біз өзара қалай ықпалдасамыз?	Біз не істеудеміз?
Бәсекелестер (лизинг компаниялары). Компания өз бәсекелестерін құрметтейді және адал бәсекелестік қағидаттарын сақтайды.	Корпоративтік басқару кодексіне, Іскерлік этика кодексіне сәйкес адал бәсекелестік қағидаттарын ұстану. Нарықты мониторингтеу және талдау.	Бәсекелестік ортаны талдауды жүргізу. Адал бәсеке қағидатын ұстану.	Компания басқа лизингтік ұйымдармен белсенді түрде өзара ықпалдасады және қаржыландырудың бұл түрі нарық қатысушыларының барлығының мүдделерінде барған сайын сұранысқа ие бола түсуі үшін Қазақстанда саланыдамытуғаөз тарапынан барлығын жасауда. Компания агроөнеркәсіптік кешен салаларын зерделеу бойынша, соның ішінде аймақтық ерекшеліке сәйкес жәнеКомпания қызметінің бағыттары бойынша, сонымен қатар Қазақстанның лизингтік және басқа қаржылық қызметтер нарығында маркетингтік зерттеулер мен талдамалық шолулар жүргізеді.

6

Мүдделі тараптар	Талаптар мен үміттер	Біз өзара қалай ықпалдасамыз?	Біз не істеудеміз?
Сыртқы аудитті жүзеге асыратын ұйымдар (есеп комитеті, тәуелсіз аудитор және т.б.). Сыртқы бағалау институттары мүдделі тараптар тізіміндегі негізгі элементтердің бірі болып табылады.	Компанияның ақшалай қаражатын және өзге де активтерін тиімді пайдалану. Заңнаманы, халықаралық, ұлттық стандарттарды сақтау.	Тараппен өзара іс-қимылды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшенің болуы. Консалтингтік және аудиторлық қызметтер көрсету бойынша шарттар жасасу.	Компанияда кредиттік, валюталық, баға тәуекелдері мен өтімділік тәуекелдерін уақтылы анықтауға, сенімді бағалауға және азайтуға мүмкіндік беретін қаржылық менеджмент пен тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесі құрылған. Жыл сайын қаржылық есептілікке тәуелсіз аудит жүргізіледі. Қаржылық есептілік барлық маңызды аспектілерде компанияның қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның қаржылық нәтижелері мен Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес бір жылдағы ақша ағындарын сенімді түрде көрсетеді. Ішкі бақылау және ішкі аудит қызметтері жұмыс істейді.

7

Мүдделі тараптар	Талаптар мен үміттер	Біз өзара қалай ықпалдасамыз?	Біз не істеудеміз?
Жалғыз акционер, басқару органдары (Директорлар кеңесі, Басқарма). Жалғыз акционердің мүдделерін қамтамасыз ету – Компания басымдықтарының бірі.	Компания кірістілігінің және құнының өсуі. Инвестициялардың қауіпсіздігі. Экономикаға үлес қосу. Компанияның келешекте дамуы үшін әлеует құру. Компанияның тұрақты өсуі және дамуы, мақсаттық көрсеткіштерге қол жеткізу.	Компания Жарғысының, Корпоративтік басқару кодексінің шеңберінде Жалғыз акционердің құқықтарын қамтамасыз ету. Жалғыз акционердің шешімдерін орындау. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Жарғыға, ішкі құжаттарға сәйкес қаржылық-шаруашылық қызмет нәтижелері туралы шынайы ақпарат беру.	Қызмет ауқымын аграрийлерді қолдау шеңберінде кеңейту және қаржыны сапалы басқару Компанияның қаржылық көрсеткіштерінде оң көрініс тауып отыр. Корпоративтік басқару мен шешім қабылдау жүйесін ұдайы жетілдіру Компанияның нәтижелілігі мен тиімділігін қамтамасыз ететін дамудың маңызды стратегиялық бағыты болып табылады. Бұл ретте корпоративтік басқару жүйесінің басты компоненттері Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау және есептілік болып табылады.

8

Мүдделі тараптар	Талаптар мен үміттер	Біз өзара қалай ықпалдасамыз?	Біз не істеудеміз?
Жұмыскерлер – Компанияның маңызды активі және оның тиімді қызметінің негізі.	Жалақыны, сыйлықақыларды тұрақты және уақтылы төлеу. Қанағаттанарлық әлеуметтік топтама, жайлы және қауіпсіз жұмыс жағдайлары (жұмыс күнінің, демалыстардың кестесі), жұмыскерердің заңды құқықтарын сақтау. Мансаптық өсу мүмкіндігі және біліктілікті жоғарылату мүмкіндігі.	Жұмыскерлермен еңбек шарттарын жасасу. Компанияның мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған лауазымдық міндеттерді орындау. Келісу комиссиясының еңбек қатынастары іс-тәжірибесіне шағымдарды қарауы және келіссөздер жүргізу. Жұмыскерлермен коммуникациялар сол сияқты корпоративтік поштамен хабарламалар жолдау арқылы да жүзеге асырылады.	Компания ашық және мөлдір, білікті және уәжделген персонал қалыптастыруды көздейтін кадрлық саясат жүргізуді қамтамасыз етеді. Жұмыскерлер еңбек процесінде олардың әлеуеттері іске асырылуы, олардың еңбек нәтижелері риясыз және әділ бағалануы үшін тең мүмкіндіктермен қамтамасыз етіледі. Жұмыскерлерді ірiктеу мен мансаптық өсіру тек кәсіби дағдылар, тәжірибе мен білім негізінде жүзеге асырылады.

ШАҒЫМ БЕРУ ЖӘНЕ ПРОБЛЕМАЛАР

ТУРАЛЫ ХАБАРЛАУ МЕХАНИЗМІ

Компания қызметті жүргізудің ашықтығы қағидатын ұстанады және кері байланыс алуға ашық. Компанияның осы бағыттағы қызметі басымдықтардың бірі болып табылады.

Экономикалық және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында Компанияның тұрғындарымен, қарыз алушыларымен және лизинг алушыларымен кері байланыс ұйымдастырылды.


Өтініштер – бұл Компания қызметіндегі әлсіз жақтарды анықтайтын индикатор; бұл бұзушылықтар мен оларға ықпал ететін себептерді жою бойынша жедел шаралар қабылдау белгісі.

Компанияның атына жеке және заңды тұлғалардың 587 өтініші, оның ішінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және басқа да мемлекеттік органдардың сұранымдары келіп түсті. Жалпы санының 1,2% шағым және 2,7% ұсыныс.



ӨТІНІШТЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ СХЕМАСЫ

Өтініштерді және өтініштермен байланысты сұрауларды өңдеу тәртібі



Компанияда оның және жұмыскерлерінің қызметіндегі комплаенс-тәуекелдерді анықтау (оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг) құралы ретінде бастамашы ақпараттандыру желісінің тиісінше жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін Компанияда мынадай арналар көзделген:

1. **сенім телефоны үшін +7 (7172) 580-411 жеке телефон нөмірі бөлінді.** Сенім телефонына қоңырау шалу ішкі нөмірді теру, оператордың жауабын күту қажеттілігінсіз жүзеге асырылады, жауапты тұлғаларға автоматты түрде бағыттау орнатылған;
2. **хабарламаларды жедел желінің электрондық поштасына жеткізу бапталған –** hotline@kaf.kz. Хабарламалар бір мезгілде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің корпоративтік поштасына түседі;
3. **на корпоративном сайте настроена форма для отправки сообщений на электронную почту** Антикоррупционной комплаенс-службы.

Аталған іс-шаралар сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметті бақылау арқылы құқық бұзушылықтарды уақтылы анықтауға және алдын алуға бағытталған.

Әрбір келіп түскен хабарлама, өтініш Компанияның ішкі нормативтік құжаттарында регламенттелген тәртіппен қаралуға тиіс.

Теріс әсерлер анықталған кезде Компания оларды жою үшін қажетті шараларды қабылдауға дайын.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘСЕР

ҚҰРЫЛҒАН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰН

ҚазАгроҚаржы қызметі ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің қаржылық құралдарға, сонымен қатар АШТ-ға қолжетімділігін лизингтік негізде қамтамасыз ету жолымен Қазақстан Республикасының аграрлық секторын дамытуға қолдау көрсетуге бағытталған.

Компания Қазақстан Республикасының экономикасына мына құралдар арқылы тікелей оң әсер етеді:

1. АШТ лизингке беру;
2. салықтар және бюджетке басқа төлемдерді төлеу;
3. Компания қызметін қамтамасыз ету үшін тауарлар, жұмыстар және қызметтер сатып алуды жүзеге асыру;
4. Компания жұмыскерлеріне жалақы төлеу.

Бұдан басқа, Компанияның қызметі Компанияда қаржыландыруды алған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер қызметінің нәтижелері: салықтар мен төлемдерді төлеу, жалақы алу, қосымша жұмыс орындарын ұйымдастыру, өнім шығару есебінен жанама оң әсер етеді.

Құрылған және бөлінген экономикалық құны, млн теңге

Бап	2024	2023	2023 ж. салыстырғанда 2024 ж. өзгерістер, %
Құрылған тікелей экономикалық құн:			
Кірістер	91 252	72 697	25,52%
Бөлінген экономикалық құн:			
Операциялық шығыстар	2 027	1 743	16,29%
Жалақы	4 038	3 064	12,04%
Пайыздар бойынша шығыстар	40 453	34 501	17,25%
Табыс салығынан басқа салықтар	342	321	6,54%
Корпоративтік табыс салығы	(1 723)	2	-86 250%
Өзге шығыстар	25 770	13 598	89,51%
Бөлінбеген экономикалық құн	**20 345**	**18 928**	**7,49%**

САЛЫҚ САЯСАТЫ

Компанияда Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 191-бабының талаптарына сәйкес әзірленген Салықтық есепке алу саясаты қолданылады. Компанияның Жарғысына сәйкес, салықтық есеп саясатын бекіту Басқарманың құзыретіне жатады. Салық заңнамасында өзгерістер болған сайын Компанияның Салықтық есепке алу саясатына өзгерістер енгізіледі. Компания салық заңнамасының нормаларын қатаң сақтау позициясын ұстанады. Компанияның Салықтық есеп саясатының нормаларын сақтау үшін жауапкершілік Басқарма төрағасы мен бас бухгалтерге жүктелген.

Компания жаңа, стандартты емес мәмілелер жасасу кезінде тәуекелдерді салық салуға қатысты бағалауды тұрақты негізде жүргізеді, заңнамаға енгізілген өзгерістердің Компанияның ағымдағы мәмілелеріне әсерін талдайды.

Тәуекелдерді бағалау Компанияда қабылданған операциялық және қаржылық тәуекелдер жүйесіне сәйкес жүргізіледі. Компанияда салық тәуекелдерінің әсер ету дәрежесі көрсетілген тәуекелдер картасы жыл сайын бекітіледі. 2009 жылдан бастап ҚазАгроҚаржы мониторингтелуге жататын ірі салық төлеушілер қатарындағы салық төлеуші болып табылады.

Ірі салық төлеушілерді салықтық мониторингтеу олардың қаржы-шаруашылық қызметін талдау жолымен салық төлеушілердің нақты салық салынатын базасын айқындау, ҚазақстанРеспубликасыныңсалық заңнамасының және қолданылатын нарықтық бағалардың сақталуын бақылауды трансферттік баға белгілеу кезінде бақылау үшін жүзеге асыру мақсатында жүргізіледі.

Кейінге қалдырылған салықтардың қозғалысы туралы, корпоративтік табыс салығының мөлшері туралы ақпарат Компанияның қаржылық есептілігінде ашылады.

Компания Қазақстан салық төлеушілер қауымдастығының мүшесі екенін және нормативтік актілердің жобалары туралы салық салуға қатысты ақпаратты үнемі алып отыратынын, олар бойынша ұсыныстар жіберетінін атап өтеміз.

Сондай-ақ, қажет болған жағдайда Компания «Атамекен» ҰКП-мен салық заңнамасына жоспарланған өзгерістерге қатысты өзара ықпалдасады.

САТЫП АЛУ ІС-ТӘЖІРИБЕСІ

Компания орталық аппаратты, филиалдарды және клиенттерді операциялық қызметті жүргізу үшін қажет сапалы тауарлармен, жұмыстармен және қызметтермен қамтамасыз етуге ұмтылады. Сонымен қатар бұл ретте ҚазАгроҚаржы тиімді және мөлдір сатып алу жүйесіне үлкен мән береді.

Сатып алу процедураларын өткізу Компанияда мынадай қағидаттарға негізделеді:

1. сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау;
2. өнім берушілердің коммерциялық құпияға қатысты құқықтарын және (немесе) заңды мүдделерін сақтай отырып, сатып алу процесінің мөлдір және ашық болуы (тендер қорытындысы шығарылғанға дейін);
3. әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік, сатып алуға қатысушылардың өзара сөз байласуына жол бермеу;
4. сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі;

5. сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу;
6. отандық тауар өндірушілерге, сондай-ақ жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық жеткізушілерге Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келмейтін шамада қолдау көрсету;
7. инновациялықжәнежоғарытехнологиялық тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;
8. осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, сатыпалудыөткізупроцедурасына қатысу үшін әлеуетті өнім берушілерге тең мүмкіндіктер беру;
9. сатып алынатын тауарлардағы зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды сақтау.

Компанияда сатып алулар нақты уақыт режимінде өткізіледі және қатысушыларға заңды іс-қимылдарды электрондық-цифрлық қолтаңбамен куәландыра отырып, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу бойынша азаматтық-құқықтық мәмілелерді электрондық форматта жасауға қолжетімділік береді. Портал Компанияның бәсекелестік сатып алуларына қатысу үшін әлеуетті өнім берушілердің барлығына тең мүмкіндік береді. Сатып алу Еуразиялық электрондық порталда жүзеге асырылады: eep.mitwork.kz.

2024 жылы тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудың нақты көлемі (лизинг нысаналарын есептемегенде) 1 310,42 млн теңгені құрады (ҚҚС есебімен), 567 шарт жасалды, бұл ретте сатып алынатын ТЖҚ-дағы жергілікті қамту үлесі 82,16%-ды құрады.

2024 жылы тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу көлемі, %



76% ... Қызметтер
13% ... Тауарлар
11% ... Жұмыстар

2024 жылы сатып алу көлемі

Сатып алуды жүзеге асыру тәсілі	Сомасы, мың теңге
Тендер	813 783,24
Баға ұсыныстарын сұрау	312 512,90
Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден	119 856,03
Электрондық дүкен	0,00



ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАП-КЕРШІЛІК

КАДР САЯСАТЫ

Кадр саясаты персоналды басқарудың біртұтас ұзақ мерзімді стратегиясы болып табылады, оның негізгі мақсаты – ұйымның позициясын нығайту, бұл алға қойылған стратегиялық міндеттерді орындау үшін жеткілікті болып табылатын кәсіби шеберлігі жоғары және мобильді еңбек ресурстарын орнықты дамытуды талап етеді.

Кадр саясатының алға қойылған мақсатқа жетуге бағытталған міндеттері:

1. алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті кадрлармен әртүрлілік пен инклюзивтілік қағидаттарын сақтай отырып қамтамасыз ету;
2. адами капиталды дамытуды қамтамасыз ету үшін жұмыскерлердің құзыреттілік деңгейін, әсіресе цифрлық дағдыларға қатысты арттыру;
3. персоналдың қатыстырылу мен қайтарым деңгейін арттыру және қолдау;
4. HR процестерін, соның ішінде іріктеу және жалдау, тиімділікті бағалау, сондай-ақ даму және оқыту процесін цифрландыру;
5. тиімділікті басқару процесін теңшеу және калибрлеу;
6. корпоративтік мәдениетті дамыту.

Кадр саясатының негізгі бағыттары:

- Стратегиялық HR-жоспарлау;
- лауазымдарды ұйымдастырушылық дамыту және жобалау;
- Жұмыскерлерді іріктеу және бейімдеу;
- Кадрлық маркетинг және жұмыс берушінің бренді;
- Тиімділікті басқару;
- Жұмыскерлерді марапаттау;
- Жұмыскерлерді оқыту және дамыту;
- Кадрлық резерв және дарындарды басқару;
- Корпоративтік мәдениетті дамыту және қолдау;
- HR-процестерін әкімшілендіру.

Компания Басқармасының 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 34 шешімімен Компания жұмыскерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету қағидалары бекітілді, сондай-ақ Компания Басқармасының 2023 жылғы 15 маусымдағы № 15, 2024 жылғы 5 сәуірдегі № 13 шешімімен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Компания жұмыскерлеріне олардың тиімді жұмыс істеуі үшін, сондай-ақ жоғары білікті жұмыскерлерді ұстап қалу және тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында әлеуметтік қолдау көрсетіледі.

Компанияда оның жұмыскерлеріне әлеуметтік қолдаудың мынадай түрлері көзделген:

1. **материалдық көмек:**
   - 2 лауазымдық айлықақы мөлшерінде төленетін жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын беру кезінде сауықтыру үшін;
   - 50 (елу) АЕК мөлшерінде біржолғы төленетін некеге тұруға байланысты;

- 100 (жүз) АЕК мөлшерінде біржолғы төленетін бала тууына/бала асырап алуға байланысты;
- Қазақстан Республикасының Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылған, жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (жаңа туған балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем сомасы шегеріле отырып, орташа жалақысын сақтай отырып, жүктілікке және босануға байланысты демалысқа байланысты;
- 100 (жүз) АЕК мөлшерінде біржолғы төленетін жаңа туған баланы (жаңа туған балаларды) асырап алған жұмыскерлерге берілетін демалысқа байланысты;
- 100 (жүз) АЕК мөлшерінде материалдық көмек төленетін жұмыскердің немесе оның отбасы мүшелері болып табылатын адамдардың емделуіне/операциясына байланысты;
- отбасы мүшелерінің біріне біржолғы төленетін жұмыскердің қайтыс болуына байланысты немесе ол болмаған кезде жерлеуді ұйымдастыруды өзіне алған адамға 400 (төрт жүз) АЕК, жұмыскердің жұбайы/балалары, ата-анасы қайтыс болған жағдайда – бір жұбайына/баласына, жұмыскерді ата-анасына 300 (үш жүз) АЕК мөлшерінде төленеді;

2. Ерікті медициналық сақтандыру бағдарламасы (ауыру жағдайына сақтандыру).

Компанияның бюджетінде көзделген қаражат есебінен медициналық сақтандырумен ерікті медициналық сақтандыру бағдарламасына сәйкес жұмыскерлер мен олардың отбасы мүшелері қамтамасыз етіледі.

Бір жұмыскерге медициналық сақтандыру шығыстары тиісті қаржы жылына 100 (жүз) АЕК құрайды.

Компания жұмыскерлеріне ақылы еңбек, әлеуметтік және қосымша демалыс беріледі.

Компанияда жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының ұзақтығы 30 күнтізбелік күнді құрайды.

Есепті жылы тиісті жылға бекітілген демалыс кестесіне сәйкес және олардың берген өтініштерінің негізінде Компания жұмыскерлеріне еңбек демалыстары берілді.

Бұдан басқа, есепті жылы жүкті әйелдерге, бала (балалар) туған әйелдерге, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған әйелдерге (ерлерге) мынадай әлеуметтік демалыстар берілді:

1. жүктілік және босану бойынша демалыс – 6 әйелге;
2. жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған жұмыскерлерге демалыс – 0;
3. бала үш жасқа толғанғадейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыс – 8 әйелге.

2024 жылғы әлеуметтік демалыс көрсеткіштері

Көрсеткіш	Жынысы	Жұмыскерлер саны, адам
Ата-аналық демалысына шығу	әйелдер	8
	ерлер	0
Ата-аналық демалысынан қайтару	3	
Демалыстан шыққаннан кейін 12 ай ішінде компанияда жұмыс істеуге қалған жұмыскерлер саны	3	

ПЕРСОНАЛДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Компания жұмыскерлерінің нақты саны 334 адамды құрайды:

1. әкімшілік-басқару персоналы (орталық аппарат) – 137 адам, оның ішінде әйелдер – 82 адам, ерлер – 55 адам;
2. өндірістік персонал (филиалдар) – 187 бірл., оның ішінде әйелдер – 67, ерлер – 130.

Бұл ретте Компанияның орташа тізімдік саны 344 бірлікті құрайды:

1. әкімшілік-басқару персоналы (орталық аппарат) – 144 бірл., оның ішінде әйелдер – 89 (30 жасқа дейін – 2, 30-50 жаста – 79, 50 жастан жоғары – 8), ерлер – 55 (30-50 жаста – 46, 50 жастан жоғары – 9).
2. өндірістік персонал (филиалдар) – 200 бірл., оның ішінде әйелдер – 77 (30 жасқа дейін – 2, 30-50 жаста – 70, 50 жастан жоғары – 5), ерлер – 123 (30 жасқа дейін – 5, 30-50 жаста – 98, 50 жастан жоғары – 20).

Барлық жұмыскерлердің жоғары білімі бар. Компанияда уақытша жұмыскерлер немесе жұмыспен толық қамтылмаған жұмыскерлер жоқ.

КАДР САЯСАТЫН ІСКЕ АСЫРУ НЕГІЗІ ТИІМДІ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМНЫҢ ЖӘНЕ ОҢТАЙЛЫ КАДРЛЫҚ ҚҰРАМНЫҢ БОЛУЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

Персоналдың саны мен құрылымы (5 жылда салыстырғанда)

	2020	2021	2022	2023	2024
Жұмыскерлердің орташа тізімдік саны	**395**	**363**	**340**	**342**	**344**
Персоналдың құрылымы жас санаттары бойынша:					
• басқарушы лауазымдар	74	58	73	72	**72**
• жұмыскерлер	321	305	267	265	**264**
Персоналдың құрылымы жас санаттары бойынша:					
• 30 жасқа дейін	30	22	23	9	**9**
• 30 жастан 50 жасқа дейін	317	297	277	287	**293**
• 50 жастан астқан	48	44	40	46	**42**
Персоналдың гендерлік құрылымы:					
• ерлер	204	183	175	181	**178**
• әйелдер	191	180	165	161	**166**
Кадрлардың тұрақтамауы, %	15,7	3,6	23,5	16,7	**15,9**
Жұмысқа қабылданғандар саны, ад.	35	59	64	55	**74**
Оқытудан өткен жұмыскерлер саны	88	279	312	284	**532**

Лауазымдар санаттары бойынша орташа тізімдік саны, жынысы және жас топтары бойынша

Көрсеткіш	Орташа тізімдік саны	Жынысы		Жас шамасы бойынша топтар		
		ерлер	әйелдер	30 жасқа дейін	30 жастан 50 жасқа дейін	50 жастан асқан
Орталық аппарат	**144**	55	89	2	125	17
Филиалдар	**200**	123	77	7	168	25
Барлығы, адам	**344**	178	166	9	293	42
соның ішінде:						
Басшы жұмыскерлер *	**5**	5	0	0	4	1
Басқарушы жұмыскерлер *	**3**	2	1	0	3	0
Орта буын басшылары *	**72**	43	29	1	65	6
Әкімшілік жұмыскерлер	**264**	127	137	11	223	30

* Басшы жұмыскерлер – Басқарма мүшелері, басқарушы жұмыскерлер – Басқарма мүшелері емес басқарушы немесе атқарушы директорлар, орта буын басшылары – бөлімдердің, қызметтердің, департаменттердің, басқармалардың бастықтары, филиалдардың директорлары және олардың орынбасарлары.

Жынысы бойынша орташа тізімдік саны

Наименование ЦА/филиала	Орташа тізімдік саны, жынысы бойынша				Жалпы саны	
	ерлер	%	әйелдер	%	количество	%
Орталық аппарат	55	30,9	89	53,6	144	41,9
Филиалдар	123	69,1	77	46,4	200	58,1
Жиыны	**178**	**51,7**	**166**	**48,3**	**344**	**100**

Жасы бойынша орташа тізімдік саны

Жас тобы	саны	%
30 жасқа дейін	12	3,5
30 жастан 50 жасқа дейін	295	85,8
50 жастан асқан	37	10,8
Барлығы	**344**	**100**

Өңірлер бойынша орташа тізімдік саны

Бөлімшенің атауы	Саны	%
Орталық аппарат (Астана қ.)	**144**	41,9
Филиалдар:	**200**	58,1
Ақмола облысы	19	9,5
Ақтөбе облысы	15	7,5
Жетісу облысы	11	5,5
Шығыс Қазақстан облысы	11	5,5
Жамбыл облысы	8	4,0
Батыс Қазақстан облысы	16	8,0
Қарағанды облысы	13	6,5
Қостанай облысы	17	8,5
Қызылорда облысы	8	4,0
Павлодар облысы	15	7,5
Солтүстік Қазақстан облысы	19	9,5
Астана қ.	13	6,5
Алматы қ.	11	5,5
Шымкент қаласы және Түркістан облысы	15	7,5
Абай облысы	9	4,5
Жиыны	**344**	**100**

Нәсілдік/этникалық топтар бойынша орташа тізімдік саны келесідей:

1. орталық аппарат бойынша: қазақтар – 128, немістер – 1, орыстар – 11, татарлар – 3, ұйғырлар – 1;
2. филиалдар бойынша: башқұрттар – 1, грузиндер – 1, дүнгендер – 1, қазақтар – 174, кәрістер – 3, немістер – 1, поляктар – 1, орыстар – 10, татарлар – 2, түрікмендер – 1, ұйғырлар – 1, украиндар – 4.

Нәсілдік/этникалық топтар	Бөлімше: орталық аппарат	%	филиал	%	Жалпы: саны	%
Башқұрттар	0	0,0	1	0,5	**1**	0,3
Грузиндер	0	0,0	1	0,5	**1**	0,3
Дүнгендер	0	0,0	1	0,5	**1**	0,3
Қазақтар	128	88,9	174	87,0	**302**	87,8
Кәрістер	0	0,0	3	1,5	**3**	0,9
Немістер	1	0,7	1	0,5	**2**	0,6
Поляктар	0	0,0	1	0,5	**1**	0,3
Орыстар	11	7,6	10	5,0	**21**	6,1
Татарлар	3	2,1	2	1,0	**5**	1,5
Түрікмендер	0	0,0	1	0,5	**1**	0,3
Ұйғырлар	1	0,7	1	0,5	**2**	0,6
Украиндар	0	0,0	4	2,0	**4**	1,2
Жиыны	**144**		**200**		**344**	

2024 жылы жұмысқа 74 жұмыскер қабылданды (ерлер – 47, әйелдер – 27) оның ішінде:

1. басқарушылық лауазымдар – 1 (ер адам, 46 жас, қазақ);
2. басшылар мен олардың орынбасарларының лауазымдары (бөлімдер/департаменттер/қызметтер/филиалдар) – 10, оның ішінде ерлер – 9 (30-50 жаста – 8, 50 жастан жоғары – 1; қазақтар), әйелдер – 1 (50 жастан жоғары – 1; қазақ);
3. әкімшілік лауазымдар – 63, оның ішінде ерлер – 37 (30 жасқа дейін – 3, 30-50 жаста – 33, 50 жастан жоғары – 1; қазақтар – 35, орыстар – 1, украиндар – 1), әйелдер – 26 (30 жасқа дейін – 2, 30-50 жаста – 22, 50 жастан жоғары – 2; қазақтар).

Орталық аппаратқа 24 жұмыскер, филиалдарға – 50 (Астана қ. – 30, Алматы қаласы және Алматы облысы – 3, Шымкент қаласы және Түркістан облысы – 6, Ақмола облысы – 1, Ақтөбе облысы – 3, Шығыс Қазақстан облысы – 1, Жамбыл облысы – 3, Батыс Қазақстан облысы – 0, Қарағанды облысы – 9, Қызылорда облысы – 0, Қостанай облысы – 4, Павлодар облысы – 2, Солтүстік Қазақстан облысы – 4, Жетісу облысы – 2, Абай облысы бойыша – 6).

Өңірлер бойынша, жынысы бойынша қабылданған жұмыскерлер саны

Бөлімшенің атауы	Жынысы бойынша: ерлер	%	әйелдер	%	Жалпы саны: саны	%
Орталық аппарат (Астана қаласы)	9	19,1	15	55,6	**24**	**32,4**
Филиалдар:	38	80,9	12	44,4	**50**	**67,6**
Ақмола облысы	1	2,6	0	0,0	1	2,0
Ақтөбе облысы	2	5,3	1	8,3	3	6,0
Жетісу облысы	1	2,6	1	8,3	2	4,0
Шығыс Қазақстан облысы	0	0,0	1	8,3	1	2,0
Жамбыл облысы	2	5,3	1	8,3	3	6,0
Батыс Қазақстан облысы	0	0,0	0	0,0	0	0,0
Қарағанды облысы	9	23,7	0	0,0	9	18,0
Қостанай облысы	2	22,2	2	16,7	4	8,0
Қызылорда облысы	0	0,0	0	0,0	0	0,0
Павлодар облысы	1	2,6	1	8,3	2	4,0
Солтүстік Қазақстан облысы	4	10,5	0	0,0	4	8,0
Астана қ.	4	10,5	2	16,7	6	12,0
Алматы қ.	3	7,9	0	0,0	3	6,0
Шымкент қ. және Түркістан облысы	6	15,8	0	0,0	6	12,0
Абай облысы	3	7,9	3	25,0	6	12,0
Жиыны	**47**	**63,5**	**27**	**36,5**	**74**	**100**

334

Компания қызметкерлерінің нақты саны

334 АДАМДЫ ҚҰРАЙДЫ

Жас санаттары бойынша қабылданған жұмыскерлер саны

Жас тобы	Саны	%
30 жасқа дейін	5	6,8
30 жастан 50 жасқа дейін	65	87,8
50 жастан асқан	4	5,4
Барлығы	**74**	**100**

Есепті жылы 55 жұмыскермен еңбек шарттары бұзылды, оның ішінде:

1. ерлер – 25: қазақ – 24, түрікмен – 1; 30 жасқа дейін – 2, 30-50 жаста – 21, 50 жастан жоғары – 2;
2. әйелдер – 30: қазақ – 29, орыс – 1; 30 жасқа дейін – 1, 30-50 жас – 24, 50 жастан жоғары – 5.

Еңбек шартын бұзу еңбек шартын тоқтатудың негізі:

1. тараптардың келісім бойынша – 46;
2. жұмыс берушінің бастамасымен – 4;
3. жұмыскердің бастамасымен – 4;
4. өзге негіздер бойынша – 1.

Орталық аппараттағы кадрлардың тұрақтамауы 19 жұмыскерді құрады, оның ішінде:

1. ерлер – 7, қазақ – 7; 30-50 жаста – 6, 50 жастан жоғары – 1;
2. әйелдер – 12, қазақ – 12; 30-50 жаста – 10, 50 жастан жоғары – 2.

Филиалдардағы кадрлардың тұрақтамауы 36 жұмыскерді құрады, оның ішінде:

1. ерлер – 18, қазақ – 17, түрікмен – 1; 30 жасқа дейін – 2, 30-50 жаста – 15, 50 жастан жоғары – 1;
2. әйелдер – 18, қазақ – 17, орыс – 1, 30 жасқа дейін – 1, 30-50 жаста – 14, 50 жастан жоғары – 3.

Жас санаты, жынысы бойынша персоналдың тұрақтамауы

Көрсеткіш	Жынысы	30 жасқа дейін		30-50 жаста		50 жастан жоғары		Жалпы саны	
		адам	%	адам	%	адам	%	адам	%
Орталық аппарат	**ерлер**	0	0	6	85,7	1	14,3	**7**	**36,8**
	әйелдер	0	0	10	83,3	2	16,7	**12**	**63,2**
Филиал	**ерлер**	2	11,1	15	83,3	1	5,6	**18**	**50**
	әйелдер	1	5,6	14	77,8	3	16,7	**18**	**50**
Жиыны	**ерлер**	**2**	**8**	**21**	**84**	**2**	**8**	**25**	**45,5**
	әйелдер	**1**	**3,3**	**24**	**80**	**5**	**16,7**	**30**	**54,5**

Өңірлер бойынша бөлімше	Жынысы бойынша персоналдың тұрақтамауы				Персоналдың жалпы тұрақтамауы	
	ерлер	%	әйелдер	%	саны	%
Орталық аппарат (Астана қаласы)	**7**		**12**	**63,2**	**19**	**34,5**
Филиалдар	**18**	**50,0**	**18**	**50,0**	**36**	**65,5**
Ақмола облысы	1	5,6	1	5,6	**2**	5,6
Ақтөбе облысы	0	0,0	0	0,0	**0**	0,0
Жетісу облысы	0	0,0	0	0,0	**0**	0,0
Шығыс Қазақстан облысы	1	5,6	1	5,6	**2**	5,6
Жамбыл облысы	0	0,0	1	5,6	**1**	2,8
Батыс Қазақстан облысы	0	0,0	0	0,0	**0**	0,0
Қарағанды облысы	4	22,2	1	5,6	**5**	13,9
Қостанай облысы	0	0,0	1	5,6	**1**	2,8
Қызылорда облысы	0	0,0	1	5,6	**1**	2,8
Павлодар облысы	3	16,7	0	0,0	**3**	8,3
Солтүстік Қазақстан облысы	1	5,6	0	0,0	**1**	2,8
Астана қ.	2	11,1	5	27,8	**7**	19,4
Алматы қ.	0	0,0	4	22,2	**4**	11,1
Шымкент қ. және Түркістан облысы	3	16,7	1	5,6	**4**	11,1
Абай облысы	3	16,7	2	11,1	**5**	13,9
Жиыны	**25**	**45,5**	**30**	**54,5**	**55**	

ПЕРСОНАЛДЫ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ

Компания жұмыскерлерін оқыту және дамыту олардың кәсіби және басқарушылық қызмет саласындағы теориялық және практикалық білімдерін, дағдылары мен шеберліктерін жаңарту мақсатында жүзеге асырылады. Бұл олардың өз қызметтік міндеттерін тиімді орындауы және Компанияның даму стратегиясына сәйкес айқындалатын міндеттерді шешуі үшін қажет.

Компанияның кадрлық әлеуетінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету мақсатында жұмыскерлер тәлімгерлік, жұмыс орнында оқыту, түрлі семинарларға, конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, тренингтерге, арнайы оқыту курстарына қатысу түріндегі оқытудан және біліктілігін арттырудан өтеді. Сондай-ақ Компанияның (soft skills) кадр резервінде тұрған жұмыскерлерді, келісім комиссиясының мүшелерін, филиал басшыларын, құрылымдық бөлімше директорларын корпоративтік оқыту көзделеді.

Оқыту of-line / on-line форматтарында жүзеге асырылады.

Компанияның оқыту саясаты 70:20:10 қағидаттарына негізделген, мұндағы:

- **70% –** күрделі тапсырмаларды, міндеттерді орындау және жобаларға қатысу арқылы жұмыс орнында оқыту және дамыту;
- **20% –** қарым-қатынас, кәсіби желілер, басшы мен әріптестердің кері байланысы арқылы оқыту және дамыту;
- **10% –** сыртқы провайдерлерде оқыту және дамыту.

Құрылымдық бөлімшелерден келіп түскен өтінімдер негізінде 2024 жылғы 30 қаңтарда № 20/20/51 919 Компания жұмыскерлерінің біліктілігін арттыру және кәсіби даярлаудың 2024 жылға арналған жоспары бекітілді, оның шеңберінде 532 жұмыскердің біліктілігін арттыру тренингтері мен курстары өтті, оның ішінде орталық аппарат бойынша – 246 (жоспарланған саннан – 175,7%), филиалдар бойынша – 286 (жоспарланған саннан – 142,3%), оның ішінде ерлер саны – 319 (60%), әйелдер саны – 213 (40%).

Еңбекақы төлеу қорынан жұмыскерлерді оқытуға жұмсалған шығындар 0,5% (22 536,0 мың теңге), оның ішінде әкімшілік-басқару персоналы жұмыскерлерінің – 0,8% (17 815,8 мың теңге), өндірістік персонал жұмыскерлерінің – 0,2% (4 720,2 мың теңге) құрады. Бұл ретте, 1 жұмыскерге шаққандағы орташа құны 42 360,9 теңгені, ал 1 жұмыскерге шаққандағы орташа сағат саны 2,3 теңгені құрады.

Компания жұмыскерлері келесі тақырыптар бойынша түрлі тренингтер мен біліктілікті арттыру курстарынан (of-line & on-line) өтті:

- Financial RISK MANAGER сертификаттауға дайындық курсы;
- ISO / IEC Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесінің менеджері 27001-2022+Сертификат;
- Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексін іске асыру және парниктік газдар шығарындыларын мемлекеттік реттеу: әдістемелерге шолу, есептілік жүргізу және бөлу тетіктері;
- Өрт-техникалық минимумы;
- «Еңбек даулары. Келісу комиссиясының мүшелерін Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану және келіссөздер жүргізу және еңбек дауларында консенсусқа қол жеткізу бойынша оқыту.»;
- АССА ДипИФР;
- Еңбек заңнамасы шеңберіндегі жұмыскерлермен қарым-қатынас – басшының басқару тиімділігінің құралы;
- Келісім комиссиясы. Жеке еңбек даулары. Еңбек заңнамасының негіздері. Еңбек ұйымдарында келіссөздер жүргізу және консенсусқа қол жеткізур;
- Заң қызметінің басшысы. Корпоративтік заңгер. Тиімді жұмыс;
- Бизнесті бағалау;
- Қаржылық модельдеу: икемділік, динамика, көрнекілік;
- MS Excel тереңдетілген курсы және деректерді талдау негіздері;
- Қаржылық талдау;
- Заңгерлерге арналған біліктілікті арттыру курстары;
- Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерін сатып алу;
- Қаржылық менеджмент;
- ACCA F9 «Қаржылық менеджмент»;
- «СМЖ ISO 9001-2015 (сапа менеджменті жүйесі)»;
- «ҚХР өндірісінің жаңа трактор модельдерін құру ерекшеліктері»;
- «Cisco желілік шешімдерін енгізу және басқару»;
- «COBIT: Ақпараттық жүйелерді басқару және аудит»;
- «ITIL Practitioner: ITSM саласындағы жобаларды жүргізудің тиімді іс-тәжірибелер»;
- «Бизнестегі жасанды интеллект: ChatGPT-мен алғашқы қадамдар»;
- «Бюджеттік инвестициялардың іске асырылуын мониторингтеу және бағалау»;
- «Қаржылық модельдеу I: MS Excel модельдерін әзірлеу техникасы және мүмкіндіктері»;
- «Оңалту және банкроттық туралы» ҚР Заңына сәйкес өкілеттіктерді жүзеге асыратын әкімші»;
- Оқыту бойынша көрсетілетін қызметтер: «Стратегия»;
- MS Excel тереңдетілген курсы және деректерді талдау негіздері;
- Презентацияларды әзірлеу. PowerPoint-пен жұмыс (тереңдетілген деңгей);
- CIA курсы 2-бөлім: «Ішкі аудит тәжірибесі»;
- «Ішкі бақылау: теория және практика негіздері»;
- «GRI STANDARDS: ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ЕСЕПТІЛІК» (2021 жылғы өзгерістермен);
- «Тәуелсіз директор. Табысты мансап»;
- «Тиімді менеджер»;
- «Тиімді басшылық дағдылары»;
- «Заң қызметінің басшысы / Корпоративтік заңгер»;
- «Несиелік скоринг және тәуекелдерді бағалау бойынша оқыту»;
- «Ішкі аудит әдістемелері (бизнес-процестердің аудиті, инвестициялық аудит, тендерлік және сатып алу қызметінің аудиті, қойма шаруашылығының логистикалық операциялары мен көлік шығыстарының аудиті);
- «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы»;
- «Корпоративтік құқық, банкроттық және оңалту»;
- Стратегиялық сессия: «Құндылықтармен байланысты миссия».

2024 жылдың қорытындысы бойынша

532

ЖҰМЫСКЕР

біліктілігін арттыру тренингтері мен курстарынан өтті

2024 жылы оқудан өткен жұмысшылардың тізімі

2024 жылы жұмыскерлерді оқыту	Оқытылған жұмыскерлердің жалпы саны, адам	Жұмыскерлерді оқыту сағаттарының жалпы саны (академ. сағ.)	1 жұмыскерге шаққандағы сағаттардың орташа саны
Жалпы саны	**532**	**1 226**	**2,3**
Гендерлік топ			
Ерлер	**319**	736	2,3
Әйелдер	**213**	491	2,3
Жұмыскерлердің санаттары бойынша *			
Басшы жұмыскерлер	**2**	5	2,5
Басқарушы жұмыскерлер	**1**	3	3
Орта буын басшылары	**166**	383	2,3
Әкімшілік жұмыскерлер	**363**	837	2,3

* Басшы жұмыскерлер – Басқарма мүшелері, басқарушы жұмыскерлер – басқарушы немесе Басқарма мүшелері емес Атқарушы директорлар, орта буын басшылары-бөлімдердің, қызметтердің, департаменттердің, басқармалардың бастықтары, филиал директорлары және олардың орынбасарлары.

МОТИВАЦИЯ ЖӘНЕ СЫЙАҚЫ

Персоналды мотивациялау мен ынталандырудың тиімді жүйесін дамыту әрбір жұмыскердің өз жеке еңбек қызметін нәтижелі етуге тікелей және тұрақты қызығушылығы болуын қамтамасыз етеді.

Компания жұмыскерлерін мотивациялау және ынталандыру жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі еңбекке ақшалай сыйақы беру механизмі болып табылады. Еңбекақы төлеу және персоналды ынталандыру тәртібі ментетіктеріКомпанияның ішкі актілерімен реттеледі.

Компанияда грейдтер жүйесін қолдана отырып, лауазымдық жалақылардың үш деңгейлі тарифтік торы енгізілді.

Жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеу лауазымдық жалақының диапазоны/ шанышқысы (ең төменгі және ең жоғары мөлшері) шеңберіндегі әрбір лауазымның грейдін ескере отырып, еңбекақы төлеудің уақытылы-премиум жүйесі негізінде орындалатын жұмыстың санына, сапасына және күрделілігіне қарай жүргізіледі:

- **төменгі аймақ (min) –** компанияға жұмысқа қабылдау кезінде сынақ мерзімі белгіленген жұмыскерлерге, сондай-ақ есепті кезеңнің қорытындылары бойынша қызмет тиімділігін бағалауға сәйкес қызмет тиімділігі төмен жұмыскерлер үшін белгіленуі мүмкін;
- **орташа аймақ (med1, med2, med3) –** сынақ мерзімі белгіленбеген Компанияға жұмысқа қабылдау кезінде жұмыскерлерге не сынақ мерзімінен өткен Компания жұмыскерлеріне, сондай-ақ есепті кезең қорытындылары бойынша қызмет тиімділігін бағалауға сәйкес қызмет тиімділігінің орташа деңгейі бар жұмыскерлер үшін белгіленуі мүмкін;
- **жоғары аймақ (max) –** біліктілік деңгейі лауазымға қойылатын біліктілік талаптарынан едәуір асатын Компания жұмыскерлеріне, сондай-ақ есепті кезең қорытындылары бойынша қызмет тиімділігін бағалауға сәйкес қызмет тиімділігі жоғары деңгейдегі жұмыскерлерге белгіленуі мүмкін.

2024 жылы Компанияның Кадрлар жөніндегі комитетінің ұсынысы негізінде 193 жұмыскердің лауазымдық жалақысы қайта қаралды:

1. 2024 жылғы қызметтің тиімділігін қорытынды бағалау нәтижелері бойынша 2024 жылғы 17 сәуірде – 61;
2. 2024 жылғы 11 шілдеде – 4;
3. 2024 жылғы 20 тамызда – 7;
4. 2024 жылғы 31 қазанда – 62;
5. 2024 жылғы 30 желтоқсанда – 59.

Сондай-ақ 2024 жылғы қызметтің тиімділігін кешенді бағалау қорытындысы бойынша Компанияның Кадрлар жөніндегі комитеті мыналарды ұсынды:

1. Компанияның кадр резервіне қабылдауды қарау – 59–жұмыскер;
2. кәсіптік мамандандыру бойынша қосымша оқудан өту – 9 жұмыскер және жеке-іскерлік құзыреттерін дамыту бойынша – 47 жұмыскер;
3. ағымдағы жылы үнемдеу шеңберінде сырттай оқудан немесе өз бетінше оқудан өтуді қарастыру (өзін-өзі дамыту немесе өзін-өзі оқыту) – 93 жұмыскер.

МАТЕРИАЛДЫҚ ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС ЫНТАЛАНДЫРУ

Компания бюджетінде көзделген ақшалай қаражат шегінде жұмыскерлерге есепті кезеңнің қорытындылары бойынша қызметтің нәтижелілігін бағалау қорытындысы бойынша сыйлықақы және мемлекеттік мерекеге арналған сыйлықақы төленуі мүмкін.

2024 жылы Компания жұмыскерлері Қазақстан Республикасында келесі мемлекеттік мерекелерді мерекелеу құрметіне марапатталды:

1. «Халықаралық әйелдер күні – 8 наурыз» және «Наурыз мейрамы» 5 (бес) АЕК мөлшерінде;
2. «Отан қорғаушылар күні – 7 мамыр» және «Жеңіс күні – 9 мамыр» 5 (бес) АЕК мөлшерінде.

Есепті кезеңдегі қызмет нәтижелері бойынша сыйлықақылар алуға кемінде 3 (үш) ай (қызмет тиімділігін басқарудың жылдық циклі үшін) немесе 1 (бір) ай (қызмет тиімділігін басқарудың тоқсандық циклі үшін) нақты жұмыс істеген және бекітілген ҚНК карталары (не осы лауазым үшін бекітілген ҚНК) және нәтижелері бар жұмыскерлер құқылы қызметтің нәтижелілігін бағалау.

Бұл ретте, қызметтің нәтижелілігін бағалау қорытындысы бойынша сыйлықақының жалпы көлемі жылына 6 (алты) лауазымдық айлықақыдан аспауға тиіс, тоқсандағы жұмыс қорытындылары бойынша жұмыскерге сыйлықақының жалпы тоқсандық көлемі осы жұмыскердің 1,5 (бір жарым) лауазымдық айлықақысынан аспауға тиіс.

Осылайша, есепті кезеңнің қорытындысы бойынша қызметтің нәтижелілігін бағалау қорытындысы бойынша сыйлықақылар Компания жұмыскерлеріне төленді:

3. 2024 жылғы 1 тоқсан үшін – 2024 жылғы 17 сәуір;
4. 2024 жылғы 2 тоқсан – 2024 жылғы 12 шілде;
5. 2024 жылғы 3 тоқсан үшін – 2024 жылғы 11 қазан;
6. 2024 жылғы 4 тоқсан үшін – 2025 жылғы 28 қаңтар.

Сондай-ақ, Басқарманың шешімі бойынша шығындарды үнемдеуге, кірістілікті арттыруға, сондай-ақ инновациялық шешімдер мен рационализаторлық ұсыныстарды енгізуге бағытталған іс-шараларды әзірлегені және енгізгені үшін Компания бюджетінде осы мақсаттарға көзделген ақшалай қаражат шегінде, сондай-ақ еңбекақы төлеу қорының қаражатын үнемдеу есебінен 1-ден аспайтын мөлшерде сыйлықақы төленуі мүмкін (бір) лауазымдық жалақысы.

Еңбек міндеттерін жоғары кәсіби орындау, еңбек өнімділігі мен сапасын арттыру, қызмет көрсету сапасын жақсарту, ұзақ және мінсіз жұмыс, еңбектегі жаңашылдық және жұмыстағы басқа да жетістіктер үшін Компания жұмыскерлерінің мынадай көтермелеуі қолданылады:

1. тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алып тастау;
2. алғыс жариялау және/немесе грамотамен марапаттау;
3. бағалы сыйлықпен марапаттау;
4. мемлекеттік, ведомстволық, ведомстволық бағыныстағы марапаттармен марапаттауға ұсыну;
5. Компанияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес сыйлықақы төлемін беру;
6. лауазымын жоғарылату;
7. жұмыскердің отбасына алғыс хат жолдау.

Ұзақ және мінсіз жұмысы, ауыл шаруашылығы саласын дамытуға сіңірген еңбегі мен жеке үлесі үшін, сондай-ақ Компания қызметі саласындағы елеулі жетістіктері үшін жұмыскер мемлекеттік наградаларға және/немесе құрметті атақтарға марапаттауға ұсынылуы мүмкін.

Сонымен, 2024 жылы Компанияның 46 жұмыскері келесі марапат түрлерімен марапатталды:

1. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Республика күніне арналған Алғыс хаты – 1;

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарының Республика күніне арналған Құрмет грамотасы – 1;
3. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің Алғыс хаты – 1;
4. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма төрағасының Алғыс хаты – 3;
5. ҚазАгроҚаржы Басқарма төрағасының Алғыс хаты – 40.

ТЕҢ МАНСАПТЫҚ МҮМКІНДІКТЕР ЖАСАУ

Тең мансаптық мүмкіндіктер жасау, әйелдер мен ер адамдардың еңбегі әділ бағалануын қамтамасыз ету және еңбекақы төлеуде кемсітушілікке жол бермеу гендерлік теңдікке қол жеткізу үшін айтарлықтай маңызды және лайықты еңбектің негізгі құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Компания еңбекке тең сыйақы беру қағидатын ұстанады. Компания жұмыскерлерінің әрбір санаты үшін әйелдердің базалық сыйақы мөлшерлемесінің ер адамдардың базалық сыйақы мөлшерлемесіне қатынасы 1:1 құрады.

Компанияға жұмысқа қабылдау кезінде жұмыс беруші мен жұмыскер арасында еңбек шарттары жасалады, оған сәйкес жұмыс беруші жұмыскерге тең еңбек үшін тең ақы төлеуді, сондай-ақ қандай да бір кемсітусіз тең өндірістік-тұрмыстық жағдайларды қамтамасыз етуге міндетті. Есепті жылы осы міндеттеме бұзылған жоқ.

Компанияда әйелдер мен ер адамдар келесілерге қатысты тең құқықтары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін тиісті жағдайлар жасалған:

- жұмысқа орналастыру – брондалған жұмыс орындары жас мамандарды, ер адамдарды да, әйел адамдарды да жұмысқа орналастыру үшін барынша пайдаланылады;
- өндірістік және басқарушылық шешімдер қабылдауға әйелдер мен ер адамдардың паритеттік қатысуына қатысты;
- әйелдердің өз мансаптық өсу мүмкіндіктерін іске асыруына қатысты;
- көшбасшылық дағдыларды дамытуға бағытталған іс-шараларға әйелдердің қатысуына қатысты;
- баланың үш жасқа толғанға дейін күтімі бойынша демалыс алу құқығын әйелдердің де, ер адамдардың да іске асыруына қатысты.

Компанияда персоналмен жұмыс еңбек саласындағы кемсітушіліктің алдын алуға, отбасылық міндеттері бар жұмыскерлер үшін икемді еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге және жұмыс орнында гендерлік теңдікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Компанияда орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелерінің (департаменттер, қызметтер), Компания филиалдарының 72 басшысы және басқарушы басшылар жұмыс істейді, олардың ішінде басшы ер адамдар – 44 (61,1%), әйелдер – 28 (38,8%).

Компания жұмыскерлерінің 2024 жылғы гендерлік құрамын талдау соңғы екі жыл ішінде ерлер мен әйелдер санының қатынасы іс жүзінде тұрақты болып қалғанын көрсетеді: әйелдер – 48,2% деңгейінде (166 жұмыскер) және ерлер – 51,7% деңгейінде (178 жұмыскер).

КАДРЛЫҚ РЕЗЕРВ

Компанияның Басқармасының 2023 жылғы 1 қарашадағы № 31 шешімімен бекітілген Компанияның кадрлық резервін қалыптастыру және ұйымдастыру қағидаларының 8-тармағына сәйкес, Компанияның кадрлық резервін қалыптастыру және қайта қарау процедурасы жыл сайын конкурс негізінде және/немесе Компанияның жетекші/ басқарушы жұмыскерлерінің өткен жылдағы жұмыскерлердің кешенді бағалауы негізінде жұмыскерлердің есепті кезеңдегі тиімділігін тоқсан сайын бағалау нәтижелері бойынша қабылданған шешім және/немесе ұсынымдар негізінде жүргізіледі.

Компанияның кадрлық резервін қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру мақсатында 2024 жылғы жұмыскерлерді кешенді бағалау қорытындысы бойынша мынадай нәтижелер алған 59 жұмыскердің тізімі қалыптастырылды:

1. жоғары әлеует – 25;
2. біртіндеп өсу – 15;
3. үздік жұмыскер – 19.

Адам ресурстарын басқару департаменті Топ 1 және Топ 2 топтарына қабылдау бойынша іріктеу жүргізу үшін үміткерлердің білімге және кәсіби тәжірибеге қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізді.

Компанияның жетекшілік ететін басшы жұмыскерлері Топ 1 және Топ 2-дегі белгілі бір кәсіби білім тізбесіне сәйкес үміткерлерді бағалауды жүзеге асырды, сондай-ақ тиісті рейтингтер қойылды.

Кәсіби білімді бағалау нәтижелері бойынша 60% және одан жоғары рейтингке сәйкес келетін үміткерлерге электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы Компанияның кадр резервіне іріктеу жүргізудің басталғаны туралы хабарламалар жіберілді.

Адам ресурстарын басқару департаменті Компанияның кадрлық резервіне конкурстық іріктеуге қатысқан 29 үміткерге ассессмент-орталығын өткізді:

Конкурстық іріктеудің 1-кезеңі – 2024 жылғы 9-19 тамыз аралығында үміткерлерге іскерлік және басқарушылық дағдыларды тестілеу (сандық және ауызша ақпаратты талдау, кейстерді шешу) өткізілді, оның қорытындысы бойынша 19 жұмыскер шекті мәннен төмен емес баға алды;

Конкурстық іріктеудің 2-кезеңі – 2024 жылғы 27 тамыз бен 24 қыркүйек аралығында 17 үміткер мотивациялық және жеке сауалнамалардан өтті (2 үміткер сауалнамаға қатысудан бас тартты).

Компанияның кадрлар комитеті Компанияның кадрлық резервіне «жоғары әлеует» және «әлеуеттің орташа деңгейі» бағаларын алған 12 жұмыскерді қосуды ұсынды.

Қазіргі уақытта Компанияның кадрлық резервінде 12 жұмыскер бар.

Сонымен қатар, 2024 жылғы 24 желтоқсанда Компания резервшілерінің оның Директорлар кеңесінің Кадр, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің мүшелерімен кездесуі өткізілді, онда Компанияның даму мәселелері мен мотивациялық факторлар талқыланды.

Компанияның кадрлық резервін қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру мақсатында

59

ЖҰМЫСКЕРДІҢ ТІЗІМІ ҚАЛЫПТАСТЫРЫЛДЫ

ЖЫЛДЫҚ ЖАЛПЫ ӨТЕМАҚЫ КОЭФФИЦИЕНТІ

Жылдық жалпы өтемақы коэффициенті келесідей болды (GRI 2-21 стандарты бойынша ақпарат):

1. Компанияның ең жоғары ақы төленетін жұмыскері үшін жылдық жалпы өтемақының барлық жұмыскерлер үшін орташа жылдық жалпы өтемақыға қатынасы (ең жоғары ақы төленетін жұмыскерді қоспағанда) 4,4-ті құрады.

   Ең жоғары ақы төленетін жұмыскердің жылдық жалпы өтемақысы базалық жалақыны, сыйлықақыны, демалысақыны, сауықтыруға арналған жәрдемақыны, уақытша еңбекке жарамсыздық жөніндегі жәрдемақыны қоса алғанда, бір жылға есептелген табыстар сомасы ретінде айқындалған. Бұл ретте барлық жұмыскерлер үшін орташа жылдық жалпы өтемақы (ең жоғары ақы төленетін жұмыскерді қоспағанда) есептелген табыстар (жалақы, сыйлықақылар, әлеуметтік төлемдер) сомасының жұмыскерлердің орташа нақты санына қатынасы ретінде айқындалған;

2. Компанияның ең жоғары жалақы алатын жұмысшысы үшін жылдық жалпы өтемақының пайыздық өсуінің барлық жұмыскерлер үшін жылдық жалпы өтемақының орташа пайыздық өсіміне қатынасы (ең жоғары жалақы алатын жұмысшыны қоспағанда) 0,9-ды құрады.

   Пайыздық өсім 2024 жылғы көрсеткіш пен 2023 жылғы көрсеткіш арасындағы айырмашылықтың 2023 жылғы көрсеткішке қатынасы ретінде анықталады;

3. өтеулі қызмет көрсету шарттары бойынша есептелген кірістер есептен шығарылды.

ЭТНОМӘДЕНИ ӘРТҮРЛІЛІК

Компания барлық қызметкерлердің барлығы құнды болатын, сондай-ақ Қазақстанның барлық халықтарының өкілдеріне жұмысқа орналасу үшін тең мүмкіндіктер берілетін ізгі ниеттілік пен қолдау атмосферасын қамтамасыз етуге ұмтылады. Компания жұмыскерлердің этномәдени алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Мысалы, Компанияда келесі ұлттардың өкілдері жұмыс істейді: қазақ, орыс, дүнген, башқұрт, грузин, поляк, татар, кәріс, украин, түрікмен, ұйғыр, неміс.

Сонымен қатар, Компания басқару құрамындағы этномәдени алуан түрлілікті арттыра отырып, өз мәдениетін жетілдіреді, сонымен бірге жұмысқа алу ережелерін қатаң сақтайды.

СПОРТТЫҚ-САУЫҚТЫРУ ІС-ШАРАЛАРЫ

Командалық рухты ынталандыру және дамыту, корпоративтік коммуникациялар деңгейін арттыру және салауатты өмір салтын және спортпен шұғылдануды насихаттау мақсатында Компания корпоративтік демалыстың арнайы іс-шараларын – тимбилдинг өткізеді, ол ұжымды біріктіруге, командалық жұмыс әдістерін құруға бағытталған және корпоративтік менеджменттің Компанияның толыққанды дамуын қамтамасыз ететін перспективалық модельдерінің бірі болып табылады.

ЖЕКЕ ЕҢБЕК ДАУЛАРЫН ҚАРАУ

Жеке еңбек дауларын қарау мақсатында Компанияда келісім комиссиясы құрылды. Комиссия жұмыс берушінің өкілдерінің және еңбек ұжымының жалпы жиналысында сайланған Компания жұмыскерлерінің тең санынан тұрады. Комиссия жеке еңбек дауларын қарау бойынша тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады. Егер жұмыскер өз бетінше немесе өкілдің қатысуымен жұмыс берушімен немесе оның уәкілетті өкілімен тікелей келіссөздер кезінде келіспеушіліктерді реттемесе, еңбек дауын комиссия қарауға тиіс.

2024 жылы Компанияның келісім комиссиясы жеке еңбек дауы бойынша бір өтінішті қарады. Жыл сайын келісім комиссиясының мүшелері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану, келіссөздер жүргізу дағдыларын дамыту және еңбек дауларында консенсусқа қол жеткізу бойынша оқытудан өтеді.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

ҚазАгроҚаржы жұмыскерлердің өмір сүру деңгейлерін дәйекті түрде жоғарылату, негізгі әлеуметтік игіліктерге жалпыға ортақ қолжетімділікті, сонымен қатар ұжымда қолайлы психологиялық ахуалды қамтамасыз ету үшін әлеуметтік бағытталуды дамытады.

ҚазАгроҚаржы Басқармасының 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 34 шешімімен Компания жұмыскерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету ережесі бекітілді.

Компания жұмыскерлеріне әлеуметтік қолдау тиімді жұмыс істеу, жоғары білікті жұмыскерлерді тұрақтандыру және жұмысқа тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында көрсетіледі.

Компания басшылығы жұмыскерлер үшін мынадай әлеуметтік және өзге де кепілдіктерді қамтамасыз етеді:

- Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын іске асыру;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес келетін жұмыс орны;
- еңбек міндеттерін орындауы кезінде жұмыскердің өміріне және денсаулығына зиян келтірілгендігі үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру;
- ерікті медициналық сақтандыру;
- ақы төленетін еңбек демалысы;
- жұмыскерлерге бала туу (асырап алу) кезінде, жұмыскердің некеге отыруы кезінде және жұмыскердің жұбайы немесе жақын туыстары қайтыс болғанда материалдық көмек төлеу;
- еңбекке ақы төлеудің мерзімдік-сыйлықақы жүйесі;
- жұмыскерлер қызметтік іссапарда болған кезде төлем жасау;
- кәсіптік оқыту және біліктілікті арттыру мүмкіндігі.

Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының ұзақтығы 30 күнтізбелік күнді құрайды. Есепті жылы тиісті жылға бекітілген демалыс кестесіне сәйкес және берілген өтініштердің негізінде Компания жұмыскерлеріне еңбек демалыстары берілді.

Әлеуметтік саясатты табысты іске асыру персоналды ынталандыруға және ҚазАгроҚаржының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, сондай-ақ жауапты жұмыс беруші мен әлеуметтік бағытталған ұйымның имиджін нығайтуға ықпал етеді.

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

Компанияның басты басымдықтарының бірі жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету үшін тиісті жағдайлар жасау болып табылады.

Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауға қойылатын жалпы талаптар, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын талаптар «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқармасының 2010 жылғы 25 ақпандағы №17 шешімімен бекітілген Компания жұмыскерлерінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықта (бұдан әрі – Нұсқаулық) бекітілген. Нұсқаулықта еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың жалпы талаптары, жұмыс басталар алдында, жұмыс кезінде және аяқталғаннан кейінгі қауіпсіздік пен күзет талаптары қарастырылған, сондай-ақ жұмыскерлердің авариялық жағдайлар туындаған кездегі іс-әрекеттері егжей-тегжейлі сипатталған. Жаңа жұмыскерлердің барлығы нұсқаулықпен таныстырылуы тиіс. Орталық аппараттың кеңсе ғимараттарында Компания жұмыскерлеріне арналып ақпараттық қауіпсіздік және өткізурежимі бойынша нұсқаулық өткізілді.

2024 жылы өндірістік жарақат алу фактілері болған жоқ. Жұмыскерлердің денсаулығын нашарлататын, жұмыспен және еңбек міндеттерін орындаумен байланысты аурулар тіркелген жоқ.



ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Заңды және жеке тұлғаларға қайырымдылық және демеушілік көмек көрсету тәртібі мен процедурасы Компания Басқармасының 2016 жылғы 13 мамырдағы №12 шешімімен бекітілген ҚазАгроҚаржының Қайырымдылық және демеушілік көмек беру қағидаларында айқындалған.

Қайырымдылық және демеушілік көмек Компанияның тиісті қаржылық жылына арналған жылдық бюджетінде көзделген қаражат есебінен және соның шегінде көрсетіледі.

Компанияның қайырымдылық және демеушілік саласындағы мақсаттары:

1. Компанияның әлеуметтік жауапты компания ретіндегі беделін нығайту;
2. 2халықтың неғұрлым мұқтаж санаттарына (балалар, мүгедектер, соғыс ардагерлері және жауынгерлік әрекеттерге қатысушыларға) атаулы (тікелей) қолдау көрсету;
3. Компанияға оның әлеуетті клиенттері мен серіктестері тарапынан атақ пен адалдық имиджін қалыптастыру.

Қайырымдылық немесе демеушілік көмек көрсету туралы мәселені Компания заңды немесе жеке тұлғалардың өтініштері негізінде қарайды.

Есепті жылы Компания басқармасымен Компания бюджетінің бабы шеңберінде келесі тұлғаларға жалпы сомасы 9 912,0 мың теңгеге қайырымдылық және демеушілік көмек көрсетілді:

1. **заңды тұлғаларға жалпы сомасы 6 768,0 мың теңге:**
   - «Қазақ зағиптар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің филиалына;
   - Қарағанды облыстық басқармасына – «Қазақ зағиптар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің филиалына;
   - Көру қабілеті бұзылған адамдарға арналған республикалық спорт қауымдастығына;
   - «Жүректің шақыруы бойынша» қоғамдық бірлестігі;
   - «Сәби бақытты» қоғамдық қорына;
   - «Мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдау қауымдастығы» қоғамдық қорына;
   - «Дар» қоғамдық қорына;
   - «Kobelek Balalar» қоғамдық қорына;
   - «№1 арнайы мектеп-интернаты» КММ жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, мүгедек балаларды, аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларды және ауыр сырқаттармен, мүмкіндігі шектеулі адамдарды азық-түлікпен, киіммен, емдеумен қамтамасыз ету, сондай-ақ спорттық іс-шараларды қаржыландыру және қолдау мақсатында;
2. **Жеке тұлғаларға онкологиялық және ауыр ауруларды емдеуге ақы төлеу үшін 3 144,0 мың теңге мөлшерінде.**

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕР



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САЯСАТ

Компанияда экологиялық және әлеуметтік саясат бекітілді, ол кредиттік-лизингтік қызметтегі экологиялық және әлеуметтік факторларды есепке алу мен мониторингтеу қағидаттары мен тәсілдерін айқындайды. Компания клиенттердің заңнамада көзделген экологиялық және әлеуметтік талаптарды сақтауына ұмтылады және теріс экологиялық және әлеуметтік әсердің алдын алу үшін клиенттердің уақтылы шешім қабылдауына ықпал етеді. Саясатқа сәйкес, жобаларды қарау кезінде экологиялық факторларды есепке алу және бағалау, оның ішінде жобаның кредиттеудің мынадай қағидаттарына сәйкестігін тексеру жүргізіледі: қоршаған ортаны қорғауды басқару, экологиялық тәуекелдерді және қоршаған ортаға әсерді басқару, ресурс тиімділігі, көміртек менеджменті және т. б.

Экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді сараптау және жобаның мониторингі Компанияның ішкі нормативтік құжаттарының қолданыстағы талаптарына сәйкес жүргізіледі.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Компания өз мүмкіндіктері шеңберінде елдің ауыл шаруашылығына қоршаған ортаны және адамдардың денсаулығын қорғайтын, табиғи ресурстарды үнемдеуге ықпал ететін, өндірістің тиімділігін, демек, шығарылатын өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын «жасыл» технологияларды енгізуді қолдауға ұмтылады. ҚазАгроҚаржы өз қызметінің сипатына байланысты АШТ қаржыландыру арқылы қоршаған ортаға жанама әсер етеді. Компания лизингке заманауи талаптар мен стандарттарға (атмосфераға зиянды заттар шығарындыларының нормалары) жауап беретін және міндетті сертификаттауға жататын жаңа техника ұсынатынын атап айтқан жөн. Осы арқылы техниканың қоршаған ортаға барынша аз әсер етуі қамтамасыз етіледі.

ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ, СУДЫ ТҰТЫНУ, ЭНЕРГИЯНЫ ТҰТЫНУ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ

ҚазАгроҚаржы өз қызметінде ресурстарды артық тұтынуды қысқартуға және энергиялық тиімді технологияларды енгізу, суды тұтынуды азайту, кеңсе мұқтаждары үшін қағаз жұмсауды азайту арқылы қазіргі теріс экологиялық әсерді азайтуға ұмтылады. Компания ғимаратының қабаттарында ресурс үнемдеу жөніндегі үгіт тақтайшалары орналастырылған. Компания ресурстарды жауапкершілікпен пайдалану бойынша жұмыс жүргізу шеңберінде мыналарға бағытталған іс-шараларды жүргізді:

1. Электр энергиясын тұтынуды азайту.

- технологиялық немесе қауіпсіздік себептері бойынша қыздыру шамдарын қолдануды жоққа шығаруға болмайтын жағдайларды қоспағанда, кеңседе қыздыру шамдарын пайдалануға жол берілмейді;
- тиімді жарық көздері – энергия тұтынуы төмен жарықдиодты шамдар орнатылған;
- кеңсенің санитарлық тораптарында қозғалыс датчиктері бар шамдар орнатылған;
- А, А+, А++ сыныбының техникасы мен жабдықтары орнатылған;
- ноутбук мониторларының, компьютерлік жабдықтардың энергия үнемдеу режимі функциясы қолданылады.

2. Жылу энегиясын үнемдеу және жеткілікті желдетілуді қамтамасыз ету.

- жылу беруді қолмен немесе автоматты реттеу жүйесі, сондай-ақ бөлмедегі температураны онда жұмыскерлердің бар-жоқтығына байланысты реттеу жүйесі қолданылады;
- кабинеттерде ауаны тазартуға арналған жабдықтар бар;
- ЖШАЖ және ЖЕЖ жылу энергиясының шығынын есепке алу аспаптары орнатылды.

Жоғарыда аталған іс-шараларды қолданудың нәтижесінде 2024 жылы жылу энергиясын тұтыну көлемін 2023 жылмен салыстырғанда 2,6%-ға төмендетуге қол жеткізілді.

3. Ластауды барынша азайту және қалдықтармен жұмыс істеу.

- қатты тұрмыстық қалдықтарды іріктеп жинау жолға қойылған, қалдықтарды бөлек жинау контейнерлері орнатылған;
- қайта өңдеуді жүзеге асыру үшін кейіннен мамандандырылған кәсіпорындарға беру үшін макулатураны жинау пункті ұйымдастырылды және осы іс-шараға жауапты тұлға тағайындалды. 2024 жылы мамандандырылған кәсіпорынға 340 килограмм макулатура берілді;
- Компанияның ірі көлемді қалдықтарын (жиһаз, ұйымдастыру техникасы) кәдеге жарату бойынша

іс-шаралар жүргізілді, мамандандырылған ұйымға 310 бірлік, көлемі шамамен 5 тонна қалдықтар кейіннен компоненттерге бөлшектеу, қалдықтарды сұрыптау, кейіннен қайталама шикізатты қайта өңдеу және қауіпті қалдықтарды көму үшін берілді.

4. Ресурстарды үнемдеу және тұтынуды азайту.

- қағаз құжат айналымын ЭҚЖ бағдарламасына құжаттардың жекелеген түрлері бойынша (сыртқы шығыс хаттар, төлем тапсырмалары, сатып алуға тапсырыстар, өкімдер) оңтайландыру мақсатында жұмыскерлердің ЭЦҚ пайдалануы енгізілді, соның салдарына 2024 жылдың қорытындысы бойынша қағазды тұтыну көлемі 2023 жылмен салыстырғанда 10%-ға азайды;
- клиенттерден онлайн өтінімдерді қабылдау үшін online.kaf.kz BPM платформасы енгізілді.
- қағаз сүлгілердің орнына автоматты қол кептіргіштер орнатылды;
- қайталама шикізаттан жасалған қағаз сүлгілер пайдаланылады.

5. Су тұтынуды және су бұруды қысқарту.

- кеңсенің санитарлық тораптарында сенсорлық үлгідегі су үнемдегіш шұңғылдар орнатылған;
- дәретхана бактарында қосарланған ағызу жүйесі бар;
- суды тұтынуды есепке алу аспаптары орнатылған.

Ресурстарды үнемді пайдалану саясатын енгізу мақсатында Компания 2022 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде электр энергиясын пайдалануға, суды тұтынуға және қатты тұрмыстық қалдықтарды өндіруге талдау жүргізді.

Энергия ресурстарын тұтыну

Вид энергии	Өлш. бірл.	2022	2023	2024
Электр энергиясы (сатып алу)	кВт·сағ.	274 120	264 460	**257 670**
Бензин (сатып алу)	литр	21 340	19 700	**9 280**
Жылу энергиясы	Гкал	255,35	276,68	**254,16**

Қатты тұрмыстық қалдықтарды өндіру

Вид отходов	Өлш. бірл.	2022	2023	2024
Қатты тұрмыстық қалдықтар	$м^3$	112,45	112,45	**84,0**

* ҚТҚ Компания жұмыскерлерінің компания ғимаратының үй-жайларының жұмыс қызметі барысында қалыптасады. Қауіпті ІТ қалдықтары компанияның ІНҚ сәйкес жойылады.

Су тұтыну

Вид потребления	Өлш. бірл.	2022	2023	2024
Сумен жабдықтау, су бұру	$м^3$	1 380	1 590	**1 479**

* Компания су тұтыну мен су бұруды тек шаруашылық-ауыз су мұқтаждарына ғана пайдаланады және қолданады.

АТМОСФЕРАҒА ПАРНИКТІК ГАЗДАР МЕН БАСҚА ДА ЛАСТАУШЫ ЗАТТАРДЫҢ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ

КазАгроФинанс Қазақстан Республикасының 2060 жылға дейін көміртегі бейтараптығына жетуі жөніндегі ұлттық мақсатын ұстанады және жаһандық климаттың өзгеруіне бейімделу жөніндегі жаһандық күш-жігерге өз үлесін қосады. Компания өзінің операциялық қызметінде көміртегі ізін азайтуға ұмтылады және өзінің қызметі нәтижесінде пайда болатын парниктік газдар шығарындыларына сандық бағалау жүргізеді.

КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ

Компанияның Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыру және қамтамасыз ету бойынша жауапты болады. ҚазАгроҚаржыда әлеуетті тәуекелдерді анықтауға, қолайсыз оқиғалардың іске асырылуына қарай тұрақты негізде тәуекелдер тіркелімі мен тәуекелдер картасы толтырылады. Тәуекелдер тізілімі мен тәуекелдер картасы жыл сайын Директорлар кеңесінің қарауына және бекітуіне енгізіледі. Тәуекелдердің негізгі түрлерінің бірі – тұрақты даму тәуекелдері – экологиялық ESG-тәуекел.

Компания орнықты даму саласындағы тәуекелдерге ерекше назар аударады. Тұрақты даму тәуекелдері Компанияның ұзақ мерзімді қаржылық нәтижесі мен тұрақтылығына тікелей әсер етеді.

PricewaterhouseCoopers (PwC) Kazakhstan компаниясының бағалауы бойынша ESG-ақпаратты ашу бойынша "B+"жоғары рейтингі берілгенін көреміз.

Компаниядағы экологиялық ESG тәуекелі табиғатқа, жұмыскерлерге және Компанияға ұқыпты қарауды білдіретін бизнес стратегиясын білдіреді.

ESG-тәуекелді басқару шеңберінде Компанияның қызметіне, сондай-ақ қоршаған ортаға әсер етуі мүмкін факторлар анықталды: Қазақстан Республикасының басым бөлігіндегі құрғақшылық, табиғи-климаттық катаклизмдер, АШТ-ның қоршаған ортаға әсері. Осы тәуекел қолайлы деңгейде бағаланады, бұл оларды азайту үшін шұғыл шаралар қабылдау қажеттілігінің жоқтығын білдіреді. Алайда Компания осы тәуекелді басқару бойынша бірқатар алдын алу және реактивті шараларды әзірледі:

- Компания клиенттеріне дақылдарды/жайылымдарды сақтандыруды ұсыну;
- Кеден одағының «Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы» және «Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» техникалық регламенттеріне сәйкес сәйкестік сертификаттарын ұсынған кезде ғана техниканы сатып алуды жүзеге асыру;
- ресми қызмет көрсету орталықтарында немесе олардың өкілдерінде лизинг заттарына қызмет көрсетуді ұсыну;
- құрғақшылық пен табиғи-климаттық апаттардан зардап шеккен клиенттерге қайта құрылымдауды немесе ұзартуды ұсыну;
- ықтимал шығындарға резервтерді қалыптастыру.

Қазіргі уақытта Компания климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдерді Тіркелімге және тәуекелдер картасына қосу мәселелерімен айналысуда.

2024 жылы Компаниядағы CO_2 жалпы шығарындылары

Қамту аймағы 1	**11,9 tCO_2e** (жұмыскерлерге және басшылыққа қызмет көрсету үшін қызметтік автомашиналарды пайдаланудан)
Аралық қорытынды	**11,9 tCO_2e**
Қамту аймағы 2	**137,0 tCO_2e** (сатып алынатын эк)
	157,2 tCO_2e (сатып алынатын жылу энергиясынан)
Аралық қорытынды	**294,25 tCO_2e**
Қамту аймағы 3	**48 tCO_2e** (жұмыскерлердің сапарлардан жеке және қоғамдық көліктердегі жұмыс орнына дейінгі бағалау шығарындылары)
	0,6 tCO_2e (т/ж көлігімен жүруден)
	9,1 tCO_2e (ұшақпен ұшудан)
	0,2 tCO_2e (іссапарлар үшін автокөліктің жалға алынған бірліктерін пайдаланудан)
	0,0 tCO_2e (жұмыскерлерді таңертеңгі және кешкі тасымалдау үшін жалға алынған автокөлік бірліктерін пайдаланудан)
	8,1 tCO_2e (басшылық пен жұмыскерлерге қызмет көрсету үшін жалға алынған автокөлік бірліктерін пайдаланудан)
Аралық қорытынды	**66 tCO_2e**
CO_2 жалпы шығарындылары (1, 2 және 3 қамту аймақтары шығарындыларының жиынтығы)	**372,15 tCO_2e**

ГЛОССАРИЙ

АӨК	агроөнеркәсіптік кешен
ЖІӨ	жалпы ішкі өнім
ЖЖМ	жанар-жағармай материалдары
КОМПАНИЯ	«КазАгроҚаржы» АҚ
ҚНК	қызметтік негізгі көрсеткіші
ІКМ	ірі қара мал
ХҚЕС	Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары
БАҚ	бұқаралық ақпарат құралы
АШТӨ	ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші
АШТ	ауыл шаруашылығы техникасы
ROA	активтердің рентабельділігі (ағылш. return on assets)
ROE	капиталдың рентабельділігі (ағылш. return on equity)
NPL	бастапқы кредиттік келісім шарттары орындалмайтын кредит

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

ОРТАЛЫҚ АППАРАТ

«ҚазАгроҚаржы» АҚ
Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ.,
Кенесары к-сі, 51, НП-9

Қабылдау бөлмесі:
+7 (7172) 58-04-37, 58-04-38

Сенім телефоны:
+7 (7172) 58-04-50

Жалғыз акционермен жұмыс бойынша:
+7 (7172) 58-04-51

Тікелей инвестиция мәселелері бойынша:
+7 (7172) 55-73-40

Орнықты даму және жылдық есеп мәселелері бойынша:
+7 (7172) 55 73 40

Баспасөз қызметі:
+7 (7172) 58-04-11

Хат-хабарларды қабылдау:
+7 (7172) 55-65-33

Call-center:
+7 (7172) 55-77-55; 1429

Факс: +7 (7172) 58-04-46
E-mail: mailbox@kaf.kz
www.kaf.kz

АУДИТОР

«КПМГ Аудит» ЖШС
Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Медеу ауданы,
Достық д-лы, 180, «Көктем» БО

Банктік реквизиттер:
БСН: 930840000232
БСК: HSBKKZKX
ЖСН: KZ726010131000359393
Банк: «Қазақстан Халық Банкі» АО
Кбе: 17

Тел.: +7 (7272) 98-08-98

Астана қ.
Астана қ., Қабанбай батыр даңғ., 6/1, оф. 171
Тел.: +7 (7172) 59-28-69
nur_kaf@kaf.kz

Ақмола облысы
Көкшетау қ., Абай көшесі, 96, «GreenWhich» БО
Тел.: +7 (7162) 91-00-30
akm2@kaf.kz

Ақтөбе облысы
Ақтөбе қ., Әбілхайыр хан даңғ., 77
Тел.: +7 (7132) 92-11-81, 92-11-82, 92-11-83
akt3@kaf.kz

Алматы қ. және Алматы облысы
Алматы қ., Жандосов көшесі, 136, «NOVA» БО
Тел.: +7 (727) 295-93-50
alm@kaf.kz

Жетісу облысы
Талдықорған қ., 7-ші шағ. ауд., 10 ғим., «Көктем Грант» БО
Тел.: +7 (7282) 55-86-80
tld@kaf.kz

Шығыс Қазақстан облысы
Өскемен қаласы, Сәтпаев даңғ., 62
Тел.: +7 (7232) 49-24-77
vko2@kaf.kz

Жамбыл облысы
Тараз қ., Төле би к-сі, 95, НП-3
Тел.: +7 (7262) 99-92-22
tar@kaf.kz

Батыс Қазақстан облысы
Орал қаласы, Сырым Датов көшесі, 28
Тел.: +7 (7112) 96-00-30
zko@kaf.kz

Атырау қ., Владимирский көшесі, 20Д, 2-қабат
Тел.: +7 (7122) 76-36-21, 76-36-22, 76-36-23
atr@kaf.kz

Ақтау қаласы, 29 шағ, ауд., 225 ғим., «Сұлтан Энергия» БО, 3-қабат, 302 каб.
Тел.: +7 (702) 587 24 23
a.kondybayeva@kaf.kz

Қарағанды облысы
Қарағанды қ., Бұқар жырау көш. 53/1, «Дәулет» СҮ, 4-қабат
Тел.: +7 (7212) 92-24-10, 92-24-09, 92-24-08, 92-24-07
krg@kaf.kz

Қостанай облысы
Қостанай қ., Әл-Фараби даңғ. 65, 11-қабат, 1111 каб.
Тел.: +7 (7142) 99-97-73, 99-97-72, 99-97-74
kst3@kaf.kz

Қызылорда облысы
Қызылорда қаласы, Қонаев көш. 33, 2-қабат
Тел.: +7 (7242) 55-13-00, 55-13-02, 55-13-03, 55-13-04
kzl@kaf.kz

Павлодар облысы
Павлодар қ., Луговая к-сі, 16
Тел.: +7 (7182) 77-00-66, 77-00-67, 77-00-68, 77-00-69
pvl@kaf.kz

Солтүстік Қазақстан облысы
Петропавл қаласы, Бөкетов көшесі, 31А, 2-қабат
Тел.: +7 (7152) 63-10-30, 63-10-31, 63-10-32, 63-10-33, 63-10-34
sko@kaf.kz

Шымкент қ. және Түркістан облысы
Шымкент қ., Қонаев даңғ. 3/3, 3-қабат
Тел.: +7 (7252) 98-40-10, 98-40-11, 98-40-12, 98-40-13
uko@kaf.kz

Абай облысы
Семей қ., ул. Қайым Мұхамедханов көшесі, 23А
Тел.: +7 (747) 856-72-56
fip-aba@kaf.kz

ҚОСЫМШЛАР

210 — 1-қосымша. Есеп туралы
212 — 2-қосымша. GRI индексі
218 — 3-қосымша. Қаржылық есептілік
308 — 4-қосымша. ҚазАгроҚаржы корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есеп
348 — 5-қосымша. 2024 жылғы жасауға мүдделілігі бар мәмілелер туралы есеп



1-ҚОСЫМША. ЕСЕП ТУРАЛЫ

ҚазАгроҚаржы жиырма төрт жылдан аса агроөнеркәсіптік кешендегі лизинг нарығында қызметін жүзеге асырып келеді. Осы уақыт ішінде Компания көптеген отандық фермерлер, ауыл шаруашылығы техникасын жеткізушілер, мемлекет пен қоғам үшін танылған және сенімді серіктеске айналды. Компанияның мүдделі тараптарының ауқымы кең және біз олар үшін халықаралық стандарттар мен үздік әлемдік тәжірибеге сәйкес ақпаратты тиімді ашып көрсетуді қамтамасыз етуге тырысамыз.

Компанияның 2024 жыл ішіндегі қызметінің қорытындылары бойынша жылдық есеп GRI стандарттарына сәйкес дайындалған (негізгі сәйкестік деңгейі), бұл Компанияның ақпараттық мөлдірлігін қамтамасыз етеді Қаржылық директор Есепте ХҚЕС бойынша қаржылық есептілікке сәйкес берілген.

Құжатты дайындау кезінде біз сонымен қатар Қазақстан қор биржасының талаптарын да орындадық. Осы жылдық есеп қаржылық емес ақпаратты сыртқы кепілдендіруден өтпеген.

Компанияның жылдық есептері жыл сайынғы негізде дайындалады. Осы жылдық есепте Компанияның 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсана аралығындағы қызметінің нәтижелері көрсетілген және Компанияның орнықты даму жөніндегі 2024 жыл қорытындылары бойынша әзірленген есебі қамтылған.

Есепте Компания қызметінің нәтижелері, жетістіктері мен табыстары, стратегиялық міндеттер бойынша жұмыс баяндалады, корпоративтік басқару мәселелері мен орнықты даму саласындағы қызмет, сондай-ақ Компанияның одан әрі даму жоспарлары көрсетіледі.

ЕСЕП МАЗМҰНЫН АНЫҚТАУ

Осы жылдық есептің мазмұны мен оның сапасын анықтаған кезде Компания GRI стандарттарының қағидаттарын басшылыққа алды. Атап айтқанда, осы жылдық есептің мазмұны елеулілік қағидатын сақтау негізінде, сондай-ақ мүдделі тараптармен өзара ықпалдастық қорытындыларын ескере отырып анықталды. Ақпаратты ашып көрсеткенде орнықты дамудың мәнмәтіні және толықтылық қағидаттары сақталды. Есептің сапасы сенімділік, теңгерімділік, айқындық, салыстырмалылық, жиынтықтылық, орнықты даму мәнмәтіні, уақытылық, тексерімділік қағидаттары сақталуымен қамтамасыз етілді.

Осы жылдық есепте ақпарат Компания қызметінің анағұрлым елеулі аспектілері бойынша ашылып көрсетілді. Елеулі деп біз, біріншіден, Компанияның қоршаған ортаға әсері бұл терминнің кең мағынасында зор болып табылатын мәселелерді, екіншіден, мүдделі тараптарға және олардың мүдделеріне айтарлықтай әсері бар мәселелерді санаймыз.

1. **Бірінші кезең –** елеулі тақырыптардың елеулілігін талдау және алдын-алғы тізімін анықтау, Компанияның экономикалық, экологиялық және әлеуметтік салалардағы әсерін ішкі бағалау.

2. **Екінші кезең –** елеулі тақырыптардың елеулілігін бағалау, талқылау және басымдықтарды белгілеу, елеулі тақырыптардың қорытынды тізімін анықтау.

3. **Үшінші кезең –** Басқарма Төрағасының елеулі тақырыптардың қорытынды тізбесін бекітуі.

Жүргізілген талдауға сәйкес, Компанияның 2024 жылғы Жылдық есебінде ашылған елеулі тақырыптардың тізілімі анықталды.

Елеулі тақырыптар тізімі

Тақырып	№ GRI
Экономика	
Экономикалық нәтижелілік	**201**
Тікелей емес экономикалық әсерлер	**203**
Сатып алу іс-тәжірибесі	**204**
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	**205**
Бәсекелестікке кедергі болу	**206**
Салықтар	**207**
Экология	
Энергия	**302**
Су және ағызулар	**303**
Шығарындылар	**305**
Қалдықтар	**306**
Қоғам	
Жұмыспен қамту	**401**
Жұмыскерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынастары	**402**
Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы	**403**
Оқыту және білім беру	**404**
Алуан түрлілік және тең мүмкіндіктер	**405**
Кемсітушілікті болдырмау	**406**
Клиенттердің құпиялылығы	**418**

2-ҚОСЫМША. GRI ИНДЕКСІ

Пайдалану туралы мәлімдеме:
«ҚазАгроҚаржы» АҚ GRI стандарттарына сәйкес 2024 жыл бойынша есеп дайындады

GRI 1 пайдалану:
GRI 1: Негіздер 2021

Қолданылатын салалық стандарт:
бекітілмеді

GRI стандарты	Ашып көрсету	Орны	Ерекшелік			№ салалық стандарта
			Көрсеткіш	Себебі	Түсіндіру	
Жалпы ашып көрсету						
GRI 2 Жалпы ашып көрсету 2021	2-1 Ұйым профилі	Компания туралы, байланыс ақпараты				
	2-2 Есепке енгізілген ұйымдар	2024 жылғы қаржылық есептілік				
	2-3 Есепті жыл	Есеп туралы				
	2-4 Ақпаратты қайт қарау	Қоршаған ортаны қорғау (су тұтыну)				
	2-5 Сыртқы растау	Есеп туралы				
	2-6 Әрекеттер, құндылық жасау тізбегі және басқа да іскерлік қатынастар	Қызмет түрлері, Бизнес-модель, Лизинг беру процесі, Қызмет бағыттары, АӨК саласын талдау, Ауыл шаруашылығы техникасы паркін талдау, Лизинг нарығын талдау				
	2-7 Жұмыскерлер	Персоналдың құрылымы				
	2-8 Қызметкер болып табылмайтын жұмыскерлер			Ақпарат қолжетімсіз	Уақытша жұмыс істейтін жұмыскерлердің санаты жоқ	
	2-9 Басшылықтың құрылымы мен құрамы	Менеджменттің ұйымдастырушылық құрылымы, Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің комитеттері				
	2-10 Жоғары басқарушы органды тағайындау және таңдау	Іріктеу және тағайындау				
	2-11 Жоғары басшы органның төрағасы	Директорлар кеңесі				
	2-12 Жоғары басқару органының әсерлерді басқаруды қадағалаудағы рөлі	Орнықты даму саласындағы саясат				
	2-13 Жауапкершілікті басқаға беру және әсерлерді басқару	Орнықты даму саласындағы саясат				
	2-14 Жоғары басқарушы органның орнықты даму саласындағы есептіліктегі рөлі	Орнықты даму саласындағы саясат				
	2-15 Мүдделер қақтығысы	Мүдделер қақтығысын басқару және корпоративтік қақтығыстарды реттеу				
	2-16 Сыни мәселелер туралы есеп беру	Мәселелер туралы хабарлау				
	2-17 Жоғары басшы органның ұжымдық білімі	Директорлар кеңесінің мүшелерін оқыту және кәсіби дамыту				
	2-18 Жоғары басшы органның қызметін бағалау	Директорлар кеңесінің қызметін бағалау				
	2-19 Сыйақы саясаты	Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы беру, Басқарма мүшелеріне сыйақы беру				
	2-20 Сыйақыны анықтау процесі	Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы беру, Басқарма мүшелеріне сыйақы беру				
	2-21 Жылдық жалпы сыйақы коэффициенті	Жылдық жалпы өтемақы коэффициенті				
	2-22 Орнықты даму стратегиясы туралы мәлімдеме	Даму стратегиясын іске асыру				
	2-23 Саяси міндеттемелер	Корпоративтік этика, ақпараттық саясат		Ақпарат ішінара қолжетімсіз	Адам құқықтарын қорғау саясаты әзірленбеген	
	2-24 Саяси міндеттемелерді енгізу	Кадрлық саясат, корпоративтік этика				
	2-25 Теріс әсерлерді жою процестері	Шағым беру және проблемалар туралы ақпараттандыру механизмі				
	2-26 Кеңес алуға өтініш білдіру және алаңдаушылық білдіру тетіктері	Шағым беру және проблемалар туралы ақпараттандыру механизмі				
	2-27 Заңдар мен нормативтік актілерді орындау	Заңнама талаптарына сәйкестік				
	2-28 Мүшелік қауымдастық-тар	Мүшелік қауымдастықтар				
	2-29 Мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу	Мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу туралы есеп				
	2-30 Ұжымдық шарттар		2-30 Ұжымдық шарттар	Қолданылмайды	Компанияда ұжымдық шарттар практикасы қолданылмайды	

Елеулі тақырыптар					
GRI 3 Елеулі тақырыптар 2021	3-1 Елеулі тақырыптарды анықтау процесі	Есептің мазмұнын анықтау			
	3-2 Елеулі тақырыптар тізімі	Елеулі тақырыптар тізімі			
Экономика					
201 Экономикалық тиімділік	3-3 Тақырыпты басқару	Құрылған экономикалық құн, PEST-талдау, SWOT-талдау, Тәуекелдерді талдау, Қаржылық есептілік, Субсидиялау процестері			
	201-1 Жасалатын және бөлінетін тікелей экономикалық құндылық	Құрылған экономикалық құн			
	201-2 Климаттың өзгеруімен байланысты қаржылық салдар және басқа да тәуекелдер мен мүмкіндіктер	PEST-талдау, SWOT-талдау, тәуекелдерді талдау, қаржылық есептілік			
	201-4 Мемлекеттен алған қаржылық көмек	Субсидиялау процесі			
203 Тікелей емес экономикалық әсерлер	3-3 Тақырыпты басқару	Операциялық қызметтің нәтижелері, Құрылған экономикалық құн			
	203-1 Инфрақұрылым мен қызметтерге қолдау көрсетілетін инвестициялар	Операциялық қызметтің нәтижелері			
	203-2 Елеулі жанама экономикалық зардаптар	Құрылған экономикалық құн			
204 Сатып алу іс-тәжірибесі	3-3 Тақырыпты басқару	Сатып алу іс-тәжірибесі			
	204-1 Жергілікті өнім берушілерге шығыстардың үлесі	Сатып алу іс-тәжірибесі			
205 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	3-3 Тақырыпты басқару	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл			
	205-1 Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бағаланған операциялар	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл			
	205-2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат және процедуралар мәселелері бойынша коммуникация және оқыт	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл			
	205-3 Сыбайлас жемқорлықтың расталған жағдайлары және қабылданған шаралар	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл			
206 Бәсекелестікке кедергі келтіру	3-3 Тақырыпты басқару	Заңнама талаптарына сәйкестік			
	206-1 Бәсекелестікке қарсы мінез-құлық, монополияға қарсы және монополистік іс-тәжірибе үшін сот талаптары	Заңнама талаптарына сәйкестік			
207 Салықтар	3-3 Тақырыпты басқару	Құрылған экономикалық құн			
	207-1 Салық салу тәсілі	Құрылған экономикалық құн			
	207-2 Салықты басқару, тәуекелдерді бақылау және басқару	Құрылған экономикалық құн			
	207-3 Мүдделі тараптарды тарту және салық салуға байланысты мәселелерді шешу	Құрылған экономикалық құн			
Экология					
302 Энергия	3-3 Тақырыпты басқару	Қоршаған ортаны қорғау			
	302-1 Ұйым ішіндегі энергия тұтыну	Қоршаған ортаны қорғау			
	302-4 Энергия тұтынуды азайту	Қоршаған ортаны қорғау			
303 Су және ағызулар	3-3 Тақырыпты басқару	Қоршаған ортаны қорғау			
	303-1 Ортақ ресурс ретінде сумен өзара әрекеттесу	Қоршаған ортаны қорғау			
	303-2 Суды ағызумен байланысты әсерлерді басқару	Қоршаған ортаны қорғау			
	303-3 Су алу	Қоршаған ортаны қорғау			
305 Шығарындылар	3-3 Тақырыпты басқару		3-3 Тақырыпты басқару	Ақпарат қолжетімсіз	Компания көрсеткішті есепке алу жүйесі бойынша жұмыс істеуде және ол кейінгі есептерде ашылады деп күтілуде
	305-1 Тікелей (қолдану аясы 1) парниктік газдар шығарынды-лары	Қоршаған ортаны қорғау			
	305-2 Энергетикалық жанама (қолдану аясы 2) парниктік газдар шығарындылары	Қоршаған ортаны қорғау			
	305-3 Басқа жанама (қолдану аясы 3) парниктік газдар шығарындылары	Қоршаған ортаны қорғау			
	305-4 Парниктік газдар шығарындыларының қарқындылығы	Қоршаған ортаны қорғау			
	305-5 Парниктік газдар шығарындыларын азайту		305-5 Парник-тік газдар шығарын-дыларын азайту	Ақпарат қолжетімсіз	Компания көрсеткішті есепке алу жүйесі бойынша жұмыс істеуде және ол кейінгі есептерде ашылады деп күтілуде

306 Қалдықтар	3-3 Тақырыпты басқару	Қоршаған ортаны қорғау				
	306-1 Қалдықтардың пайда болуы және қалдықтармен байланысты елеулі әсер	Қоршаған ортаны қорғау				
	306-2 Қалдықтармен байланысты елеулі әсерлерді басқару		306-2 Қалдық тармен байланысты елеулі әсерлерді басқару	Қолданылмайды	Компания қоршаған ортаға айтарлықтай әсер ететін қалдықтар-ды шығармай-ды	
	306-3 Түзілетін қалдықтар	Қоршаған ортаны қорғау				
	306-4 Кәдеге жаратуға қабылданбаған қалдықтар		306-4 Кәдеге жаратуға қабылданбаған қалдық-тар	Ақпарат қолжетімсіз	Компания көрсеткішті есепке алу жүйесі бойынша жұмыс істеуде және ол кейінгі есептерде ашылады деп күтілуде	
	306-5 Кәдеге жаратуға жіберілген қалдықтар		306-5 Кәдеге жаратуға жіберілген қалдық-тар	Ақпарат қолжетім-сіз	Компания көрсеткішті есепке алу жүйесі бойынша жұмыс істеуде және ол кейінгі есептерде ашылады деп күтілуде	
Қоғам						
401 Жұмыспен қамту	3-3 Тақырыпты басқару	Персоналдың құрылымы, әлеуметтік қолдау				
	401-1 Жаңа жұмыскерлер және кадрлардың тұрақтамауы	Әлеуметтік қолдау				
	401-3 Бала күтімі бойынша демалыс	Әлеуметтік қолдау				
402 Жұмыскерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынастары	3-3 Тақырыпты басқару	Кадрлық саясат				
	402-1 Жедел өзгерістер туралы хабарлаудың ең аз мерзімдері	Кадрлық саясат				
403 Еңбекті қорғау және қауіпсіздік	3-3 Тақырыпты басқару	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік, Спорттық-сауықтыру іс-шаралары				
	403-1 Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесі	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік				
	403-2 Қауіпті анықтау, тәуекелді бағалау және инциентті тексеру	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік				
	403-3 Еңбекті қорғау бойынша қызметтер	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік				
	403-4 Жұмыскерлердің қатысуы, еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелері бойынша кеңес беру және коммуникация	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік				
	403-5 Жұмыскерлерді еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы мәселелері бойынша оқыту	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік				
	403-6 Жұмыскерлердің денсаулығын нығайту	Спорттық-сауықтыру іс-шаралары, әлеуметтік қолдау				
	403-7 Денсаулық пен өндірістегі қауіпсіздік үшін іскерлік қатынастармен тікелей байланысты салдардың алдын алу және жұмсарту	Әлеуметтік қолдау				
	403-8 Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесімен қамтылған жұмыскерлер	Әлеуметтік қолдау				
	403-9 Жұмыспен байланысты жарақаттар	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік				
	403-10 Жұмыспен байланысты өзін нашар сезіну	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік				
404 Оқыту және білім беру	3-3 Тақырыпты басқару	Жұмыскерлерді оқыту және дамыту, тең мансаптық мүмкіндіктер жасау				
	404-1 Жыл ішіндегі оқу сағаттарының бір жұмыскерге шаққандағы орташа саны	Жұмыскерлерді оқыту және дамыту				
	404-2 Жұмыскерлер-дің біліктілігін арттыру бағдарламалары және өтпелі кезеңдегі көмек бағдарламалары	Жұмыскерлерді оқыту және дамыту				
	404-3 Тиімділік пен мансаптық өсу бойынша үнемі шолу алатын жұмыскерлердің пайызы	Тең мансаптық мүмкіндіктер жасау				
405 Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер	3-3 Тақырыпты басқару	Персоналдың құрылымы, Тең мансаптық мүмкіндіктер жасау				
	405-1 Басқару органдары мен жұмыскерлердің әртүрлілігі	Персоналдың құрылымы				
	405-2 Әйелдер мен ер адамдардың негізгі жалақысы мен сыйақысының арақатынасы	Тең мансаптық мүмкіндіктер жасау				
406 Кемсітушілікке жол бермеу	3-3 Тақырыпты басқару	Тең мансаптық мүмкіндіктер жасау				
	406-1 Кемсітушілік жағдайлары және жағдайды түзету бойынша қабылданған шаралар	Тең мансаптық мүмкіндіктер жасау				
418 Клиенттердің құпиялылығы	3-3 Тақырыпты басқару	Ақпараттық саясат				
	418-1 Клиенттердің құпиялылығы бұзылғандығы және клиенттердің деректерінің жоғалуы туралы негізделген шағымдар	Ақпараттық саясат				

3-ҚОСЫМША. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

2024 ЖЫЛ ҮШІН, ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІМЕН

219 – Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі

224 – Қаржылық есептілік
224 – Қаржылық жағдай туралы есеп
225 – Пайда немесе залал және өзге де жиынтық табыс туралы есеп
226 – Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп
227 – Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп

229 – Қаржылық есептілікке ескертпелер

KPMG

«КПМГ Аудит» жауапкершілігі шектеулі серіктестік
Қазақстан, A25D6T5, Алматы,
Достық д-лы, 180,
+7 (727) 298-08-98

Товарищество с ограниченной ответственностью «КПМГ Аудит»
Казахстан, A25D6T5, Алматы,
пр. Достык, 180

Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі

«ҚазАгроҚаржы» АҚ акционері мен директорлар кеңесіне

Пікір

Біз 2024 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдай туралы есебінен, көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс, меншікті капиталдағы өзгерістер және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептерден, сондай-ақ, есеп саясатының елеулі тұжырымдамалары мен басқа түсіндірмелі ескертпелерден тұратын «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның (әрі қарай, «Компания») қаржылық есептіліктің аудитін жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қаржылық есептілік Қаржылық есептілігінің халықаралық стандарттары жөніндегі Кеңесі шығарған ҚЕХС қаржылық есептіліктің стандарттарына (ҚЕХС қаржылық есептіліктің стандарттары) сәйкес барлық елеулі қатынастарда Компанияның 2024 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдайын және көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша қаржылық нәтижелерін және ақша қаражаттарының қозғалысын әділ көрсетеді.

Пікір білдіруге негіздеме

Біз Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес аудит жүргіздік. Осы стандарттар бойынша біздің жауапкершілігіміз одан әрі есебіміздің *«Қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі»* бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары Кеңесінің кәсіби бухгалтерлерге арналған әдеп кодексіне («БАХӘСК кодексі») және біздің қаржылық есептіліктің аудитіне тиісті Қазақстан Республикасында қолданылатын әдептілік талаптарға сәйкес Компанияға қатысты тәуелсіз болып табыламыз және біз басқа да әдептілік міндеттемелерді аталған талаптар мен БАХӘСК кодексіне сәйкес орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіруге негіздеме болуға жеткілікті және тиісті деп есептейміз.

© 2025 «КПМГ Аудит» ЖШС, Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес тіркелген компания, жауапкершілігі өз қатысушыларының кепілдіктерімен шектелген KPMG International Limited жекеше ағылшын компаниясының құрамына кіретін KPMG тәуелсіз фирмалары жаһандық ұйымының қатысушысы. Барлық құқықтар қорғалған.

© 2025 ТОО «КПМГ Аудит», компания, зарегистрированная в соответствии с законодательством Республики Казахстан, участник глобальной организации независимых фирм KPMG, входящих в KPMG International Limited, частную английскую компанию с ответственностью, ограниченной гарантиями своих участников. Барлық құқықтар қорғалған.

Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері біздің кәсіби пайымдауымыз бойынша, ағымдағы кезеңнің қаржылық есептілігінің аудитінде ең маңызды болған мәселелер. Бұл мәселелер толығымен біздің қаржылық есептіліктің аудитінің мәнмәтіні мен осы есептілік туралы біздің пікіріміздің қалыптасуында қарастырылды және біз осы мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.

Клиенттердің кредиттері және қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиттік залалдар (ККЗ)

Қаржылық есептіліктегі 3, 4, 8, 9 және 25-Ескертпелерін қараңыз.

Аудиттің негізгі мәселесі	*Аудиттің негізгі мәселесіне қатысты аудиторлық рәсімдер*
Клиенттерге арналған кредиттер және қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек активтердің 87%-ын құрайды және тұрақты түрде есептелетін және қолданылатын жорамалдарға сезімтал күтілетін кредиттік залалдар резервін (ККЗ) шегере отырып ұсынылады. Компания ККЗ-ны бағалау моделін қолданады, ол басшылықтан келесі негізгі аспектілерге қатысты кәсіби пайымдаулар мен жорамалдарды қолдануды талап етеді: - кредиттік тәуекел мен дефолт оқиғаларының елеулі өсуін уақтылы анықтау (9 ҚЕХС (IFRS) *«Қаржы құралдарына»* сәйкес сәйкес 1, 2 және 3-кезеңдер арасында бөлу); - дефолт ықтималдығын (PD) және дефолт болған жағдайда шығын мөлшерін (LGD) бағалау; - клиенттерге берілетін кредит беру және несиелік құнсызданған қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек үшін күтілетін ақша ағындарының болжамы. Клиенттерге берілетін кредиттер көлемінің және қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің маңыздылығына және осыған байланысты олар бойынша күтілетін кредиттік залалдарды бағалаудың белгісіздігіне байланысты бұл сала аудиттің негізгі мәселесі ретінде қарастырылады.	Біз қаржылық тәуекелдерді басқару саласындағы мамандарды талдауға тарта отырып, 9 ҚЕХС (IFRS) талаптарына сәйкестігі тұрғысынан компанияның әдіснамасы мен саясатындағы ККЗ бағалауға қатысты өзгерістердің негізгі аспектілерін талдадық. ККЗ резервін есептеу кезінде басшылық жасаған кәсіби пайымдаулар мен жорамалдарды талдау үшін біз келесі рәсімдерді жүргіздік: — Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешекті іріктеу бойынша біз қаржылық және қаржылық емес ақпаратты, сондай-ақ компания қолданған болжамдар мен кәсіби пайымдауларды талдау арқылы 1, 2 және 3 кезеңдерді анықтаудың дұрыстығын тексердік. — Клиенттерге берілген несиелер мен қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешекке қатысты, 1, 2 және 3 кезеңдерге жатқызылған, олар бойынша ККЗ резервтерін бағалау ұжымдық негізде жүзеге асырылады, біз PD және LGD модельдерін қоса алғанда, тиісті ККЗ модельдерінің жұмыс қағидатын тексердік, негізгі болжамдарды бағаладық, сондай-ақ модельдің бастапқы деректерін бастапқы құжаттармен таңдамалы негізде салыстырдық. — 3-кезеңге жатқызылған клиенттерге кредиттер мен қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешекті іріктеу үшін және жеке негізде бағаланатын СҚҚ бойынша резервтер, біз тарихи тәжірибе мен қолжетімді нарықтық ақпарат туралы түсінігімізге сүйене

	отырып, сатылатын кепілдердің құнын бағалауды және оларды іске асыру мерзімдерін қоса алғанда, болашақ ақша ағындарын есептеу кезінде компания пайдаланатын болжамдарды сыни тұрғыдан бағаладық. Біз сондай-ақ қаржылық есептіліктегі ашулар Компанияның кредиттік тәуекелге ұшырауын дұрыс көрсететінін/көрсетпейтінін бағаладық.

Басқа ақпарат

Басшылық басқа ақпарат үшін жауапты. Басқа ақпарат жылдық есепке енетін ақпаратты қамтиды, бірақ басқа ақпаратқа қаржылық есептілік пен қаржылық есептілік туралы біздің аудиторлардың есебі енбейді. Жылдық есеп бізге, болжаммен, осы аудиторлардың есебінің күнінен кейін ұсынылады.

Біздің қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратты қамтымайды және біз басқа ақпаратқа қатысты қандай да бір нысандағы сенімділік қорытындысын білдірмейміз.

Біздің қаржылық есептіліктің аудитіне байланысты біздің жауапкершілігіміз мүмкін болған жағдайда жоғарыда анықталған басқа ақпаратты оқу және басқа ақпаратты оқу барысында оның қаржылық есептілікпен немесе аудит барысында алған біздің білімімізбен елеулі дәйексіздігін немесе елеулі бұрмаланған болып көрінуін қарастыру.

Қаржылық есептілік үшін Компания басшылығы мен басқару өкілеттілігіне ие тұлғалардың жауапкершілігі

Басшылық ҚЕХС қаржылық есептіліктің стандарттарына сәйкес қаржылық есептіліктің дайындауы мен әділ ұсынылуына және де алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбаған қаржылық есептілікті дайындау үшін басшылық қажет деп анықтайтын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Қаржылық есептілікті дайындауда басшылық Компанияның үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетін бағалау, сәйкес жағдайларда үздіксіз қызметке қатысты мәселелерді ашып көрсету және басшылық Компанияны жауып тастауға немесе оның операцияларын тоқтатуды ниеттеніп отырған немесе одан басқа нақты балама нұсқасы болмаған жағдайларды қоспағанда бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдану үшін жауапты.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Компанияның қаржылық есептілігін дайындауды қадағалауға жауапты.

Қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептіліктің толығымен алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбағандығы туралы ақылға қонымды сенімділік алу және де біздің пікірімізді енетін аудиторлардың есебін шығару. Ақылға қонымды сенімділік жоғары дәрежедегі сенімділікті білдіреді, бірақ АХС-ға сәйкес жүргізілген аудит бар болған кездегі елеулі бұрмалануларды әрқашан табатындығына кепіл болып табылмайды. Бұрмалаулар алаяқтық әрекеттер немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және де егер олар жеке немесе жиынтық түрінде осы қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдерге ықпал етуі негізді түрде жорамалданса, маңызды болып саналады.

АХС-ға сәйкес жүргізілген аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және аудит бойы кәсіби күмәншілдікті сақтаймыз. Одан бөлек біз келесілерді орындаймыз:

Өтімділік тәуекелі – бұл Компанияның төлем бойынша өз міндеттемелерін әдеттегі не күтпеген жағдайда өтеу мерзімі жеткен кезде орындай алмауының тәуекелі. Осы тәуекелді шектеу мақсатында басшылық әр түрлі қаржыландыру көздеріне қол жетімділікті қамтамасыз етті. Басшылық өтімділік пен келешектегі ақшалай ағым және өтімділікті күнделікті мониторингілеуді ескере отырып. активтерді басқарады. Бұл үдеріске күтілетін ақша ағымын бағалау және қажетті болса қосымша қаржы алу үшін қолдану мүмкіндігі бар жоғары сапалы қамтудың болуы кіреді.

Қаржылық міндеттемелерді өтелуге дейін қалған мерзімдері бойынша талдау

Төмендегі кестеде өтеу бойынша шарттық дисконталмаған міндеттемелер негізінде өтеуге дейін қалған мерзімдер бөлінісінде 31 желтоқсандағы жағдай бойынша компанияның қаржылық міндеттемелері бойынша негізгі борыш пен сыйақыны/купонды қамтитын төлемдер ұсынылған. Бірінші талап ету бойынша өтелуге тиіс міндеттемелер өтеу туралы талап ету мүмкін болатын ең ерте күні жасалған ретінде қарастырылады. Алайда, Компания көптеген несие берушілерден Компания тиісті төлемді жүзеге асыруға міндетті болатын ең ерте күні өтеуді талап етпейді деп күтеді.

2024 жылдың 31 желтоқсаны	3 айдан аз	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан аса	Жиыны
Акционер алдындағы берешек	**1.180.086**	**4.873.101**	**8.935.140**	**1.954.459**	**16.942.786**
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек	**255.000**	**255.000**	**2.040.000**	**55.253.000**	**57.803.000**
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	**195.689**	**6.869.266**	**700.000**	**51.466.932**	**59.231.887**
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	**18.361.250**	**54.494.722**	**337.153.750**	**186.100.000**	**596.109.722**
Дисконталмаған қаржылық міндеттемелердің жиыны	**19.992.025**	**66.492.089**	**348.828.890**	**294.774.391**	**730.087.395**

2023 жылдың 31 желтоқсаны	3 айдан аз	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан аса	Жиыны
Акционер алдындағы берешек	1.259.923	5.195.239	13.345.022	3.597.764	23.397.948
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек	255.000	255.000	2.040.000	55.763.000	58.313.000
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	11.133.582	11.807.012	7.590.097	52.166.789	82.697.480
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	8.517.500	63.738.002	145.918.472	119.750.000	337.923.974
Дисконталмаған қаржылық міндеттемелердің жиыны	21.166.005	80.995.253	168.893.591	231.277.553	502.332.402

Төмендегі кестеде компанияның шарттық және шартты міндеттемелерінің шарттық мерзімі көрсетілген. Кредиттер беру бойынша барлық орындалмаған міндеттемелер клиент оны орындауды талап ете алатын ең ерте күнді қамтитын уақытша кезеңге енгізіледі.

	3 айдан аз	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан аса	Жиыны
2024 жыл	**6.190.406**	**–**	**–**	**–**	**6.190.406**
2023 жыл	14.621.791	–	–	–	14.621.791

Компания барлық шарттық немесе шартты міндеттемелерді олардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін орындау талап етілмейді деп күтеді.

Компанияның өз міндеттемелерін орындау қабілеті оның белгілі бір уақыт аралығында активтердің баламалы сомасын жүзеге асыру қабілетіне байланысты.

Компания акционерден және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-дан қомақты қаражат алды. Басшылық жақын болашақта компанияны қаржыландыру көлемі бұрынғы деңгейде сақталады және осы қаражатты беру қажеттілігі туындаған жағдайда Компания алдын ала хабарлама алады және қажетті төлемдерді жүзеге асыру үшін өзінің өтімді активтерін сата алады деп санайды.

Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел – бұл пайыздық мөлшерлемелер, валюта бағамдары және үлестік құралдардың бағалары сияқты нарықтық параметрлердегі өзгерістерге байланысты қаржы құралдары бойынша болашақ ақша ағындарының әділ құны өзгеретін тәуекел. Сауда-саттық емес портфель бойынша нарықтық тәуекел сезімталдықты талдау негізінде басқарылады және бақыланады. Валюталық позицияларды қоспағанда, Компанияның нарықтық тәуекелдің айтарлықтай концентрациясы жоқ.

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру қаупі

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру қаупі пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі болашақ ақша ағындарына немесе қаржы құралдарының әділ құнына әсер етуі мүмкін болғандықтан туындайды. Компанияның активтері мен міндеттемелері бойынша пайыздық мөлшерлемелер тұрақты болып табылады.

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі белгілі бір өтеу мерзімі бар қолда бар немесе болжанатын активтер өтеу мерзімі ұқсас қолда бар немесе болжанатын міндеттемелердің шамасы бойынша көп немесе аз болған жағдайларда туындайды.

Сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарау мерзімдерін талдау

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі негізінен сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруін мониторингтеу арқылы басқарылады. Негізгі қаржы құралдары бойынша сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарау мерзімдеріне қатысты қысқаша ақпарат мынадай түрде ұсынылуы мүмкін:

	2024 жылдың 31 желтоқсаны						
	Талап етілгенге дейін және 3 айдан аз	3 айдан 6 айға дейін	6 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан аса	Пайызсыз	Жиыны
Активтер							
Ақша қаражаттары және оның баламалары	**53.630.207**	**–**	**–**	**–**	**–**	**883**	**53.631.090**
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	**–**	**–**	**2.433.970**	**–**	**–**	**–**	**2.433.970**
Клиенттерге несиелер	**3.254.165**	**85.219**	**2.545.141**	**1.479.714**	**192.451**	**–**	**7.556.690**
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	**54.378.536**	**16.255.046**	**60.526.151**	**290.685.851**	**128.406.823**	**–**	**550.252.407**
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақыны алдын ала төлеу	**–**	**–**	**–**	**–**	**–**	**9.938.789**	**9.938.789**
Өзге қаржылық активтер	**–**	**–**	**–**	**–**	**–**	**55.676**	**55.676**
Қаржылық активтер жиыны	**111.262.908**	**16.340.265**	**65.505.262**	**292.165.565**	**128.599.274**	**9.995.348**	**623.868.622**
Міндеттемелер							
Акционер алдындағы берешек	**1.073.982**	**991.906**	**3.011.455**	**6.443.663**	**1.428.390**	**–**	**12.949.396**
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек	**198.333**	**–**	**–**	**–**	**13.169.262**	**–**	**13.367.595**
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	**76.138**	**6.471.914**	**52.118**	**–**	**9.583.707**	**–**	**16.183.877**
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	**8.705.671**	**25.566.002**	**–**	**163.914.279**	**144.985.358**	**–**	**343.171.310**
Жеткізушілер алдындағы кредиторлық берешек	**–**	**–**	**–**	**–**	**–**	**1.127.246**	**1.127.246**
Өзге қаржылық міндеттемелер	**–**	**–**	**–**	**–**	**–**	**4.170.385**	**4.170.385**
Қаржылық міндеттемелер жиыны	**10.054.124**	**33.029.822**	**3.063.573**	**170.357.942**	**169.166.717**	**5.297.631**	**390.969.809**
Таза позиция	**101.208.784**	**(16.689.557)**	**62.441.689**	**121.807.623**	**(40.567.443)**	**4.697.717**	**232.898.813**

	2023 жылдың 31 желтоқсаны						
	Талап етілгенге дейін және 3 айдан аз	3 айдан 6 айға дейін	6 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан аса	Пайызсыз	Жиыны
Активтер							
Ақша қаражаттары және оның баламалары	38.801.050	–	–	–	–	4.999.938	43.800.988
Клиенттерге несиелер	4.921.515	222.836	1.622.964	1.276.288	67.160	–	8.110.763
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	47.458.492	13.859.353	38.766.329	232.571.002	115.768.387	–	448.423.563
Өзге қаржылық активтер	–	–	–	–	–	63.235	63.235
Қаржылық активтер жиыны	91.181.057	14.082.189	40.389.293	233.847.290	115.835.547	5.063.173	500.398.549
Міндеттемелер							
Акционер алдындағы берешек	1.132.847	984.469	2.984.060	9.922.291	2.617.085	–	17.640.752
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек	198.333	–	–	–	12.225.198	–	12.423.531
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	10.645.415	3.577.351	6.920.058	6.455.964	6.481.935	–	34.080.723
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	7.054.108	5.315.302	39.517.473	64.414.471	93.966.934	–	210.268.288
Жеткізушілер алдындағы кредиторлық берешек	–	–	–	–	–	5.209.262	5.209.262
Өзге қаржылық міндеттемелер	–	–	–	–	–	1.826.374	1.826.374
Қаржылық міндеттемелер жиыны	19.030.703	9.877.122	49.421.591	80.792.726	115.291.152	7.035.636	281.448.930
Таза позиция	72.150.354	4.205.067	(9.032.298)	153.054.564	544.395	(1.972.463)	218.949.619

Төмендегі кестеде 2024 және 2023 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша компанияның пайыздық активтері мен міндеттемелері және оларға сәйкес келетін орташа тиімді сыйақы мөлшерлемелері көрсетілген. Осы сыйақы мөлшерлемелері тиісті активтер мен міндеттемелерді өтеуге шамамен кірістілікті көрсетеді.

	2024 жылдың 31 желтоқсаны		2023 жылдың 31 желтоқсаны	
	Баланстық құн мың теңге	Орташа тиімді сыйақы мөлшерлемесі	Баланстық құн мың теңге	Орташа тиімді сыйақы мөлшерлемесі
Пайыздық активтер				
Ақша қаражаттары және оның баламалары				
теңгемен	53.120.771	13,86%	35.293.342	16,04%
доллармен	527.436	2,75%	3.507.708	1,26%
Несие ұйымдарындағы қаражат				
доллармен	2.433.970	2,52%	–	–
Клиенттерге несиелер				
теңгемен	7.556.690	11,83%	8.110.763	11,78%
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек				
теңгемен	550.252.407	15,78%	448.423.563	15,50%
Пайыздық міндеттемелер				
Акционер алдындағы берешек				
в теңге	12.949.396	11,79%	17.640.752	11,29%
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек				
теңгемен	13.367.595	11,98%	12.423.531	11,98%
Кредиттік ұйымдардың қаражаты				
теңгемен	16.183.877	13,95%	34.080.723	15,29%
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар				
теңгемен	343.171.310	15,09%	210.268.288	14,27%

Ақша ағындарының сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне сезімталдығын талдау

Бір жылдағы таза пайданың және компанияның меншікті капиталының сыйақының нарықтық мөлшерлемелерінің өзгеруіне сезімталдығын талдау (2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қолданыстағы пайыздық активтер мен міндеттемелер бойынша 100 базистік тармаққа және позицияларға кірістілік қисықтарының қатарлас төмендеуінің немесе өсуінің оңайлатылған сценарийі негізінде жасалған) келесідей ұсынылған:

	2024 жыл		2023 жыл	
	Пайда	Меншікті капитал	Пайда	Меншікті капитал
100 базистік тармаққа параллель ұлғайту	(1.114.733)	(1.114.733)	(425.238)	(425.238)
100 базистік тармаққа параллель азайту	1.114.733	1.114.733	425.238	425.238

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел – бұл валюта бағамының өзгеруі салдарынан қаржылық құрал құнының ауытқу тәуекелі. Басқарма ҚРҰБ ұсынымдары негізінде шетел валютасындағы позициялар бойынша лимиттер белгіледі. Жайғасымдар күнделікті қадағаланып тұрады.

Келесі кестеде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша валюталар бөлінісіндегі қаржылық активтер мен міндеттемелердің құрылымы көрсетілген:

	2024 жылдың 31 желтоқсаны			
	Теңге	АҚШ доллары	Еуро	Жиыны
Активтер				
Ақша қаражаттары және оның баламалары	**53.103.654**	**527.436**	**–**	**53.631.090**
Несие ұйымдарындағы қаражат	**–**	**2.433.970**	**–**	**2.433.970**
Клиенттерге несиелер	**7.556.690**	**–**	**–**	**7.556.690**
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	**550.252.407**	**–**	**–**	**550.252.407**
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақыны алдын ала төлеу	**9.938.789**	**–**	**–**	**9.938.789**
Өзге қаржылық активтер	**33.835**	**6.720**	**15.121**	**55.676**
Активтер жиыны	**620.885.375**	**2.968.126**	**15.121**	**623.868.622**
Міндеттемелер				
Акционер алдындағы берешек	**12.949.396**	**–**	**–**	**12.949.396**
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек	**13.367.595**	**–**	**–**	**13.367.595**
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	**16.183.877**	**–**	**–**	**16.183.877**
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	**343.171.310**	**–**	**–**	**343.171.310**
Жеткізушілер алдындағы кредиторлық берешек	**803.814**	**166.556**	**156.876**	**1.127.246**
Өзге қаржылық міндеттемелер	**4.170.385**	**–**	**–**	**4.170.385**
Міндеттемелер жиыны	**390.646.377**	**166.556**	**156.876**	**390.969.809**
Таза позиция	**230.238.998**	**2.801.570**	**(141.755)**	**232.898.813**

	2023 жылдың 31 желтоқсаны			
	Теңге	АҚШ доллары	Еуро	Жиыны
Активтер				
Ақша қаражаттары және оның баламалары	40.293.280	3.507.708	–	43.800.988
Клиенттерге несиелер	8.110.763	–	–	8.110.763
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	448.423.563	–	–	448.423.563
Өзге қаржылық активтер	58.742	2.202	2.291	63.235
Активтер жиыны	496.886.348	3.509.910	2.291	500.398.549
Міндеттемелер				
Акционер алдындағы берешек	17.640.752	–	–	17.640.752
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек	12.423.531	–	–	12.423.531
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	34.080.723	–	–	34.080.723
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	210.268.288	–	–	210.268.288
Жеткізушілер алдындағы кредиторлық берешек	2.378.642	1.651.742	1.178.878	5.209.262
Өзге қаржылық міндеттемелер	1.826.374	–	–	1.826.374
Міндеттемелер жиыны	278.618.310	1.651.742	1.178.878	281.448.930
Таза позиция	218.268.038	1.858.168	(1.176.587)	218.949.619

Келесі кестеде компанияның 31 желтоқсанда сауда емес монетарлық активтер мен міндеттемелер, сондай-ақ болжамды ақша ағындары бойынша маңызды позициялары бар валюталар көрсетілген. Жүргізілген талдау теңгеге қатысты валюта бағамдарындағы ықтимал өзгерістердің пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы есепке әсерін есептеуден тұрады (әділ құны валюта бағамының өзгеруіне сезімтал сауда-саттық емес монетарлық активтер мен міндеттемелердің болуына байланысты). Капиталға әсер ету пайда немесе залал туралы есепке және басқа жиынтық табысқа әсер етуден өзгеше емес. Барлық басқа параметрлер тұрақты мәндермен қабылданады. Кестедегі теріс сомалар пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс немесе капитал туралы есепте ықтимал таза төмендеуді көрсетеді, ал оң сомалар ықтимал таза өсуді көрсетеді.

	2024 жыл		2023 жыл	
Валюта	Валюта бағамының өзгеруі %	Салық салуға дейінгі пайдаға әсері	Валюта бағамының өзгеруі %	Салық салуға дейінгі пайдаға әсері
АҚШ доллары	**-10%**	**(224.126)**	-10%	(148.653)
АҚШ доллары	**10%**	**224.126**	10%	148.653
Еуро	**-20%**	**22.681**	-20%	188.254
Еуро	**20%**	**(22.681)**	20%	(188.254)

Операциялық тәуекел

Операциялық тәуекел – бұл жүйелік сәтсіздікке, қызметкерлердің қателіктеріне, алаяқтыққа немесе сыртқы оқиғаларға байланысты туындайтын тәуекел. Бақылау жүйесі жұмысын тоқтатқан кезде Операциялық тәуекелдер беделге нұқсан келтіруі, құқықтық салдары болуы немесе қаржылық шығындарға әкелуі мүмкін. Компания барлық Операциялық тәуекелдер жойылды деген болжам жасай алмайды, бірақ бақылау жүйесі арқылы және бақылау және ықтимал тәуекелдерге тиісті жауап беру арқылы Компания мұндай тәуекелдерді басқара алады. Бақылау жүйесі міндеттемелерді тиімді бөлуді, қолжетімділікті құқықтарын, бекіту және салыстыру рәсімдерін, қызметкерлерді оқытуды, сондай-ақ ішкі аудитті қоса алғанда бағалау рәсімдерін қарастырады.

26. ӘДІЛ ҚҰНЫН БАҒАЛАУ

Әділ құн иерархиясы

Компания бағалау моделіне байланысты қаржы құралдарының әділ құнын анықтау және ол туралы ақпаратты ашудың келесі иерархиясын қолданады:

- **1-деңгей:** бірдей активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтардағы баға ұсыныстары (түзетілмеген).
- **2-деңгей:** есептілікте көрсетілген әділ құн сомасына елеулі әсер ететін барлық бастапқы деректер нарықта байқалатын ақпаратқа тікелей немесе жанама негізделетін бағалау модельдері.
- **3-деңгей:** нарықта байқалатын ақпаратқа негізделмеген есептілікте көрсетілген әділ құн сомасына елеулі әсер ететін бастапқы деректерді пайдаланатын бағалау модельдері.

Келесі кестеде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құн көздерінің иерархиясы деңгейлері бөлінісінде қаржы құралдарына талдау ұсынылған:

2024 жылдың 31 желтоқсаны	Пайдалану арқылы әділ құнды бағалау			
	Белсенді нарықтардағы баға ұсыныстары (1 деңгей)	Елеулі бақыланатын бастапқы деректер (2 деңгей)	Елеулі бақыланбайтын бастапқы деректер (3 деңгей)	Жиыны
Әділ құны ашылатын активтер				
Ақша қаражаттары және оның баламалары	–	**53.631.090**	–	**53.631.090**
Несие ұйымдарындағы қаражат	–	**2.433.970**	–	**2.433.970**
Клиенттерге несиелер	–	**384.101**	**3.425.866**	**3.809.967**
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	–	**378.664.318**	**95.265.418**	**473.929.736**
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақыны алдын ала төлеу	–	**9.938.789**	–	**9.938.789**
Өзге қаржылық активтер	–	**55.676**	–	**55.676**
Әділ құны ашылатын қаржы активтерінің жиыны	–	**445.107.944**	**98.691.284**	**543.799.228**
Әділ құны ашылатын қаржылық міндеттемелер				
Акционер алдындағы берешек	–	**12.845.525**	–	**12.845.525**
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек	–	**11.941.548**	–	**11.941.548**
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	–	**17.737.426**	–	**17.737.426**
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	–	**360.724.426**	–	**360.724.426**
Кредиторлық берешек	–	**1.127.246**	–	**1.127.246**
Өзге қаржылық міндеттемелер	–	**4.170.385**	–	**4.170.385**
Әділ құны ашылатын қаржылық міндеттемелердің жиынтығы	–	**408.546.556**	–	**408.546.556**

Келесі кестеде 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құн көздерінің иерархиясы деңгейлері бөлінісінде әділ құн бойынша қаржылық есептілікте ұсынылған қаржы құралдарына талдау ұсынылған:

2023 жылдың 31 желтоқсаны	Пайдалану арқылы әділ құнды бағалау			
	Белсенді нарықтардағы баға ұсыныстары (1 деңгей)	Елеулі бақыланатын бастапқы деректер (2 деңгей)	Елеулі бақыланбайтын бастапқы деректер (3 деңгей)	Жиыны
Әділ құны ашылатын активтер				
Ақша қаражаттары және оның баламалары	–	43.800.988	–	43.800.988
Клиенттерге несиелер	–	729.632	4.506.681	5.236.313
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	–	357.177.179	51.391.458	408.568.637
Өзге қаржылық активтер	–	63.235	–	63.235
Әділ құны ашылатын қаржы активтерінің жиыны	–	401.771.034	55.898.139	457.669.173
Әділ құны ашылатын қаржылық міндеттемелер				
Акционер алдындағы берешек	–	16.834.026	–	16.834.026
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек	–	10.111.675	–	10.111.675
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	–	34.030.860	–	34.030.860
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	–	203.587.505	–	203.587.505
Жеткізушілер алдындағы кредиторлық берешек	–	5.209.262	–	5.209.262
Өзге қаржылық міндеттемелер	–	1.826.374	–	1.826.374
Әділ құны ашылатын қаржылық міндеттемелердің жиынтығы	–	271.599.702	–	271.599.702

Төменде қаржылық жағдай туралы есепте әділ құн бойынша көрсетілмейтін компанияның қаржы құралдарының сыныптары бойынша баланстық құн мен әділ құнды салыстыру келтірілген. Кестеде қаржылық емес активтер мен қаржылық емес міндеттемелердің әділ құнының мәндері көрсетілмеген.

	2024 жылдың 31 желтоқсаны		2023 жылдың 31 желтоқсаны	
	Баланстық құны	Әділ құн	Баланстық құны	Әділ құн
Қаржылық активтер				
Ақша қаражаттары және оның баламалары	**53.631.090**	**53.631.090**	43.800.988	43.800.988
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	**2.433.970**	**2.433.970**		
Клиенттерге несиелер	**7.556.690**	**3.809.967**	8.110.763	5.236.313
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	**550.252.407**	**473.929.736**	448.423.563	408.568.637
Борыштық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақыны алдын ала төлеу	**9.938.789**	**9.938.789**	–	–
Өзге қаржылық активтер	**55.676**	**55.676**	63.235	63.235
	623.868.622	**543.799.228**	500.398.549	457.669.173
Қаржылық міндеттемелер				
Акционер алдындағы берешек	**12.949.396**	**12.845.525**	17.640.752	16.834.026
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек	**13.367.595**	**11.941.548**	12.423.531	10.111.675
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	**16.183.877**	**17.737.426**	34.080.723	34.030.860
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	**343.171.310**	**360.724.426**	210.268.288	203.587.505
Жеткізушілер алдындағы кредиторлық берешек	**1.127.246**	**1.127.246**	5.209.262	5.209.262
Өзге қаржылық міндеттемелер	**4.170.385**	**4.170.385**	1.826.374	1.826.374
	390.969.809	**408.546.556**	281.448.930	271.599.702

Бағалау және жорамал әдістері

Төменде қаржылық есептілікте әділ құн бойынша көрсетілетін активтер мен міндеттемелердің әділ құны айқындалған модельдер мен жорамалдар, сондай-ақ қаржылық жағдай туралы есепте әділ құн бойынша бағаланбайтын, бірақ әділ құны ашылатын баптар сипатталған.

Әділ құны шамамен алғанда баланстық құнына тең активтер

Өтімді болып табылатын немесе өтеу мерзімі қысқа (үш айдан аз) қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер жағдайында олардың әділ құны шамамен алғанда баланстық құнына тең деуге рұқсат беріледі. Бұл жорамал талап етілгенге дейінгі салымдарға және белгіленген өтеу мерзімі жоқ жинақ шоттарына да қолданылады.

Тұрақты мөлшерлеме және өзгермелі мөлшерлеме қаржы құралдары

Белгіленбеген қаржы құралдары жағдайында ұқсас шарттары мен кредиттік тәуекелі бар қаржы құралдары үшін өтеуге дейінгі қалған уақыт кезеңін ескере отырып, ағымдағы пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконталған ақша ағындарының моделі қолданылады.

Әділ құны қаржылық есептілікте ашылатын активтер бойынша болашақ ақша ағындары ҚРҰБ жариялайтын статистика негізінде өтеу мерзімі ұқсас қаржы құралдарының орташа нарықтық мөлшерлемесі бойынша дисконталады. Бұл тәсіл клиенттерге несиелердің әділ құнын және қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешекті анықтауда қолданылады. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша нарықтық мөлшерлеменің орташа мәні 22,26% құрады (2023 жылғы 31 желтоқсан: 22,38%).

Қаржылық есептілікте әділ құны ашылатын міндеттемелер бойынша болашақ ақша ағындары өтеу мерзімі мен кредиттік рейтингі ұқсас қаржы құралдарының орташа нарықтық мөлшерлемесі бойынша дисконталады. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құнды бағалау үшін пайдаланылатын нарықтық мөлшерлемелер теңгемен номиналданған қарыздар мен шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша жылдық 12,77%-дан 13,08%-ға дейін (2023 жылғы 31 желтоқсан: жылдық 11,91%-дан 15,67%-ға дейін) құрады.

Болашақ ақша ағындары негізгі қарызды және негізгі қарыз сомасына шартта көзделген пайыздық мөлшерлемемен есептелген пайыздарды өтеуді қамтиды.

27. АКТИВТЕР МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ӨТЕУ МЕРЗІМДЕРІН ТАЛДАУ

Төмендегі кестелерде активтер мен міндеттемелер оларды өтеудің күтілетін мерзімдері тұрғысынан берілген. Компанияның өтеу жөніндегі шарттық дисконталмаған міндеттемелері туралы ақпарат «тәуекелдерді басқару» 24-ескертпесінде ашылған.

	2024 жылдың 31 желтоқсаны								
	Талап етілгенге дейін	1 айдан аз	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан аса	Өтеу мерзімінсіз	Мерзімі өткен	Барлығы
Активтер									
Ақша қаражаттары және оның баламалары	**21.182.776**	**23.442.864**	**9.005.450**	–	–	–	–	–	**53.631.090**
Несие ұйымдарындағы қаражат	–	–	–	**2.433.970**	–	–	–	–	**2.433.970**
Клиенттерге несиелер	–	**6.386**	**318.279**	**2.630.360**	**1.479.714**	**192..451**	–	**2.929.500**	**7.556.690**
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	–	**5.144.122**	**32.601.045**	**76.781.197**	**290.685.851**	**128.406.823**	–	**16.633.369**	**550.252.407**
Қорлар	–	–	–	–	–	–	**2.984.702**	–	**2.984.702**
Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы активтер	–	–	–	**134.115**	–	–	–	–	**134.115**
Негізгі құралдар	–	–	–	–	–	–	**861.659**	–	**861.659**
Материалдық емес активтер	–	–	–	–	–	–	**360.931**	–	**360.931**
Қосылған құн салығы және өтеуге салынатын өзге де салықтар	–	**197.893**	**950.608**	**2.630.508**	**7.025.316**	–	–	–	**10.804.325**
Берілген алғытөлемдертар	–	–	–	**442**	**4.003.918**	–	–	–	**4.004.360**
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақыны алдын ала төлеу	–	–	**4.635.500**	**5.303.289**	–	–	–	–	**9.938.789**
Өзге активтер	–	–	–	**233.266**	–	–	–	**1.050.901**	**1.284.167**
Барлық актив	**21.182.776**	**28.791.265**	**47.510.882**	**90.147.147**	**303.194.799**	**128.599.274**	**4.207.292**	**20.613.770**	**644.247.205**
Міндеттемелер									
Акционер алдындағы берешек	–	**76.485**	**997.497**	**4.003.361**	**6.443.663**	**1.428.390**	–	–	**12.949.396**
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек	–	–	**198.333**	–	–	**13.169.262**	–	–	**13.367.595**
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	–	**34.740**	**41.398**	**6.524.032**	–	**9.583.707**	–	–	**16.183.877**
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	–	**6.973.560**	**1.732.111**	**25.566.002**	**163.914.279**	**144.985.358**	–	–	**343.171.310**
Жеткізушілер алдындағы кредиторлық берешек	–	–	**749.742**	**377.504**	–	–	–	–	**1.127.246**
Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған міндеттемелер	–	–	–	–	–	**4.447.718**	–	–	**4.447.718**
Алынған алғытөлемдертар	–	–	–	**5.131.334**	–	–	–	–	**5.131.334**
Мемлекеттік субсидиялар	–	**96.141**	**4.822.024**	**6.229.883**	**6.859.872**	**32.347.163**	–	–	**50.355.083**
Өзге міндеттемелер	–	**1.177.324**	**176.788**	**3.495.400**	–	–	–	–	**4.849.512**
Міндеттемелер барлығы	–	**8.358.250**	**8.717.893**	**51.327.516**	**177.217.814**	**205.961.598**	–	–	**451.583.071**
2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша таза позиция	**21.182.776**	**20.433.015**	**38.792.989**	**38.819.631**	**125.976.985**	**(77.362.324)**	**4.207.292**	**20.613.770**	**192.664.134**

	2023 жылдың 31 желтоқсаны								
	Талап етілгенге дейін	1 айдан аз	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан аса	Өтеу мерзімінсіз	Мерзімі өткен	Барлығы
Активтер									
Ақша қаражаттары және оның баламалары	43.800.988	–	–	–	–	–	–	–	43.800.988
Клиенттерге несиелер	–	94	683.075	1.845.800	1.276.288	67.160	–	4.238.346	8.110.763
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	–	4.192.056	28.811.281	52.625.682	232.571.002	115.768.387	–	14.455.155	448.423.563
Өзге қаржылық активтер	–	–	–	–	–	–	–	63.235	63.235
Қорлар	–	–	–	–	–	–	3.042.877	–	3.042.877
Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы активтер	–	–	–	134.115	–	–	–	–	134.115
Негізгі құралдар	–	–	–	–	–	–	872.477	–	872.477
Материалдық емес активтер	–	–	–	–	–	–	412.854	–	412.854
Қосылған құн салығы және өтеуге салынатын өзге де салықтар	–	187.816	901.845	2.252.303	7.151.506	–	–	–	10.493.470
Берілген алғытөлемдертар	–	–	161.219	–	6.209.809	–	–	–	6.371.028
Қауымдастырылған компанияларға инвестициялар	–	–	–	–	–	–	434.037	–	434.037
Өзге активтер	–	731	–	171.313	–	–	–	972.000	1.207.279
Барлық актив	43.800.988	4.380.697	30.557.420	57.029.213	247.208.605	115.835.547	4.762.245	19.728.736	523.303.451
Міндеттемелер									
Акционер алдындағы берешек	–	114.354	1.018.493	3.968.529	9.922.291	2.617.085	–	–	17.640.752
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек	–	–	198.333	–	–	12.225.198	–	–	12.423.531
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	–	68.340	10.577.075	10.497.409	6.455.964	6.481.935	–	–	34.080.723
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	–	5.321.997	1.732.111	44.832.775	64.414.471	93.966.934	–	–	210.268.288
Жеткізушілер алдындағы кредиторлық берешек	–	1.160.689	3.849.398	199.175	–	–	–	–	5.209.262
Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған міндеттемелер	–	–	–	–	–	7.132.562	–	–	7.132.562
Алынған алғытөлемдертар	–	–	–	5.013.679	–	–	–	–	5.013.679
Мемлекеттік субсидиялар	–	58.941	116.457	569.032	4.181.675	38.591.960	–	–	43.518.065
Өзге міндеттемелер	–	80.552	–	2.367.137	–	–	–	–	2.447.689
Міндеттемелер барлығы	–	6.804.873	17.491.867	67.447.736	84.974.401	161.015.674	–	–	337.734.551
2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша таза позиция	43.800.988	(2.424.176)	13.065.553	(10.418.523)	162.234.204	(45.180.127)	4.762.245	19.728.736	185.568.900

28. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР

«Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсету» 24 ҚЕХС (IAS) сәйкес байланысты тараптар – бұл біреуі екінші тараптың операциялық және қаржылық шешімдерін бақылауға немесе оған елеулі деңгейде әсер ету мүмкіндігіне ие болатын тараптар. Тараптардың байланыстылығы жөніндегі мәселені шешкен кезде тараптардың заңдық нысаны ғана емес, олардың өзара қатынастарының мазмұны да ескеріледі.

Байланысты Тараптар байланысты емес Тараптар арасында жүргізілмейтін мәмілелерге кіре алады. Мұндай мәмілелердің бағасы мен шарттары байланысты емес Тараптар арасындағы бағалар мен мәмілелер шарттарынан өзгеше болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті арқылы компанияның қызметін бақылайды.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік агенттіктер және өзге де ұйымдар арқылы тікелей және жанама түрде кәсіпорындардың едәуір санына (бірлесіп «мемлекетпен байланысты кәсіпорындар» деп аталады) бақылау жасайды және елеулі әсер етеді. Компания осы кәсіпорындармен несие тарту және қолма-қол ақшаны орналастыру сияқты банктік операциялар жасайды.

Төменде 2024 жылдың 31 желтоқсанындағы байланысты тараптармен операциялар бойынша қалдықтар келтірілген:

	Акционер	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	Топ ұйымдары «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	Мемлекеттік кәсіпорындармен операциялар
Активтер				
Ақша қаражаттары және олардың баламалары (номиналды пайыздық мөлшерлемелер: 12%–15,1%)	**–**	**–**	**–**	**12.789.274**
Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы активтер	**–**	**–**	**–**	**134.115**
Қосылған құн салығы және өтеуге салынатын өзге де салықтар	**–**	**–**	**–**	**10.804.325**
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақыны алдын ала төлеу	**–**	**9.938.789**	**–**	**–**
Міндеттемелер				
Акционер алдындағы берешек (номиналды пайыздық мөлшерлемелер: 5%–13%)	**12.949.396**	**–**	**–**	**–**
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек (номиналды пайыздық мөлшерлемелер 1,02%)	**–**	**13.367.595**	**–**	**–**
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар (номиналды пайыздық мөлшерлемелер: 11,5%–19,25%)	**–**	**227.161.786**	**5.202.304**	**78.044.718**
кредиттік ұйымдардың қаражаты (номиналды пайыздық мөлшерлемелер: 0,35%)	**–**	**–**	**9.635.824**	**–**
Мемлекеттік субсидиялар	**–**	**–**	**–**	**50.355.083**
Басқа міндеттемелер (клиенттер бойынша субсидиялар)	**–**	**–**	**–**	**4.045.615**
Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған міндеттемелер	**–**	**–**	**–**	**4.447.718**

Төменде 2023 жылдың 31 желтоқсанындағы байланысты тараптармен операциялар бойынша қалдықтар келтірілген:

	Қауымдастырылған компаниялар	Акционер	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	Топ ұйымдары «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	Мемлекеттік кәсіпорындармен операциялар
Активтер					
Ақша қаражаттары және олардың баламалары (номиналды пайыздық мөлшерлемелер: 1,5%–15%)	–	–	–	3.645.835	4.999.925
Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы активтер	–	–	–	–	134.115
Қосылған құн салығы және өтеуге салынатын өзге де салықтар	–	–	–	–	10.493.470
Қауымдастырылған компанияларға инвестициялар	434.037	–	–	–	–
Міндеттемелер					
Акционер алдындағы берешек (номиналды пайыздық мөлшерлемелер: 5%–13%)	–	17.640.752	–	–	–
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек (номиналды пайыздық мөлшерлемелер 1,02%)	–	–	12.423.531	–	–
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар (номиналды пайыздық мөлшерлемелер: 8,50%–19,25%)	–	–	62.745.135	65.527.374	48.846.094
кредиттік ұйымдардың қаражаты (номиналды пайыздық мөлшерлемелер: 0,35%)	–	–	–	6.531.319	–
Мемлекеттік субсидиялар	–	–	–	–	43.518.065
Басқа міндеттемелер (клиенттер бойынша субсидиялар)	–	–	–	–	1.701.424
Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған міндеттемелер	–	–	–	–	7.132.562

Төменде 2024 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылмен байланысты тараптармен операциялар бойынша кірістер мен шығыстардың баптары келтірілген:

	Акционер	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	Топ ұйымдары «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	Мемлекеттік кәсіпорындармен операциялар
Пайыздық шығындар	**(1.763.806)**	**(24.032.775)**	**(1.800.099)**	**(13.601.533)**
Пайыздық кірістер	**–**	**–**	**503.531**	**5.097.482**
Кредиттік шығындар бойынша кірістер/(шығыстар)	**–**	**–**	**217**	**(191)**
Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза шығыстар	**–**	**–**	**(29.201)**	**–**
Мемлекеттік субсидиялар бойынша кірістер	**–**	**–**	**–**	**9.630.359**
Корпоративтік табыс салығын үнемдеу	**–**	**–**	**–**	**1.723.252**

Төменде 2023 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылмен байланысты тараптармен операциялар бойынша кірістер мен шығыстардың баптары келтірілген:

	Акционер	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	Топ ұйымдары «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	Мемлекеттік кәсіпорындармен операциялар
Пайыздық шығындар	(2.372.208)	(9.397.693)	(4.817.133)	(9.407.045)
Пайыздық кірістер	–	–	6.748	3.823.506
Кредиттік шығындар бойынша кірістер/(шығыстар)	–	–	(217)	2.149
Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза шығыстар	–	–	(10.916)	–
Мемлекеттік субсидиялар бойынша кірістер	–	–	–	354.661
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша шығыстар	–	–	–	(1.948)

Акционерден, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және жалпы бақылаудағы компаниядан тартылған кредиттердің шарттары туралы ақпарат тиісінше 11,12, 13-ескертпелерде берілген. Мемлекеттік кәсіпорындармен жасалған операциялар құрамында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ ұйымдарының «кері РЕПО» операциялары бойынша компанияның Шығарылған борыштық бағалы қағаздарын сатып алу жөніндегі мәмілелері де көрсетілген. Мұндай мәмілелерде орталық контрагент «Қазақстан қор биржасы» АҚ болып табылатындықтан, мәмілелер бойынша операциялар мен сальдо мемлекеттік кәсіпорындармен жасалған операцияларда көрініс табады.

Негізгі басқару қызметкерлер құрамына сыйақы келесі позицияларды қамтиды:

	2024 жыл	2023 жыл
Жалақы және өзге де қысқа мерзімді төлемдер	**194.024**	166.829
Директорлар кеңесінің Мүшелеріне сыйақы	**7.598**	7.983
Әлеуметтік қамсыздандыруға салынатын салықтар мен аударымдар	**21.165**	16.620
Негізгі басқару қызметкерлер құрамына сыйақы жиыны	**227.787**	191.432

29. ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ҚАТЫСТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР

	Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	Кредиттік ұйымдардың қаражаты	Акционер алдындағы берешек	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек	Қаржылық қызмет бойынша міндеттемелердің жиыны
2023 жылғы 1 қаңтардағы баланстық құн	206.717.109	30.638.480	22.062.088	11.584.240	271.001.917
Түсімдер	30.278.337	30.000.000	–	–	60.278.337
Өтеу	(28.952.250)	(10.479.201)	(4.802.194)	–	(44.233.645)
Ақшалай емес операциялар	493.599	(16.411.372)	384.528	839.291	(14.693.954)
Жарияланған дивидендтер	–	–	10.309.687	–	10.309.687
Төленген дивидендтер	–	–	(10.309.687)	–	(10.309.687)
Өзге	1.731.493	332.816	(3.670)	–	2.060.639
2023 жылғы 31 желтоқсандағы баланстық құн	210.268.288	34.080.723	17.640.752	12.423.531	274.413.294
Түсімдер	**175.000.000**	**–**	**–**	**–**	**175.000.000**
Өтеу	**(43.933.000)**	**(20.479.200)**	**(4.933.964)**	**–**	**(69.346.164)**
Ақшалай емес операциялар	**875.073**	**3.148.896**	**314.019**	**944.064**	**5.282.052**
Жарияланған дивидендтер	**–**	**–**	**13.249.722**	**–**	**13.249.722**
Төленген дивидендтер	**–**	**–**	**(13.249.722)**	**–**	**(13.249.722)**
Өзге	**960.949**	**(566.542)**	**(71.411)**	**–**	**322.996**
2024 жылғы 31 желтоқсандағы баланстық құн	**343.171.310**	**16.183.877**	**12.949.396**	**13.367.595**	**385.672.178**

«Ақшалай емес операциялар» бабы есепті кезеңде шығарылған борыштық бағалы қағаздар, өзге де қарыз қаражаттары және акционерден және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-дан алынған қарыздар бойынша дисконтты өзгертуді, сондай-ақ алғытөлемдертарды есептеуді қамтиды.

«Өзгелері» бабы Шығарылған борыштық бағалы қағаздар, өзге де қарыз қаражаттары және акционерден және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-нан алынған қарыздар бойынша есептелген, бірақ әлі төленбеген пайыздардың әсерін қамтиды. Компания төленген пайыздарды операциялық қызметтен түсетін ақша ағындары ретінде жіктейді.

30. КАПИТАЛДЫҢ ЖЕТКІЛІКТІЛІГІ

Компания қызметіне тиесілі тәуекелдерден сақтану мақсатында капиталдың жеткіліктілік деңгейін белсенді түрде басқарады. Компания капиталдың жеткіліктілігін ҚРҰБ мен 1988 жылғы Базель келісімінде компанияның қызметін қадағалауды жүзеге асыру кезінде белгіленген коэффициенттерді, басқа әдістермен қатар, пайдалана отырып бақылайды.

2024 және 2023 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания капиталға қатысты заңнамада белгіленген барлық сыртқы талаптарды толық орындады.

Компания үшін капиталды басқарудың негізгі мақсаты капиталға қатысты сыртқы талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және қызметті жүзеге асыру және Акционерлік құнды барынша арттыру үшін қажетті жоғары кредиттік рейтинг пен капиталдың жеткіліктілік нормативтерін сақтау болып табылады.

ҚРҰБ банк қызметінің жекелеген түрлерімен айналысатын компаниялардан 6,0% мөлшерінде 1 деңгейдегі капиталдың жеткіліктілік коэффициентін және активтердің 6,0% мөлшерінде 2 деңгейдегі капиталдың жеткіліктілік коэффициентін және тәуекелді ескере отырып мөлшерленген активтердің 12,0% мөлшерінде капиталдың жеткіліктілігінің жалпы коэффициентін сақтауды талап етеді. 31 желтоқсанда Компания капиталының жеткіліктілік коэффициенті осы негізде келесідей болды:

	2024 жыл	2023 жыл
Бірінші деңгейдегі Капитал	**172.293.741**	166.600.027
Екінші деңгейдегі Капитал	**20.344.956**	18.928.175
Капитал жиыны	**192.638.697**	185.528.202
Активтер жиыны	**644.247.205**	523.303.451
Тәуекелді ескере отырып өлшенген активтер және шартты және ықтимал міндеттемелер	**630.170.421**	526.454.152
Операциялық тәуекел	**32.382.987**	25.288.297
Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (k1) кемінде 6,0%	**26,74%**	31,84%
Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (k1-2) кемінде 6,0%	**27,34%**	31,65%
Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (k1-3) кемінде 12,0%	**29,39%**	33,55%

1988 жылғы Базель келісімі бойынша капиталдың жеткіліктілік нормативі

31 желтоқсанда нарықтық тәуекелді қосуға қатысты кейінгі түзетулерді ескере отырып, 1988 жылғы Базель келісімінің ережелеріне сәйкес есептелген Компания капиталының жеткіліктілік нормативі:

	2024 жыл	2023 жыл
Бірінші деңгейдегі Капитал	**172.293.741**	166.600.027
Екінші деңгейдегі Капитал	**20.344.956**	18.928.175
Капитал жиыны	**192.638.697**	185.528.202
Тәуекелді ескере отырып өлшенген активтер	**627.386.317**	515.145.586
1-деңгейдегі капиталдың жеткіліктілік нормативі	**27,46%**	32,34%
Капитал жеткіліктілігінің жалпы нормативі	**26,74%**	31,84%

31. СЕГМЕНТТІК ЕСЕП БЕРУ

Компанияның қызметі жоғары дәрежеде біріктірілген болып табылады және «Операциялық сегменттер» 8 ҚЕХС (IFRS) мақсаттары үшін бірыңғай операциялық сегментті білдіреді. Компанияның активтері Қазақстан Республикасында шоғырланған және Компания Қазақстан Республикасында қызметті жүзеге асырудан пайда алады. Компанияның операциялық шешімдер қабылдау жөніндегі жауапты тұлғасы Басқарма Төрағасы болып табылады, ол жалпы компания бойынша ақпаратты алып, талдайды.

32. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

Есепті күннен кейін Компания шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша купонның мынадай төлемдерін жүзеге асырды:

- 2025 жылғы 22 қаңтарда KZ2C00009843 (KAFIb13) облигациялары бойынша 1.925.000 мың теңге мөлшерінде;
- 2025 жылғы 3 ақпанда KZ2C00008514 (KAFIb12) облигациялары бойынша 4.212.500 мың теңге мөлшерінде;
- 2025 жылғы 7 ақпанда KZ2C00010908 (KAFIpp5) облигациялары бойынша 787.500 мың теңге мөлшерінде;
- 2025 жылғы 7 ақпанда KZ2C00010841 (KAFIpp4) облигациялары бойынша 1.181.250 мың теңге мөлшерінде;
- 2025 жылғы 26 ақпанда KZ2C00007862 (KAFIb11) облигациялары бойынша 2.380.000 мың теңге

4-ҚОСЫМША.

ҚАЗАГРОҚАРЖЫ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ САҚТАЛУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

ҚазАгроҚаржы корпоративтік басқару кодексі (бұдан әрі – Кодекс) Компания ішіндегі және басқа да мүдделі тараптармен қарым-қатынастарда тиімділікті, ашықтықты, есептілікті, іскерлік этиканың жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін өз қызметі процесінде Компания ұстанатын қағидалар мен ұсынымдардың жиынтығы болып табылады.

Кодекс Компанияның корпоративтік басқаруының экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының тиісті стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында әзірленген.

Сақталады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

ҚазАгроҚаржы корпоративтік басқару кодексі, «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 22 желтоқсандағы шешімімен бекітілген (№68/21 хаттама).

Осы Кодекстің мақсаттары Компаниядағы корпоративтік басқаруды жетілдіру, басқарудың ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз ету, Компанияның тиісті корпоративтік басқару стандарттарын ұстануға бейілділігін растау болып табылады.

Атап айтқанда:

1. Компанияны басқару заңдылық қағидатын және жауапкершіліктің тиісті деңгейін сақтай отырып, Компанияның құндылығын және Жалғыз акционер үшін басқа да пайданы барынша арттыру үшін өкілеттіктерді, есептілік пен тиімділікті нақты ажырата отырып жүзеге асырылады;
2. ақпаратты ашу, ашықтық, оның ішінде Компанияға Жалғыз акционердің қатысуын негіздейтін мақсаттарды мұқият бағалау, ашу және мерзімді қайта қарау қамтамасыз етіледі;
3. тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелері тиісінше жұмыс істейді;
4. Компанияның және жалпы жұртшылықтың жоғары мүдделеріне негізделген шешімдерден өзгеше шешімдерге әкеп соғуы мүмкін мүдделер қақтығысының туындау тәуекелін барынша азайту.

Сақталады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

Компанияның корпоративтік басқару жүйесі ЭЫДҰ стандарттарына сәйкес келеді және заңдылық қағидатын және тиісті жауапкершілік деңгейін сақтай отырып, өкілеттіктерді, есептілік пен тиімділікті нақты ажырата отырып іске асырылды.

Осы Кодекс Қазақстан Республикасында және әлемде дамып келе жатқан корпоративтік басқару практикасын ескере отырып, заңнаманың ережелеріне сәйкес әзірленді.

ЭЫДҰ-ның 2015 жылғы 8 шілдедегі Мемлекеттік кәсіпорындарды корпоративтік басқару жөніндегі басшылық қағидаттары. G20 / ЭЫДҰ корпоративтік басқару қағидаттары.

Сақталады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

Корпоративтік басқару кодексі (Жалғыз акционердің 2021 жылғы 22 желтоқсандағы № 68/21 шешімімен бекітілген) (2023 жылғы 22 тамыздағы өзгерістермен, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесі отырысының № 10 хаттамасы).

Компания өз қызметінде Кодекстің ережелерін қатаң сақтауға міндетті. Сәйкес келмеген жағдайда жылдық есепте ережелердің әрқайсысын сақтамау себептері туралы түсіндірмелерді көрсетсін, мезгіл-мезгіл (кемінде екі жылда бір рет) корпоративтік басқаруды бағалауды (қажет болған жағдайда тәуелсіз бағалауды) жүргізсін және тиісті нәтижелерді компанияның интернет-ресурсында орналастырсын.

Сақталады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

Корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін ішкі бағалауды компанияның ішкі аудит қызметі Компанияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес екі жылда бір реттен кем емес жүргізеді.

Корпоративтік басқару деңгейін сыртқы бағалауды Компанияның бюджетінде сыртқы бағалауды жүргізу үшін қажетті қаражат болған кезде тәуелсіз ұйым үш жылда бір рет кезеңділікпен жүргізеді (корпоративтік басқару деңгейін бағалау нәтижелері бойынша тиісті рейтинг беріледі).

Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 28 қарашадағы, 2025 жылғы 4-тоқсандағы шешімімен бекітілген жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес Компанияның ішкі аудит қызметі корпоративтік басқару деңгейіне диагностика жүргізуді жоспарлады.

2023 жылдың соңында Компанияның корпоративтік басқару жүйесіне тәуелсіз бағалау жүргізілді, оның нәтижелері бойынша 95,2% баға берілді, корпоративтік басқару деңгейінің үздік іс-тәжірибе талаптарына сәйкестігі. Компанияның корпоративтік басқару жүйесін тәуелсіз бағалау нәтижелері туралы есеп Компанияның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 31 қаңтардағы шешімімен қаралды және бекітілді (№1 хаттама).

Корпоративтік басқару жүйесін бағалау нәтижелері қоғамның интернет-ресурсында орналастырылған – www.kaf.kz/upload/images/rezultaty-audita-effektivnosti-sistemy-korporativnogo-upravleniya.png.

Компанияның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері осы Кодексте көзделген міндеттемелерді, оның ішінде Компания жасаған тиісті шарттар негізінде өзіне қабылдайды және оның Компаниядағы ережелерін сақтауға міндеттенеді.

Сақталады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

Компанияның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері Компанияда және Жалғыз акционермен қарым-қатынаста сақтауға Кодекстің ережелерін тырысады.

Компанияның осы Кодекстің орындалуын бақылау Компанияның Директорлар кеңесіне жүктеледі. Корпоративтік хатшы Компанияның Директорлар кеңесі мен атқарушы органына осы Кодексті тиісінше сақтау мәселелері бойынша мониторинг жүргізеді және консультация береді, сондай-ақ жыл сайын оның қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есеп дайындайды. Кейіннен бұл есеп Директорлар кеңесінің тиісті комитетінің қарауына шығарылады, оны Директорлар кеңесі бекітеді және Компанияның жылдық есебінің құрамына енгізіледі.

Сақталады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

Компанияның Директорлар кеңесі есепті жыл сайын қарау арқылы Кодекстің қағидаттары мен ережелерінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады. Компанияның корпоративтік хатшысы Кодекстің дұрыс сақталуына мониторинг жүргізеді және жылдық есеп дайындайды. Компанияның Директорлар кеңесі мен атқарушы органына осы Кодексті тиісінше сақтау мәселелері бойынша консультация береді және Компанияның Корпоративтік хатшысына жүктелген функциялардың тиімді іске асырылуын қамтамасыз етеді, Компанияда Кодекстің ережелері мен қағидаттарын сақтамау фактілерін анықтауға және жоюға бағытталған тұрақты жұмыс жүргізеді.

Корпоративтік хатшы жыл сайын Директорлар кеңесіне оның қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есеп береді.

Осы Кодекстің ережелерін сақтамау жағдайлары Компанияда корпоративтік басқаруды одан әрі жетілдіруге бағытталған тиісті шешімдер қабылдай отырып, Директорлар кеңесінің және оның тиісті комитетінің отырыстарында қаралады.

Сақталады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

Оқиғалар тіркелген жоқ.

Компания корпоративтік басқаруды тәуелсіз бағалауды кемінде үш жылда бір рет жүргізеді, оның нәтижелерін Компанияның интернет-ресурсында орналастырады.

Сақталады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

2023 жылдың соңында Компанияның корпоративтік басқару жүйесіне тәуелсіз бағалау жүргізілді, оның нәтижелері бойынша 95,2% баға берілді, корпоративтік басқару деңгейінің үздік іс-тәжірибесі талаптарына сәйкестігі. Компанияның корпоративтік басқару жүйесін тәуелсіз бағалау нәтижелері туралы есеп Компанияның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 31 қаңтардағы шешімімен қаралды және бекітілді (№1 хаттама).

Корпоративтік басқару жүйесін бағалау нәтижелері Компанияның интернет-ресурсында орналастырылған.

1. ӨКІЛЕТТІКТЕРДІ АЖЫРАТУ ҚАҒИДАТЫ

Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Басқарманың құқықтары, міндеттері мен құзыреттері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, құрылтай құжаттарына сәйкес айқындалады және оларда бекітіледі.

Сақталады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

Компанияның корпоративтік басқару жүйесі корпоративтік басқару процестерінің жүйелілігі мен дәйектілігін қамтамасыз ететін Компания органдары арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершілікті нақты ажыратуды көздейді.

2. шешімдер қабылдаудың барлық деңгейлерін қамти отырып және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, бекіту, қолдану және бағалау процесінде тиісті деңгейдің рөлін ескере отырып, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің ұйымдық құрылымын;
3. тәуекелдерді басқару процесін ұйымдастыруға қойылатын негізгі талаптарды (тәуекелдерді айқындау тәсілдері, тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау тәртібі, әрекет ету әдістерін айқындау, мониторинг және басқалар);
4. ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыруға және бақылау рәсімдерін жүргізуге қойылатын талаптарды (ішкі бақылау жүйесінің негізгі бағыттары мен негізгі компоненттерінің сипаттамасы, ішкі бақылау саласындағы тиімділік пен есептілікті бағалау тәртібі және басқалар).

Компанияның ішкі нормативтік құжаттарында Компанияның Директорлар кеңесі мен басқармасының тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің шоғырландырылған негізде тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыру және қамтамасыз ету жөніндегі жауапкершілігі бекітіледі.

Сақталады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

Компанияның Директорлар кеңесі мынадай ішкі құжаттарды бекітті:

Тәуекелдерді басқару саясаты (Компанияның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 31 тамыздағы шешімімен бекітілген (№10 хаттама);

Тәуекелдерді басқару саясатының негізгі мақсаттары:

- тиімді кешенді жүйені құру және тәуекелдерді басқарудың интеграцияланған процесін құру, сондай-ақ тәуекелдерді басқару әдістері мен рәсімдеріне бірыңғай стандартталған тәсіл негізінде қызметті үнемі жетілдіру;
- Компанияның қызметінің ауқымына барабар қолайлы тәуекелдерді қабылдауын қамтамасыз ету.

Компаниядағы тәуекелдерді басқару тұрақты, үздіксіз процесс болып табылады және алқалы органдарды, уәкілетті органдарды, құрылымдық бөлімшелерді және Компания жұмыскерлерін тарта отырып, барлық деңгейде жүзеге асырылады.

ҚазАгроҚаржы ішкі бақылау жүйесі туралы саясат (Компанияның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 06 қыркүйектегі № 9 шешімімен бекітілген).

Саясат ішкі бақылау жүйесінің ұғымдарын, мақсаттары мен міндеттерін, оның жұмыс істеу қағидаттарын, ішкі бақылау рәсімдерінің негізгі бағыттары мен негізгі компоненттерін, сондай-ақ ішкі бақылау субъектілерінің Компанияның ішкі бақылау жүйесін орындау және бағалау жөніндегі құзыреті мен жауапкершілігін анықтайды.

Ішкі бақылау жүйесі туралы саясаттың негізгі мақсаты үш негізгі бағыт бойынша қойылған міндеттерге қол жеткізу болып табылады:

- операциялық қызмет;
- қаржылық есептілікті дайындау;
- нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтау.

Ішкі бақылау жүйесі туралы саясат Компанияның, құрылымдық бөлімшелердің, сондай-ақ ішкі бақылаудың басқа да қатысушылары мен мүдделі тараптардың басқаруы мен қызметінің барлық деңгейлеріндегі лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлерге қолданылады.

Бұдан басқа, Компанияда ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмысын қамтамасыз ету тәртібін айқындау мақсатында Компанияның ішкі бақылау жүйесі туралы саясатты іске асыру қағидалары бекітілді.

Компания бұдан әрі ішкі бақылау жүйесін дамытуды және оның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуді жалғастырады.

Компанияның әрбір лауазымды тұлғасы шешім қабылдау кезінде тәуекелдерді тиісті түрде қарауды қамтамасыз етеді.

Компания Басқармасы тиісті біліктілігі мен тәжірибесі бар жұмыскерлердің тәуекелдерді басқару рәсімдерін енгізуді қамтамасыз етеді.

Басқарма:

1. Директорлар кеңесі бекіткен тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы ішкі құжаттарды әзірлеуді және енгізуді қамтамасыз етеді;
2. оларға берілген тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау қағидаттары мен рәсімдерін іс жүзінде іске асыру және үздіксіз жүзеге асыру арқылы, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің құрылуын және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;
3. тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру саласындағы Директорлар кеңесі шешімдерінің және Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитет ұсынымдарының орындалуына жауап береді;
4. ішкі құжаттардың талаптарына сәйкес тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің мониторингін жүзеге асырады;
5. бизнестің сыртқы және ішкі ортасындағы өзгерістерді ескере отырып, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау процестері мен рәсімдерін жетілдіруді қамтамасыз етеді.

Ішкі бақылау қағидаттарын іске асыру және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында Компания Басқармасы тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың нақты рәсімдері үшін өкілеттіктерді, міндеттерді және жауапкершілікті төмендегі деңгейдегі басшылар және/немесе құрылымдық бөлімшелердің басшылары арасында бөледі.

Құрылымдық бөлімшелердің басшылары өздерінің функционалдық міндеттеріне сәйкес Компания қызметінің өзіне сеніп тапсырылған функционалдық салаларында тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін әзірлеуге, құжаттауға, енгізуге, мониторингтеуге және дамытуға жауапты болады.

Сақталады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

Құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерде, лауазымдық нұсқаулықтарда және бизнес-процестерді реттеу кезінде лауазымдық міндеттерді орындау үшін рөлдер мен жауапкершілік реттеледі. Басқару органы (Директорлар кеңесі) және атқарушы орган (басқарма) деңгейінде шешімдер қабылдау өкілеттіктері айқындалды, Комитеттер немесе атқарушы органның жекелеген мүшелері деңгейінде қосымша өкілеттіктер берілді.

Өкілеттіктер шеңберінде мәселелерді қарау кезінде құрылымдық бөлімшелермен-сарапшылармен және/немесе бизнес-процесс шеңберінде міндетті құрылымдық бөлімшелермен алдын ала келісу көзделген. Келісу нәтижелері бойынша қажет болған жағдайда сараптамалық қорытынды дайындалады.

Компания жұмыскерлері лауазымдық нұсқаулықтарына сәйкес өз құзыреті шегінде тәуекелдерді уақтылы сәйкестендіруге, бағалауға және басқаруға жауапты.

Тәуекелдерді басқару процесінің әдістері мен рәсімдерінің сипаттамасы, оның ішінде тәуекелдерді басқару бойынша есептілікті ұсыну тәртібі мен нысандары, тәуекелдердің негізгі түрлерін басқару процесіне қатысушылардың міндеттері, функциялары мен жауапкершілігі, тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар және тәуекелдерді басқару процесінің басқа компоненттері Компанияның құзыретіне сәйкес оның уәкілетті органдары бекіткен Компанияның ішкі құжаттарында ұсынылған.

Ішкі бақылау жүйесі туралы саясатты іске асыру қағидаларының 10-тармағына сәйкес Компанияның құрылымдық бөлімшелерінде қорғаудың бірінші желісінде ішкі бақылауды жүзеге асыру мақсатында Басқарма төрағасының 2024 жылғы 26 маусымдағы № 149 бұйрығымен Компания жұмыскерлерінің арасынан ішкі бақылаушылар тағайындалды.

Бақылау функцияларын жүзеге асыратын ішкі бақылаушылар мен құрылымдық бөлімшелер ұсынған есептердің негізінде Ішкі бақылау жүйесі туралы саясатты іске асыру қағидаларының 33-тармағына сәйкес Басқарманың 2025 жылғы 07 ақпандағы № 2 шешімімен 2024 жылғы ішкі бақылау жүйесінің анықталған бұзушылықтары мен кемшіліктері бойынша жиынтық есеп бекітілді.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі барлық елеулі тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау және мониторингтеу рәсімін, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін төмендету бойынша уақтылы және барабар шаралар қабылдауды көздейді.

Тәуекелдерді басқару рәсімдері тәуекелдер жаңадан пада болған кезде тез әрекет етуді, оларды нақты сәйкестендіруді және тәуекел иелерін анықтауды қамтамасыз етеді. Компанияның бәсекелестік немесе экономикалық ортасында кез келген күтпеген өзгерістер болған жағдайда тәуекелдер картасын қайта бағалау және оның тәуекел-тәбетке сәйкестігі жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесі Компанияның ішкі құжаттарымен бекітілетін негізгі тәуекелдерге қатысты тәуекел тәбетінің және төзімділік шамасының жалпы деңгейін бекітеді.

Негізгі тәуекелдер бойынша төзімділік деңгейлері елеулі оқиғалар туындаған жағдайда қайта қаралады. Күнделікті қызметтегі тәуекелдерді шектеу лимиттері белгіленеді.

Компанияда тән тәуекелдерді тұтас және анық түсіну үшін кем дегенде жыл сайынғы негізде Директорлар кеңесі бекітетін тәуекелдер тізілімінде, тәуекелдер картасында, тәуекелдерге ден қою жөніндегі іс-шаралар жоспарында (процестерді жақсарту, барынша азайту стратегиясы) көрсетілетін тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау жүргізіледі.

Директорлар кеңесі тәуекелдер тіркелімі мен картасын қарау кезінде оларға стратегиялық міндеттерді іске асыруға шынымен әсер етуі мүмкін тәуекелдерді қосуды, ал тәуекелдерге ден қою жөніндегі іс-шаралар жоспарын қарау кезінде іс-шаралардың пайдалылығына көз жеткізуді қамтамасыз етеді. Компанияның Директорлар кеңесі мен Басқармасы Компанияның стратегиясы мен даму жоспарына әсер ету тұрғысынан негізгі тәуекелдер, оларды талдау туралы үнемі ақпарат алады.

Тәуекелдер бойынша есептер Директорлар кеңесінің отырыстарына тоқсанына кемінде бір рет шығарылады және тиісті түрде толық көлемде талқыланады.

Сақталады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

Тәуекелдерді басқару саясаты (Компанияның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 31 тамыздағы шешімімен бекітілген (№10 хаттама) тәуекелдерді басқару құрылымын, тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі компоненттерін айқындайды, тәуекелдерді басқару процесін жүзеге асыру кезінде жүйелі және дәйекті тәсілді қамтамасыз етеді.

Компанияның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 23 желтоқсандағы № 15 шешімімен 2022 жылға тәуекел тәбеті бекітілді.

Компанияның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 29 қарашадағы № 14 шешімімен 2023 жылға тәуекел тәбеті бекітілді.

Компанияның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 23 желтоқсандағы № 15 шешімімен 2022 жылға арналған тәуекелдің негізгі индикаторлары бекітілді.

Компанияның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 29 қарашадағы № 14 шешімімен 2023 жылға тәуекел тәбеті бекітілді.

Компанияның Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 12 шешімімен 2024 жылға арналған тәуекелдің негізгі индикаторлары бекітілді.

Компанияның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 18 желтоқсандағы № 14 шешімімен 2025 жылға арналған тәуекелдің негізгі индикаторлары бекітілді.

Тәуекелдер мен бақылауларға тән бизнес-процестерге талдау жүргізу және өзектендіру шеңберінде ҚазАгроҚаржы бизнес-процестерінің, тәуекелдер мен бақылаулардың матрицасы жаңа редакцияда бекітілді (Компанияның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 18 желтоқсандағы № 14 шешімі).

Компанияда сәйкестендірілген тәуекелдерді жүйелеу үшін Компания өз қызметінде кездестіретін және тәуекелді іске асырудың ықтимал салдарын қамтитын тәуекелдер тізбесін білдіретін тәуекелдер тіркелімі (бұдан әрі – тәуекелдер тіркелімі) және әрбір тәуекелдің (басқа тәуекелдермен салыстырғанда) салыстырмалы маңыздылығын бағалауға, сондай-ақ сыни болып табылатын және оларды басқару бойынша іс-шараларды әзірлеуді талап ететін тәуекелдерді бөліп көрсетуге мүмкіндік беретін тәуекелдер картасы (бұдан әрі – тәуекелдер картасы) пайдаланылады. Тәуекелдер тіркелімі мен тәуекелдер картасы 2023 жыл ішінде жаңа тәуекелдер сәйкестендірілгендіктен, тәуекелдердің маңыздылығының өзгеруіне немесе Компанияның қызметіне тәуекелдің әсер ету күшінің өзгеруіне байланысты өзектендірілді. Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау нәтижелерін Басқарма кезең-кезеңімен қарады және Компанияның Директорлар кеңесінің тиісінше 2024 жылғы 27 мамырдағы № 5, 2024 жылғы 15 маусымдағы № 9, 2024 жылғы 28 қарашадағы № 12 шешімдерімен бекітілді.

Сыни тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Жоспар) тәуекелдерді азайтуға бағытталған іс-шараларды міндетті түрде айқындай отырып, бизнес-процеске әсер ететін сәйкестендірілген тәуекелдердің тізбесін білдіреді. Аса маңызды тәуекелдерді бағалау нәтижелері бойынша (қызыл аймақ), Компания қызметінің ең жоғары тәуекелділігін білдіретін және Компанияның құрылымдық бөлімшелері – тәуекел иелері тарапынан тәуекелді барынша азайту жөніндегі дереу іс-қимылды талап ететін тәуекелдерді анықтағаннан кейін 2023 жыл ішінде Директорлар кеңесі тиісінше 2023 жылғы 07 науыздағы № 2, 2022 жылғы 29 қарашадағы № 14 жоспарларды бекітті.

2024 жыл ішінде АУӨК-нің 2024 жылғы 28 мамырдағы № 013-2024, 2024 жылғы 14 маусымдағы № 015-2024, 2024 жылғы 31 шілдедегі № 019-2024, 2024 жылғы 06 желтоқсандағы № 027-2024 шешімдерімен ЕДБ лимиттері бекітілді.

Басқарманың 2021 жылғы 20 қазандағы № 27 нешімімен тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау, мониторингтеу және басқару жөніндегі әдістерді, құралдар мен тәсілдерді регламенттейтін Компанияның тәуекелдерді басқару қағидалары бекітілді.

Компания Басқармасының 2022 жылғы 25 наурыздағы № 9 шешімімен ҚазАгроҚаржы тәуекелдерін басқарудың 2022-2025 жылдарға арналған корпоративтік жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын қамтитын ҚазАгроҚаржы Тәуекелдерін басқару жүйесін дамытудың 2022-2025 жылдарға арналған стратегиясы бекітілді.

Компанияда тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін, ішкі бақылауды және корпоративтік басқару тәжірибесін жүйелі түрде тәуелсіз бағалау үшін ішкі аудит қызметі құрылды.

Ішкі аудит қызметі өз қызметін Компанияның Директорлар кеңесі бекітетін тәуекелге бағдарланған (жылдық) аудиторлық жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырады. Аудиторлық есептердің нәтижелері, негізгі анықтамалар және тиісті ұсынымдар тоқсан сайын Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады.

Ішкі аудит қызметінің басшысы Компанияда қабылданған тәуекелдерді басқару тұжырымдамасын назарға алады, сондай-ақ Компания Басқармасымен және Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетпен консультациялардан кейін қалыптасқан тәуекелдер туралы өз пайымын қолданады.

Сақталады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

ІАҚ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелеріне, сондай-ақ корпоративтік басқаруға тұрақты бағалау жүргізеді. Әрбір аудиторлық тапсырма шеңберінде ІАҚ тексерілетін бизнес-процестердің бақылау рәсімдерін тестілеу нәтижелері бойынша Компаниядағы ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесін бағалайды және оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар береді. Бұдан басқа, ІАҚ Директорлар кеңесі бекіткен әдіснамаға сәйкес ішкі бақылауды, тәуекелдерді басқаруды және корпоративтік басқару жүйелерін бағалауды кезеңдік негізде жүргізеді. Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады. ІАҚ басшысы Компанияның стратегиялық мақсаттарына сәйкес ішкі аудиттің басымдықтарын айқындайтын тәуекелге бағдарланған жоспарды жасайды. ІАҚ қызметінің нәтижелері туралы мерзімді есептілік рәсімдері белгіленді, көрсетілген есептілік шеңберінде анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер, сондай-ақ менеджмент қабылдаған тәуекелдер туралы ақпарат беріледі.

Компания тәуелсіз аудиторды тарту арқылы жыл сайынғы қаржылық есептілік аудитін жүргізеді, ол мүдделі тарапқа қаржылық есептіліктің дұрыстығы және оның халықаралық қаржылық есептілік стандартының талаптарына сәйкестігі туралы объективті пікір береді.

Сыртқы аудиторды таңдау конкурс негізінде жүзеге асырылады. Іріктеу кезінде Компанияның Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің конкурс өткізу мақсатында әзірленген біліктілік талаптарын және/немесе техникалық ерекшеліктерін келісетін пікірі ескеріледі.

Сақталады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

Компания тәуелсіз және білікті аудиторды тарту арқылы жыл сайынғы қаржылық есептілік аудитін жүргізеді, ол үшінші тарап ретінде мүдделі тараптарға қаржылық есептіліктің дұрыстығы және оның ХҚЕС талаптарына сәйкестігі туралы объективті пікір береді.

6. КОРПОРАТИВТІК ҚАҚТЫҒЫСТАР МЕН МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН РЕТТЕУ ҚАҒИДАТЫ

Компанияның Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері, Компания жұмыскерлері өздерінің кәсіби функцияларын акционерлер мен Компанияның мүддесінде қақтығыстарды болдырмау үшін адал және дұрыс орындайды.

Корпоративтік қақтығыстар болған (туындаған) жағдайда қатысушылар Компания мен мүдделі тараптардың мүдделерін тиімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында келіссөздер жолымен оларды шешу жолдарын іздейді. Бұл ретте Компанияның лауазымды тұлғалары Корпоративтік хатшыға және/немесе омбудсменге қақтығыстың болуы (туындауы) туралы уақтылы хабарлайды.

Корпоративтік қақтығыстардың алдын алу және реттеу жөніндегі жұмыстың тиімділігі мұндай қақтығысты толық және тез анықтап, Компанияның барлық органдарының іс-қимылдарын үйлестіруді көздейді.

Сақталады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

2024 жылы Компанияда мүдделер қақтығысына байланысты ахуалдарға жол беру жағдайлары тіркелген жоқ.

Мүдделер қақтығысы Компания жұмыскерінің жеке қызығушылығы лауазымдық міндеттерді бейтарап орындауға әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдай ретінде анықталады.

Компания жұмыскерлері өзіне де (немесе өзіне байланысты адамдарға), басқаларға да қатысты мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін жағдайға жол бермейді.

Компания Директорлар кеңесінің өз міндеттерін объективті орындауына кедергі келтіретін мүдделер қақтығысын болдырмау және Компанияның Директорлар кеңесінің процестеріне саяси араласуды шектеу үшін оларды болдырмау және реттеу тетіктерін енгізеді.

Мүдделер қақтығысын болдырмаудың негізгі қағидаттары, оларды анықтау, бағалау және шешу тәсілдері Директорлар кеңесі бекітетін Компанияның іскерлік этика кодексінде бекітіледі.

Сақталады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

Компаниядағы корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу, сондай-ақ барлық органдар мен лауазымды тұлғалардың іс-қимылдарын үйлестіру мақсатында Компанияның Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 04 қарашадағы шешімімен (№17 хаттама) Компаниядағы корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі ереже бекітілді.

Компанияның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 23 ақпандағы шешімімен (№2 хаттама) бекітілді:

- Компанияның іскерлік әдеп кодексі – корпоративтік (іскерлік) әдептің негіз қалаушы құндылықтары мен қағидаттарын айқындайды;
- Компания омбудсмені туралы ереже – еңбек дауларын, жанжалдарды, әлеуметтік-еңбек сипатындағы проблемалық мәселелерді шешудегі, сондай-ақ Компания жұмыскерлерінің іскерлік әдеп қағидаттарын сақтаудағы омбудсмен институтының функцияларын айқындайды.

7. КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУДЫҢ АШЫҚТЫҒЫ МЕН ОБЪЕКТИВТІЛІГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

Мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау мақсатында Компания Қазақстан Республикасының заңнамасында және Компанияның ішкі құжаттарында көзделген ақпаратты, сондай-ақ қаржылық жай-күйін, қызмет нәтижелерін, меншік және басқару құрылымын қоса алғанда, өз қызметінің барлық маңызды аспектілері туралы ақпаратты уақтылы және анық ашады.

Ақпаратты ашудың жүйелілігін қамтамасыз ету үшін Компанияда ақпаратты ашу мен қорғаудың қағидаттары мен тәсілдерін, мүдделі тұлғаларға ашылатын ақпараттың тізбесін, ақпаратты ашу мерзімдерін, тәртібін, тәсілін, нысанын, жауапты лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлерді олардың функциялары мен міндеттерін көрсете отырып, сондай-ақ ақпаратты ашу процестерін реттейтін басқа да ережелерді айқындайтын ішкі құжаттар бекітіледі.

Коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпаратты қорғау мақсатында Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақпаратты қолжетімділік санаттарына жатқызу тәртібін, ақпаратты сақтау және пайдалану шарттарын айқындайды. Компания коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпаратқа еркін қол жеткізуге құқығы бар тұлғалар тобын айқындайды және оның құпиялылығын қорғау шараларын қабылдайды.

Сақталады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

Компания өз қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 11 ақпандағы № 1 шешімімен бекітілген ҚазАгроҚаржы қызметі туралы ақпаратты ашу саясатын басшылыққа алады, ол ақпаратты ашудың мақсаттарын, қағидаттарын, нысандары мен тәсілдерін, коммерциялық, қызметтік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпараттың тізбесін айқындайды.

Қаржылық есептілік депозитарийінің, Қазақстан қор биржасының интернет-ресурстарында, Компанияның корпоративтік интернет-ресурсында ақпаратты ашу тәртібі мен мерзімдері Басқарманың 2023 жылғы 15 наурыздағы №5 шешімімен өзектендірілген ҚазАгроҚаржы қызметі туралы ақпаратты ашу тәртібі жөніндегі нұсқаулықта (бұдан әрі – ақпаратты ашу тәртібі жөніндегі Нұсқаулық) регламенттелген.

Ақпаратты ашу тәртібі жөніндегі нұсқаулық мүдделі тұлғаларға ашылатын ақпараттың тізбесін, ақпаратты ашу мерзімдерін, тәртібін, тәсілін, нысанын, жауапты лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлерді олардың функциялары мен міндеттерін көрсете отырып, сондай-ақ ақпаратты ашу процестерін реттейтін басқа да ережелерді көздейді.

2024 жылы Компания заңнаманың және ақпаратты ашу қағидаларының талаптарына сәйкес Қазақстан қор биржасының бағалы қағаздарына рұқсат беру бастамашыларының корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті, үлестес тұлғалар туралы мәліметтерді және акционерді қызықтыратын өзге де ақпаратты ашуды жүзеге асырды. 2024 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан қор биржасының интернет-ресурсында 74 жарияланым, қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында – 52 жарияланым орналастырылды. 2024 жылы ақпаратты ашу мерзімдерін бұзушылықтар болған жоқ.

Сондай-ақ Компанияның корпоративтік www.kaf.kz интернет-ресурсында Компанияның қызметі, ұйымдық құрылымы, қаржыландыру өнімдері және басқа да маңызды ақпарат туралы толық ақпарат орналастырылған.

Компанияда Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 27 қазандағы № 10 шешімімен бекітілген ҚазАгроҚаржы ақпараттық қауіпсіздік саясаты қолданылады.

Интернет-ресурс құрылымдалған, навигацияға ыңғайлы және мүдделі тұлғаларға Компанияның қызметін түсіну үшін жеткілікті ақпаратты қамтиды. Ақпаратты интернет-ресурстың жеке тақырыптық бөлімдерінде орналастыру ұсынылады.

Интернет-ресурсты өзектендіру қажеттілігіне қарай, бірақ аптасына кемінде бір рет жүзеге асырылады. Компанияда тұрақты негізде интернет-ресурста орналастырылған ақпараттың толықтығы мен өзектілігін бақылау жүзеге асырылады, сондай-ақ интернет-ресурстың қазақша, орысша, ағылшынша нұсқаларында орналастырылған осы ақпараттың сәйкестігі айқындалады. Осы мақсатта интернет-ресурстағы ақпараттың толықтығы мен өзектілігіне жауапты тұлғалар (құрылымдық бөлімше) бекітіледі.

Сақталады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

Компанияның ресми сайты (www.kaf.kz) құрылымдалған және қолдануға ыңғайлы. Корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесіне сәйкес Компания туралы жалпы ақпаратты, басшылық туралы мәліметтерді, қызмет нәтижелерін және басқа да ақпаратты қамтиды.

Компанияның корпоративтік сайтын өзектендіру құрылымдық бөлімшелердің сұраныстары және деректердің өзектілігін бақылау негізінде тұрақты түрде жүзеге асырылады, ақпарат орыс, қазақ, ағылшын тілдерінде (қажет болған жағдайда) тең қолжетімділікпен жарияланады.

Компанияның корпоративтік сайтын жетілдіру және жаңғырту қажеттілігіне қарай жүзеге асырылады.

Компанияның корпоративтік сайтын жүргізу тәртібі ақпаратты ашу тәртібі жөніндегі нұсқаулықпен (№3, 3-1 қосымша) регламенттелген және корпоративтік сайт бөлімдерін уақтылы жаңарту, толтыру және өзектендіру үшін жауапты құрылымдық бөлімшелерді айқындайды.

Компания осы Кодекстің ережелеріне және ақпаратты ашудың үздік тәжірибесіне сәйкес жылдық есеп дайындайды. Жылдық есепті жалғыз акционер бекітеді.

Жылдық есеп құрылымдық құжат болып табылады және қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде (қажет болған жағдайда) жарияланады.

Жылдық есеп дайындалып, Компанияның Жалғыз акционері бекіткеннен кейін интернет-ресурста орналастырылады.

Жылдық есептің мазмұнына қойылатын талаптар кем дегенде мынадай ақпараттың болуын көздейді:

1. Компанияның Директорлар кеңесі төрағасының өтініші;
2. Басқарма төрағасының өтініші;
3. Компания туралы: жалпы мәліметтер; мынадай мәліметтерді қоса алғанда, жарғылық капиталдың құрылымы туралы: шығарылған акциялардың (қатысу үлестерінің) саны мен номиналды құны, акциялармен берілетін құқықтардың сипаттамасы, жарияланған, бірақ орналастырылмаған акциялардың саны мен номиналды құны, Жалғыз акционер туралы мәліметтер, оған тиесілі жай акциялардың саны, меншік құқықтарына билік ету тәртібі; миссиясы; даму стратегиясы, оны іске асыру нәтижелері; нарыққа шолу және нарықтағы жағдай;
4. есепті жылдағы қаржылық және операциялық қызметтің нәтижелері: қойылған міндеттерге қатысты қызметке шолу және талдау жасау; қызметтің операциялық және қаржылық көрсеткіштері; негізгі елеулі оқиғалар мен жетістіктер; елеулі мәмілелер туралы ақпарат; мемлекеттен алынатын/ алынған кепілдіктерді және Компания өзіне қабылдаған мемлекет пен қоғам алдындағы кез келген міндеттемелерді қоса алғанда, кез келген қаржылық қолдау (Егер ҚЕХС сәйкес ашылмайды);
5. активтердің құрылымы, шолу, олардың қаржылық және өндірістік қызметінің негізгі қорытындылары;

6. болашақ кезеңдерге арналған мақсаттар мен жоспарлар;
7. тәуекелдің негізгі факторлары және тәуекелдерді басқару жүйесі;
8. корпоративтік басқару: корпоративтік басқару құрылымы; акционерлердің құрамы және иелену құрылымы; біліктілігін, іріктеу процесін қоса алғанда, Директорлар кеңесінің құрамы, оның ішінде тәуелсіз директорлар туралы, олардың тәуелсіздігін айқындау өлшемшарттарын көрсете отырып; Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметі туралы есеп, онда Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің есепті кезеңдегі қызметінің қорытындылары, оқиғалар, қаралған мәселелер, отырыстар саны, отырыстар нысаны, сабаққа қатысу; корпоративтік басқару іс-тәжірибесінң осы Кодекстің қағидаттарына сәйкестігі туралы ақпарат, ал ол сәйкес келмеген жағдайда әрбір қағидатты сақтамау себептері туралы түсіндірмелер; Компания Басқармасының құрамы; Басқарма қызметі туралы есеп; лауазымды тұлғаларды марапаттау саясаты;
9. тұрақты даму;
10. аудитордың қорытындысы және ескертулермен қаржылық есептілік;
11. жылдық есепке енгізілген талдамалық көрсеткіштер мен деректер өткен кезеңге қатысты салыстырмалы талдауды және қол жеткізілген прогресті (регрессияны) көрсетуі керек (өткен жылдық есепте көрсетілген ұқсас көрсеткіштердің мәндерімен салыстыру). Көрсеткіштерді ұқсас салада жұмыс істейтін халықаралық деңгейдегі компаниялармен салыстыру мақсатында салалық бенчмаркинг-талдау жүргізуге мүмкіндік беретін қызмет көрсеткіштерін жариялау ұсынылады.

Сақталады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

Компания жыл сайынғы негізде Жалғыз акционер бекітетін қызмет қорытындылары бойынша жылдық есеп дайындайды.

2024 жылы Жалғыз акционердің 2024 жылғы 25 шілдедегі № 14 шешімімен Компанияның 2023 жылғы жылдық есебі бекітілді.

2023 жылғы ҚазАгроҚаржының жылдық есебі (бұдан әрі – жылдық есеп) Қазақстан қор биржасының бағалы қағаздарға рұқсат беру бастамашыларының ақпаратты ашу қағидаларында, ҚазАгроҚаржы қызметі туралы ақпаратты ашу тәртібі жөніндегі нұсқаулықта, сондай-ақ жылдық есептерді қалыптастыру жөніндегі үздік практикада (GRI стандарттарына (сәйкестіктің негізгі деңгейі) сәйкес айқындалған құрылымға сәйкес әзірленді.

Жылдық есепте ұсынылған ақпарат сенімді мәліметтерді ашады, Компания қызметінің ашықтығын қамтамасыз етеді және Компанияның корпоративтік басқару қағидаттарына бейілділігін көрсетеді.

Жылдық есеп Компанияның корпоративтік сайтында «Есептілік» бөлімінде орналастырылған www.kaf.kz/upload/iblock/467/wf9a7yzbifuzq994ulsihiq0vpq8sez8/AR2023_KAF_rus.pdf Компания 2023 жылғы жылдық есептер байқауына қатысты.

Компания 2023 жылғы жылдық есептер байқауына қатысты.

PwC Kazakhstan өткізген жыл сайынғы жылдық есептер байқауының қорытындысы бойынша ҚазАгроҚаржы-ның 2023 жылғы жылдық есебі ESG-ақпараттың ашылу деңгейі бойынша 31-орынды иеленген үздік 50 компанияның қатарына енді.

Компания іскери серіктестермен (клиенттер, инвесторлар, рейтингтік агенттіктер, консалтингтік компаниялар және т.б.) өзара тиімділік, құрмет, сенім, адалдық және әділеттілік негізінде өзара іс-қимыл жасайды. Компания тек заңды қызметпен айналысатын сенімді іскер серіктестермен бизнес жүргізеді.

Компания заңнамаға және Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес қызметтерді/тауарларды жеткізушілерді негізінен конкурстық негізде таңдайды.

Компания іскери серіктестер алдындағы келісімшарттық міндеттемелерін адал орындайды және олардан да соны талап етеді.

Компания қызметі барысында туындайтын дауларды әрқашан құқықтық жолмен шешеді, келіссөздер жүргізеді және өзара қолайлы мәмілеге келуге ұмтылады.

Сақталады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

Компанияның инвесторларымен және контрагенттерімен өзара әрекеттесу кезіндегі ТБ саясатына сәйкес:
1. қаржылық жай-күйі, дивидендтік саясат және кредиттік тарих, сондай-ақ даму перспективалары туралы өзекті ақпаратты жеткілікті дәрежеде ашады;
2. қаржылық және басқарушылық есептілікті заңнамалық және нормативтік талаптарға сәйкес дайындайды және уақтылы ұсынады, бұл ретте қаржылық есептілікті тәуелсіз аудиторлар тексеруден өткізеді;
3. Жалғыз акционердің және басқа да мүдделі тұлғалардың (мемлекеттік органдардың) ықпалы туралы, сондай-ақ мүдделі тұлғалармен мәмілелерді бақылау және келісу тәртібі туралы ақпарат белгілі, ашық және қолжетімді;
4. стратегиялық шешімдер қабылдау тәсілдерінің проактивті коммуникациясын жүзеге асырады;
5. іскер серіктестер алдындағы өзінің келісімшарттық міндеттемелерін адал орындайды;
6. Қазақстан Республикасының заңнамасына қатаң сәйкестікте ақпараттық айқындылықты, ашықтықты, тең құқықты, әділдікті, кемсітушіліктің және бәсекелестікке негізсіз шектеулердің болмауын қамтамасыз етеді;
7. жетекші әлемдік тәжірибеге сәйкес корпоративтік басқару және корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру саласындағы қағидаттарды сақтайды.

Клиенттермен және тұтынушылармен өзара әрекеттесу кезінде Компания:
1. тұтынушыларға қолжетімді қызметтерді ұсынады;
2. тұтынушылық деректер мен коммерциялық ақпараттың тарап кетуін және заңсыз пайдаланылуынан қорғау мақсатында олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;
3. тұтынушылардың барлық топтарына кемсітусіз бірдей сапалы және жалпы қызмет көрсету деңгейін ұсынады;
4. сервис пен халыққа қызмет көрсету сапасын арттыруға жәрдемдеседі, бұл клиенттерге қызмет көрсету стандарттарының жақсаруынан білінеді;
5. тұрақты негізде жаңа құралдар мен жұмыс қағидаттары туралы ақпаратты клиенттерге жеткізеді;
6. өз мүмкіндіктеріне қарай және қолжетімді нысандарда тұтынушылар мен өз клиенттерінің қаржылық сауаттылығын арттыруға ықпал етеді.

Компанияда тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу нақты уақыт режимінде жүргізіледі және қатысушыларға тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша азаматтық-құқықтық мәмілелер жасаудың электрондық форматына заңды іс-қимылдарды электрондық-цифрлық қолтаңбамен куәландыра отырып, қол жеткізуге мүмкіндік береді. Портал отандық өнім берушілерге Компанияның бәсекелестік сатып алуларына қатысуға мүмкіндік береді. Сатып алу Еуразиялық электрондық порталда жүзеге асырылады: eep.mitwork.kz.

Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі жыл сайын Компанияның ұзақ мерзімді кредиттік рейтингін беру бойынша рейтингтік бағалауын жасап, мұқият талдау жүргізеді. Fitch Ratings бүкіл әлем бойынша 20 000-нан астам ұйымда бағалау жасаудың 100 жылдан астам тәжірибесіне ие.

5-ҚОСЫМША.

2024 ЖЫЛҒЫ ЖАСАУҒА МҮДДЕЛІЛІГІ БАР МӘМІЛЕЛЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

Контрагенттің атауы:
«Bereke Bank» АҚ

Мүдделілік белгісі:

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 64-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес қоғамның немесе тәуелсіз директорды қоспағанда, 1), 4), 5), 6), 6-1), 7), 8), 9) және 10) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғаның лауазымды адамы Компанияның үлестес тұлғасы болып табылады.

Заңның көрсетілген нормасына сәйкес «Bereke Bank» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Қанат Бисимбайұлы Шарлапаев және «Bereke Bank» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Ерсайын Ерболатұлы Хамитов Компанияның үлестес тұлғалары болып табылады.

Заңның 71-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес қоғамның мәміле жасауға мүдделі тұлғалары, егер олар мәміленің тарабы болып табылатын немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысатын заңды тұлғаның үлестес тұлғалары болып табылса, қоғамның үлестес тұлғалары деп танылады.

Осыған байланысты Компанияның аталған аффилиирленген тұлғалары тарапынан осы мәмілелерді жасауға мүдделіліктің болуы туындап отыр.

Заңның 73-бабының 1-тармағына сәйкес қоғамның жасасуға мүдделілігі бар мәмілені жасасуы туралы шешім, мұндай мәміленің үлгілік шарттарын Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен жағдайларды қоспағанда, оны жасауға мүдделі емес Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

Осыған байланысты, осы мәселе бойынша шешім Директорлар кеңесі мүшелерінің, атап айтқанда тәуелсіз директорлардың, Компанияның Басқарма төрағасының, Жалғыз акционердің және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ өкілдерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

Заңның 53-бабы 2-тармағының 19) тармақшасына сәйкес, Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне Заңның 36-бабының 1-тармағының 17-1) тармақшасына және 73-бабының 1-тармағына сәйкес жасасуы туралы шешімді Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, қоғамның мүдделілігі бар ірі мәмілелер мен мәмілелер жасасу туралы шешімді қабылдау жатады.

Компания Жарғысының 37-тармағының 23) тармақшасына сәйкес, Компанияның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне ірі мәмілелерді жасасу туралы шешімді заңға сәйкес Компанияның Жалғыз акционері қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, Компания жасауға мүдделілігі бар ірі мәмілелерді және мәмілелерді жасасу туралы шешімдерді қабылдау жатады.

Міндеттеме түрі:

1. «Мобильді» мерзімді салымды ашу және салымның ең жоғары сомасы 20 000 000 000 теңгеге дейінгі мерзімді және жинақ салымдарын орналастыру шарттарына қосылу;
2. «Мобильді» мерзімді салымды ашу және салымның ең жоғары сомасы 10 000 000 000 USD дейінгі мерзімді және жинақ салымдарын орналастыру шарттарына қосылу.

Контрагенттің атауы:
«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (бұдан әрі-Холдинг)

Мүдделілік белгісі:

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (бұдан әрі – Холдинг) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 64-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес қоғамның немесе тәуелсіз директорды қоспағанда, 1), 4), 5), 6), 6-1), 7), 8), 9) және 10) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғаның лауазымды адамы қоғамның үлестес тұлғасы болып табылады.

Заңның көрсетілген нормасына сәйкес, Айдапкелов Нұрболат Серғалиұлы Компанияның және Холдингтің үлестес тұлғасы болып табылады, өйткені ол Компанияның (Директорлар кеңесінің төрағасы) және Холдингтің (Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі) лауазымды тұлғасы болып табылады.

Көшкімбаев Нияз Жеңісұлы Компанияның және Холдингтің үлестес тұлғасы болып табылады, өйткені ол Компанияның лауазымды тұлғасы (Директорлар кеңесінің мүшесі) болып табылады.

Сапулатов Қайрат Қайыртарұлы Компанияның және Холдингтің үлестес тұлғасы болып табылады, өйткені ол Компанияның (Директорлар кеңесінің мүшесі) және «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ (Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі) лауазымды тұлғасы болып табылады.

Прашев Айдар Гилимұлы Компанияның және Холдингтің үлестес тұлғасы болып табылады, өйткені ол Компанияның лауазымды тұлғасы (Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрағасы) болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген Заң нормаларына сүйене отырып, Компанияның Директорлар кеңесінің барлық мүшелері тәуелсіз директорларды қоспағанда, Холдингтің үлестес тұлғалары (Заңның 71-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес мәміле тараптары ретінде) болып табылады.

Міндеттеме түрі:

Жалпы сомасы 50 000 000 000 теңгеге облигациялар шығаруды және сатып алуды жүзеге асыру.

Контрагенттің атауы:
«Bereke Bank» АҚ

Мүдделілік белгісі:

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 64-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес қоғамның немесе тәуелсіз директорды қоспағанда, осы тармақтың 1), 4), 5), 6), 6-1), 7), 8), 9) және 10) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғаның лауазымды адамы қоғамның үлестес тұлғасы болып табылады.

Заңның 64 – бабы 1-тармағының 9) тармақшасына сәйкес қоғамның үлестес тұлғасы дербес немесе жиынтықта қоғамның немесе осы тармақтың), 4), 5), 6), 6-1), 7), 8) және 10) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалардың дауыс беретін акцияларының (ұйымның қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызына иелік ететін, пайдаланатын, оларға билік ететін тұлғасы болып табылады.

Заңның 64-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес қоғамның үлестес тұлғасы ірі акционер болып табылады.

Осылайша, Компанияның үлестес тұлғасы «Bereke Bank» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Хамитов Ерсайын Ерболатұлы болып табылады, өйткені ол сондай-ақ Компанияның ірі акционерінің («Аграрлық несие корпорациясы» АҚ) дауыс беретін акцияларының он пайызынан астамын иелінетін заңды тұлғаның («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ) лауазымды тұлғасы (Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі) болып табылады.

Заңның 71-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес қоғамның мәміле жасауға мүдделі тұлғалары, егер олар мәміленің тарабы болып табылатын немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысатын заңды тұлғаның үлестес тұлғалары болып табылса, қоғамның үлестес тұлғалары деп танылады.

Осыған байланысты аталған Компанияның үлестес тұлғасы тарапынан осы мәмілені жасауға мүдделіліктің болуы туындап отыр.

Заңның 73-бабының 1-тармағына сәйкес қоғамның жасасуға мүдделілігі бар мәмілені жасасуы туралы шешім, мұндай мәміленің үлгілік шарттарын Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен жағдайларды қоспағанда, оны жасауға мүдделі емес Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

Осыған байланысты, осы мәселе бойынша шешім Директорлар кеңесі мүшелерінің, атап айтқанда тәуелсіз директорлардың жай көпшілік даусымен қабылданады.

Заңның 53-бабы 2-тармағының 19) тармақшасына сәйкес, Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне 36-баптың 1-тармағының 17-1) тармақшасына және 36-баптың 1-тармағына, Заңның 73-бабының 3-1-тармағына сәйкес жасасу туралы шешімді Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, қоғамның мүдделілігі бар ірі мәмілелер мен мәмілелер жасасу туралы шешімді қабылдау жатады.

Компания Жарғысының 37-тармағының 23) тармақшасына сәйкес, Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне ірі мәмілелерді жасасу туралы шешімді заңға сәйкес Компанияның Жалғыз акционері қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, Компания жасауға мүдделілігі бар ірі мәмілелерді және мәмілелерді жасасу туралы шешімдерді қабылдау жатады.

Міндеттеме түрі:

«Мобильді» мерзімді салымды ашу және өтінішке қол қою арқылы 20 000 000 теңгеге дейінгі мерзімді және жинақ салымдарын орналастыру шарттарына қосылу.

Контрагенттің атауы:
«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (бұдан әрі-Холдинг)

Мүдделілік белгісі:

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (бұдан әрі – Холдинг) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 64-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес қоғамның немесе тәуелсіз директорды қоспағанда, 1), 4), 5), 6), 6-1), 7), 8), 9) және 10) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғаның лауазымды адамы қоғамның үлестес тұлғасы болып табылады.

Заңның көрсетілген нормасына сәйкес, Айдапкелов Нұрболат Серғалиұлы Компанияның және Холдингтің үлестес тұлғасы болып табылады, өйткені ол Компанияның (Директорлар кеңесінің төрағасы) және Холдингтің (Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі) лауазымды тұлғасы болып табылады.

Көшкімбаев Нияз Жеңісұлы Компанияның және Холдингтің үлестес тұлғасы болып табылады, өйткені ол Компанияның лауазымды тұлғасы (Директорлар кеңесінің мүшесі) болып табылады.

Сапулатов Қайрат Қайыртарұлы Компанияның және Холдингтің үлестес тұлғасы болып табылады, өйткені ол Компанияның (Директорлар кеңесінің мүшесі) және «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ (Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі) лауазымды тұлғасы болып табылады.

Прашев Айдар Гилимұлы Компанияның және Холдингтің үлестес тұлғасы болып табылады, өйткені ол Компанияның лауазымды тұлғасы (Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрағасы) болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген Заң нормаларына сүйене отырып, Компанияның Директорлар кеңесінің барлық мүшелері тәуелсіз директорларды қоспағанда, Холдингтің үлестес тұлғалары (Заңның 71-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес мәміле тараптары ретінде) болып табылады.

Осы шешімді Акционер Заңның 73-бабының 3-тармағына сәйкес қабылдады, онда қоғамның жасасуға мүдделілігі бар мәміле жасасуы туралы шешімді Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық мүшелері және жай акцияларды иелінетін барлық акционерлер мүдделі тұлғалар болып табылатын жағдайларда, қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды және (немесе) шешім қабылдау үшін қажетті дауыстар санының болмауына байланысты Директорлар кеңесінің осындай мәміле жасасу туралы шешім қабылдауының мүмкін еместігі.

Міндеттеме түрі:

Жалпы сомасы 100 000 000 000 теңгеге облигациялар шығаруды және сатып алуды жүзеге асыру.